C52

СОФЫ СМАТАЕВ

# АКЖЕЛЕН



**СОФЫ СМАТАЕВ**

# АҚЖЕЛЕҢ

РОМАН

"ЖАЛЫН" БАСПАСЫ
Алматы - 1979

Қаз 2
С 52

Сматаев Софы.
С 52 Ақжелең: Роман,-Алматы: Жалын, 1979.
296 бет.

Жазушы Софы Сматаевтың бұл романы Совет өкіметінің алғашқы жылдарындағы және коллективтендіру кезеңіндегі ауыл өмірін көрсетуге арналған. Бұл жолдағы тап тартысын, шытырман күресті, жаңа қоғамдық қатынастардың қалыптасуын автор жатық тіл, тартымды оқиғалармен жеткізе білген.

Қаз 2

С $\frac{70302-132}{408\ (05)\ 79}$ 114—79

© «Жалын» баспасы, 1979

Әкем Қалыбекке ескерткіш.

Автор

# БІРІНШІ ЖЕЛ!

## 1

- Нәренжу байғұс, нәренжусің-ау! Ойбүй бетім, сен сондай нығыз атпал азамат болсаң, біз өстіп сорлап қалар ма едік!-деп қамыстан жасаған аласа қақыраға бір кіріп, бір шығып жүрген адуын қара әйел бұрқ-бұрқ сөйлейді. Қазандық аузына отынды созбалай салып, от үзбей үнсіз бүрісіп отырған күйеуіне бірде кейіп, бірде аяйды. Ондайда әбден ашуға мініп алған жан тез қайта қояр ма, кимешегінің шажамайынан ұйыса шыққан бір уыс шашын күйелеш саусақтарымен шыдамсыздана әрі қарай тыққыштаған болады. Айтқан сөз - атылған оқ. Сонысын өзі де сезе ме, Дәрия шешей азаннан бастап көмейінен төгілген сөгісінің бір түгіл он еркекті тұқыртатындай болғанына іштей қапаланғанымен мыртесе күйеуі оған қың етер емес. «Тоғайдай үйге торғай басымды сыйдырсаң, айқайыңа аттаным жоқ,-дейтіндей үстіндегі ілгегі түгел үзіліп біткен жеңсіз кеудеше - нымшасын әлсін-әлі қаусырына түседі.

Дәрия сап тыйылды. Іштегі күйікті дірілдеген толқынды деммен лықсытты да, астына бойра төсеген жабағы бөстекке сылқ етіп отыра кетті.

Осы кезде босағада байлаулы тұрған көкжағал ешкі оқыс маңырап қоя берді. Жануар да болса есті мал. Кемпір мен шалдың рәсімін бағып өскен. Үй иелерінің тыншу шақтарын аңдығандай ылғи да кенеттен дыбыс береді.

- Әй, қабанқұлақ қайда?-деп Дәрия отағасысына аударыла бұрылып дүр етті.

Бопсабай үнсіз ғана орнынан атып тұрып, есік жақ-

тағы қобдидан көк сұр тұтқыр тас қайрақты әкеліп жамағатының қолына ұстата салды.

- Бәкіңді бер.

«Апырай, бәкіні қайтпек?» - деген секемшіл күдікпен Дәрияның бетіне жалтақ-жалтақ қарап, Бопсабай санын қайта-қайта сипалап естімеген жанның сыңайын танытты. Созылған алақанға сүзіліп өтіп, терең қалтасына қол сұңгітті. Жарты кездей шыт орамалға қабат-қабат ораған жалғыз басты шаппасын шығарды. Үнсіз салмақтап қойды. «Берсем бе, бермесем бе? Ашу - дұшпан. Ашынған байғұс бір жеріме сұғып алып жүрсе, мына елсізде арашаға келетін де ешкім жоқ».

- Болсаңшы енді. Неменеге қипақтап, кібіртіктеп кеттің? Жеп қоймаймын ол қараң қалғырыңды!-деп Дәрия шаппаны іліп алды. Содан кейін еркекше малдасын құрып жайласып отырды да, бәкі қайрауға кірісті. Тұқшыңдап кәкір-сәкір қимылдайтын төменетек сияқты емес, баппен ғана жаниды. Бір кез ұстараның жүзін бас бармағының тырнағына жүргізіп байқады да, қыбы қанғандай тамағын кенеді. Пышақ пен қайрақты қасына қойып, қамзолының қалтасынан мүйіз шақшасын суырды. Жұлығы босаған ескі мәсісінің былғары күлшініне шақшаны бірер тық-тық ұрып қалып тығынын ашты. Манадан көзін сатып отырған Бопсабай жиі-жиі тамсана түсіп, әйелінің күректей алақанына лекілдеп төгілген қара бұйра насыбайға тесіле қарады. Тамағы қаңсып, танауы жыбырлап кетті. Қылша үгуге қыры жоқ шіркін әйелінің көңілшектігінен үмітсіз емес, қазір де дәметіп отыр.

- «Қоянның түрін көріп қалжасынан түңіл» дегенді айналайын бұрынғылар тегін айтпаған ғой. Садағаң кетейіндердің әр сөзі асыл-ау! Тап мына сен сияқты шөккен түйеге міне алмас еркектердің сиқына қарап түйген ғой сабаздар. Әттең, осы еркек атың қол байлайды, әйтпесе...- деп Дәрия сөзін бітірместен шақшасын отағасына қарай тастай салды.

Әйелінің осы бір зілсіз ғана запылана күрсінуі күн ұзын тар лашықты кернеп тұрған ашу толқынын сейілтіп, таратып жіберді. Ауыл үстінен бұлт ауытқып, дауылдың арты түрілді. Соған марқайған Бопсабай шақшаны алақанына әдеттен тыс көбірек сілкіледі. Сәбидің өкшесінен сәл-ақ қалқыңқы аядай шұңқырға тышқан қорығындай ащы насыбай сау-сау құйылды.



- Әй, байқа! Елтіп қаларсың.

- Оу, бәйбіше-ау, мені маса ғұрлы көрмегенің бе, жазған,- деп Бопсабай тату тіл қатқан жұбайына бір жамбастай жылжыды.- Осы бүгін, анау әлгі, Бақсекеңе жасағаным бар ғой, нағыз ерлік. Сен білесің бе, апау әлгі, Қараменде ит желкемнен жұдырығымен түйіп жібергенде етпетімнен түсіп ем ғой. Сонда бар ғой, анау әлгі Бақсекеңнің жерде жатқан ер-тоқымына маңдайымды оңдырмай соғып алдым. Анау әлгі, жыным ұстағаны сондай, былғары тоқымды ал кеп шайнайын, ал кеп мылжалайын!.. Көрсін енді, білсін Бопсабайдың осал жау емес екенін,- деп аяқ астынан айбаттанған қас батырыңыз алақанындағы насыбайды тілінің астына тастап жіберді. Тастап жіберді де өз шамасын артықтау есептеген еріңіз Дәрияның айтқаны келіп, дем арасында елтіп қалды. Аузы-басы көпіріп, ықылық атып, құлап бара жатты.

Күйеуін жек көрер кім бар, Дәрия абдырап, сасып орнынан ұшып тұрды. Бидайы жыртылған, тысы көнетоз құс жастықты қосағасының басына жастай салып, мәсісін добал ауыз мөкісіне сұғып сыртқа шықты. Есік алдында төңкерулі тұрған бітеу ағаш шелек - метейді іліп алып, кең мөкісін тарпылдата сүйретіп суатқа беттеді.

Дәрия сол асығыс қалпынан айнымай, ірі дененің кесек қозғалысымен айналасындағы етік, шелек, келі-келсапты жыға-құлата жүріп, жасауының алды көрінетін, бүйірі әлденеше жерден майысып қалған сары самаурынға от салды. Қайта-қайта суын еселеп, сақырлатып қайнатты. Қазандық қасына жақындатып ескі ала тек асжаулықты жайды. Қаптың түбін қаққыштап, тінткілеп, бір уыс сықпа, қос уыс ежегейді бытыратып шашып жіберді. Дастарқан киесі - молдық деп ұғатын әйелдің барын базарлап. аз нәрсені молайтып жатқан айла-шарғысы еді ол.

Содан кейін маңдайы жіпсіп, мұрны пысылдап рақаттана ұйықтап жатқан Бопсабайды ұзақ тербетіп отырып, оятып алды.

- Отағасы, тұр, тұрсаңшы енді. Шай ішелік.

Күн айналған күнбағыс табағындай ежелден әйел қабағын бағып өскен Бопсабай зайыбының «отағасы» деген елжіреуік лебізінен көңілі өсіп, орнынан қодиланып көтерілді. «Дәуде болса Бақсыбайға көрсеткен қы-

рым қадірімді асырып отыр ғой»,- деп пайымдаған байғұс шай үстінде бағанағы былғары тоқымға жасаған қиянатын баса-баса айтып, мақтана бастап еді, Дәрия тойтарып тастады.

- Жә! Бақсыбайдың басына батпаған азудың тақымдағы тоқымға тигеніне соншама өзеурегенің не. Қойсаңшы енді!

- Бәтір-ау, неге қоям! Бақсекең ол былғары тоқымды Аққемердің болысынан ат-түйе беріп қалап алмап па еді. Соны білемісің өзің? Өлтірсең де қоймаймын. Бопсабайды осал санаймысың әлде? Анау әлгі, шындасам, азуымды Бақсекеңнің алқымына да салармын,- деп қызып кеткен Бопсабай быртық саусақтарын дастарқан үстін қуалай жүгіртіп, бірер түйір ежегейді аузына тастап-тастап жіберді де, бір кез қолымен аузын басып, баж-бұж ете қалды.

- Ойбай, тілімді тістеп алдым! Қыршып алдым оңдырмай!

Дәрия үндеген жоқ, күйеуіне оң жақ иығының тасасынан иегін көрсете бұрылып, алара қарап қойды да, жайпақ шыныдағы ыстық шайды сораптап тарта берді.

Ежегейді де таусып, тілін де тістеп әбден запыланған Бопсабай кесесін төңкере салды. Құйрығымен сырғып барып, жотасын жүкаяққа сүйеді. Бір қырын отырған зайыбына көлденеңнен көз салды. Дәрияның өлшеусіз олпы-солпы пішіле салған абажадай тұлғасын елеме-сеңіз, бет-пішіні көрер көзге сүйкімді-ақ: дөңгеленген нағыз зерен жүз. Ауыр денесін жасырып қойып, не терезеден қаратсаңыз, не шымылдықтан сығалатсаңыз, осы заманның Баянындай бір кездегі уыз келіншектің келбеті оралар еді. Қыр мұрынға қиянатың жоқ - не иіліп, не дөңестеніп кететін кей тұмсықтар садағасы кетсін. Тік маңдайға аздап сызат түскені болмаса, жас баланың иегіндей тайқия бітетін талай маңдайларға әлі де дес берместей. Жалғыз-ақ өкініштісі кара көздің нұры азайған, уақыт шіркін әдемілікке сүңгіп кетіп, толастап тұрып қалса, дүниені сұлулық қаптап кетер ме еді! Қара көздердің қалың кірпігі кезінде мөлдекте жайқалған көк егіндей толқып тұрушы еді, бұ күнде астығы орылған атызда сау қалған бірен-саран сабақтай тәлтіректеп қана бой көрсетеді екен.

Бопсабай күрсініп қалды. Кімді аяп, кімге өкініш арнағанын өзі де сезген жоқ. Кішірек көздерін жиі жыпылықтатып, дем-тынысты баяулатып есеппен ғана қос танаумен тартып, үнсіз бұйығып отырып, бүгін таңертеңгі оқиғаны көз алдына керуендей шұбалтты.



Түнде көші-қон жайын естіп Дәрияға делбеңдеп желпініп келген:

- Дәрия, оу бәйбіше, сен не білдің?
- Е-е, не бон қапты?!
- Апырау, түк білмейсің бе? Жақсы болайын деп тұр ғой, - деп ауыздан будақтаған буды бөліп-бөліп ытқытқан Бопсабайға қарап кәкүрім қып ішуге азын-аулақ малта езіп отырған Дәрия әдеттегіден тым тез атқып тұрды.
- Дауылбайым, бауырым, келе жатыр ма?! Ойбай-ау, сүйінші сұрамаймысың!-деп күйеуін құшағына көміп жіберді.
- Әй, тоқташы өзің! Жүрегім қысылды ғой... Өлтіремісің, жіберші,- деп, Бопсабай жан дәрмен құшақтан босанып, төрге озды. Аядай жерде қанша керденде-сін, екі аттап барып, бөстекке жайғасты.
- Дауылбай деймісің? Жоқ, бәйбіше, Дауылбайжан да құдай қаласа келіп қалар. Менің естігенім мүлде бөтен хабар, ертең көшетін болдық,- деп екі аяғын көсілте созып жіберіп, қолдарын тізесінің үстіне қойды.- Алла жазса, анау әлгі жайлаудың сары қымызына бір жетсем, құяң шіркінің жазылып сала бермей ме!

Манадан жақсылық нышанын естірдей шыдамсыз елеңдеп тұрған Дәрия сылқ етіп отыра кетті. Бетіне ойнап шыға келген ала шарбы қан лезде кері тепті. Әлсіз күрсінді.

- Көшсек, көшерміз. Жұртта қалмаспыз,- деп күңк етті де, құрт езуге қайта кірісті. Күпті көңілдің көптен берік тас сарайы бар қақпасын сарт-сұрт ашып алды ма, ойына қайдағы-жайдағылар түсіп, көзі жасаурап, қолы жүрмей қойды. Содан соң ұшына қойдың мойын омыртқасын тыққан малма ағашқа маңдайын төсеп, қалың ойға шомып кетті.

Әкесі өліп, анасы жесір қалғанда Дәрия толықсыған бойжеткен қыз еді. Дауылбай інісі сүндеттен жаңа шыққан жап-жас бала болатын. Қаралы үйдің қара қабағы аздай, жалғыз ұлдың сүндет аты жоғалған соң, Дәрияның шешесі төркін жұртын сағалап, Бақсыбай аулына көшіп келген. «Күлшелі бала сүюге жақсы», орташа дәулетті жамағайын әйелге Бақсыбай көз түрт-

кі көрсеткен жоқ. Жамау көңілге «жәрекімалла» да медеу. Көкіректі қақ жарған шерді көңілді әңгімемен жуып-шайған ағайын-жұрттың алдынан ақ пейіл ниет көрген әйел іштей шүкірана танытып, қатардан қалмай жүріп жатты. «Құдай қалап Дәриямды құтты орнына қондырып, Дауылбайды аяқтандырып жіберсем, одан арғы тірлікке салауат дермін»,- деп тәубесін күніне жүз қайталайтын.

Анаға бала отызында да қыз, қырқында да ұл. Аяқ-қолы серейіп, аршын төсі көсіліп өсіп кеткен Дәриясын әлі күнге жас көретін. «Он үште отау иесі», «Қызға қырық үйден тыйым» дегендерге көңіл бөлмеген соң сарғалдақ, қызғалдақтарға қыдыра қонып, гулеп ұшқан көбелектей құлпыра ашылған қызының бойжетіп қалғанын сезбей қалды.

Қыз шіркін - көз құрты ғой. Анадайдан еріксіз өзіне тартып, мен мұндалап тұратын ал қызыл гүлдей құлпырған Дәрия Бақсыбайдың назарынан тыс қалмады.

Аспанда ай, төбеде жұлдыз тұнған жаздың бір түнінде кірсізге кір жағылды. Бүтінге дақ түсті.

Ынтық түн ұзай берді. Жазды күз қуды. Жасыл дала сарғыш тартты. Сұлу Дәрия салғырт тартты. Ұйқысы қашып, жүрегі лоблитынды шығарды. Даланың желі жүрдек, өсекші елдің сыпсыңы жүйрік. Жыбыр-жыбыр ғайбат сөз зәрін айдап, үскірігін сүйретіп қыз анасының құлағына жеткенде Дәрия бой тасалап, үйден аттап шығудан қалып еді. Аналы-балалы екеу өксікпен табысып, өкінішпен аһ ұрып сол түнді ұйқысыз атырды. Сергелдеңі көп талай түн және алмасты. Бақсыбайға не дей қойсын. Рулы елдің қабаған итіне дейін Бақсыбайдың ырқымен қыңсылайтын ауылдан жесір қатын, жетім қыз тілектестік ыңғай таппаған соң, оқыс әрекетке бекінді.

Дәрия қайғысы қабырғасына қатты батқан ана қызының бойына біткен «құбыжықтан» құтқаруды ойлады. Ауылдағы балгер кемпірге ақтығын ұсынып, үйіне ертіп келді.

Қара жер қарғыс таңба «күнәһарын» қойнына қабылдады. Дәрия өлім аузынан қалды. Құсалы ана көп ұзамай күйіктен қайтты. Жалғыз бауырын жұбатып, бишара қыз жалғыз қалды. Қара таңба - қарғыс таңба жер қойнына кетпепті, соңында жүрді, артынан ілесті. Өз қатары Дәрияны менсінбеді, өлмелі шалға бұл бармады. Келе-келе жар қызығы - жалын төсегі дегендерді



ұмыта бастап еді, әлдеқалай себеппен жалғыз басты момын жігіт Бопсабайға ниеті ауды. Жарым көңілді шерлі жүрек түсінеді ғой. Дәрия бір күні Бопсабайды қолына кіргізіп алды. Содан бері екі жарты бір бүтін болып, елбесіп-селбесіп келе жатқандарына да жиырма шақты жылдың жүзі толыпты. «Түсіктен» зардап қалды ма, Дәрия қайтып құрсақ көтермеді. Бопсабай да адалынан кездесті. Бермеске таласқан жоқ, жетпесті құдаламады. Дауылбайды туған баласындай мәпеледі, жетімдік көрсетпеді, зәбірлік жасамады. Елден ерек өнер шығарып, ынталы баланы Нілді рудиигіндегі екі жылдық орысша оқуға берді. Одан Атбасарға кеткен Дауылбай төңкеріс жылдары Омбы барып большевиктер партиясына мүшеге өтіп, қазір үш-төрт жылдан бері үлкен қызметте жүр.

Бүгін елең-алаңнан Бопсабай тысқа шыққан еді. Тысының жүні шыққан елтірі малақайының екі құлағын даландатып, байдың көшке мінуге ұстатқан жүрісі жайлы ақ сұр бедеу биені қаумалап тұрған топқа кимелей жетіп тоқтады. Кісі келді-ау деп оны кім елесін. Осы ауылдың бас көтерер еті тірі ақсақал-қарасақал қаймақтары жалба-жұлма қапталды Бопсабайды көзге іле қойсын ба, дөңгеленген шырқын бұзбай Бақсыбайдың аузын бағып тұр.

- Мінер көбейсе-ін!- деп Бопсабай шіңкілдек даусын соза дыбыс берді.

- Көбейгенде саған не түседі?

- Елуге келгенше бұтартар таппаған Бопсабай екеш Бопсабайда да желік бар-ау, осы!

- Әй, мүмкін бұның дәмесі одан да зор шығар, Кедей өкіметі емес пе, ақ сұр бедеуді тақымына басармын деп жүрмесін.

- Құдай құртқанда кедейлер құтырып тұр-ау.

- Е-е, қайда барар дейсің, «Құл жиылып бас болмас, құм жиылып тас болмас».

- Бақсекеңнің бабасының моласынан от көрініп еді, аруақты кісі бір аунаған-ау, шамасы.

- Тебіренбей, тебіренеді де.

- «Кен қатайса қалыбына барар», заман азған жоқ.

- Аздырам деген мына Бопсабай, Бопсабайдың балдызы - Дауылбай сияқтылар емес пе.

Бірі бастап, бірі қостаған -жиын ызалы күлкі, зілді кекесін танытып даурығысып кетті.

Бопсабай бір ауыз сөз айтам деп, бір қауым тілдеу естіген соң жым болып еді, Дауылбайға тиіскен соң шыдай алмады:

- Ақ сұр бедеу деп соншама, анау әлгі, дәріптеген жорғаңды былтыр жаз бойы біздің Дауылбай ылауға мінген, ал!-деп ашуын төге салды.

Бақсыбай манадан сазарып үндемей тұр еді. Бопсабайдың ашық қырс тартқанын жақтырмай үнсіз ғана басын шайқады. Соны баққан біреуі:

- Мынау қайтеді, бай сарқытынан әбден дәндеген екен,- деп аңдаусыз айтып қалып аузын баса қойды да, сырғақтап шеттей берді. Жиын енді шу-шу дуылдаса жөнелді.

- Құтырған екен!
- Қоң бітейін деген ғой!
- Бақсекеңмен бой салыстырмақ!
- «Әлін білмеген әлек» деген осы-ау.

Ыза мен намыс буған Бопсабай жайшылықтағы қорғалақ күй-хәлін ұмытып кетті. Қішірек көзі ұшқындап, оқшау тұрысқа ауысып, екі аяғын алшайтып, екі қолын мықынданып алды. Анық ерегіс бастағандай.

- Ал, құтырдым! Анау әлгі, мен кімнен кем екем. Керек болса, күні ертең ақ сұр бедеуді де мінем!

Бақсыбай от басқандай ыршып түсті. Қара сұр өңі оқыс күреңітіп, қалың қабағын жоғары серпіп, зәрлі көздің уытын атып қалды. Сол бойда шошаң еткен оң қолы үнсіз бұйрықпен Бопсабайдың өңменінен көзделді.

Сол-ақ екен, түнерген топтың ішіндегі ең жасы-. қырма сақал Қараменде шұғыл ұмтылып қап, Бопсабайды көк желкеден нұқып-нұқып жіберді. Жел үрлесе тәлтіректеп кететін бишараға жұдырық тисе не жорық, ұшып түсті. Байдың жерде жатқан ер-тоқымына маңдайы сарт етті. Былғары тоқымға Бопсекеңнің азу басқаны сол тұс еді.

Дәрия мен Бопсабай жұртта қала берген. Ат-көлігінің майын көпсінген Бақсыбай басқаларға да тыйым салып, қамыс қақырадағы екеуді тірі жетім етіп, елсіз мекенге жалғыз тастап кете барды.

Дәрия сары самауырды таусып барып, дастарқан жинады. Маңдайы жіпсіп, өңі кірді. Ақ сұр жүзге қан жүгірді. Тас обадай қыбырсыз мелшиіп қалған отағасына сәл-сәл қарап тұрды да, осы бір тұрымтай дененің



бір сәт байыз тауып, жайма - шуақ отырғанына шүкіршілік етті ме, ләм деместен күпісін жамылып тысқа шығып кетті. Аздан соң бір құшақ отынды құшақтай кірді.

- Күн бұзылайын деп тұр-ау, теріскейден жел көтерілді.

- Бәйбіше-ау, анау әлгі, көшпей қалғанымыз қандай оңды болған,- деп Бопсабай жол тауып, ыңғайға көшті.- Ит арқасы қиянға жеткенше, анау әлгі, не жанымыз қалар еді.

Дәрия жауап қатқан жоқ. Босаға жақты тіміскілеп жүрді де, бірер құлаш аяқбау тауып алды. Соны Бопсабайға қарай шиіріп жіберді.

- Ұста!
- Не істейсің?!
- Әй, осы үйде бір түйір шайнама қалған жоқ. Аштан өлеміз бе, ешкіні сойып аламыз,- деп, адуын Дәрия көкжағалға төне берді. Жануар өзіне таянып қалған қауіпті сезді ме, қылғына маңырады. Дөңгеленген он шақты қарадан қалған жалғыз ешкі Бопсабайға ырыс сарқытындай көрінуші еді, көзіне жас үйіріліп, шоқша сақалға діріл жүгірді. Буын-буыны босап, орнынан үш ұмсынып тұра алмады. Лағынан қолда өсіп, тар лашықта тақымдаса бас қосқан шіркін, бұл тұста тіпті қимас жақынындай жылы ұшырады. Көзінен екі-үш тамшы жас ытқып-ытқып түсті.

- Дәрия, Дәржан, анау әлгі, екі дүниеде де құлдығың болайын, Дәржан, аштан өлсек те мына сұмдығыңды мынау... мынау опасыздығыңды айта көрме,- деп иегі кемсеңдеп кетті.

- Сөзді қой. Бала болғанбысың, түге. Тез аяғын байла!-деп Дәрия екі аяғынан тік көтеріп ешкіні алып ұрды.- Әй, болсаңшы сүметілмей. Астынан шалып ал. Қатты тарт!..

Бопсабай ешкінің аяғын байлағанмен, басын көтере алар емес. Өзінің жанары да бақылдап жатқан ешкінің аларған көзінен кем емес еді. Дәрия иегімен қазандықтың желкесінде тұрған бәкіні нұсқады.

- Бауыздап бере ғой, өзім жайғап алайын.

Бопсабай қазандыққа кібіртіктей беттеді. Бірақ бәкіні алған жоқ, қоламтада тұрған шәугімді ұстады.

- Дәрия, намаз уағы боп қапты, анау әлгі тездетіп дәрет алып келейін,- деп асығыс басып сыртқа атылды.

Тумысында сәждеге басын тигізіп көрмеген шалының аяқ астынан діндарлығы ұстағанына бәйбішесі күйіп-пісіп, басын шайқап қала берді.

Наурыздың аяқ кезі. Көктемнің басы саналғанымен қыс ызғары қайта қойған жоқ. «Танымасаң танытып қояйын»,-дегендей терістейден суық жел суырып тұр екен. Бопсабай сол қолымен жеңсіз нымшасын қаусырынып, ықтасын айналды. Шәугімін жерге қойып, басын шалқайтып аспанға қарады. Бұлт пен күн алысып, жәукемдесіп жатыр екен. «Қар жаумаса неғылсын»,-деп қабағы кірбең тартты. Табиғат тарылғанда тірлік иесінің тыржиятын әдеті де, әйтпесе тебінде жылқысы, қорада қойы жоқ Бопсабайға қар жауғанда не, күн жауғанда не.

Шәугімнің жылы суы қашанғы қауқар болсын, шай қайнатым уақыт ішінде тісі тісіне тимей қалшылдап кетті. Үйге кірейін десе, ешкіні қимайды, бауыздап бер деп Дәрияның тап беретінін біледі. Кірмейін десе, тоңып барады. Бір сәт запыланып көш кеткен жаққа қарады... Кенет... әлдекімнің қарасы көрінді.Түйе жетектеген атты адам. Бопсабай Қыдыр көргендей қуанып, есі шыға орнынан атып тұрды. Әлгінің Қараменде екенін тамығанда шәугімін көтере қарсы ұмтылды. Түймесі жоқ нымшасының екі өңірін жел кеулеп жалп-жалп сабалап барады. Жолаушының астындағы жарау бесті үркек екен, жалт берді. Қараменде қапелімде сыпырылып қала жаздап еді, түйенің бұйдасы сақтап қалды. Ойбайлап жатыр.

- Бопсеке, Бәке... оу отағасы, жақындамаңыз, Аулақ, аулақ! Атым үркек.

Дес беретін Бопсабай ма, осқырынып жүрген аттың тізгініне жармасты.

- Қарағым Қараменде, ат-көлік аман ба? Жаураған жоқсың ба? Ойбай-ау, анау әлгі, күннің сыңайы бұзылып тұр-ау. Түс, түссеңші енді,-деп дегбірі қалмай, таңертең ғана өзін сабап кеткен жігіттің шаужайына шын ниетімен жармасты.

Үйге де жау түсіргендей самбырлай сөйлеп енді.

- Бәйбіше, қазан көтер! Анау әлгі нағашың Қараменде келді. Рас келді!- деп есікті бар пәрменімен сықырлата ашып тастап, суық ауаны лақылдата енгізіп, табалдырықтан бері аттамай ергенектің ортасында тұрып қалды,- Әне, қарашы өзің, келе жатыр. Айналып



кетейін, анау әлгі, дер кезінде келгенін қарашы нағашыңның. Ниеті қалыс емес қой шіркіннің!

Дәрия ешкінің үстінде қасқыр алған бүркіттей қонжиып отыр еді, бүкіл денесімен ажырая бұрылды. Жануар болса «келдің бе» дегендей мойнын сырғаната созып Бопсабайға мөлие қарап, сабырсыздана маңырап жіберді.

- Жап есікті! Қараменде келсе, әкем емес шығар. Иттің ырылдағанын естімесе ұйқысы келмейтін әжинеге берер қара суым да жоқ. Жұғын жалаған күшікке адал асымды арам қылмадым,- деп ешкінің аяғындағы жіпті шешіп алды. Есік алдында қақырынып-түкіріп тұрған Қараменде естісін дегендей жайшылықтағы кесек даусын одан сайын көтеріп айтты.

Таң ата Бопсабай «аулы» жайлауға тартты. Жүк дейтін қайбір жүгі болушы еді, түйеге артқан екі теңге түгел сыйып кеткен жиһаздың үстінен екі бас қылтияды. Олар - Дәрия мен Бопсабай. Бопсабайдың тізеқабына басын қойып көкжағал ешкі жатыр. Қараменденің бестісінің қасқыр бүлкегіне ілесіп келе жатқан сары атан анда-санда «бық» еткен сайын тізеқаптан тұмсығын көтеріп-көтеріп алып көкжағал ешкі маңырап қоя береді.

Бопсабай ыңылдайды. Бопсабай өзіне өзінің ғана көңілі толғанда ыңылдайды. Кім көрінген құсап аузын ашса әндете жөнелетін осалың емес. Қисынын келтіріп, топсасын босатып барып зәуіде бір ән салады. Бұл жолы да Бопсабайдың бопсабайлығы Бақсекеңді иілтіп, мына Қараменде итті сындырып алдына әкелді емес пе! Ендеше, асығы түгел екен!

Бопсабай ыңылдайды.

Бар білері екі-ақ жол. Оның өзін мұрнынан қоңырлата есептеп шығарады.

Уа-а, бір күнде жігіт болдық, ай, бойдақтаған<br>Ботадай от басында ойнақтаған.

Бопсабай ыңылдайды. Сары атан борп-борп желеді, көкжағал ешкі біреу бауыздап жатқандай бақырады.

Бопсабай қашанғы ыңылдай берсін, бір кез Дәрняны түртіп қалды.

- Бәйбіше!..
- О не?
- Білдің бе Бопсабайдың кім екенін!..

Дәрия не десін. Жаулығын түзеп, теріс бұрылды.

- Бәйбіше!
- Неменеге қақсап кеттің, сорлы-ау?..
- Шақшаңды берші...

2

Айналасы ат шаптырым шымайт шалғынды миялы сайда Жұматай аулы отыр. Мал тұяғы шағын егінші ауылдың маңайы әлі шүйгін, көгалы онша жапырыла қоймапты. Еңісте басына сүт салған егін көгереді. Жоғарыда, сай табанын құлдай тоған байлап жатқан бір топ адам даурығыса сөйлеп жүр.

Шетінен құрым киіз жамаған боз отаулы үйлері көп жатақтан біреу шығып, тоған басындағыларға қарай беттеді. Үстіне биқасап шапанын желбегей жамыла салыпты. Басында қима берік, аяғындағы орыс үлгісімен тігілген көксауыр қисық табан етіктің жұлығы бүтін. Қолына балдағы шомбал таяқ ұстаған Жұматай ауыр денесінің салмағын соған түсіре баппен адымдайды.

Сәске түс. Әлгінде сәйгел куған бірен-саран сиыр-торпақ құйрықтарын шаншып ап, ауыл үстін айран-асыр қылып кетіп еді, қазір көрінбейді. Сағым мұнартқан даладан ызың-ызың ән жетеді.

Уа-а, бір күнде жігіт болдық, ай, ор киіктей,
Тозаңы аспанға ұшқан көзге ілікпей.
Дүниеге зердесі бар келген жандар,
Қалмайды жас уақытта бір желікпей-ау.

Жұматай ақсақал елеңдеп, тың тыңдады. Еміс-еміс елесі қалған желікті шағы шаң берді ме, әлденеге көзі жасаурап, әлсіз ғана күрсініп қалды. «Қалмайды жас уақытта бір желікпей». Іштей қайталап тұр. Дірілдеген сақалды дірілдеген саусақпен тұтамдап тұрып, бетін баяу сүйкеп өтіп, Жұматай басын көтерді. Арық жағасындағы жасыл құрақтан бас алмай жайылып жүрген жайлауыш торы атты көрді. Торы ат айғыр күнінде күлдір-күлдір кісінегенде үйірдегі бие біткен оқыранысып қалып, еліре дүрлігуші еді. Бұл күнде торының арқасы жауыр, қоңы жоқ, жалы үзілген. Жұматай ақсақал кезінде қызды ауылдың тұсынан әндетіп өтпегенімен, желікті жігітшіліктің базарынан кенде қалған емес. Содан



ба, жайлауыш торыға қарап тұрып «Бір күнде жігіт болдық ор киіктей» деген жалғыз жолды әрі өкініп, әрі сағынып, бал сорған баладай тамсанып, тұшынып қайталайды. «Торы ат мінуден қалса, мен жүруден қалыппын. Раббим қадір, тұяқты да тоздырдың, ғұмырды да оздырдың»,- деп егіле босайды.

Тоған басындағылар байлауын бітіріп, желпінісіп отыр еді, өздеріне жақындап қалған ауыл ағасы - Жұматай ақсақалды көргенде жапа-тармағай тұра-тұра келісті. Жастау бір-екеуі ұмтылып келіп, қарияны екі қолтығынан демей сүйеп, сызы жоқ, құрғақ көгалға жайғастырды.

- Іске сәт!- деп шетін көмкерген шаршы кез қытайы маңлық орамалымен Жұматай бөркін көтеріп, маңдайын сүртті.
- Айтқаныңыз келсін!
- Бірге болсын!
- «Жер емген - тоқ, жел емген - боқ!»
- «Тоғанды байласаң - ырыс, оғыңды сайласаң - ұрыс!»-десіп әр тұстан жамыраған ағайын-жұртқа Жұмакең ризалық қейіппен кезек-кезек көз тастайды. Сонау бір күндері қыл құйрығы болмаса да жайлау жағалап, қымыз аулап кетеміз деп дүрліккен мынау ағайын-туысты бір жағы ұрсып, бір жағы үгіттеп жер шұқуға еріксіз көндіріп еді, бүгін сол ниетінің жанғанын көрген ақсақал шүкірлік етеді. Бір кездегі өз сөзімен өзін қарсы алған іні-бауырға мейірлене қарап, әлденеге мырс етті. Онысында да мән бар. Осынау ауылдың «қырт басы», «ез басы», «ер басы», «дәукес басы», «жалқау басы»-деген әр түрлі атақ-аңызасы бар жігіттері түп-түгел осы арада тұр. Бұлардың әрекет-тірлігін өз бақылауына алғаннан бері жалқауы - іскер, қырты - үндемес, езі - ер болғандай. Әсіресе шөп басын сындырмайтын кержалқау Байту да мүлде өзгерген. Дабы дамбалының ауы салақтап тізеден төмен түссе, балағы түріліп санды қаусырыпты. Тау қопарып, тас уатқандай түр танытып, Жұматайға: «Мені көресіз бе?»- дегендей қақырына-түкіріне дыбыс беріп, танаулата дем алды.

- Әй, Байту, азамат Байту, жарадың!-деп қария бас изеді.

Сол-ақ екен, тұрғандар қауқауласып кетті:

- Байтуды білмейді екенбіз, ақсақал, ойпырау, кү-

шін жинай беріпті, тау тұрса тайынар емес бұл қалпында!

- Күйек тұсындағы келепандай сақалы неге тұрады! Кішігірім құшаққа, әй, тола қоймас!

- О, Байту қызбасын деңіз, ал Байту қызды ма, он жігітінің жұмысын жалғыз өзі жайғайды!

Даурығысқандарды қолының ишаратымен тыйып тастаған Жұматай тоғанның желке тұсына қарап отыр еді, суыт келе жатқан жолаушыны көрген екен, басқалар да солай қарай бұрылды.

- Мына біреу суыт келеді ғой өзі?!

- Аты қансорпа бопты-ау!

- Әй, осың кімде болса, қолды болған біреу.

- Иә, солай. Басын таңып алыпты.

Жүргінші жақындап келіп, есік пен төрдей қалғанда атынан түсті. Дауыстап сәлем берді.

- Ассалаумағалайкум!

- Әлейкумсалам. Жол болсын -деп, Жұматай қария шылбырын сүйрете келіп қол ұсынып амандасқан. жолаушыға даланың төрінде жалғыз отырғандай ысырыла сырғып, қасынан орын босатты.

- Әлей болсын. Жұматай ақсақалды іздеп шығып едім...

- Е-е, онда адаспапсың. Іздеген Жұматайың мен болам!

- Болсаңыз онда... Әй, бірақ сөз түсінер адам қалды ма бұ күнде. Менікі де бос әуре ғой,- деп жолаушы қолын сілтеді.

- Жарқыным, бастамай жатып түңілгенің қалай? Көңіліңді қалдырғандай бұрын тіпті жүзіңді де көрмеп едім,- деп Жұматай жігітке бас шайқай қарады.

- Жұмеке, менен бір білместік өтті. Ініге деген қыжылды ағасына көрсеткенім әбестік болды-ау,- деп қолын төсіне басқан жігіт кеудесін сәл иді.

- Жөн, жөн! Ашуың орымды. Ақжолбекті мен де құптамаймын. Не деп құптайын? Талайдың өкпесі кеудеме беріш боп құйылып жатса, туғаным деп қиянатын бүркей алам ба?-деп лекілдете күрсініп қалып, Жұматай әжімді жүзін түгел бұрды.- Айта бер.

- Мұрнымнан су, мойныма қан кеткен мүсәпір түрімді көріп отырсыз, ақсақал. Кінәсіз де емес шығармын, бірақ дәл осы жолы нақақ күйдім. Ырылдасып ит, жұлқыласып қасқыр болудан жаңылыспай барамыз-ау. Қу



медиенде кездесіп қалсақ, керілдесіп шыға келеміз. Сондағы қуарымыз не? Құрық сүйреткеннің бәрі құныкер ме еді? Атқа мінгеннің бәрі айыпкер ме еді? Обал-сауапты қашан ойлаймыз? Даланың шаңын қанмен суарғанда ешкімге дес бердей түріміз жоқ. Барымта десе, басқаны түгел ұмытамыз. Сорлайтын да, зарлайтын да тағы өзіміз. Ақжолбек Ақтайлақтың екі атын әкетті. Ал, Ақтайлақ жылқымнан мал алғыздың деп менің аздыкөпті барымды айдатып әкетті. Қаракесек, Қуандық осылай қырылыса береміз бе? Сондағы екеуміздің еселеп шауып, есеп айырысқанымыз - теріміз бен қанымызды ғана төгу екен. Зар тыңдаудан қалсақ, меңіреу жүрек тіпті селт етер ме? Соны білдім де, мына алдамшы жалғаннан жеріндім. Қанжығада кездесерміз демеймін, ақыретте алдыңызға келем, ақсақал!-деп бір тізерлей көтеріліп, қамшысын Жұматайдың алдына сылқ еткізіп тастай салды.

Қария заматта бұйығы тартып, еңсесі түсіп, мойны салбырап кетті. Жаңағы бір әзірде әзіл мен қошуақ күлкі көрген жүзінің әжім-әжімі жазылып, ағына тарам-тарам қызыл жүгірген жанарында қуаныш нұры ойнап тұр еді, енді бәрі сөніпті. Бетінің айқыш-ұйқыш қыртысын көбейтіп, мөлиген көзбен жер шұқыды.

«Ақымақ ағайыннан ақылды аламан артық-ау! Жат көргенім жақынымнан да ыстық тартып барады. Әй, бірақ кімге кім ақыл салар. Ата қонысы - ата мекені ғана ма? Сан жер ошаққа ит сарып, сан жұрты бөрі тіміскіледі ғой. Құрбан көп. Қырған кім, қырылғаның тағы кім? Табынған аруағың тарыдай бытыраған ұрпаққа тағылықты муәсіп еткені ме? Озған уақыт үміт-тілекті қай қиырдан шығарады? Таластырған тағдыр талайыңды тонаумен ал дегені қалай? Өлмелі күнің өшер шырақтың қалт-құлт тәлтіректеуіндей ғана болса, өкпең кімге жетер, өкінішің кімді қиналтар?»

Жұматай еңкейіп қамшыны жерден іліп алды. Жез сақиналы тобылғы сапты бестемше жетім шегесі босап, көп теперішті көрген тірі куәгердей қол қариды.

- Ныспың кім, інім?

- Шаймерген.

- Қай туғансың?

- Қуандықтың Қалбегі болам, ақсақал.

- Шаймерген қарағым, шын жыласа соқыр көзден жас шығады. Зарыңды естідім. Саған тиген шоқпар мені

қансыратып соққыға жығып отыр. Кебіңді түсіндім. Сен де мені түсін. Көп жұрттан көшің ілгері жігіт екенсің. Бір күн қонағым бол. Жата-жастана жатып, асықпай әңгімелесіп шер тарқатайық. Сен арылдың. Менің де кей-кейде дүние біткеннен түңіліп, мынау өмірдің бар болса жүзіне түкіріп-түкіріп кеткім-ақ бар. Қайтеміз, ашуға булығып, арқа құрыстырғанмен қаңтардағы қарт бураша зіркілдеп барып басылғаннан басқа шарамыз жоқ. Сонда да бекерге түңілмейік,-деп, таяғына сүйеніп орнынан көтерілген Жұматай ақсақал қолындағы қамшыны айналдырып қарап тұрды да, Шаймергенге қайта ұсынды,- Қамшыңды бердің, ниетіңнен қалыс қала алмаймын, шырағым. Ашу-ызаң ұстатқан болар. Тұтамдап қысып, құлаштап соғатын өзіңе берейін. Дәрменсіз шалдан қауқар табылмағанмен аужар табылар. Соған шын илансаң, бестемшеңді бұдан былай әділет үшін сілте.

Қонағын соңынан ілестіріп ұзап бара жатқан қария, қалт тоқтап артына бұрылды. Ештеңеге түсінбей аңтарылған жігіттер ләм дей алмай қипақтап үнсіз тұрған.

- Абылан, сен бері кел. Керексің,- деп Жұматай шолақ қайырды да жөнеле берді. Енді табан жолдан көз алмай ілбіп барады. «Бір күнде жігіт болдық ор киіктей...» Әлдеқайдан ыңылдап келіп, сап етті. Кекете, ызаландыра айтатындай. Басын көтеріп алған қария айналасынан ән салған ешкімді бажайлай алмай, іштей күбірлеп: «Раббим қадір, маған не болды?»-деп бас шайқайды.

Жұматай бастаған үшеу арық құлдай етекке түскенде, тоған басындағы топ қайта даурықты. Оң көзін қысып алып, сығырая қараған Нұржан топырақ дағы жұққан үстін қағып тұрып, шіңкілдей сөйледі:

- Әй, жаңағы сыздауықша сыздаған кім өзі? Құдайдың басы жарылғандай қабақ шытып, күреңітіп келмегенде бар ғой, мен бүгін мына Байту түйені оңдырмайтын едім.

Байту күрсінді де теріс айналды.

- Қайта шыдамды екен. Әбден запыланбаса, келмес еді,- деп орта жастан асқан Рымбек тоғаннан алақанымен су көсіп алып бетін шайды.

- Кімге запыланса да маған бәрібір. Әйтеуір, зәбірленген өзімнің Қаракесегім емес,- деп, шалбарының бір



балағын сұғып, екінші балағын таба алмай жатқан Ермекбай шалқалай түсті.

- Сөйт! Солай сасы! Әйтпесе, намыс қуған еркек аталмассың! Сен болмасаң Қаракесек үйтіліп кетер!

- Оу, Реке, өйдемеңіз, адалын айтыңыз. Е-е қашаннан Қаракесек пен Қуандықтың оты бір жерден бірігіп шалқып еді? Иттері бір жерден үріп көтеріліп еді? Ендеше, сіз Ермекбайды бекер қыжыртпаңыз. Иә!-деп Нұржан мына тұстан дүрілдеп шыға келді,

Рымбек басқаларға қарағанда көбірек жол көрген жан. Базар шығып Жетісу еліне, кіре тартып Ақмола жағына жиі баратын. Дұрыс-бұрысты да, қате-түзуді де бір адамдай пайымдай алатын жігіт алғаш ашумен тіксініп дүрсе қоя бергісі келді де, лез өзін-өзі тоқтатты,. Сонан соң шелек танау, қайқы құйрық «намысшылдарға» ежірейе қарап қап, мырс етті,

- Ал, айтайын. Қаракесек, Қуандық түптеп келсең бір атаның балалары. Бір ұядан ұшып, бір шаңырақтан тараған ағайынды екеу. Өнді, өсті. Жан-жаққа қоныстап кетті. Әрине, ел іші ұрыс-керіссіз болмайды. Дау-дамайдың өрбуі оңай. Әтпесе екеуінің бүлінісер түгі жоқ.Жаңа сен, Нұржан, оты бірікпейді, иті қосылмайды дедің. Қосылмаса, анау біздің Бақсыбай мен Қуандықтың оты қосылмас. Сені мен менің атамды өлтіріп, қалыңдығымызды тартып әкетіп пе еді? Мен сонау Ақмола жағының сүр кедей, көбен кедей нашарларымен дәмдес болдым, Солардың Қаракесек, Қуандығы руым деп ұрандаспай, қайта мұңдасым мен сырласым деп бірімен-бірі қойындасып жүр. Сонысынан үйренсекші!-деп Рымбек көк құрақтың үстінде жатқан бешпентінің қалтасынан арқар мүйіз шақшасын шығарды.

- Рас! Әділ сөз!

- Дұрыс айтады.

- Айдап жылқымды, ұрлап қалыңдығымызды әкеткен Қуандық жоқ.

- Әй, бір рет қайта осы мен барымтаға қатысқам, соным енді ағаттық па, Реке?- деп Байту көзі алара жақындап, сұрағымен бірге алақанын шұңқырайта шақшаға қол созды.

Сәлден соң шақшаның түбі көрінді. Дүрілдеген жиын Рымбекке сұрақты тұс-тұстан жаудырып жіберді.

- Реке, осы Совет өкіметі бізге қашан жетеді?

- Кедей өкіметі дегені қайда? Мені неге көрмейді, неге көтермейді?
- Орынбек әулеті жеті атасынан бері болыс еді, әлі болыс!
- Иә. Соларды мұрттай ұшыратын кез болды емес пе?
- Сауатсыздықты жою болады деп еді, бізде сол бола ма?
- Бәсе, соны айтшы!

Рымбек айналасына кезек-кезек қарайды. Көп сұраққа қолмен ұстатқандай етіп жауап беруге шамасы келмесе де, мына ағайынның қазіргі тірлігіне іштей мәз.

- Азды-көпті жер көргені бар демесеңдер, менің де сендерден асып кеткен түгім жоқ. Түйгенімді ғана айтам. Өкімет кедейдікі деген рас. Рас болмаса, азуы алты қарыс Бақсыбай жайлауының шұрайлы жерінен біз тәрізді тобан аяқтарға бұрын қонып өтуге қоныс беруші ме еді. Бүгін тоғанын алдық. Совет дүмпуі осы да. Бұл бір ме? Екінші, тап мына сендер «өкімет», «билік» деген сөздерді ауызға алушы ма едіңдер? Ол ол ма, Орынбек әулеті деп әлден-ақ қыжыртып тұрсыңдар. «Жер құдайы менмін» дейтін шонжардың атын атауға батпайтын сендерді осылай дүрілдетіп тұрған өкімет күші емей немене? Асықпасаңдар әлі бәрі де болады, саужой да, өкімет те жетеді,- деп сөзін түйіндеген Рымбек әндете жөнелді.

...Дұшпаның бай құлданған, сені нашар!
Заман туды ту ұстап алға басар.
Жолдастар!
Асты-үстіне келтіріп сұм дүниені,
Жаңа тұрмыс бақытты қолмен жасар.
Жолдастар!

- Ой, пәле! Қалай шырқайды, ә!
- Реке, тағы, тағы да!
- Кімнің өлеңі? Кімдікі, Реке?
- Кім айтса да дәл айтқан екен, көкейге қона кетті ғой.

Рымбек көзін сығырайта түсіп, құлана күледі. Өнер дариясын кешіп келген көңілдің шадыман әсерімен жымияды. Сонысымен өзі өзгелерден оқшау, ерекше.

- Өлең Қуандықтікі.



- Қой!.. Шынымен... Сонда Қуандықтан да...
- Рымбектікі қалжың ғой.
- Е-е, неге қалжыңдасын. Бірақ сөзі шындық екен.
- Рымбек-ау, айтсаңшы кімдікі екенін.

Рымбек күлді. Басын изеді.

- Әй, қызғаншақ шіркіндер! Қуандыққа ақынды да қимайсыңдар-ау, ә! Бұл әнді Қуандық ішіндегі Қаратоқаның Ескенесінен шыққан Сейфоллаұлы Сәкен шығарыпты. Ермекбай, саған, Нұржан, саған, Байту, саған айтқан жоқ па? Алға бас, көзіңді аш, кедей, деп жар салған дәл осы Қуандық та намысыңа тие ме?-деп әңгімесін күле аяқтады.

Жігіттер ауылға беттеді.

Нұржан жүгіре жортып Рымбектің алдын орады.

- Реке! Ау, Реке! Оңаша сөзім бар. Әлгі Шаймерген немеге не істейміз?
- Не істегені қалай?
- Оу, кім көрінгенді аулының үстіне ат ойнатқызып келтіре қоятын қай Қаракесекті көріп ең!-деп бір тұтам денесін шіреп-шіреп қойып, тесіліп тұр. Ел басылғанда да әр қазан-ошақты тіміскілеп келіп, үй арасынан жүгіріп шығып, шәуілдеп қоймай үретін күшіктер болатын, Нұржан аумаған сол. Жылтыр бетінің майы тамып, өткір көзін айырмайды.

Рымбек қолын сермеп қалды. Жұматай ақсақалдың түсі өзгеріп, қынжыла сөйлегенін қаперіне алып қап еді, «Мынадай түйсіксіздерден зәрезәп болған соң қырыстанады екен-әу!» Үндемей ұзай берді.

3

Күн екіндіге құлаған кезде ат-тұрманы келісті, сәнді жігіт күрең бестісін сипай қамшылай келіп, ауыл ортасындағы ақ боз отаудың кермесіне таянып, ат басын ірікті. Кешкі қарбаласы шуақ таластыра үдейтін қашаннан ауыл әдеті. Бірлі-жарым биелерін ағытып, азын-аулақ қойын қосақтап жебелей сауып жатқан жұрттан ешкім ат басын ұстауға ұмтыла қоймаған соң жігіт аттан түсті. Бестісінің шылбырын кермеге байлай салып, жан-жағына көз жүгіртіп, қамшысының сабымен саптамасының қонышынан ұрып-ұрып қойды.

Қасына Қалаубек келді. Ол он алты - он жетілердегі

ашаң жүз қағылез денелі өспірім. Үлкендерге еліктеп даусын соза сәлем берді.

- Ассалаумағалайкум, Телтай аға!

- Пай-пай-пай! Бәсе, көлеңкесін көрсететін тірі жан құрып қалды ма десем, сен бар екенсің-ау, Қалаубек. Зіңгіттей боп кетіпсің. Ересің бе маған?-деп аталас ағасы еркелете жымиды.

- Қайда?- деп Қалаубек елегзи қарады.

- Қыз оятамыз, барымтаға аттанамыз.

Қалаубек пәс болып қалды. «Келіспеймін» дегендей үнсіз ғана бас шайқады. Бірақ сонда да екі иығына екі кісі мінгендей, еңгезердей, кең жауырынды Телтайға қызығып тұр. Дөңгелек қой көздері іш тарта қарайтын мейірлі жігіттің жіңішке ғана қиық мұрты қызыл еріндерінің бояуын аша түседі. Өзі жиырмадан асса да әлі үйленбеген, бойдақ. Шағын дәулетті екі ағасы Телтайды кезек-кезек ортаға алғанмен, әзірше көнбей жүр. Кәсібі - барымта. Серігі - бестісі. Сылтауы - желік, қала берді жалған намыс. Барымтасын қойғызып, домбыра ұстатсаң - жиын-тойдың гүлі, жігіттің сырттаны.

- Қонақ көрмеген ауылдың баласысың ба өзің? Бастасаңшы,- деп, Телтай қуақы қалпынан тез өзгеріп отауға беттеді. Есік алдына жете беріп сәл кідірді.- Ақжолбек ағатайың қайда?

- Жолаушы кеткен. Ағатайымның Сепкісін көкем біреуге беріп жіберді.

- Не дейді!? Кімге бердіңдер?-деп Телтай саңқ етті. Қою қара қасы шалт түйіліп, түсі күреңітіп ала қойды.

- Шаймергенге. Көкемнің конағына... Сепкіні енді қайтып көрмейтін шығармыз. Нұржан ағекем солай дейді. Жауға қолдан шығарып бергенше, бауыздап өлтірем деп еді, көкемнен қорықты.

- Көкең де, Нұржаның да бар болсын!-деп, шырыққан Телтай сықырлауықты теуіп ашып отауға кірді.

Қалаубек табалдырықтан аттар-аттамасын білмей дал болып тұрып қалды. Телтайдың неге ашуланғанын сезеді. Өзі де екі-үш күннен бері өксік пен өкініш толы ашу үстінде. Ойы мен қиялында арманға айналған жалғыз ат - жүйрік Сепкі тапа тал түсте жаудың жетегінде кете барды. (Қуандық руы жауың болады деп Нұржанның қақсауынан да шығар, бірақ Сепкіні әкеткен Шаймергеннен артық жауды бала Қалаубек бұл өмірін-



де әлі көрмеген-ді). Әке бұйрығын бұзған бұ өңірде ешкім болмаса да, Қалаубек екі көзі төрт болып жол тосумен келеді. Сондағы күткені - Ақжолбек ағатайы. «Тезірек оралса екен, Шаймергенді қуып барып, Сепкіні қайтарып әкелсе екен»,- деген ынтызар тілек кеудесін кернеп, мазасыз көңілін баурап алған. Қазір де Телтай ағасынан әлсіз үмітпен көмек тілейді. Күрт ашуланып, тісін қайрап дүлей шақырған Телтайдан дәмеленіп қалып еді, бестісіне атқып мініп, қатуланып шаба жөнелудің орнына төбедей төнкеріліп төр алдында жатыр.

- Қалаубек, жеңешеңді шақыршы, ішімді жылан жалап барады.

Қалаубек Телтайға жүдей қарап тұрды да, жауап қатпастан қотан басына кетті.

Телтай отауда жалғыз қалды. Орнынан қозғалған жоқ. Осы өңірдің үлкені, төрт-бес ата Едіге руының қара шаңырақ иесі - Жұматай ақсақалға кіріп-шығып сәлемдескен де жоқ. «Сен тыйылдың, мен лепірдім»,- деген бас бұзар тентектік танытып, отауда дөңбекшіп жатыр.

Айыл жимас шайпау мінезінде де мән бар.

Би ел бастайды, ер қол бастайды. Жұматай би емес, Телтай батыр емес. Бірақ Жұматай би болмаса да, халқына сыйлы. Телтай қанша адыраңдағанымен батырлық атаққа жете алмай келеді. Топта шырыш бұзар, тойда ойын бұзар ғана. «Тентек лақ жар басында секірер» деген мысқылды ажуасымен талай рет бас шайқаған кірпияз ағаға тоңторыс қабақ танытудан бұ да жалықпайды. «Білектің күші, қабақтың сұсы билейтін жұмысты былжыратып илеп отырғаным-ау сол. Айттым - кесем, жығам - әкелем»,- дейтін өр көкіректік қанына сіңсе, сол кірпияз ағаның, Жұматайдың туған інісі - Ақжолбек бұны содырлығымен үйретіп-ақ келеді. Бірі тентек болса, бірі - соның ала құйыны. Егіздің сыңарындай ұқсас.

- Шал құтырды...

Оңаша үйде оқшау самбырлап қалды. Өз даусынан өзі үріккендей басын көтеріп есіктен тысқа көз салды, Сәл отырды да, тісінің арасынан сыздықтата түкіріп тастап, қайтадан қисая кетті.

- Мен бармадым, ал. Сәлемімді қайтсің. Қуандықтың бір шертігіндей болмасам, қайтем оны... Сепкіні беріп жіберіп... Неге қарап жатпайды. Көрермін...

Телтай екі аяғын созып жіберіп шалқасына аударылды. Түрулі түңліктен қиық айдай боп қара көктене алыстаған аспанды көрді. Аспан алыс. Ағайынға қалған көңіл одан да алыс.

- Сипатпаушы еді... Тақымға жүйрік баспаған жігіт жігіт пе. Туыспын дейді-ау... Көрермін.

«Көрермін» дегенді тісін-тісіне қайрай, нығарлата айтады. Айтады да, ащы жуа шайнағандай тыжырынады.

Үйге Ұрқия енді. Ақжолбектің келіншегі. Қызыл шырайлы, томпақ беттеу әйел. Сөзге еркін, қимылға шапшаң. Қайны-құрбыға әзілі өткір, азуы қатты.

- Серіжігіт неге бойдақ боп жүр десем, аспанға қарап періште тосады екен-ау!- деп сыңғыр ете күліп, көнектегі сүтті сабаға құя бастады.

- Перішге тоссам кімнен кеммін, жеңеше.

- Кем емессің, тек кешігіп қалып жүрме,- деп отаудың бір қадірлі мүлкі - жетілік шамды жақты, шынысын тазалап сүртіп үстіне қондырды. Тырс етіп тіл қатпай жүріп ас қамына кірісті. Телтай әлде өтірік, әлде рас, қорылдап жатыр. Қалаубек жүкке сүйеніп алып шамға телміріп қалыпты.

- Кеш жары-ық!

Әлгінде ауыл итін түгел бөрліктіріп қотанға біреу келгендей болып еді. Бопсабай екен. Қалаубекке қос қолын бірдей ұсынды. Қалаубек төрге көрпе жайды. Үй ішін жағалай сүзіп өтіп, өзі қойып кеткен қазынасының сол орнынан табылғанына шүкірлік еткендей Бопсабай болар-болмас бас изеп отырды да, бүкіл денесімен ытқып, ұйықтап жатқан Телтайға бұрылды.

- Апырмайдың жатысын-ай! Анау әлгі, дүниені түгендеп келгендей шолжиюын,- деп кеңк-кеңк күлді.

Отаудың қазаны көтерілгенін көрген соң, оның үстіне Бопсабайдың мінезін қызықтауды сылтау етіп жұрт жинала бастады. Бұл екі ортада Телтай оянып, басын көтеріп отырған-ды. Кіргендердің амандық-саулық сұрасқаннан кейін көбіне-көп өзін әңгіме-кеңеске тартқан әуесқой көңіліне мейманасы тасыған Бопсабай ешкімге сөз бермей, суырылып есіп отыр. Қомақтана, иық асыра отырайын деген бе, жүгініп алыпты.

- Анау әлгі, Бақсыбайдың күшік күйеуі - саржағал ауылнай Дүтбай ше, соған жасағанымды білесіңдер ме?- деп сәл кідіріп жағалай көз қыдыртты. Ерні қозғалса, қолы жыбырлайтын әдеті: он саусақ он елгезек баладай жеңсіз нымшаның қалталарын он тінтіп, жиырма түгендеп отырған, кішкене көздер түртінектеп Нұржанға жеткенде сүрініп кетті. Жыпылықтап қалып және қадалды.- Нұржан-ау, сен де отыр ма едің. Ит-ау, жөн білмейсің ғой, амандығың қайда? Шақшаңды бері тасташы.

Нұржаннан қатынын сұрасаң сұра, бірақ шақшасын сұрай көрме! Соны білетін жұрт ыңғайсызданып қипақтай бастап еді, жасамаған әдетіп жасап Нұржан сaптамасының қонышынан тамыр шақшасын суырып алып, жайылған алақанға ұстата салды.

- Бұл насыбай дегенің құмардың бір түрі,- деп тығынды ашқан Бопсабай шақшаны мұрнына апарып иіскеп біраз отырды. Содан кейін мүйіз тығынды екі саусағының арасына қыстырып қойып, алақанына бір шөкім насыбайды тақ-тұқ нұқып түсірді. Сұқ саусағымен үге берді де, айналасындағыларға жалт-жалт қарады.- Е-е, сендер де алыңдар, атыңдар! Зәуіде бір жол жүріп келіп, таңдайға басқан насыбай шайыңнан артық!- деп шақшаны көршісіне шиырып жіберді.

Жапа-тармағай созылған қолдардың бір-екеуін қағып тастап, Нұржан ентелей ұмтылып шақшасын жұлып алды. Сырт айнала беріп аузы-басы бүлкілдеп, естілер-естілмес күбірмен әлдекімді сыбап жатыр.

Бопсабай саңқ етті.

- Ойбүй, құдай ұрды мені, құдай ұрды!

Іші ауырған баладай опыр-топыр түрегеліп есікке жүгірді. Босағаның жақтауынан ұстап тұрып, езуіндегі насыбайды екі саусақпен шымшып ұстап лақтырып жіберді, былш-былш түкірді. Қайта айналып орнына отырды.

- Не білдіңдер, сендер?- Әркімге көз тоқтатып, бұрылып-бұрылып қарайды. Отырғандар не білуші еді, миыққа іркілген күлкілерін әрең-әрең жасырып, бір-біріне қарасады.

- Ойпыр-ау, бұл Бопсабай кәпір өлімінде кете жаздады ғой. Анау әлгі, жасаған жаппар хақтың алдында берген сертім бар! Бір жұманың ішінде аузыма насыбай салсам, тышқан құмалағын жеміт қылайын деп Саробаның басында күн таластыра ант-су ішкенімді білесіңдер ме? Жел жоқ болатын, желкемде ай тұрған. Аптап азайған, алдымда күн тұрған. Анау әлгі, жылағам жоқ,

бірақ жылағаннан бетер ішім удай ашыған,- деп Бопсабай әлденеге запыланып қорс-корс етті де, сөзін жалғады.- Біздің үйдегі бәйбіше бар ғой, Дәрияны айтам, бәрі сол шіркіннің кесірі. Қолының жомарттығын қайтерсің, әгерәкім біреу мені сұрады ма, байым екен демейді бере салады. Ал, насыбайға жоқ. Бермейді. Бір шөкімін бергенше, он тілентеді. Содан ыза болдым өзім. Анау әлгі, Күреңбелге барып қылша әкелдім. Жақтым, күлін тостағанға салып үктім. Аттай бір күнім кетті. Ескі шақшамды толтырып алдым да, Бақсекеңнің үйінің көлеңкесінде, текеметте иін тіресіп отырған бір топ адамға жақындадым. Анау әлгі, сыйласа қымызын берер, сыйламаса кеңесін тыңдармын деп бір шеттен кеп жантая кеттім. Жатырмын. Майы кілкіген сап-сары уыз қымыз! Тостағандар қолдан-қолға жылжиды. Мынау Нұржанның ақ тазысындай жылмаңдаған саржағал Дүтбай ауылнай құлаштай сапырып, құйып беріп отыр. Анау әлгі, тостағандарды атап-атап ұсынады. Жүзінде мысқыл, мені елер емес. Жайлаудың қымызы қандай! Иісі мұрын жарады-ау! Қақырындым, түкіріндім. Көрмеді. Көрмейді емес-ау, көргісі келмейді! Анау әлгі, қарап отырғанша деп шақшамды суырдым. Ауылнай күректей алақанын тоса қойды. Ыржиып күледі, ырсылдап сапырады. Тамағым қаңсып барады Бақсекең қарнын сипайды, мен көзімді сатам. Бәрібір Дүтбайдың мені көргісі жоқ. Шақшамды тағы суырдым. Анау әлгі, күректей алақан тағы да сумаң етті. Көріп отырмын, әдейі көрмеген болдым. Бергем жоқ, Жырқ-жырқ күлкі төккен өңештер құм қапқандай сап тыйылды. Мен үйге беттедім. Көп ұзамай артымнан ілесе саржағал ауылнай кірді.

- Салығыңды қашан төлейсің?

Басқа әй-шай жоқ. Анау әлгі, не дейін, бүрісіп отырмын.

- Отағасы, тездет!

- Шырағым, ақша жоқ еді... Өйтіп-бүйтіп күзге қарай...

- Ешкіңді сал, сен үшін мен пот-сот кетпеймін. Ивсо!

Туғалы естімеген сөзім! Сол ивсода маған төнген пәле бар тәрізді.

- Қарағым, өлтірсең де ивсоңды түсіндіріп өлтірші, ол не дегенің?- деп, анау әлгі, зәрем ұшып, жандалбаса еткенім.



- Өкімет адамын тәлкек қылдың әкті жасаймын!- деп ауылнай қағазын жая бастады.

Не дегенмен жан тәтті. Біздің көкжағал ешкі одан да қымбат. Састым.

- Қарағым Дүтбайжан, мен аяп отырмын ба?.. Дауылбай інің келем деп еді, ешкіні соған сақтап..., Алам десең, ал.

Ауылнайым кілт өзгерді.

- Дауылбайжан келе ме?!

- Келе жатқан көрінеді,- деп өтірікті қыстырып жібердім.

- Ау, бағанадаи соны айтпайсың ба. Сүйіншіңе салығыңды сыздым, міне,- деп Дүтбай енді кеткенше асықты. Әне, насыбайдың әлегі. Бар пәле шақшадан. Ант-су ішкенім сол,- деп Бопсабай әңгімесін бітірді.

Жұрт қыран-топан күлкіге батып, қарқ боп жатқанда Бопсабай құйрығымен жылжып барып Рымбектің тізесіне қол салды.

- Ау, Рымбек, мына ағаңның сенде қолқасы бар. Анау әлгі, өлтірсең де шыныңды айтшы! Саржағал ауылнайдың соншама қорқытқан «ивсосы» қай «ивсо»? Соны түсіндірші.

Рымбек күлді, Рымбек жымиды, Рымбек сұрланды, Отырып-отырып басын шайқады..

- Іздарастиді білем, шорт знаетты білем, Бәке. Ал енді ивсоңыздың не екенін айта алмаймын.

Бопсабай жасып қалды. Әлгіндегі қомақты еңсесі түсіп, бүрісіп барады. Қалаубек аяп кетті. Қолынан келсе, мына шүйкедей кісіге дүниенің бар қызығын үйіп берер еді, жарық жалғанның ивсосын түсіндіріп берер еді; оған шама жоқ, үнсіз ғана күрсініп қойды.

Бопсабай орнына барды. Жарты кез орамалын алып, жылтыраған бетін, маңдайын, көзін сүртті. Әр жерден бір қадауланған қылы сирек жез мұртын ширатты. Басын шайқап, тамсанып қалды.

- Айтыңыз, Бәке! Көмекейіңізде әлдене кептеліп тұр ғой,- деп әңгімеге Телтай араласты.

- Ендеше бар ғой, осы отырған бәріміз де осал емес тәріздіміз. Анау жайын ауыз, саржағал Дүтбай Бақсыбайларына сыйынса, біз көптігімізді арқаланайық. Анау әлгі, күні ертең бізден де бір ивсо дейтін табылар!

«Жақсы айттым, тауып айттым»,- дегендей Бопса-

байдың бала қоразша мойнын соза кодиланған түріне қарап отырып, Қалаубек еріксіз күліп жіберді. Біреу иығынан тартты.

- Көкең шақырып жатыр.

4

- Жүр, балам!

Түн ортасы ауып барады. Кібіртіктеген екеу айсыз түнде ілбіп келеді. Жұлдызы сирек, желсіз тымық дала жеткізер емес; созылып, жайылып кеткен. Тұс-тұстан қарауытып әлденелер шалынады. Еңкейіп қарамасаң аяқ астын, табан жолды көре қоюың да қиын. Қалаубектің бар сенгені - көкесі. Жұмекең таяғын беліне көлденең қыстырып алып, бүкеңдеп тартып келеді.

- Жүр, балам!

Үйден шығарда ұлына осы екі-ақ сөзбен тіл қатқан, содан бері қайтып тіс жарған жоқ. Жайшылықта ауыр қозғалушы еді, көп жүрмеуші еді, бүгін ширақ. Биік таудың басын шалған бір шөкім қара бұлттай көз алдында жотасы ғана қараңдайды. Алыстан талмаусырап ән жетті. Қайта қалықтамай мұңлы әуен күрсініп калып тыншыды. Айналаны тылсым тыныштық басты. Күміс теңгеліктердей жылтыраған алыс жұлдыздардың күңгірт сәулесі әкесінің беліндегі ақ сабауда дірілдеді.

- Келдік, балам!..

Тағы да екі-ақ сөз. Күн шуаққа төгілген сәуір нұрындай.

- Отыр.

Көкесі отырды. Қалаубек тізе бүкті. Сонда ғана алыстан сықылықтай күлген қыз сыңғырындай ағып жатқан бұлақ үнін естіді.

- От жағайық...

Жүгіріп барып маңайдан Қалаубек тобылғы жұлып әкелді.

- Мен тұтатайын.

Су бетінде сәуле ойнады. Шал көзінде ұшқын биледі. Сұлқ қалған жүздерді ыстық жалын тепті. Қара аспанға көк түтіні көтерілді. Жұлдыздар жоғалды.

- Балам, міне су, міне от. Екі кие, екі бастау. Осы екі құдірет алдында, мынау түн алдында саған айтарым көп сияқты. Айта алмасым тағы бар. Ұзақ жол жүрдім, көргенім әлі де аз. Тірлікте желіп өткендей қас қағымның артық-кемін пайымдай алғанға не жетсін!- деп Жұматай ақсақал сәл кідірді.



Қалаубек отты көсей түсіп, құрғақ тобылғы тастады. Дүр етіп жапырақ жалай жүгіріп, жалын шалқыды. Жалынмен бірге лүпілдеп бала жүрек діріл қақты. Қара жерден бұрқырап хош иіс көтерілді, көк құрақтың жұпары аңқып, тұла бойға шымырлата тарады.

- От керек. Отсыз өмір жоқ. Әркімнің тұтатар оты, жағар шырағы бар, балам. Үзбей маздатып әкете біл. От киесі ауыр. Сөндіріп алма. Су киесі ауыр. Құрғатып алма. Иә-ә, не айтпақ едім. Тамызық тастай отыр.

Қалаубек әкеге қиыстайды. Әжімі қоюланғаи кең маңдай, еті қашқан қушық бет дүние-жалғанның өз өңіндей, бәденді келбетіндей. Құшақтап жылағысы келді, етпеттей жығылып аяғына бас ұрғысы келді. Жаңа бір тапқан аяулы жүз мынау от, анау су, осынау қапқара түн болып елестеді. Соның бәрін бір-ақ құшып еңселеніп тұрған қамқор жан - әке болып көз алдына бұлдырап оралды. Бұлдырап оралды да, бір сәт қайта жеткізбес, қайта ашылмас қалың мұнарға оранғандай ауыр мұңға батырып, алыстап-алыстап жоғалды...

- Қарайып оба да тұрады, белгісіз тірліктің мұраты ол емес, балам. Қалқиып төбе көрсетіп жүрген соң от пен судан үйренгің-ақ бар. Нәр болып таралып, от болып жылытпасаң - құныңды кім сұрағандай, артынды кім жоқтағандай. Зорлық көп. Зорлайтын өзіміз. Құбыжық көрінген екі аяқты жануар - адам аталса, өмірдің үмітжігерін арманға жалғайтын небір сабаздары да Адам атынан үкім етеді. Соның бәрінің бір ғана құқайы - жалғыздық, жатбауырлық. Мынау болмыстың жатсынары жоқ, өгейлік етер өзіміз ғана. Қалқам, отыңды үстеші, тобылғы әкелесің бе тағы. Бойымды суық алған ба, тоңа берем,- деп ақсақал үнсіз қалды.

Қалаубек жүгіріп жүріп отын жинады. Алаулатып жақты. Тас мүсіндей қыбырсыз отырған әкеге қарай ысыра итеріп, жылжытты. Тағы қисайды.

- Мынау Ақбұлақ не көрмеді, балам. Шыр етіп осы бұлақтың басында туыппын. Мен он беске шығарда, дәл осындай бір түнде, осы араға әкем мені әкеліп от жақты. Лаулатып жақты. Адалдықты өсиеттеген әке отын мен бүгін саған тапсырам. Тірі болсаң ұлыңа, ұрпағыңа аманат ет,- шал тағы кідірді. Отқа қарсы қарашығын мөлдіретіп мелшиіп жатқан бала сол сәт әкеге кілт бұрылып

еді. Жұмып алған көздерден қос маржандай сырғанаған кесек-кесек жасты көрді. Үзіліп-үзіліп түскен тамшылар арман ба, өксік пе, өкініш пе, ақ сақалға сүңгіп жоғалды.

- Пышағымды әперші, балам.

Қалаубек жерде жатқан кіседен өткір кездікті алып көкесіне ұсынды.

Жұматай пышаққа қарап отыр, аударып-төңкеріп мүйіз сабына көз жүгіртті. Содан кейін жүзін тырнағына тигізіп көрді де, сәл ыңыранып қойып, басын изеді.

- Оң алақаныңды төсеші...

Алақан тосылды. Қылпылдап тұрған кездіктің ұшы әлі де болса қатая қоймаған, терісі қалыңдап көнтеріленіп мүйізденбеген жұмсақ етке кірш тиді. Зырқ етіп шеке тамырға әлдене қадалғандай болды. Сол сәт... сол бір заматта көптен, үш-төрт жылдан бері естімей жүрген оң құлақ өз-өзінен дүмбірлеп, қаңғырлап қоя берді, Әке демін, алқынған тынысын ап-анық дәл қасынан аулап тұр.

- Көке! Көке-тай, естідім. Есті-дім! Оң құлағы-ым...

Қалаубек айқайлап жіберді.

- Айқайлама, балам. Сабыр ет! Қолыңды созшы, Отқа қарай. Қаны тамсын,- деп Жұматай ақсақал ұлының білезіктігінен қыса ұстап жалыны азайған отқа бұрды. Қалаубек алақанына қарады, щынашақтың ұшынан сорғалаған екі-үш тамшы қызыл қан ақ жалынға тырстырс тамды.

- Мә, таңып ал. Ештеңе етпейді.

Көкесі қытайы маңлық орамалын қақ айырды. Жалаңдаған пышағымен өзінің де алақанын сызып өтті. Жылап ағып, алақан шұңқырына іркілген қызыл күрең қанды отқа төкті.

- Раббим қадір, өзің жар бол!

Аспанды бұлт торлады. Қанаты сынған қарақұстай далбалақтап дәл төбеден төне берді... Бір кез жалбажұлба әлгі қанаттан шуылы мол тамшылар секіріп, от пен суға тырс-тырс тиді. Сәлден кейін жаңбыр суылы ұласа дүркіреп, аспанның түбі тесілгендей төгіп-төгіп жіберді.

- Отыңды үсте! Үстей түс! Сөнбесін...

Су тобылғы ысылдай жанады, Бұлақ үстінде шыр



көбелек айналып ірі-ірі тамшылар билейді. Сырылдаған шуыл тынбайды...

- Құлағым ашылды дедің бе? Тәуба де, балам. Дүниенің барлы-жоқты үнін естісін деген болар. Есті, қапы жіберме! Таскерең кейбіреулерге сен ұқсай көрме!

Жауын қалай тез жауса, солай тез басылды. Қою қатықтай ұйып түскен таң қараңғылығы жербауырлай тұтасып жатыр еді, кешікпей су қосқан шалаптай іріп кетті. Алдымен сонау биіктен ақ сүттеніп шумақ-шумақ сәуле-нұр сорғалады. Жентектеліп, ұйлығып тығылған қара көлеңке бояуды кеміре таусып сәл тұрды да, ілешала аспанға қызыл қоламтаны шашып-шашып жіберді,

Тағы бір таң атты. Әлемге әлем-жәлем байлап, күлімдеп күн шықты.

Жұматай орнынан тұрды. Бұлақтан іліп алып бетін жуды, көзін шайды. Содан кейін күншығысқа бұрылды. Алақанын жайып бетіне тақады.

- Жан жаратқан тірліктің жалғыз тірегі - жарық күн! Сен сөнбе. Бойға мұз, ойға үскірік енгізбе. Жерге нұр төк, ерге нұр құй! От ием, осы тілегімді қабыл ал. Әумин!..

## ЕКІНШІ ЖЕЛІ

### 1

Шілде түссе де, ши басы онша сарғая қойған жоқ. Қалың құрағы қаулап тұрған Шолақ тауының күншығыс етегінде Бақсыбай аулы отыр. Ауылда қарбалас мол. Желең желіктің қызықты бір күндері жылдағы машығымен жасыл жайлауға тағы да оралған еді. Қыз ұзатар жұрттың күйеу жігіт келгендегі - қынамендесі - қызыл-жасыл киінген қыз-келіншек, жігіт-желеңді тойлы ауылға елең-алаңнан-ақ шартараптан сауылдатып құйып жатыр.

Сый қонақ, маңызды меймандарға арнап тіккізген үйлер анадайдан көз тартады. Әсіресе, Бақсыбайдың үлкен қызы - Үржан қалыңдықтың ақ отауы ерекше көркем. Сегіз қанатты алтын үзік. Ақ жүннен басып, күйген сүйектің күлімен бояған үзік-туырлықтары күн нұрымен шағылысып, көп үйлерден оқшау, оңаша тұр.

Сүйегі шомбал, балғын, Қыпшақ үлгісіндегі иығы шығыңқы, мінсіз дөңгелек ақ отау кірсе-шыққысыз. Кереге көгінің күміс шытырасы жалт-жұлт құбылып, түрулі түңліктен төгілген ашық жарық та көз қариды.

Бірнеше күннен бері хабарланып қалған жұрт үлкен-кішісі, ақсақал-қариясы, бала-шағасы бәрі аралаunion, әр ауылдан топ-топ келіп, үйді-үйге бөлініп жатыр.

Жұматай аулының жатақтары да жетіпті. Екпінімен тау жығардай лепіріп шығып еді, сән-салтанаты шалқыған бай аулының сыртқы айбарынан-ақ жасып қалды. Үндері өшкендей бірін-бірі итермелей түсіп, сыбырласа сөйлесіп табалдырықтан кібіртіктей аттайды.

Нұржан Байтуды түртеді.

- Әй, түйе, анау не?

Байтудың жүзінен қан қашты. Шүйілген қарашық Нұржанның қол тоқпақтай кеудесін тінтіп қапты. «Осының жұдырық салатын да жері жоқ екен»,- дегендей ауыр күрсініп басын шайқайды.

Рымбек екі құрдастың ортасына кимелеп еніп, Нұржанды қолынан жетеледі.

- Кір, кірейік, Нұржан.

- Анау не?-деп қолын шошаңдатып ауыл арасында атты, жаяулы шұбырып жүргендердің үстін ала сонау сағыммен бұлдырап заңғар көкпен жымдаса барып шалқалап құлаған көкжиекті көрсетті. Сол көкжиек кемерден асып төгіліп, қыбырлап, қаптап келе жатқан тойшыларды нұсқады.

- Е-е, біз сияқты тойшылар да.

- Аяқасты болып қалады-ау. Сонша ошап не алам дейді екен?-деп Нұржан әлгілерді аяп тұрды да, кенет қасынан өте берген көгілдір жаулықты келіншекті қытықтап қалды.

Көтек-ай, бұнысы тағы кім еді? Үйбай-ау, сен екенсің ғой. Боз биенің көзіндей сүзіліп сен де жүр ме едің?

- Құлпырып кетіпсің ғой өзің!

- Бетіне екі-үш тал қыл өскенге мыжырайып кететін елдің бәрі сендей деп пе едің.

Әй, сен өйтіп бәлсінбе! Мыжырайғаныммен мығыммын әлі!

- Қайдам? Қалжаң белгілі-ау, Нұржан! Не бала емессің, не бәле емессің,- деп жаулығының сүлгі шашағын билете күліп келіншек наз білдірді.



- Осы қазір көрсетейін бе неге жарайтынымды,- деп намысқа қызған Нұржан тап берді.

- Қойшы үйбай, ұяттағы...

Аузы айтқанмен ар жағы белгілі, бүгелек тиген байталдай шыжбаңдағанымен әйелдің кеткісі жоқ.

Үй іші таза, төрге төсеген сырмақ, текемет тозыңқырап қалыпты. Үстінде бірер көрпе жатыр.

Рымбек бастаған бұл топ тер сіңген сырт киімдерін шешіп тастап, желпінісіп отыр. Қалаубек те осылардың арасында, көлдей орамалдарымен самай-желкелерін қайта-қайта сипалай сүртіп, керіле-созыла көсіліп жатқан ауылдастарына қабақ астынан сынап, барлап қарайды. Жүз салса бір баспайтын қыңырауық жігіттердің бүгін жоқтан өзгеге күліп, жоқтан өзгені қылжақ қылып елігіп кеткендеріне таңдана түсіп, өзі де әлденеге қатты елегізіп, әр жүзге бір қадалып, сыр аңдиды.

- Бақсыбай бай бір көрінейін деген екен.

- Е, көрінбей жүрген бай бар ма еді.

- Сонда да мына тойдың түріне қарап айтам да.

- Аузыңнан ақ май ағызып жібергенін көрерміз. Айтпады деме, ішек-қарнымызды шайып шыны-аяғын салдыратып ыс татыған шай-суын әкелмесе, қара да тұр. Қымыз жұтса, ішіне тұрмайтын Ермекбай, Байтулар отырғанда бұл үйге саба келе қоймас,- деп сәуе айтып, өздерінше күмпілдеседі.

- Онда бар ғой, мына қамшыны тұп-тура анау табақ тартушының арқасында ойнатам,- деп Нұржан бір тұтам білегін сыбанып алды.

- Омай, шикін. Сен жарытарсың. Қырарсың-ақ! Осыдан дымыңды шығарып көр, ойынның көкесін мен көрсетейін!-деп осы топтың үлкені қырма сақал Абылан өз тентектерін жуасытып алайын дегендей ызғар тастай сөйледі.

Қалаубек желіккен жігіттердің мың құбылған мінезі мен қыр көрсеткен қылығын түсінбейді. Жайшылықта сорпа-суын ұрттап, көлеңке қуалап қисая-қисая кететін момынбастар аяқ астынан кілт өзгеріп, ілік іздеп алақандарына түкіріп отыр. Бірі көзін қысса, екіншісі жыртақтап, үшіншісі ымдаса, тағы біреуі қабақ түйіп ашу шақырады. Қалаубек оларын мақұлдамайды. Қалаубектен мақұлдау күтіп отырған бір жан және жоқ. Той көрейін демейді, жол күтеді. Қызық-сауық тілемейді, қабақ аңдиды. Жылаған бала нан сұраса,еріккен ер -

мекшіл құлақ басады. Түсінбеген жанның ұғатын мұңы бола ма. Қалаубек үнсіз отыр.

Ыржалақтап Бопсабай келді.

- Анау әлгі, көздеріңді әбден көгерткен екен. Дастарқан жаймапты ғой.
- Бәке, ауыл сенікі. Қонақ қойдан жуас, қимылда.
- Аузын ұрайын Бақсыбай байлығының. Кедей деп басына ма, басынып көрсін, өкімет менікі!-деп Нұржан шаужайлады.
- Қашанғы қаңтарады.

Бопсабай қызарды. Бопсабай састы. Әлдекімнен насыбай сұрады. Екі қолын ербеңдетіп шақшадан безе қашты. Сұқ саусағымен суағарын сипады. Отырып-отырып біраздан соң тамағын қырнады:

- Анау әлгі, шырақтарым, сөз сүйектен өтеді екен, Сендерді өкпелетіп бұл Бопсабай тыныш отыра алмайды. Кәне, біздікіне жүріңдер! Осы аумағыңмен тік көтеріліңдер! Көкжағал ешкі сендердің бүгінгі қонақасыларыңа жараса, онда арман не. Анау әлгі, біз де өлмеспіз..

Араның гуіліндей ызыңдаған шуыл сап тыйылды. Әлгіндегі ежірейген жүздер, шүйілген, зәр шашқан көздер енді кең ашылып Бопсабай емес, басқа құбыжық, әлде ғаламат көргендей бәкене шалға таңданыса қадалады. Осы отырғандардың қай-қайсысы болса да жалғыз ешкілі Бопсабайдан ауқатты. Ал жеме-жемге келгенде дәл осы Бопсабай жомарттығына қия баса қоймас еді. Адал көңілімен тартып, ақ пейіл ниетімен ақтарылған аңқылдақ жанды Рымбек аяп кетті.

- Бәке, ықыласыңызға ырзамыз. «Қонақ аз сөйлеп, көп сынайды». Сынасақ сізді сынамаймыз. Өзімсініп еркелеген мына тентек інілеріңнің әншейін шуылдағы ғой. Өкпе артып жүрген біз жоқ. Тойға келдік, бұйырса дәмтамағынан ауыз тиерміз, ойын-сауық тамашасын көреміз,- деп шын жүректен алғысын білдірді.

Сол екі арада дастарқан мен самауыр көтеріп екі-үш жігіт, бір келіншек кірді.

Қалаубек күлді, іштей күлді. Туыстары күні бұрын запыланса запыланғандай екен. Желігі мол қымыз мөлдектеп тұрғанда, жылы суды сораптап отыратын қай қазақты көріп еді!

- Байту, шөліңді бір қандыр. Аянба!-деп Нұржан құрдасына құрсаулы кеседегі күрең шайды ұсынып жатыр.



- Мен ішкенде сенің айызың қана ма?„
- Бойың анау - намаздыгердің көлеңкесіндей, өңешің анау - тоқал үйдің мұржасындай. Шай-суанмен кептей бермесең, оңайлықпен тоясың ба. Менің жөнім бөлек, сұрап ішсем де бірер тостаған қымыз табам. Сол он тостағанның қызуынан кем болмайды маған,- деп көзін қысыңқырап бұрылып апты. Мысқылшыл, қуақы мінез таныттым дегендей айналасына маңғаздана көз тастады. Соны көріп Қалаубек мырс ете берді де, даусын кенеді. Рымбек ұланның қан жүгірін, құбылып кеткен жүзін шалып қалып еді, жанарына жанары ұшырасқанда, күлімсірей түсіп, құптағандай басын изеді.
- Нүреке, сұрап ішіп желік сатып алғанша, сыйлап берген су-суанды ұрттап жай отырған артық емес пе. Қалап алған желіктен мүйізіңіз шығатын болса, шекеңізге тиген зәулінің санынан өзіңіз де адасып қалмап па едіңіз?-деп кесесін төңкеріп, кейін қарай сырғып кетті.

Әсіресе Байтудың қыбы қанды. Добалдай мұрнынан кеңк-кеңк күліп, үлкен денесімен селк-селк дірілдейді.

- Алдың ба сыбағаңды!..
- Бәсе, Жұматай ағайдан қайдан осал тусын!
- Түбінде осы озады.
- Едігенің түп қазығы осы Қалаубекте қалады.
- Көзін қараңдаршы, сексеуілдің шоғы ғой!
- Тіфә, тіфә! Тілің тасқа!
- Бәлем Нұржан, шоқ-шоқ!
- Өмай шікін, қоймап еді...

Нұржан бір қызарды, бір бозарды. Кейін қайрылып барып қамшысына жармасты.

- Күшік неме сол! Балтырдан тістейсің, ә! Жоныңнан таспа тілейін бе!-деп ыңғайланып еді, шап берген Байтудың оң қолының астында тыпырлап қалды.
- Анау әлгі, Нұржан шырағым, тентек болма. Басыңнан сөз асырмасаң, аузыңа тыйым сал. Сөйт, шырағым,- деп Бопсабай басалқы айтты.
- Әй, Байту, ұстама қолымды! Жібер шапшаң! Мен бір ашуланбайын! Ашуландым ба, аямай бір-бір сүзіп шетіңнен қалпақтай ұшырам!-деп Нұржан ұстарамен шашын айнадай ғып сыпыртып тастаған шақша басын бұлғаң-бұлғаң еткізді.

-Нұреке-ау, «Бас кеспек болса да, тіл кеспек жоқ» дегенді үлкендер айтады. Аңдаусыз апырақтап кетсем,

кешіріңіз. Сізді өзімсініп еркіндеп едім,-деп Қалаубек кішірейді.

Нұржан одан сайын қызынды. Байтудың бір қолын екі қолымен босата алмай жанталаса тырбаңдап, күзеннің айғырындай шақылдайды.

- Кешірмеймін! Ойбай-ау, баланы кешір, шағаны кешір, сонда кім болғаным. Жо-о, бір сүзіп жалп еткізбей, әсте қоймаймын!

- Қоймайсыз ғой?

- Қоймаймын, ойбай, қоймаймын!

Қалаубек сазарып алды. Қолау тайдан жолсоқты көріп келген денесін қиралаңдай көтерді. Желбезегі жұқалаң қыр мұрнын сұқ саусақпен сипалап, отты қара көздерін Нұржанға тік қадап ойланып тұр. Кенет жанарда ұшқын тұтанды, сол-ақ екен алғыр ақындық шабыт тапқандай күбірлей түсіп оқыс желдірмелеп кетті:

Қошқар ма едің сүзеген,
Сидитып бұтын күзеген.
Нұржан аға, жерің жоқ,
Қисықты бір түзеген.
Мықтымсыған сіз тұрмақ
Сырдың суы келмейді,
Шын қызынсам тізеден...-

деп лекілдете төкті де, ендігі шу мен шуылды елемей тысқа шыға берді.

Қалаубек тай-құнанға мініп, дабырласа шапқылап жүрген балаларға қарай беттеді.

Ауыл сырты мидай жазық. Көз ұшына дейін теп-тегіс болып, жарыса көсіліп сонау мұнары билеген көкжиекке иек арта құлайды. Ашық беткейдің бетегелі бұдыры болмаса, ойы-қыры кездеспейді. Тізгініңді бос тастап сыдыртып кете берсең, алдың алыстап, артың жоғалып жеткізбейтін жазық «жүр-жүрдің» астына алып айызыңды қандырардай.

Қалаубек жаяулап балаларға жақындағанда он шақты қыз-келіншек, жігіт-желең бір тұстан килігe қосылды. Астындағы মіністерінің омырауын терге шылап, шетінен желігіп алған. Бірін-бірі қуалап, алысып-жұлысып ойнап, мәз-мейрам.

Әсіресе, тапырақ торы байталға мінген саржағал Дүтбай ауылнай қопаң-қопаң етіп әркімге бір тиіседі. Тақымға тұлпар басқандай дүрілдеп елтірі бөркінің



қайырып алған қос құлағын қара қарғаның қанатындай жалпылдатып текірең-текірең еткенде дәл қазір адам тұрмақ, құдайыңа да дес берместей. Жайын ауызды кергілей созып әр келіншекке бір ұмтылады.

- Әдіра қалғыр, саған да желік біткен бе?
- Ойбүй, бетім-ау, «Әлін білмеген әлек!»
- Бәтір-ау, ерніңді жинап алсаңшы!

Дуылдап тұрған қыз-келіншектің бірі тапырақ байталды салып жіберді. Байтал ала қашты.

- Мықты болсаң, жеткізбе, Дүтбай!
- Кәмәлия, адымын аштырма!
- Ту сыртын тұлыптай қыл!

Бір қағарға байталдың ұшқырлығы да бар екен. Бірақ келіншектің астындағы бедеу көктің алымы мықты. Аршындай сілтеп жетіп-ақ барды. Келіншек ұрған жоқ, Дүтбайдың далақтап жалпылдап бара жатқан бешпентінің етегінен ұстады да, басына қарай түре жауып, ат екпінімен оза берді. Бір сәт... тапырақтаған байталдың мойнынан асып, саржағал ауылнай құлап бара жатты...

Қалаубек күлерін де, күлмесін де білмейді. Күлейін десе өн бойынан дірілдеп өсіп келе жатқан әлдебір шерлі мұңы бар сияқты. Алаң көңіл- арманшыл, іздегенін таппаса, бажы да жоқ. Өкінішті өксік көмейге түйінек боп тіреліп, көз алдына жасаңғыратып бұлыңғыр перде мен шілтерлі сағымдай белгісіз діріл ойнатады. Жүрек қалауы - қызық болса, ол алдында. Ал, соған шарқ ұрып талпынар құштарлық сезімге кенеттен шідер салған тежеу сырын ажырата, айыра алмайды. Жеңіл тұманды желпіп тіріліп, көмескі белгі беретін майда толқын - тілек болса, ол да алыстап, сырт беріп жоғалғандай. Бұл сәтте мына әзіл-күлкі, даңғаза-шуы, ән-күйі көп тамашалы талтүс ұлан көңілінде елсіз меңіреу, кешкі бейуақ, сұрғылт күзге бейім.

Зеңгір көкке тік шаншылып әсем ырғақты ән өрледі. Алыстан толқып жетіп, сол алыстан және үрке, дірілдей қалады. Күміс бұлақтың ерке сылдырымен айтысқандай сыңғырлай үздігіп тұрады да, кілт күрсініс толы майда назымен баяу қалықтайды.

Қалаубек сабырсыз дірілмен өңі қашып, сырлы саздың әр өрнегінен қамшы өргендей саусақтарын сипалай түсіп ентелей аттады. Ақ сәулеленіп аспанға самғаған

әуеннің мұңлы нақысы көптен бері өзі іздеген, өзі қалаған көңіл күйімен үндес екен, еркін байлап, ертіп алды.

Ән шыққан үй - манағы сегіз қанат алтын үзік - қалыңдық отауы еді. Есіктен төрге дейін қалы кілем, терме алаша, шетін қызыл жиекпен оюлап сырыған қарала сырмақ, тақыр кілем, қызыл ала текемет төсепті. Оң жақтағы ағаш төсектің алдына ақ жібектен шымылдық ұстапты. Төсектен жоғарылау күйеу, күйеу жолдастары және жағалай қыз, жігіт боп араласа орналасқан кілең жастар.

Қалаубек босаға жақтан үнсіз кеп отыра кетті де, жіңішке сызылып аяқталып қалған әннің айтушысына қадалды.

...Алыс кетіп аулын сағынады-ау,
Құрбылармен бір жүріп үйренген соң,
Құда келді ырғалып,
Дүние тұрмас-ай бір қалып,
Құрбысынан айрылған,
Көбелектей-ай біз ғаріп...

Домбыра бойлай жүгіріп он саусақ дірілдейді. Он көбелек қанатындай. Сол көбелек-саусақтарға тесілген көздерде тұнық көлдің тыншуындай құдірет бар. Мына сағынышқа ұйыған қыз даусы мен анау күңірене күмбірлеген домбыра үні сол құдірет тылсымымен бір сәт... ызың-шуы тына қалған меңіреуден шұрқырап жетіп мұңлық жанның қорғалақ шерімен бар кеудеге сорғалап құйылып-құйылып кеткендей. Егіле күрсініп: «Қайтейін-ай, құрбандығым - жастығым болды. Жас балаусам гүл жармай, нұр саумай көктей солды. Ең болмаса ақтық арманды бір ғана дем, бір ғана леппен айта алмай зарлаумен барам»,-дейтіндей. Сақина, жүзікті қыз саусағы көз біткенді сиқыршыдай арбап, басқа жаққа мойын бұрғызбайды. Буынсыз жүгіреді, буынсыз билейді. Сонау-сонау айрылысар күннің жақындап қалғанын сезіп, жан дұғасына балаған бар мінәжатын жеткізіп қалайын дегендей перне қуалай сырғанап, екі ішектен ықылық атқан көй-гөй шер саумалайды,

...Құрбысынан айрылған,
Көбелектей-ай біз ғаріп...

Күйік шаққан домбыра ма, қыз ба, он саусақ па? Ышқынған жан даусы жүректен төгіле ме, қу ағаштың



үңірейген қуысынан шыға ма?-Қалаубек оны айыра алмайды. Дәл бұл сәтте дүние-тірліктен сақ-сақ күлкі, әзіл-қалжың түгел жоғалып, қапалы көңілдің күрсінісімен бебеулеген домбырадағы арманды нақыспен көміліп кетіпті.

Қайта лықсып, қайтадан шырылдап созылып барып, ән үзілді. Дірілдеп, баяулап қалып домбыра тыншыды.

Қалаубек шанақта қимылсыз жатқан нәзік саусақтарға тесіле қарайды. «Құлыншақтай ойнақтап өскен тел орта, кең орта, қызығың бітпес, құмарың тарқамас көл-дария думан көрінуші едің! Күн көзінде ақ маралдай еркелеп бұлаңдаушы едім, емін-еркін күлуші едім. Жалған бір ғана сәт екен-ау! Түс көрдім бе білмеймін, өте шықтың! Бас ұсындым, ноқта түсті, қайтейін-ай!»-дейтіндей сұлық. Қыбырламайды, қимылдамайды. Әлгінде ғана алтын сақина, күміс жүзіктері жарқырап көз тартып, нәзік қимылмен сыр шертіп еді, саусақтар да өледі екен...

Тына қалған үй ішінде сәлден соң майда самал ескендей жеңіл желпініс басталды да, іле сол желеуді іліп әкетіп, тұс-тұстан дауыс жауып кетті.

- Шіркін, Балжанның даусы-ай!
- Айтса, Балжан ғана айтсын да!
- Бір қыздырып, бір мұздатты-ау!

Қалаубек сүйсіне түсіп, үнсіз құптайды. Әлдебір жарасымды ілтифатты таныған сезімтал көңілмен тілеулес боп отыр.

Үріккен тайлақтай танауы делдиген, жағы кусырылған Жақып ортаға шықты. Шиыршықтап білеулеп алған орамалын иығына асып тастапты, тышқан көздерін жағалай қыдыртып, тіміскілеп біраз тұрды да, жіңішке шәңкілдек дауысты шырылдата созды:

- «Ләппай тұтпай» ойнаймыз.
- Жақып, бастай бер.
- Ендеше, Ыдырыс, сен бері қара.
- Көре алмай тұрсың ғой, қу жақ!
- Қыз ортасына түспеп пе ем, қызыл жалын құшпап па ем?
- Бастасаңшы енді.
- Шегім бар!-дедіЖақып.
- Шекісе бер!-деп Ыдырыс жамбастады,
- Жұбым - жұмыртқа.
- Жегенім қабыртқа.

- Үйдін, көркі не?
- Үкілі сұлу қызбала.
- Күйдің көркі не?
- Күлімдеген бозбала.
- Байдың көркі не?
- Мыңғыра біткен малы.
- Сайдың көркі не?
- Жағалай біткен талы.
- Сен дулығалы батырмысың?
- Сен жұрт ұйытқан ақынбысың?
- Сен тоғайдың бұлбұлымысың?
- Сен жүйріктің дүлдүлімісің?
- Рақмет, таңдаған қызыңды сүйе бер!

Ыдырыс оң жағындағы қызға апыр-топыр жармасты. Сүйді ме, сүймеді ме, әйтеуір «шөп» еткен дыбыс анық естілді.

Жақып тағы дігерлеп тұр:

- Тұтпайыңыздан?

Ыдырыс қағып алды.

- Ләппай тұтпай!
- Тұтпайыңыздан?
- Домбырашы сұлу Тұтпай!

Балжан мына шеттен тез жауап қатты.

- Ләппай тұтпай!
- Тұтпайыңыз кім?
- Босағада отырған кешігіп келген жас тұтпай.

Қалаубек ұшып тұрды. Балжанға риза.

- Ләппай тұтпай!
- Шегім бар,- деді Жақып баланы сынамаққа.
- Шекісе бер,- деді Қалаубек те.
- Асыл көркі не?
- Шықпаған көз жасы.
- Масыл көркі не?
- Намысын жіберген ер басы.
- Жүйрік көркі не?
- Шанақтағы он саусақ.
- Бұйрық көркі не?
- Шанақтағы он саусақ.
- Дұрыс емес, жаңылдың. Айыбыңды төле!

Жұрт тағы да шуылдасып, айнала дүрлігіп жамырап қоя берді.

- Ұландікі дұрыс!
- Дұрыс емес!



- Екі рет қайталады, демек, шатасты.
- Мүмкін, әдейі айтқан шығар.

Домбырасын күңгірлетіп ойнақы күйді майда қоңырлатып төгіп-төгіп жіберді де, Балжан ашық күлкімен сыңғыр етіп күліп алды. Содан кейін ойын бастаушы Жақыпқа кең қара көзін төңкере қадап, наз тастады.

- Уай, дат десем тыңдармысың, хан ие?
- Айт! Құлағымыз сізде, ханша.
- Ойынның шарты - сұраққа жауап қайыру ғой. Бөгелмеу, кібіртіктемеу ғой. Бұл жігіт (ұлан деген жоқ, жігіт деді) ол шартты бұзған жоқ. Ал, жауабына көңілің толмаса, себебін сұра - айып салуға асықпа.

Қалаубек қызға тағы риза көңілмен жалт етіп, айрықша алғысын білдіріп қолын кеудесіне төседі де, басын изеді. Бұрылып Жақыпқа қарады.

- Жүйрік көркі не дедіңіз. Шанақтағы он саусақ дедім мен. Күйден құдірет не табар едіңіз? Күйден ұшқыр не табар едіңіз? Қиял жүйрік дейміз. Сол қиялды ноқталап, сезімтал көңілдің алпыс екі тамырын бірдей идіріп, исіндіріп шұлғытатын күй жүйрік екеніне дауыңыз жоқ шығар. Бұйрық көркі не дедіңіз. Шанақтағы он саусақ дедім мен. Күйден мықты тәңірді, күйден артық құдіретті таба аларсыз ба? Көздегі жасты, көңілдегі шерді қай хан, қай тірлік иесі тыйып еді? Кеудедегі мұңды, кеуілдегі зарды қай бұйрық, қай әділ үкім азайтып еді? Жылаған жанды уатқан күй емес пе. Сүйген көңілді құштарына жетелеген тағы да сол күй еді ғой. Жігіт қадірі - шоқпары мен сойылын сүйреткізіп келмей, шартарапқа шұрқыратып шығарған күй, ән, өлең құдіретімен асқақтамай ма. Ендеше, он саусақ саумалаған күйден асқан құдірет жоқ. Күй кесімінен, күй әмір-билігінен зор бұйрық та жоқ. Менің жауабым осы,- деді Қалаубек.

Жақыптың төбесінің тесігі бар екен, жөнге қисайды.

- Жарадың жігітім! Тауып айттың. Рақмет! Енді сен бар ғой, менің рұқсатыммен мына кілең хор қызындай албыраған қара көздердің ішінен қалағаныңды таңдап сүй! Ұялма!-деп саудаға салғандай мөлдіреп-мөлдіреп отырған қыз-келіншектерді жағалай көрсетіп, қолымен нұсқап-нұсқап қойды.

Қалаубек өзіне қадалған көп жанардың қызуын бүкіл тұла бойымен сезінді. Жүрегі дүрсілдеді. Маңдайдан сұп-суық тер бұрқ ете қалды. Бәрінен бұрын ұланды

ойынның осы бір шарты қинады. «Сүйсе нетеді?»-деген әлдебір құмарлық нышан лап етіп кеуденің алыс түкпірінен белгі бергендей тез лықсып, іле өте шықты. Енді сол ниетінен жерінгендей тыжырынып тұрды да, Балжанға қиыстады. Тары да өтінгендей қошуақшыл көңілмен бас иіп, жүзіне ыстық қанын ойнатып шығарды.

- Қалауды өз еркіме беріп отыр ғой. Мен таңдасам - көпке ортақ бір тамашаны таңдамақпын. Балжан бір ән салып, берсе, басқа қызықты іздемеймін,- деп тілек етті.

Жұрт тегіс жапырылып Балжан сұлуға бұрылды.

Балжан көп бәлсінбей үкілі тақиясының меруертін жарқыратып, басын сәл иіп құптау білдірді де, бес білезігінің күміс жүзіктерін бір-бірлеп түзеп қойып, бетіне сүйек ұстатқан жеңіл домбырасын шертіп-шертіп қалды. Содан кейін Қалаубекке қарады.

- Қандай өлең айтайын?

- Өзіңіз біліңіз.

Балжан сәл кідіріп, домбырасын оқтын-оқтын теткітіп отырып, жүзі толқып ойланыңқырай бөгелді, «Саған арнайын, отың бар тілеуқор болармысың»,- дегендей сұраушысынан көз айырмай тұрды да, кенет он саусақты ойнатып жіберді. Аққу суылындай майда әуен бипаздап желпіп, сыңғырлап төгілді. Сәлден кейін жорғасынан жаңылғандай жүрдек саз әлгі ойнақы нақышын өзгертіп, мұңлы сарынға ұласты. Үстіңгі ішектегі бармақ астынан: «Әттең-ай, әттең дүние!»-деген уілді шер ағылды, күрсініс толы сағыныш ақтарылды,

Базаршылар базарға қой айдайды,
Жауын жауса далаға қона алмайды.
Болашақтың белгісі жоқ қой, құрбым,
Аз күн қызық мәңгілік бола алмайды...

Балжанның ән шырқасы бөлек. Дауылдатып, ышқынып көтермейді екен.

Қалаубек Балжанға төнеді, он саусақты көзімен аймалайды.

«Аяулы, Балжан-ай! Жылаған ән де емес, әуен де емес, сен екенсің ғой! Дәл осы күйіңді ұғар жан табылар ма? Дел-салыңнан жетелеп әкетер, сергітіп әкетер біреу... арманыңды ұғар, өксігіңді түсінер біреу шығар ма?»



Қалаубек өз ойының жетелеуімен Телтайға қиыстайды.

Телтай аққұба жүзі нұрланып, тілеулес ажармен елжіреп отыр еді, інісіне қатты ұнады. «Е, бәсе, табылады екен! Бар екен!"деген бір үмітті жарқ еткізіп көңіл күмбезіне шырақ қып тұтатты. Бұл шақ өзінің де іш құсасы азайып, терісі жазылып сала берді.

Ән бітті. Осы ән түрткі болды ма, шымылдық ішінен топтала қосылып, Үржан бастаған қыздар «Аужар» айтты:

Қарағай ерге қас болмас,
Қыз бала елге бас болмас.
Өз үйімнен кеткен соң,
Бал жесем де ас болмас-ай!-

деп шерменде жанның көкірегі қас айрылар күй-халі аңырады. Зорлық үкім - ата жолы, бата жолы деген тас шатқалын көлденең тосса, сол қатыгез дәстүрдің жазықсыз құрбаны - бейкүнә қыз панасыз еліктей неге жаутаңдамасын. Қыл бұғаудай ноқталап, еркінен айырар қапас торға түсерде неге аңырамасын. Оң босағада отырып бірер сәт мұң шағар «Аужар» тұсында ағайынтуған, ел-жұртына өксікке толы шағым-тілегін неге білдірмесін. Енді қайтып дәл осылай бас қосатын жакын-жамағайын табылар ма? Соны сезе ме, үн қосқан құрбыларынан гөрі өксігі басым Үржан даусы шырқай шығып, егіле созылады:

Әуеде торғай ұшып жүр,
Балапаны еріп жүр.
Көз көрген едің, жеңеше-ау,
Сағындырмай келіп жүр-ай!-

деп- аяқ жағын булыға шыққан сыңсуымен көміп жіберді.

Үй ішін түгел көңілсіздік басты. Келіншектер жаулықтарының ұшымен көзін сүртісіп, мұрнын басысып, күбірлесіп кетті.

- Қайтсін-ай! «Қыз - қонақ деген» осы да!
- Қимайды ғой ұясын!
- Бағы ашылсын, басқа не тілейміз.
- Қайран, Үржан-ай!

Дәл осы тұста күн ұзын үнсіз отырған күйеу ширықты. Қуандықтың жуан орта, белді руынан шыққан шонжар, әсіресе, бел қылатыны Ақмола уезінде жоғары қызметте отырған інісі бар Ақтайлақ аяқ астынан қабақ шытып, жолдасын бүйірден нұқып қалды.

Күйеу жолдас Ақтайлаққа адырая қарады да, ананың түтігіп, зәр шашып тұрған жүзінен шайлығып, көз тасалай беріп, арт жағында керегеге сүйеулі тұрған домбырасына жармасты. Иесін емеуріннен түсінетін тентектеу жігіт бір соғарым дөп келді дегендей аспапты алдына өңгере ұстап, соғып-соғып қалып, бабы жоқ тоқ аттың тапырақ желісіндей дабылдатып кетті де, даусын ұзақ созып, ән мақамын іздестірді. Қапелімде ырғақ пен нақыс үйлеспей, домбыра мен дауыс бірін-бірі жатсынып маңайласпай қойды. Соны көргенде Қалаубек іштей ғана мырс етті. Тағы бір келіншектің ерін шығарған анық ажуасы білінді. Соған запыланды ма, жігіт күйіне келді. Әні де түзелді:

Илаһи, а дегенде ән бере гөр,
Жігітке еркін дәулет, мал бере гөр.
Қызынған ду-думанның ортасында
Домбырам, бұрынғыдан жөнделе гөр.

Дауыс кең, әнші керден. Өзіне сенген жанның өзгеге пысқыра қоймайтын әдетімен шалдуар домбыраны күмбірлете бүлінтіп, түйдектетә асты-үстіне сапыра қағады. Асау құйында талғам бола ма. Домалатып қуып, үйіріп соғып, жолында іліккенді тұншықтыра қақпақылдайтын долы толқын ақтарылып тұрды да даңғыр-дүңгір ырғақ бір сәт баяулай қалып, ілесе жететін әнші сөзіне жол берді.

Аужармен қыз қоштасып жылайтұғын,
- Тия алмай көздің жасып бұлайтұғын.
Қалыңды қырқа матап берген ерін
Торсаңдап жұрт алдына сынайтұғын.

Келмейді қара бөркім қайыруға,
Жау дұшпан не демейді айыруға
Қыз - елік, күйеу - серік қол ұстасып,
Бір шыққан өмір-тілек жайылымға.



Бұлбұлдар сайрайтұғын бақшадағы
Қызыл тіл осындайда қақсадағы.
Қалыңдықтың бағасы - қырық қысырақ.
Өз еркі қалай айдап бақса малын,-

- деп қыңырайған әнші сес білдіре өлеңін бітірді. «Айтқан мен, айтқызған - күйеу»,- дегендей қара күрең бұжыр бетінің қанын ішіне тартып сұрланып алған Ақтайлаққа бұрылып қарап қойды.

Жиында үн жоқ. Дүлей тағылық есер долылыққа құрық созса, бітеу кеуденің тас қорғанын ашар құдірет қайда? Не десін, хұр Үржан, сұлу Үржанды іштей аяп, іштей күрсінеді.

Қалаубектің көз алдына қыз әкесі - Бақсыбай оралды. Томырық, жуан кеуде бай қырық қысыраққа сатқан қызының көз жасын саптыаяққа құйып алып, сіміре жұтатын тәрізді. «Тәйір-ай, қыз жасы - су емес пе жалдап кешіп кететін. Жар құшып, бала сүйсе, бір жылаудан қалмайтын көз жасында не тұр»-дейтіндей кеңкілдей күліп, тіпті, құбыжық танылады. «Арамнан без, адалдан танба» дейтін өз әкесі - Жұматай ақсақалдың бейнесі және қылаң берді. Әуейілікті - әуре, жуандықты - зұлымдық, барлықты - зорлық санаушы еді. Қазір де сол момын жанның өмір-тәлім өнегесі Қалаубек кеудесіндегі жиреніштi сезімге араласып қысас көргендей тіксіндірді. Осынау жұмбақ күйіне жауап таба алмай, «Қырық қысырақ» қыздың қорғансыз тірлігі - дүниедегі ең бір әділетсіз зәбір-жападай көрініп, булығып отырған ұланға әлсіз ықылық атқызды.

Ақтайлақ нағыз ақ тайлақ болыпты. Тапырақтап ауыл үстін айнала шаңдатып, әркімді бір қуып, шәтшәлекей ететін шалдуар тайлақ болатын. Дәл сол. «Ықтырдым ба, бәлем, бір састырдым ба»,- дегендей шірене түсіп, еріндегі насыбайды шырт-шырт түкіреді. «Маған тең болмасаң да, малымның бәсісің, ноқталап алған соң, бұдан бұлайғы қиқаңыңды көтермеймін»,- деген ажуалы кекесінмен шаншылып отырып Үржан сұлуға салқын ажар білдірді.

...Домбыра оқыс безек қақты. Арбаған жыланның аузына қанаты талып құлдилап құларда жан даусы шыға шырылдайтын бозторғайдың бәйек үні қандай аянышты естілуші еді. Домбыра бебеуі соны қайталайды. Алқымға қорғасын жас тығады.

Қалаубек Телтайды көзімен қайрайды. Шаңырақтан сәуле сорғалаған алтын үзік әлгіндегі мұң торлаған күңгірт бейуағын сілкіп тастардай осындағы отырған көптің жым-жырт кейпіне, томсырайған жүзіне шуақ жүгіртті.

Телтай - дәулескер домбырашы. Көңіл күйін күміс ырғақпен көмкергенде арқаланып кететін - шешіліпті. Шебер саусақтардың серпінді қимылы ыза боп, кек боп, налыс-наза боп ызбарлы үн теріп, көк жүзіне қарғыс атады. Сол қарғысты күндік пен қорлық ғұмырдың құрбанының аузына салып, ашынған жүрек ышқынуымен серт байлайды. «Тірлік - жаза болса, жазылмас дерт дауасы - сары уайым емес! Шарасыз жігердің ай балтасы - ажалы болсын да!»

Қалаубек Телтайды, Телтай күйін солай ұғынды. Ұғынды да, ағаға деген бұрынғы бар өкпе, бар кінәдан тез тыйылып, тілектес, тамырлас үзеңгі серігіне айналды.

Балжан бар зейінімен балқып, ұйып отыр. Құшағына қысып алған домбырасына сүйеніп, қарақат көздерін кірпік қақпай кең ашып, домбырашы жігітке қадап қалыпты. Үргедек сезімге шым батып, тылсым саздан сыр ұға ма, бірде нұрланып, бірде сазарады. Жас жүрек - сезімтал; оның еркін - ақыл, сезімін - сана билемейді, Сергек ақылды қайта сезімтал жүрек еліткіш қой. Балжан бебеулеген жүрдек иірімнен әрі үндес, әрі мұңдас лебіз ести ме, толғана түсіп әлденеге іштей ұмсынады, іштей ғана қабылдайды. Дірілдеген тұла бойдың белгісіз қорқынышы бірте-бірте азайып, ғайыптан нұр аулаған ынтықшыл көңіл енді бұл тұста ақ жарқын құрбының дос пейілін асыға күтетін тәрізді. Өксікті күйдің ышқынысы арасынан тайталаса көтеріліп, қуаныш лебімен майда желпитін нәзік самалы ескенде ақшыл жүзі балбұл жанып, өртеніп кетердей дуылдайды. Соны көргенде қабақ астынан от шаша қадалған Телтай бір түйінді анық аңғартқандай домбырасын құтырта безілдетіп, қыз ерніне үйірілген құштар күлкіні қос ішектен саумалай созады. Күрең жүзін басқа жаққа аудармай, кірпік ұшынан атылған ынтық аңсаумен Балжан сұлуды бір-бір қияға... ыстығы-суығы аралас, жалыны-мұзы қабаттас өмір-ләззат жайлауына бастап барады...

Үржан екі иығы селкілдеп егіліп отыр. Қалаубек жүзін тайдырып әкетіп, Балжанға қайта бұрылды. Қыз



дел-сал. Бір жалын, бір ызғар шарпыған алай-түлей сезімі бар. Күйші көңілінен ынтызар, мейірбан дос ажарын таныгандай болса, домбырадағы күйінен сұрғылт күздің соңынан ілесе келер қатаң қыстың аязын сезердей және түршігеді. Күйші баураса, күй қорқытады. Күні ертең-ақ өз басына ноқта боп түсер бұлжытпас қасіретімен алдын орайтын сияқты.

- Тартсаң тарт!-деді айызы қанған біреу.
- Шебер-ақ екен!- деп қасындағы құптады.
- Қойқаптан қозғайды деп осындайды айтады-ау,- деп білгішсінген және бірі шақшасын суырды.

Телтай қошаметшіл дуылды тыңдаған жоқ. Жібек бешпентінің қалтасынан шәйі орамалын алып, терлеген маңдайын сүртті. Жалт бұрылып Ақтайлақ күйеуге қарады.. Ананың местей боп сұлап жатқан түрінен шіміркену нышанын көре алмады ма, таңдай қақты.

- Уай, күйеу! Елдің салты, халықтың дәстүрі болатын. Сызылып күйеу келетін, жол-жобамен монтанысып үнсіз отыратын. Адыраң мінез, шайпау сөз, тентек қылығы аулында қалатын,- деп кесек үнмен қатты түйіліп тұрып, саңқ етті,- Уай, күйеу! Ибаң қайда? Көсіліп жататын төрің бе еді. Аяғыңды жи! Айыбыңды төле! Тұр, қане!

Күйеу амалсыз бас көтерді. Сызданып қабақ түйді, қарнын сипады. Күңк етті.

- Бала-шағаға дейін басынып...

Телтай өрт сөндіргендей құбылып кетті.

- Бала-шаға басынды деймісің? Сен әлі басынғанды көрмепсің онда! Нағыз көресіңді енді көрсетейін!- деп домбырасын қағып-қағып жіберіп, ұзақ деммен толқындатып «А-а-ау» деген дауыс ашарын созып тұрып алды да, түйдек-түйдек өлең шумағын төгіп-төгіп тастады:

Бұл дүниеде бар ма екен қыздан байғұс?
Ала-бөтен өзгеден тиген қарғыс!
Айдын көлде таранған аққу құсты,
Иектемек болыпты қарға, байғыз!

Ән келмейді көмейден мұңға баттым,
Сұлуыңды сұм тағдыр малға саттық
Көлдің көркі аққу құс- ақ мамығым,
Тырнағында кетер ме жапалақтың!

- Тоқтат! Тантыма!
- Тағы айтайын, саспай тыңда!

Тыңдамаймын былшылыңды! Бақсыбай қайда? Шақыртыңдар! Көрсін мына сұмдығын! Тыйсын мына тәйтігін! Аямаймын! Аянбаймын! Төктім барды! Салдым анау жүз саяқты! Болмаймын,- деп бұрқан-талқан ашуланған Ақтайлақ нөкерін түгел ертіп апыр-топыр сыртқа ұмтылды. Сол бойда Бақсыбайды ортаға алып күйеу жақ оңаша ұзақ сөйлесті. Оңаша кеңестің ортаға түсуі қиын, сөз байласқан аз топтың қандай түйін байлағанын тойшы ауылдан ешкім білген жоқ.

2

Тықыр жүнді қарагер дөненін сумаңдатып, көгебай бешпенттің бір жеңін иығына сұққан Қараменде бәйгеге қосар жүйріктерді бастап оқшау бөлініп барады. Бір кез тақымындағы ұшына шүберек байлаған құрыққарақшыны төбешікке тікті де, қолымен: «Тоқтаңдар!»-дегендей белгі берді.

Қарасы жиырмадан асатын жал-құйрығын күзеген аттарын ойқастатып бәйгеге шабатын балалар дуылдаса жөнелді.

- Шырақбек, басыңа орамал тарт!
- Белін буып бер!
- Омырауын шанды!

Қалаубек атқа шаппайды. Бұған дейін бәйгеден қалып көрген жоқ еді. Әлденеге қапаланып, көзіне ұрланып үйірілген жасты сипап сүртіп тастады. Жайшылықта дегбірін алып, қолды-аяққа тұрғызбай еліктіріп кететін ат үстінің желігі бүгін жоқ. «Ұмыттым ба, шыныммен ұмытқаным ба? Кеше ғана сағым қуып, желмен жарыспаушы ма едім. Бүгін елітпеуім калай? Балалығым қайда? Аңдаусыз, жылт етіп өткені ме?»-дейтіндей ойлы пішінмен салғырт келеді.

Керілдесіп тұрған екеудің қасына таянды.

Қап, тәңір-ай, аттың бағын байлаған екенсің!

- Тантыма, аулақ жүр! Бапкерлігің өзіңе.
- Дүниедегі қарғыстың не екенін білесің бе? Білмесең, ұғып ал. Ол- «Өзің білме, білгеннің тілін алма», Құдай деп айтсам, сен көкемылжың, осы қарғыстың атқаны-ақ боларсың. Қайран дүлдүлді қор қылыпсың. Бәйгеге қоспай-ақ қой. Обал-дағы,- деп орта жастан



асқан шоқша сақалды қара торы кісі қынжыла сөйлеп көк жібек кежім жапқан қарагерді айналсоқтап жүр. Бірер рет кежімді ашып көрмек болып еді, ат иесі бажылдап маңайына жолатпады.

- Аулақ! Аулақ әрі! Ұстама кежімді. Көзің ауыр. Сенің бе, сенің... Ауылда қайда қалғансың. Сонда неге айтпағансың? Енді кеп, білгішсініп... Уай, саудаға салған сөзіңді қайтейін. Жолама!-деп күйіп-пісіп бұрқ-бұрқ сөйлейді. Ашуы да бар, кейісі де бар, өкініші де бар. Жапақтаған жанардың әлі де болса үміт күткен, көмек сұраған сыңайымен шоқша сақалды ауылдасына және өкпелей қарайды,-Ақылын сата ма екен осы жұрт. Білсе, неге айтпаған? Неге көрсетпеген? Енді кеп... табалайды екен-ау!
- Әй, Нарқоспақ, аузымды қышытпа. Көрсеттің бе ауылда. Жөн білер, ақыл-кеңес қосар атпаздарды маңайлаттың ба? Тығып ұстап, ұрлап жүгіртіп діңкемізді құрттың ғой,- деп қара торы кісі бас шайқап күйініп тұрды да, ақырып жіберді.- Ашшы кежімін! Бол енді!

Ат иесі жабуды алды.

- Жетектеші.

Нарқоспақ жүйрігін атпаздың алдынан ерсілі-қарсылы өткізді.

- Тоқта!

Қара торы кісі қарагердің қасына барды. Айналып қарап жүр. Қалаубекке аттан гөрі мына бапкердің мінезі қызық көрінді. Көз алмайды. Анау болса, әлі қарап жүр. Бір кез аттың омырау тұсына тілін тигізді. Тамсанды. Басын шайқады.

- Айтпадым ба! Обалына қалдың.

Нарқоспақ кібіртіктеп таянды.

- Ешеке-ау, айтсаңшы енді?
- Қап, бір алар тері қалыпты. Онысын алғанында топтан қара үзіп келетін еді. Енді бас бәйгеден күдеріңді үзе бер, Нарқоспақ.
- Апырау, Ешеке, түк амалы жоқ па? Не істейін?
- Енді түк жасай алмайсың. Бір апта бұрын көрсеткеніңде көмектесуге болатын еді, ендігі кеңестің пайдасы жоқ,- деп қара торы кісі қолын сермеп, басқа жүйріктерге қарай жөнеле берді.

Аздан соң бәйгеге қосатын аттарды айдап, екі-үш жігіт көмбеге бастап кетті.

- Балуан! Күрес!

- Қане, ұйлықпай кеңінен майдан ашыңдар!

- Қаракесек, Қуандық боп бөлін!

Қақ жарылған жұрт дөңгеленіп, ортасын аша бастады. Мауыты шапанын желбегей жамылып Бақсыбай келді. Қасында күйеу Ақтайлақ, құдалар тобы.

Жұматай аулының жатақтары алаңға Байтуды шығарыпты. Шыққанымен Байтуда қайбір жүрек бар, дегбірі қашып әркімге бір жаутаңдай қарайды.

- Уай, Қуандық, шығар балуаныңды!
- Мықтыңды әкел!
- Намысыңды жіберме!

Қызынып алған Телтай алаңды көктей өтіп, Баксыбайға ентелеп барады.

- Уай, Бақсеке! Қаракесек пен Қуандық ежелден тайталас түсіп келе жатқан екі ұлыс. Елден елдің артық-кемі жоқ. Біз бүгін кедей мен бай болып бөлініп, күш салыстырамыз. Қазы-қартаңды кертіп жеген бір мықтыңды шығар. Кедей атынан, әне Байту түсті. Оны азсынсаң, мен де дайынмын!

- Тоба, тоба. Не дел тұр? Қой, Телтай қарағым, шырыш бұзба. Жөн білетін жігіт едің ғой, қайдағы жоқты бастама,- деп Бақсыбай өтірік күлген болды.

Телтай қояр емес.

- Жо-жоқ, қашыртпаңыз, байеке. Тұп-тура Ақтайлақ күйеудің өзін шығарыңызшы. Екі бүктеп, алдыңызға тымақтай ұрайын!

Сол екі арада Байтуға қарсы балуан табылып, екеуі күресіп кетті. Қанша жүрексінгенімен күш атасын танысын ба, Байту Қуандық балуанын тік көтеріп алып, төстеп тастады. Бәйгеге Нұржан бара жармасты. Қызыл тайыншаның бас жібіне таласқан Дүтбай мен Карамен-де Нұржанды қамшымен тартып-тартып жіберді. Нұржанның аттандаған ащы даусы даланы жаңғыртты.

- Едіге! Аруақ! Қапта!

Жұрт дүркіресіп қалды. Ытқып жеткен Телтай Карамендені жағадан бүріп, үйіріп лақтырып жіберді.

- Бәйгеге таласатындай атаңның құны бар ма, итаршы неме! Кедей жығады, бай жармасады. Бұ не өзі?

Дүтбай қипақтап жүр.

- Қарағым Телтай, тайыншада жұмысымыз жоқ. Бас жібін алып қал деген Бақсекеңнің тапсыруымен.., Мынау Нұржан ит жіпті бермей...



- Мә, буынып өл!-деп Телтай жіпті кездігімен қиып-қиып лақтырып тастады.

## 3

Бақсыбай іркіт құйған местей, ауыр денесін толқыта ырғап ұзақ кекірді. Етегі түрулі киіз үйдің іргесінен андыздай ескен самалға омырауы ашық жүндес кеудесін тосты. Сонда да бабы табылар емес. Май басқан дөңгелек жүздің пора-пора кілкіген терін әлсін-әлсін торғын орамалымен сорғытып алып отыр еді. Шыдамы таусылды ма, бір кез қолтығының астында жатқан мамық жастықтарды жуан жұдырығымен түйіп-түйіп жіберді. «Жердің белі, таудың құзы едім! Белімнен басып, құзымнан асып кеткен құл-құтан төбемде ойнаса, ақ орданың аруағы, ақ батаның айдыны керауыздардық езуіндегі көбік қана екен-ау. Түкірікпен ұшты, қақырықпен кетті. Елімді иектегенде бел едім, тұзым барда құз едім,- бүгінде бәрі жалған. Желұшық тигендей қара үзді».

Бақсыбай оң бүйіріне аунап түсті. Ой қуайын демейді, сол құрғыр ой тыныш жатқан түнегін серпіп, бұны қуалайды. Тас лақтырып, тұнығын шайқайды. Тірілтіп, тітірентіп іштегі сұм-сұрқияны жыландай өрбітеді. Жыландары өрбіген соң, аянсын ба, өзін де, өзгені де шағады.

Үйге Балкүміс бәйбіше кірді. Ақ жаулығының үстінен кішігірім шаңырақтай қоқырайтып күндік салыпты, етті-жеңді толық әйелдің әлі де нұры тая қоймаған келбетті бәденін аша түседі екен. Бақсыбай оны да ойына талғажау етті.

«Шалқая біткен қасының қимылы да кербез! Қыз күнінде біраз торсаңдап, шәлкес мінез көрсетіп еді, енді, міне, тонның ішкі бауындай. Әлде Балкүмістің де жасырын бүкпесі бар ма екен? Оңаша түнде обалым саған деп талай жылаған шығар-ау. Қатынның қабағына да қарақтайтын болғаным ба?..»

Бақсыбай басын көтерді. Көзі қанталап, беті ісініп домбығып кетіпті, бәйбішесіне қорбаңдаған аюдай боп көрінді.

- Қымыз құйшы!..

Балкүміс үйеңкі тегенені толтырып қымыз әкелді, Сыпайы, сызыла қозғалып, сәнмен бір жамбастай отыр-

ды. Аққудың мойнындай иілген арқар мүйіз ожаумен құлаштай сапырды. Қымыздың бал иісі мұрын қытықтады, тәбет ашты.

Бақсыбай қою сары қымыздың жеделдете екі тостағанын тастап-тастап алды да, жастыққа қайта қисайды.

Отағасы жақ жазбаған соң Балкүміс отырып-отырып, тегенені ши ішіне апарып қойып, сыртқа шығып кетті.

Бақсыбайдың ойы көп, уайымы көп. Қазіргі шылбыры шұбатылғандай босаң халінің алдамшы екенін ұғады. «Совет өкіметі алғаш орнаған кезінде байлар мен жуандарға қатаң тиіп еді! Көсеумен ұрылғандай болмадық па? Аузы-басымыздан қан сорғалап, шықпа жаным шықпамен бас сауғалаған сол күндерде жаңа үнем саясаты жүріп қана көзіміз ашылды ғой». Бақсыбай ащы кекесінмен іштей мырс етті. Наурыз күніндей мәре-сәре мына күн шуағы тез өтетін өліара екенін жақсы біледі. «Көтерме салық, ылау міну, көлік алу қалыпты. Соны көрген көп тентек бұрынғы дәуренім оралды деп қайта шалқымақ болады. Ықтияр хақта еді, енді халыққа тигенін неге ұмытады екен? Үстінен жасын түскендей жайрайтынын сезбей ме? Ашық жаулықтан мысық тірлік артық-ау...»

Бақсыбайдың қазіргі саясаттан да хабары бар. Қызылордада шығатын газет-журналдарды оқып отырады. Қазақстанның тұтас бір өлке боп құрылғанын, екінші сатыда губерниялар қалып, олардың орнына алап (округ) болмағын, одан төменгі сатыда уездің орнына аудан құрылып, ауданның қарамағына бірнеше болыс соңғы саты ретінде енетінін бұл біледі. Олай болса, ауданның да, болыстың да аузын алуы керек. Және бір ғана ауданның емес, қатар отырған Ақмола, Қарқаралы уездерінің қомақты мықтыларына арқа сүйеуі қажет..

Талма түс енді-енді ауып барады. Тыстағы ыстық ауаның қапырығы мына орданың ішіне де енген, манағыдай самал еспейді.

Бақсыбайдың қазіргі жап-дүниесі де жұмбақ. Жымжырт қалғанымен ілесе жасар әрекеті өзіне ғана мәлім. Орайын алып, ыңғайын келтіріп барып кірісер тәсілі ана сүтімен сүйегіне сіңген. Тауқымет түсер істі басқаға қарай ысырып жіберудің шебері. Шапшаңдық пен майысқақтыққа тағы жеткізбейді. Әріден қаузап келіп, бергі жағын бір-ақ опыратын есепқой машығы бұл күндері тіпті ғаламат. Соған сенсе де, күдігі мен секемі қабаттаса өсіп, зілі көп уайымшыл ойды көлденендете береді.



Бұл күй танымай жүрген жоқ. Сол күй күн құрғатпай жетіп, басқа ұрғандай тоқпақтап отырса, танымасына қоя ма. Аялаған қос қызы - Үржан, Балжан еді. Солардың көкірегін қақ жарған өксігін де бір адамдай сезеді. Бірақ, амалсыздан екі асылын, екі аққуын өз қолымен тұзаққа өзі байлап беріп отыр. Онысы - алқымын қысқан бұғауын сәл сусытпақ болған әлсіз дәрмені ғана. «Қыз - қонақ» дегенді бір кездері жақтырмайтын. «Осы екі қалқамды сүйгеніне ұзатып, қызығын көрсем»,- деп тәтті арманға ұйып, шын тілек ететін.. Ұмытайын десе, оңай екен. Түсіне кіргенде шошып ойнып, қара терге шомылатыны болмаса, ол ойынан адакүде арылып бітті. Ұтымды ойлап, ұтырлы пайдаланса екі қалқаш, екі аяш -қорғаны мен қалқаны, қылышы мен семсері. Құтты орнына сәтімен қондыра білсе, ұзын арқан, кең тұсау жасайды да, қыса бастаған тағдырдың көк шолағын көз алдында арттеп ұстайды. Сөйтіп, өзін алдаған бұлан құйрық жалғанды енді бұл алдамақшы болып, әмір-бұйрық байламды да жалғыз өзі жасаған.

Үржанның халал жұбы - Қуандық руының жуаны Ақтайлақты құданың шешімі, құдайдың жазғаны емес, Бақсыбайдың кесігі қаламап па еді. Айқыш-ұйқыш ілік-шалыс көздесе, індеткіш қазақ тамыр-танысты қайдан да болса табады. Бірақ Ақмолада ірі қызметте отырған інісі бар Ақтайлақтай мықтының жөні бөлек қой. Бақсыбайдың аяулы Үржанын алған соң, сол керден Ақтайлақ еріксіз бүлкектеп, бұның бар ауыртпалығын көтерер жүрдек ақ тайлағына айналмас па!

Бақсыбай іргеге қарай серпіле лықсыды. Әлденеге ашуланып, тісін сақыр-сұқыр қайрады. Алғырлық ауыздық тістей жүреді. Босатуы, еркіне қоя беруі сирек. Аңдысу одан да жаман. Мерт етуі оңай. Қайтерсің, аңдысу үшін алғырлық қажет.

Бақсыбай ауыр күрсінді. Басын көтеріп, жүкке жотасын сүйеп отырды. Төсек үстінен домбырасын алды. Қырып-жойып бара жатқан күйші болмаса да, көңілі бейжай тартып, жүрегі май ішкендей кілкіген шақтарда домбыраны майда бүлкілмен желдіретіні бар-ды. Перне жағалай саусақтарын қыдырта жүгіртіп алды да, сағалыққа тас кенедей қадалып асты, үсті қос ішекті кезек

басып, бірер сәт ащы әуез аңдыды. Қазіргі көңіл күйіне үндес бипыл әуен ауыр өксіктей дірілдей шығып, қапырық үйде алысқа ұзамай қара шыбынның шілдедегі ызыңды шуылындай дыңылдап барып үзілді. Қайтадан ашулы жаралы аңдай сес беріп тұрды да, ширыққан екі ішек шарасыз «пай-пайға» ұласты. Ішкі мұңнан діріл тиген он саусақ, майда қозғала ма, перне үстінде тиертимес күйбеңдейді. Әлсіз «пай-пай!» ықылық атқан көмейден булыққақ өксік төгеді. Көп ұзамай саусақтар жаңылыса берді. Өксік өтірік күлкіге айналғандай қожырап кетті. Бақсыбай домбыраның құлағын бұрады.

Енді Тәттімбеттің «Саржайлауы» оралды. Сағыныш лебізі сағымдай толқып, алыстан сырғанап, таяныып, сыбырлап жетті. Әркімнің өз саржайлау мұңы, өз саржайлау естелігі бар. Кей-кейде күйіс қайырған көңілдің ескі әсерді өз жанында тағы бір жаңғыртары хақ.

Бақсыбай жас болған, мас болған. Ата буын айдын тұтқан жастықта жер жайлауды ғана емес, төс жайлауды, талай қос төмпешікті қызу жалынды, отты лепті «Саржайлауларды» кеудеге басқан. Соның бірі- Дәрия.

Күй «Саржайлау»-қызулы күндердің куәсі ғана. Мамырда дала құлпырса, қадірі қымбат алаулы түн талай жайлаудың төрінде қалған. Сауық пен сайранның еншісі - күй «Саржайлау» болса, қызық пен қызойнақтың базары жастықтың алыстап кеткен бұлдыр сағымымен бірге өшкен. Күй «Саржайлау»- өрекпіген көңілдің қимас сағыныш лебі болса, ерке күлкінің сылдыраған ырғағы, толқыған әннің күміс сыңғыры қайта оралмас, қайта кезікпес саржайлау жұрттың жер ошағына көмілген. Ендігі күлкіні өксік алған. Ол - кешегі Үржанның көз жасынан естілген толқынды шер. Ол - ертеңгі Балжанның жасқа булығуы...

Домбыра ышқына беріп, шорт тынды. Шегі үзіліп кетті... «Саржайлау» күй, саржайлау елестер жоғалды. Жалпақ бетті жас жуды... Бір сәтке болса да айыға алмас, серпіле алмас іш құста тірлік жерінтті ме, қалың қабаққа кейіс пен қияс ұялады.

Бақсыбай ауыр күрсінді. Күбі кеуденің толқынды демі шарасыз күйде ықылық атқызды. Бақсыбай байды ширықтырып, қатты бұрап кеткен Ақтайлақ күйеу мен адуын құдалар тобы. «Бала-шағаңды шәуілдетіп өргізіп, балтырымды қанатқыздың. Тентегіңнің құны -



көп болса, бір айғыр үйірі. Соны ал да, Телтайды садақалап шығарып бер! Содан арғысын өзіміз көтеріп аламыз!»-деген. Қоныс пен өріс дауы емес. Ердің, елдің басына төнген қатер. Қипақтаған байды астамдық тілек тіземен басып, тұқыртып көндірген.

Өзінің көңілі де Телтайға келгенде солқылдақ болатын. Шебер ұрлық қанша айламды асырдым дегенмен ел арасының алып-қашпа дақпыртынан аса алмайды, Телтай мен Балжан арасының күн сайын жақындап, құштарлық іңкәрдің бір тыныс, бір деммен араласып бара жатқанынан бұ да хабардар. Екі жастың бір-біріне тең құрбы екенін сезсе де, өр кеуденің тоңы жібімеген. Қырам шақырар қызылына күйкентай қондырам ба деп тіксінген Бақсыбай құдалар тілегін іштей құп көрді, Ақтайлаққа ажырая қарап, бас шайқай түсіп біраз қиналған түр танытқанмен осындай орайы келіп тұрғанда тезірек Балжан басын ашып алу керек дегенге бекінді. Сөйтіп, бір емес қос пайдасын кездеген шебер айла ер Телтайдың басын қатерге аяусыз тігіп берген еді.

Табалдырықтан Қараменде аттады. Ә дегенде апырақтап кіріп еді, кішкене көздері байдың жарқ еткен зілді қарасынан тайсақтап, от басын тіміскілеп қалды.

- Қашан оралдың? Түгел әкелдіңдер ме?

- Есебі... түгел. Бірақ әлгі қосымша айғыр үйірі қолға тимеді. Ақтайлақ күйеу сырғақсып сөзін ұстатпады.

- Қалайша?

- Ашамайлы сиыр мінген сіңір кедей деп мені кекетіп, жөн сөйлемей әбден ығыр қылды. «Баймен... сізбен уәдем бар. Уағда орындалса, қасқа айғырдың үйірін айдатып берем»,- деп ме, бұлталақтап басқа ыңғайға келмеді,- деп Қараменде қыжылмен өртеніп тұр.

- Жарайды, бара бер,- деп Бақсыбай қолын сілтеді, Қараменде есікке жете беріп, кілт тоқтады. Ызалы, долы ашу әріден дірілдеп өсіп, көмейіне кептеліп тығылыпты, Бақсыбайға қайта бұрылғанда аузынан ысыл ғана шықты.

- Тағы да нең бар еді? Жарылып кеткелі тұрсың ғой өзің. Қайбір жөні түзу хабар ол? Қай пәлеңді көлденең тартпақсың? Айт енді, төк уыңды!- деп жалпақ бет заматта зәр жинап қанын ішіне тартты.

Қараменде байдың сұрланған өңінен аяусыз кесімге

беттерде ғана көретін зымыстан ниетті тез таныды да, ызамен келген жайсыз хабарын тау төңкергендей сылқ еткізіп тастап жіберді. Зіл-қаратас салмақ кесек үнді қоюлата шығарды.

- Айтсам, қорлық көріп келдім! Тапа тал түсте Балжан отауында Телтай сұм отыр. Мынау елді, мынау ауылды басынып отыр... «Күнім, айым!» деген бір өлең тауыпты. Өнер тауыпты. Құтырғаны ғой!.. Кеше ғана жел жағымыздан жүре алмаушы еді, енді кеп оң жақтағы қыздың отауын баса-көктеп, желігіп алыпты. Уа, «Иә!»-деңізші. Осы тап қазір қан жайлауды қан қылып ат құйрығына байлап дырылдатайын!

- Оттама! Жөніңді біл! Не тантып тұрсың? Намысшылын бұ неменің! Бақсыбай басыммен қызының әр қадамын аңдыған желөкпе кемпір болғаным ба? Доғар сөзіңді! Дымыңды шығарма! Осыдан бүлк еттің бе, қан жайлауға сені сүйреткізем. Бар, құры көзіме көрінбей! Екінші осындай әулекіленгеніңді естісем, інім демеймін, екі бүктеп іңге тығам да, бетіңді қу қамыспен жасыра салам!- деп ширыққан Бақсыбай Қараменде кетісімен бір жігітін жұмсап, Телтайды шақыртып алды.

Телтай байдың неге шақырғанын анық сезбесе де, іштей жорамалдады. Әйтеуір, бүкпе сыр түбі бір ашылар, аяқ жимаймын деп именбей сәлем беріп, төрге шықты. Ши ішінен жігітіне қымыз алдырды да, Бақсыбай үлкен үйде Телтаймен оңаша қалды.

Сырлы тостағанға толтырып қымыз құйып, өз қолымен ұсынып отырып ,жас, жігітке сынай қарады.

«Алмас жүзіндей лыпып тұр! Әттең, құраққа бітпей шөлге шыққан кемсін ғой. Әйтпесе, төрт құбыласы түгел жігіттің сырттаны-ақ!»

- Қарағым, Телтай, өзіңмен оңаша сөйлесем бе деп едім, бірақ соның ретін таба алмай отырмын.

- Оның несі бар, Бәке. Айта береңіз.

- Әй, қайдам. Сен - жалын, мен - мұз болып шарпыспай түсінісе қалсақ жақсы-ау. Күдігім сол ғой. Дегенмен іркілгенді де жақтыртпаушы едім. Сонымен айтайын ба?

- Бәке, тегін қиналмайтыныңызды білем. Мені іздесеңіз, себебі болар. Артын тостым,- деп Телтай тіке қарады.

- Сенің ел аузына ілініп жүрген атың менің де құлағыма жетіп жатады. Сондағы қаракетіңнің төркіні



не?- деп уытты көзден тайсақтап, Бақсыбай сырлы тостағанды басына төңкерді.

- Жұрт аузына қақпақ қою оңай ма, Бәке. Әйтпесе менің де қиратып бара жатқаным шамалы.

- Іш. Ыдысың тұрып қалды ғой, Телтай. Иә, сен солай дейсің. Жанына ақау түспеген жас дүниенің төрт бұрышындағының бәрін дос көреді. Елдің бәрін дос санайсың ғой?

- Дос көрсем де тілегімнен, қас тапсам да тілегімнен, Бәке. Екеуінің де бары жақсы.

- Иә! Екеуі де керек. Дос тауып түлесең, қаспен тайталасып өсесің. Қарағым, Телтай, сыртыңнан сүйініп жүрем. Тілеулес болар ағалыққа жарасақ, басқаның қажеті қанша. Бүгінде заман аумалы-төкпелі. Бірде олай, бірде бұлай жалтарады. Үнсіз бұға алмайсың. Бұққызбайды да. Әйтпесе, бес уақ намазымды қаза жібермей таспиықты тартып хақ жолы - ақ жол деп тыныш отырғым-ақ бар. Бірақ оны еншілетпейтін арылмас дерт, жойылмас жегім тағы бар. Жасағанның жадағай әрекетті ойыншығымыз. Бал көрсек те, бір соған құлшынамыз. Зәр көрсек те, жалғыз соған құлшынамыз. Анау тұлымшағы желкілдегеи екі қызалақты ұл бермедің деп қай құдайға ұстап берем. Іштен шықты - мәпелеп өсірдім. Ұлдан бере ме, қыздан бере ме - тәңірден тосамыз ғой. Әйтеуір, тәубемен демдеген дімкәс көңілді күз салқыны ұрардай мынау бейуақ шақ - кәрілік таянғанда ыңырана күрсініп, ықылық ата шайқап алатыным бар. Одан әрі тындырарым да шамалы,- деп торғын орамалын уысына толтырып көзіне басты. Көңілі босаған жанның елжіреуік қимылын танытып жота мұрнын жұмырығымен қысып, сіңбіріп алды. Мойнын, желкесін сүртті.- Мал мен тұяққа кенде емеспін, бас пен балаға ғана зәрумін. Еш адамға тіс жарып ашпаған сырымды айтам. Өзімсініп айтам, Телтай шырақ! Бір жайдың ұшығы ұрланып маған да жетіп еді. Өз аузыңнан естігелі әдейі оқаша шақырттым. Сен де ішіңе сыр бүкпей, бар шыныңды ортаға жайып сал. Әкелі-балалы кісілердей шешілелік,- деп үлкен түйін тастады.

Телтай байдың өзі күтпеген қырынан жалт бергеніне таңданып отыр. Шырығар, ашуланар, жонын дүрдитер деп ойлаған. Ал, дәл мынандай монтаны пішінмен жүні жығылып, ылдилай жөнелер деп пайымдамап еді, қатты қысылып қалды. Жас жүрек қандай шапшаң от-

алғыш болса, сондай қызғаншақ та. Бақытының таңы мен қуаныш-іңкәрінің көркіне балайтын лүпіл сезімін бар әлемнен құпиялап ұстағысы келеді. Жан адамға қиып сездірмеуге тырысады. Бірақ алай-түлейі мол асау құйын ойнақшыған сәтте бетке тепкіш, көзге ұрынғыш қой. Жігіт жүзіндегі ынтызар құбылыс сары тіс тартқан әккі Бақсыбайдың жанарынан тыс қалмады.

- Ақсақал, мен сізге дәл қазір не айта қояйын. Сенсеңіз ешқандай бүкпем жоқ. Ән салам - сері болам. Аң қуам - саят құрам. Басқа, басқадай кәсібім шамалы. Желігім болса - қызуы шарпыған жастықтан шығар...

- Пай-пай-ой, қызғаншақ сезім-ай! Тіл ұшында тұрып та тығылып қалатын неткен сығыр едің!- деп қыз әкесі сылқ-сылқ күлді. Жең ішінен жалғасқан жеңгетай тәрізді. Ымы-жымы бір, айла-тәсілі қосылған тілеулес бозбала құрбыдай Телтайдың алдын орап барады. Осы тұста сонау бүркеулі есім, туған қызы -Балжан емес, қайта бұның ынтыққан аңсарын тізгіндеп бармақ тістеткен басқа бір асау сұлудай көріне ме, жүзінде шын еліту, аңсай құмарту нышаны тұнып тұр,- Жастық шіркін бәріміздің де басымыздан өткен. Жасырып көрген қызықты жаңғыртып айтып, тамсанысып отырушы едік. Ендігінің жастары дініне берік-ау!- деп басын шайқап, өкпелей тоқтады.

Телтай сеніп қалды.

- Ақсақал.жастық желік, жастық сыр деп алыстан орағытып мені әңгімеге тегін тартып отырған жоқ шығарсыз. Және ондай сөзді айтатын кісіні таппай да жүрген жоқсыз. Маған тіресеңіз... себебі болар. Ал мен айтсам... Бір адамды ұдайы күтіп, ұдайы ұнатып... бейнесімен қиялымда табысып, тәтті үмітті таусап жүргенім рас. Аңға шықсам арманымдай ілеседі. Жай ғана ілеспей, жадыратып, күліп кездеседі. Күтем де, қуанам, Бос желігім жоқ, лапылдаған жалыным көп. Қол жетпес сергелдең де емес, бірақ сергелдеңнен кейін де емес... Көп болды. Көк жүзінде ойнақ салған қырандай кеудемнің көкжиегін шарлаған қуанышым бар. Не дейін? Өзіңіз біліп отырсыз. Бұлқынған сезімге тыйым салар шақтан кеттім. Тыйыла алмаймын ба деп және қорқам. Мынау сөзім арызым шығар, адалым-ақ шығар, Күткен көңілдің жауабы да алдамай тез оралды. Барды айтсам, аз күндік ғұмыр дәуренге өкпем жоқ. Асыққан



сайын ынтыққан сәулем бұлтын көлегейлемей, жарқырап бара жатады. Ұнататыным, аңсайтыным рас. Бұл ғаламда қиял рахаты болса, мен соны өзім де еркелеп, өзгені де еркелетіп таптым. Осы шағымда қазір өлсем де арманым жоқ, мұңсызбын. Менің ардағым - Балжан. Сүйініш күйімнің жебеушісі де - Балжан. Айт дедіңіз, айта алмай қала алмадым,- деп Телтай ағынан жарылып, мөлдір қарашығын тіктеп, бар ықыласымен жауап тосты.

Бақсыбай демін ішіне тартып, тынып қалды. Жан сырын бақытына балаған жас жігіт қатты тебіренткен сезіміне шым ұйымаса, күреңіткен жүздегі сәт-сәт толқып өткен құбылысты анық байқар еді. Бірақ Телтай аңдаған жоқ. Кесігін күткен ұрыдай үнсіз күрсініп кірпігін төңкеріп жіберді.

- Шіркін неме сол, солай ма еді? Рас па еді?!-деп Бақсыбай үрке сөйлеп, қайталай, берді. Өзі сұрағанымен Телтайдың дәл осылай ашық айтарына дүдәмал болатын, қапелімде сасқалақтап аузына басқа сөз түсер емес.- Апырай, солай ма? Не дейін? Не айта қояйын? Өздерің шешіп, пішіп қойсаңдар, маған не қалды? Төбемнен ұрғандай етіп... Қалқам, Балжаным, ақылдым, солай жасай ма? Ата-ана жат көрсін дей ме?- деп бүкіл денесімен дірілдеп, іштей егілді.

- Ақсақал, жүрекке әмір бар ма еді? Мұрат тұтқан қалауым сізді қинап кетті ғой. Оғат айттым ба, қайтейін, әйтеуір сыр жасырмадым. Балаңыздай бала көрсеңіз аянбаймын. Қайда сілтесеңіз де, қайраулы балтаңыз боламын,-деп жігіт шарта жүгініп алды.

Бақсыбай дағдарған түрден тез ауысты. Ендігі орынсыз бой тасалаудың артықтығын ұқты. Тағы да торғын орамалды көзіне апарып, «босаған көңілдің» ишаратын жасады.

- Балам, Телтай, «Сұрап алған аурудың емі жоқ». Керең құлақ естіместі естіді. Тегінде, тереңдегі күйік жалындап шығады ғой. Ыстық өксік соққандай леп берсем - шарасыздығым ғана болар. Сені де қинап, өзім де қиналып отырмын, Тотыдай тарантып, аққудай мәпелеп өсірген балаң бойжетіп шыға келсе, әлде өкініш, әлде сағыныш баурай ма, күйің қашады. Жаралы кеудеме күрсініс кірді деп кімді айыптармын. Қабақ шытқанмен қабырғам сөгілгенін қоймас. Қайтейін-ай!- деп тебіреніп барып бойын түзеді.- Малға кенде емес, бас-

қа зәрумін дедім ғой. Айтқаным айтқан. Маған бала бол. Дәрменсіз шалдың медеуі бол. Байқадым аңғарыңды. Арызыңды сездім. Балжанымның көңілінен шықсаң, азамат басыңды мен кемітпеймін. Қолыңды жай, балам! Батамды ал!-деп екі алақанын қосып тұрып, күбірлеп ұзақ бата қайырды.

4

Ауылдың түстік етегінде лүп еткен самал ессе, толқындай тербелетін сап-сары кішігірім айдын алыстан көз тартады. Кедей ауыл, егінші ауыл - Жұматай жатақтарының еңбек бодауындай егіні ол. Сонау ерте көктемде мұң шағып, уайым төккен аш-жалаңаш тобырдың бүгіндері түйілген қабақтарын жадыратып, көңілге жұбаныш пен қуаныш енгізе бастаған жайқалған астығы ол. «Еңбектің өзі - жеміс екен ғой. Жер тырнап, ырыс, береке табамыз деп кім ойлаған? Қызыл қарын жас баланың көз жасын көрем десе, жасаған хаққа қиын емес-ау. Аз күн пәле-жаладан, торғай-шөже, жауын-шашыннан аман болсақ, орақ салған соң аянбай қимылдап астыққа шаш-етектен батпаймыз ба? Қалаға базарға шығып бірер пұтты шай-қант, мата-пұлға айырбастасақ, тұқымдықты жеке алып қойсақ, қалғаны ыстыққауметке әбден жарайды-ау»,- деген тоқмейіл қиял шаруаның ой-бойын түгел баурап алған.

Бұл күнде ауылдың бала-шағасына дейін егін басынан кетпейді. Бір жер, жарым жер үлесі бар кедейлер сарқұлақтанып қалған қызыл бидайға торғай қонғызбай қиқу салып, даусы қарлыға айқайлайды.

- Ойбай, қонып қалды!

- Үркіт! Үркітіңдер!

- Әй, қауқиған сақалыңды... Бері қарай неге үркітесің!

- Жөн сөйле! Жөн сөйле, мұндар неме. Е, менің үйретінді торғайым ғой деп пе едің. Әлде қанатты мақұлықтарды әдейі сенің жеріңе бар деп тұр ма екем.

- Қап!.. Жеп қойды-ау, құртып қойды-ау!..

- Айқайла! Даңғырат!

- Лақтыр! Топан лақтыр!

- Лақтырма топанды! Пісіп тұрған бидайды сау еткізіп төгіп, босқа ысырап қылады. Топырақ шаш, топырақ!



Егін басы у-шу, қым-қуыт. Әне жерден де, міне жерден де: «Жеп кетті, құртып кетті! Ал, айқайла! Даурық! Үркіт! Кеп қалды, қондырмаңдар!»-деген әрі ащы, әрі қызулы үндер кең даланы кернеп жатыр. Маңдай тер, адал еңбек осылай көз алдында қып-қызыл байлық боп шалқып тұрғаннан ба, бәрінің көңілі шат, әзіл-қалжың,-күлкі қошуақ көп.

- Қалқатай, бидай қуырып берейін, бес-алты піскен бас теріп әкелші,- деп жаулығының етегін қайырып алдына байлаған Ұрқия кішкене қызын жұмсайды. Байқап көріп піскенін ғана ал. Таптап алып жүрме,- деп он тапсырып, жиырма рет қайталайды.

- Апа, мен де барайын,-дейді Божбан.

- Сен танымайсың. Піспеген сабақты босқа үзіп рәсуа етерсің күнім. Әшкентай тәтең қазір әкеледі. Бидай қуырам, талқан түйем. Сонан соң сүтке шылап құлыншағыма берем,- деп Ұрқия еміреніп күлім қағады. Дәл осы сәтте кішкентайларына тамақ тауып бере алатынына шүкірлене масайрап, іштей күбірлеп, құдайына жалбарынып жүр.

Әр жерден ән естіледі. Балаларға үйретіп қойған диқан әні. Сол әуен кішкене қара танаулардың өздеріне де ұнайтын болса керек, бірінен соң бірі қақпақылдап әкетіп, торғай үркітуден босанған кезде жан-жақтан шырылдап қосылады.

Абыланның қолына қараған жаны көп. Інісі - Қабылан, бәйбішесі - Зейнеп, одан кейін мына үш тентек. Мал дегенде маңдайға басқан қара інгені - бар байлығының алды. Бір дәлел, бір сылтау тауып үйде отырса, далаға шыққыш, түзде жүрсе ауылға жеткенше асық. Сондағысы қара інгенді көз таса қылмау. Күндердің күнінде осы түйесі әйтеуір бір боталайды-ау. Сонда аузы аққа тиіп, қою шұбатты тостағандап төңкермейме! Үкі тағып, жабу жауып ботақанды іргеге салып қойып қарап отырса! Үш тентегі үш жақтан таласып, жапырақ жұлып, шайыр жинап әкеліп ботақанның аузына тосса, одан артық дүниенің, әй, қанша қажеті бар! Сыртта, есік алдында қара інген боздаса, үйден қап-қара көздері мөлдіреп, жасаурап жіңішке даусымен ботақан-балапан нәзік үн қосса, Абыланға солар күмбірлеген күй мен қалықтаған ән, әуеннің нақыш-бояуынан кем көрінер ме еді! Одан әрі... Абылан да үй қасынан үй тігіп, отау тұрғызып, Қабылан інісін аяқтандырып жібере-

ді. Құдайға шүкір, Жұмекең ақсақалдың арқасында егін егуді үйренді. Күн көрістен енді тарықпайды. Қара інгеннің қара ботақаны өседі, тайлақ болады. Қоспақ еркеш түйе болады. Қабылан үйіндегі келіні әлгіні өріске, жібереді. Алып келеді. Жабу тоқиды, шудасын тарайды...

Шаруа ойы шартарапты қамтиды. Айла-шарғысы жоқ адал көңілдің тәтті үмітімен тамсанады. Ондайда қара көздерге нұр жүгіріп, бидай өңге жылу ұялайды.

- Келіп қалды! Қаптап келеді...
- Қондырма!
- Дырылдақ қақ! Дауылпазыңды ал!
- Шөже торғай! Ойбай, шегірткедей қаптап келеді!..

Абылан ойын үзіп алып, орнынан арбаңдап ұшып тұрады. Дауыстап үш ұлын түгендейді. Жұбайын іздейді. Кәсіп еместі кәсіп көріп, аң қуып кеткен інісіне кейиді. Кейіп тұрып еңкейіп жерден уыстап топырақ алады. Ана жақтан үркітсе, мына жаққа дүркіреп кеп қонатын торғайларға қарай ызалана бұрқ еткізіп шашып жібереді, Жел үрген майда топырақ ұйтқып соғып, қас қылғандай көзіне тығылады. Одан сайын ит жынын келтіреді. Абылан қориды екен, Абыландар жек көреді екен деп жөн білер торғай тағы жоқ. Ашқарақтанып, топталып келіп қызыл бидайға қонғанда, Абыланның жаны шырқырайды. Жүрегі сыздайды. Бұрын-соңды қас жауың - шөже торғай болады десе миығынан күлер еді, бұ күнде ата дұшпан дәл осы жұдырықтай құс болып көрініп тұрғаны рас.

- Қап, жолы болғыр-ай, құртты-ау!

Бар қарғысы сол. Оның өзін күйіп кеткенде сызданып тіс арасынан әрең шығаратын.

Абылан түс ауа бастағанда үйіне қайтты. Былтыр бір кәдеге жарар деп Нәукен ұстаға білік темірден шолақ күрек жасатып алып еді, асыға адымдап соны іздеп келеді. Зейнептің жасап қойған шайына да бұрылмастан үй іргесінде жүрелеп отырып күрек қайрауға кірісті. Қабанқұлақ тас қайрақты құшырлана егеп, өзі де ағыл-тегіл терледі.

- Қатын-ай, қара інгенді шешіп берші, ала кетейін. Егін басындағы көкпекке қояйын,- деп қара інгеннің дәл қасында тұрып жұбайын шақырды. Қазықбау шалған мұрындықты бір тартып шешіп алу өз қолынан да



келеді, бірақ қара інгеннің жөні бөлек. Қара інгенді Зейнеп жетектетіп берсе, жарықтық ойсылқараның қадірі арта түседі ғой.

Зейнеп мұрындықты ұстатса да, бұрылып жүре бермей кібіртіктеп тұр. Әлдене айтпақшы, отағасыдан жәһне именеді. Абылан түсін жылтты.

- Немене?
- Балалардың бір-екеуін үйге қайтарсаң, көкесі. Бір мезгіл ыстық ішсін де.
- Сен-ақ өбектей береді екенсің, бар болғыр.

Абылан егін басына көңілді оралды. Қара інгеннің мұрындығын түріп, қасындағы көкпекке қоя берді. Содан соң екі алақанына түкіріп алып, шеткі атыздағы топырақты күрекпен аударып, күлдей қып уата бастады.

Анадайдан-ақ шықылықтап күліп Нұржан келді. Үндемей солбырайып Байту жетті. Екеуіне жақтырмай алара қарап Абылан қайран болады: «Осылардың-ақ жұптары жазылмайды. Бірі келтек, бірі тоқпақ; бірі ызғар, бірі шуақ; бірі жеңіл, бірі ауыр; бірі ұзын, бірі қысқа - үйлесімі қай жерінде екен? Әгерәки, құданың құдіретімен осы бар мен жоқтай, ыстық пен суықтай, өң мен түстей екі пендені араластырып, қайта илеп, қайта соғып, қақ бөлсе, ортан қолдай, ортан қолдай екі адам, екі азамат шығар ма еді?..»

- Әбеке, қырман айналдырайын деп жатқаннан саумысыз?-деп Нұржан шәңкілдегенде, қасқыр көрген түйедей пысқырынған Байту үнсіз тесірейді.
- Торғайы құрғыр маза берді ме, ұсақтап алып шашайын деген амалым да.
- Апырай, Әбеке, адамнан айла аспайды деген рас екен. Мынауыңыз ақыл болды-ау.

Абылан соған-ақ мәз. Мақтағанды кім жек көрсін. Екі беті әлгіндегі ызбарын жұтып жіберіп, кең жайылып, көзі күлімдеп сала берді. Күрегін жерге қойып, күркенің көлеңкесіне жайғасты. Қонышынан мүйіз шақшасын шығарды. Сол-ақ екен, үш алақан жайылды, үш ерін бұлтиды. Үш көңіл бірден жадырап шыға келді.

Абылан дауыстап ұлдарын шақырды. Екі кішкенесін үйге қайтарды да, үлкенінің қолына күрек ұстатты.

- Қане, бір көсіп алып, шашып көрші, балам.

Ұсақ бытырадай майда топырақ егін үстіне майда жауындай себелеп қонды. Бидайға келетін «сұмдық» жоқ екен. Абылан көңілі орнына түсті.

Торғай жақындаса, осылай үркітіп тұр. Анау екеуі келісімен сені қайтарам,- деп кішкене «азаматын» арқаға қақты.

- Нұржан, әлгі бір әзірде ауылға келген жолаушың кім? Ат-көлігі жарамды тәрізді,- деп енді Абылан басқа кеңеске ауысты.

Уәкіл көрінеді. Таяуда сайлау өткізуге арнайы шығыпты. Өзінің байларға құқайы бар-ау деймін. Орынбек әулетіне, Бақсыбай байға тықыр таянса керек. Әлгі ауылнай Дүтбай сол жігіттен ығып қалған ба, құйрығын бұтына тығып зытып отырды,- деп Нұржан айызы қана шиық-шиық күлді. Әркімнің бір қарақтайтыны бар. Осы Нұржан ауылнай алдында құрдай жорғалар еді. Ал, ауылнайдың құрдай жорғалағанын көрсе, төбесі көкке тигендей лепіреді.

- Солай де. Сонда болысың да, ауылнайың да өзгере ме екен? Дүтбайдың ауылнай деген аты болғанымен, қол иесі Бақсыбай ғой. Ол көне қояр ма?- деп Абылан бас шайқады.

- Бақсыбай көнбес. Елден шыққан зәлім ғой ол. Бірақ уәкіл жігіттің іші кедейлерге, біздерге бұратын тәрізді. Жұмекеңнен жай-жапсарды сұрағыштап-ақ отыр. Мен не түсіне қояйын.

- Жұмекең қартайып қалды. Әйтпесе қара қылды қақ жаратын әділ кісі. Ауылнайлығың да, болыстығың бұл кісіге бұйым емес.

- Әбеке, бәрінен біздің Ақжолбек мығым. Жасық пен момынның қолынан не келуші еді? Өнер Ақжолбекте-, деп Нұржан Байтуға қарады. Ондағысы құптау күткен көңіл ғана. Байту ежірейді. Жуас пен момын деп өзін кемсітті деп ұғады.

- Әу, Нұржан, сен бәрінен де маған мынаны айтшы. Жер тырнап, су тартып жүрген осы күйімізге өкіметтің тарлығы жоқ па екен?

- Уәкіл жігіт қуанды қайта. Риза боп отыр.

- Онда мен де ризамын. Ондай өкіметіме барым пида.

Абылан жымиып қойып бір жамбастап қисайды. Осы тіршілігіне, осы күніне ешкім араласпаса, басқаны тілемейді.

Ыржиып бір езулете күліп алып, әңгімеге Байту қосылды.

Жайбарақат кеңесті тұтқиылдан бақ еткен түйенің



ащы даусы бөліп жіберді. Отырғандар апыр-топыр ұшып-ұшып түрегелді. Үш аяқтап екі-үш секіріп барып, қара інген жығылғанда Абыланның көмейінен зарлы үн төгілді.

- Құртты-ау! Не болды?..

Не болғаны сол... кінәлі көп еді. Алдымен себепкер Абыланның өзі болатын. Үйінен күрек әкелмесе, бұл оқиға кездеспес еді. Абылан күректі әкелгенмен кара інгенді жетектеп оралмаса, ештеде бүлінбес еді. Кінәлі қара інген болатын. Қара інген көкпекті місе тұтып егінге тұра ұмтылмағанда, торғай қорып тұрған бала қолындағы күректі жіберіп қалмас еді. Қылшылдаған өткір күрек оқыста артқы тілерсектің тарамысын қиып жібермес еді. Жазықты қаспақ танау бала болатын. Жыбырлаған жұмсақ ернімен шиіре тартып бірер сабақты қарпып қалған кара інгенді жай айдап жібергенде, түк жоқ еді. Міне, бір себеп тағы бір себепті туғызып, бір кінә екінші кінәға жалғасып, у-шуды ұлғайтып тастаған кезде, осы күйіністі халдің шын күнәһарлары бір топ шөже торғай еркінсіп бидайға жабылып кетті.

Абылан түйеге жүгірді. Бала айдалаға безе кашты.

Қара інген тұра алмады. Қайтадан ауырсынып жата кетті.

Абылан қасында иегі дірілдеп мелшиіп тұр.

- Таңу керек!-деді Нұржан.

Байту жеңін сыбанып іске кірісіп кетті. Тілерсек таңылды. Қара інгеннің үлкен қара көзінде мөлдіреп баданадай-баданадай жас тұрды. Сол тамшылар өзіне үңілген жүздерді дірілдетіп іркіліп тұрып-тұрып, үзіліп-үзілін түсті. Жарық дүниеге жасқана қараған інгеннің «Қандай кінә-жазам бар еді? Не бүлдіріп қойып едім?»- дегендей үнсіз егілгенін көргенде, Абылан бойбой босады. Омырауын жас жуды. Қиралаңдап бүртік бетегеге отыра кетті. Иығы қушиған Нұржан мен рабайсыз солбырайған Байту Абыланды жұбата алмасын біледі. Жарлының жанына балап өскен бір-бір қарасы бұларда да бар. Шаруа тірлігі - ежелден таныс, ежелден белгілі көй-гөйі. «Ит тірлік-ай сол!» деп Нұржан күңкілдейді. Серігін үнсіз құптап Байту қабақ түйеді.

- Тағы қаптады-ау!

- Қондырмаңдар!

- Ау, Абылан! Бидайыңа торғай қонды. Абылан-ау, қусаңшы!

Тірлік тыншымайды. Қаракет күйбеңін тоқтатпайды. Осындай күйзеу халде де құрығын сүйретіп кеп, түрткілеп сергітпесе тірліктің тірлік болғаны ма.

Дауыс күшейген кезде күнәлі бала қайта оралған еді, шырылдап торғайларды үркіте бастады. Бір көзі көкте, бір көзі қара інгенде, қара інгеннің қасында екі бүктетіліп, опырылып отырған әкесінде.

Абылан бұлың-бұлың ой құшағына сүңгіп кетті. Қара інгеннің қара бота күнін көз алдына елестетеді. Жетімек еді... Қолдан жем беріп асырады. Күн жауса, жел жағына шығып пана болды, қар жауса, шапанын жауып қора болды. Қасынан айналсоқтап шықпайтын: өркешін сипап, мойнынан құшақтайтын. Барқыт ерніне қатқыл алақанын төсеп, ұзын кірпікті танадай жәудір көзіне мейірлене қадалатын. Тұнық жанарда мұң болмаушы еді-ау онда. Тұнық жанар Абыланды дәл бір енесіндей ұнатып, риясыз мөлдірейтін. Тұнық жанардан елжіреген өзін көретін. Сол сәтте жаны рақатқа бөленетін шаруа өзі білетін небір асыл сөзін ботақанына айтатын. Дүниенің ең әдемі, ең әсем есімдерін ботақанына таңатын.

Қара бота қара тайлақ болды. Аталас туысы Бақсыбай байдың көп түйесіне қосылды. Қосылғаны бар болсын, қолдан жем жеп үйренген қара тайлақ Абыланды іздеп өрістен қаша берді. Оған ілескен тайлақтар келеге тұрмады. Ақсақ түйеші Бақсыбайға арыз айтты. Бақсыбай сөзге келместен қара тайлақты байлатқызып тастады. Алғаш рет Абылан жануардың шарадай көзінен сол күні бүртік-бүртік домалаған жас көрді. Сол қасірет тамшылары Абыланның жүрегіне тамғандай болып еді, бір-ақ түнде жырыла көшіп, Жұматай ақсақалдың тобырынан бір-ақ шықты. Қара тайлақ еркіндік алды. Қара тайлақтың еркіндік алғанын көрген Абыланның арқа-басы кеңіді. Күз өтті, қыс түсті. Қыс ортасында қара інген қайыды. Қара інгеннің қайығаны - қара шаңыраққа ырыстың дарығаны. Абыланның медеуі сол еді. Енді, міне, қара інген - мертік. Мал бола ма, белгісіз. Ит үрсе, ұйқысы шырайлана түсетін шаруаға түйе боздаса, дүниенің төрт бұрышы тегіс құбыла ғой. Айналып-үйіріліп қасынан шықпайтын ойсылқарасы олай-бұлай боп кетсе, ендігі ғұмырының талшығы, дәрмені не болмақ?..

«Не болмақ?»-деген қытымыр сұрақ Абыланды



қалш-қалш еткізді. Санасы бітеуленіп, қайнаған ашудан қаны дуылдап бетіне шапты. Екі қолымен жер таянып, орнынан ышқына көтерілді. Не істеп, не қоярын білген жоқ. Әйтеуір іштегі құрсаулап тұрған бір тетігі опырылып кеткендей көзі тұманданып, үн қатпастан қозғала беріп еді, шырылдап торғай үркітіп жүрген баласының даусын естіді. Сол-ақ екен, қалшылдай қайнап, ұлына қарай ысылдай кіжініп тұра ұмтылды.

Байту екі аттап барып, Абыланның ту сыртынан қаусыра ұстай алды.

- Әбеке, араша! Балада жазық жоқ,- деп Нұржан да алдынан орады.- Әдейі жасады деймісіз. Босқа жүрегін алмаңыз.

Ашу қайрат бітірді ме, Абылан жанталаса бұлқынып Байту балуанның темір құрсауынан лезде босанып кетті. Қан толған жанар өңменіне қадалғанда Байту кейін шегініп еді, жақындай алмай тайсақтап жүр.

- Әбеке, араша! Ашуыңызды басыңыз,-деп Нұржан әлі дәмелі.

Абылан көнер емес, балаға ұмтылып, төніп барады.

Қайнар ашумен қатты ширыққан әкенің дес бермесін көрген Нұржан балаға: «Қаш!»-деп айқай салды. «Тәйт!»-десе ата жөнелгелі тұрған үркек киіктей ұлан құлдырап ала жөнелді.

Көз көрімге екеу шығандап барады. Бірі жылап, бірі қарғап барады. Жыртық-тесігі көп кедейлік жамау бермей әлгінде ғана бүтін отырған Абыланнын тұла бойынан ашу боп, ыза боп атылып барады.

Жан-жақтан жиналып қалған жұрт даурығысып, хал-жайға түсініскіп, шарасыз күймен бас шайқайды. Баланы да, Абыланды да аяйды. Бәрінен де бұрын күрмеуге келмес қысқа жіптей шолақ тірлік - қол қысқалығын еске алып, қиналыса қабақ шытысады.

- Бар, Нұржан! Жүгір! Баланы бері қайтар. Өкпесі өшіп, қолға түсер. Елміз ғой, бір балаға араша болармыз,

Нұржан жеңіл, құстай ұшты. Бірі қорқып, бірі шаршап барлығып қалған әкелі-балалы екеуге тез жетті.

- Әбеке, ақырғы рет айтам. Араша!

Абылан ырсылдай жүгіріп келе жатып жалт етіп түйіліп өтті. Аузы ашылып кетіпті - ақ тістері түкірікпен дымданып жылт-жылт көрінді. Қаны қашқан сұр жүз

бұл сәтте еш ақылды тыңдамастай. Нұржан Абыланнан оза шығып, баланы қуып жетті. Қатарласа бүлкектеп құлағына сыбырлап барады. «Егінге қарай, егінге қарай бұрыл! Енді сен мені ғана тыңда. Осыдан бүгін саған таяқ тигізсем, Нұржан атым өшсін!»-деп нақ-нақ пысықтады.

Бала егінге қарай тартты. Екі өкпесі қабынып Абылан қосылды. Әлденені балаға тағы да асығыс сыбырлап, Нұржан кейіндеп қала берді. Енді асықпайды ол. Тұтқиылдан дұрыс шешім тапты. Абыланды ұстайтын да, тоқтатын да, бағындыратын да сол шешімі.

Бала екпіндеп келген бойда егінге қойып кетті. Ілесе жеткен Абылан алдынан шыңырау құз кездескендей қалт тоқтады. Бар сесі, бар зәрі бір сәтте су сепкендей басылды. Опырылып, сылқ шөгіп, үнсіз егілді. Жалпақ бетті бойлай қос маржандай сырғанаған екі тамшы жас батып бара жатқан күннің кешкі алау- нұрымен қып-қызыл от болып, шоқ болып үзіліп-үзіліп түсті.

## 5

Төрт қанатты шағын шаңырақ астында екі адам қатар жатыр. Түн ортасы әлдеқашан ауып кеткенімен әлі де кірпіктері айқасар емес. Үзіктің көп тесігінен жылтырап қылаңдаған жұлдыз сәулесімен буалдырланып бет-жүздері анда-санда ағараңдап қана шалынады. Сөйлеп жатқан Ақжолбек, тыңдаушы - Телтай. Бірін-бірі іздеп тауып, сағынып кездесетін екі туыс оңаша түнде көп-көп сыр ақтарады.

- Телтай, қарағым, қайрау сөзді менен күтпей-ақ қой. Сенің өз түйгенің де бір басыңа жетеді. Ал, енді шындап ойланар болсам, мен кейде өзімнен-өзім жерінемін. Кызыл сөзім емес. Имандай шыным. Көрінеу көзге «Ақжолбек мықты!», «Ақжолбек барымташы!»-деп алқалап дардай қылатын жұрттың сырт айнала беріп: «Соны қойшы, түбінде кісіден өлетін қарақшы емес пе, тәйірі»,- дейтін күңкілін талай естігем. Оларға өкпем де жоқ. Бірақ қанға сіңген бойымдағы бір қыжылды жеңе алмай келе жатқаныма қиналам. Уысынан босатпайды-ау... Ат мінсем, тазы жүгіртсем деген қораш қана тілегім болған. Амал не? Әкеден ат, атадан бақ қалмады. Содан соң тамыр мен жекжаттың аулын төңіректеп, ноқта-жүген ұстап, тілемсектеніп көрінгенге



көз саттым. Ағайын айтуға жақсы, алуға жақсы, бірақ беруге жоқ екен. Жердің үстімен барып, астымен қорланып талай қайттым. Қарымтасы қайтпас, бәсі өтелмес дейтін есепшіл пайдакүнемдік жарлыға жал сипатар ма. Жігіт болып желігіп шығып, жел қуып өскен қазаққа қара қазанды көзімен тесіп от басында омалып отырудан артық жаза бар ма?.. Өкініш пен өксік ет-жүрекке беріш боп орнай берген соң, әлдеқалай тәуекел ғып тас жұттым. .

Он сегізге шыққан шағым. «Өлейін, өлмесем бір тырбанып көрейін»,- деп Қуандық ішіне жаяу аттандым. Күндіз шатқал-құзға тығылып, ұрланып түн тостым. Жапсарлас отырған елге тиіспедім. Өте бердім. Шығандап барып, оныншы тәулікте Қуандық Бегайдар тұқымының белді бір аулының тұсына бекіндім.

Адам ұры боп тумайды. Оны ұрлыққа еріксіз итермелейтін шарасыз күй - кедейлік, кемдік. Әйтпесе, сол ауылда кеткен - ұзында өшім, қысқада кегім жоқ.

Түн суық. Азынаған жел өн бойымды қалтырата тіміскілейді. Таң қылаң бере қалың жылқы жусауға кірісті. Мықты байдың қылшығы құрымаған, бусанып терлемеген өңшең семіз қалың шоғыр ту асаулары дәл алдымда жатыр. Әсіресе айманидай ақтанкер айғыр өзгеше бөлектеніп, аузымнан сілекей ағызады. Құдай соны бір жақындатса деп құлшынып қоям.

Не керек, тақымға ақтанкер бір түскен соң, дала кеңіп, кеудем ашылып, мұң-шерім серпіліп сала берді. Бәйгеге жаратып жүрген жүйрігі болса керек, ақтанкер қуыншының тоқ жарауларын тезектетіп, шаңына ілестірмей тастап кетті.

Ақжолбек аз-кем үнсіз қалды. Әлгібір тұста байқамай қызуланып кеткенін Телтайдың жақын тығыла ынтыға тыңдаған ыстық демінен сезді де, ендігі әңгімесін келте түйді.

- Ат міндім, ит жүгірттім. О да арман шыңы емес екен. Мұңдап-мұңдап күрсініп алып, бармақ тістеумен күн кешкеннен не өнсін? Өмірді кіжініп өткізгенмен, байлық құралмады, кедейлік арылмады. Айналамнан өксік те, еңіреу де көп естілді. Содан ең болмаса бір жыртыққа жамау болайын деп өзімше әрекет те жасадым. Топтап, матап әкеліп небір семіз жылқыларды жыртық қос, жаман лашықтағыларға пышақ үстінен бөліп те бердім. Одан тойынған аш-арықты және көрме-

дім. Намысқа сілтер екінің бірінен табылады. Бірақ сол намысты шындап қуар аз. Ал, намыс дегенді мен тіпті түсінбей барам... Қаракесек, Қуандық болып барымталасып жүргенде осы менің есем кетіп, кегім қайтпай жатқан түгім жоқ. Ұрланатын малым болмаса, таптатын жайлауым болмаса, босқа жыртақтау менің не теңім? Бұ күндері осыны... осындай бір қиялды көп шарлайтын боп алдым. Қарап отырсам, әділетті мен қумаппын, әділет менен қашыпты,- деп Ақжолбек шалқасына аунап түсті. Көптен ішін кеулеген бір күдігін осылай ашып тастап, жеңілдік тілейді. Жауап іздейді. Қайдан, кімнен табарын және білмейді. Жас болса қырықты қусырды. Қарулы ісін сөзінен бұрын салып өтем деп жүріп өзінің басына тиген зауалдың да есебінен жаңылып қалғандай. Алыс-жұлыстан түңіліп, райынан қайтайын десе, қарап отыруға екі қолы алдына сыймайды. Жын қуып, серілік буып кетудің реті тағы жоқ. Өзіне деген, әрекет-кәсібіне деген әділ ашуы бар. Жөн сілтер жан табылса, тау қопарар еді...

- Ақжол көке-ау, соншама таусылғаныңыз қалай? Сөз бағып, емеурін танып өскен құрым киізді елдің баласымыз. Шама-шарқымша түйсігім де бар. Сіздің түйе алмай, мені аяғансып көмейіңізге бүгіп қалған ойыңыздан аңғарғаным біреу-ақ: «Орға жығылма, сорға жығыл! Күңірен де басыл! Басыл да отыр!»-деу ғой. Апырау, сонда сойыл сілтелмесе, кек қайралмаса, даланы тағылық, кеудені бұйығылық қымтап кетпей ме? Айтарыңыз сол ма? Берерiңіз осы ма?- деп қызулана сөйлеп, күйініп тоқтады.

Ақжолбек Телтайға сүйсінеді. Бірақ өжеттігін құптамайды.

- Мен атап көрсететін кек жолы жоқ. Мен сілтейтін сор жолы көп, Телтай. Соған бармасаң деймін.

- «Қаруым - қара сойылым ғана» демей, қара топқа қасқайып жалғыз шыққан әрекетіңізді маған қимаймысыз?

- Қимаймын. Ол жол - қарғыс жолы. Артығын шашам деген бай мен жуанды қанша жонсам да, қылшығы құрығанын көрмедім. Сорлайтын жоқ-жітік, кем-кетік қана. Сондықтан қимаймын ол жолды. Ол жолға-сені қимаймын.

- Бардан алып жоққа бердім дедіңіз. Аш-арықтың аузына су тамызғандай сол қимылыңызды ұрлық демей,



барымта демей, өш алу, есе қайтару деп өнеге тұтсам, не айтасыз?

- Ол өнеге емес. Өнеге зорлықпен өрбімейді. Мен жарылқадым деген жоқ-жітіктің жегенін желкесінен шығарып, зәр жұтқандай құстырып, қысып-сығып қайтаратын мықты бар. Ол - билік салмағы, білек салмағы. Жо-жоқ! «Ұрлық - тәлім емес, барымта - өнеге емес». Өкімет билігі кедейге тиеді дейді ғой. Зорлықты жығып беріп, тізелеп басып отырып әділет әперетін күн, иншалла, туар әлі. Мен енді осы ыңғайды күтем. Ақырып атқа қонып, сол күндерде тақымы құрғамаған Ақжол ағаң бар Бақсыбайлармен шындап сөйлеседі, дұрыстап есеп айырысады,- деп дүдамалдау болса да бір үмітті шырақ қып тұтатып, қараңғысына ту ғып көтерген Ақжолбек ішкі шырайын жайып салды.

Телтай тосылып біраз бөгелді. Пір тұтқаны пенде боп шығып, созған қолға тұзақ тастайтындай тықсырып барады. Бірақ оған көнер Телтай жоқ. Тосын сұрақ қойды.

- Тақымға басқан, маңдайға балаған жалғыз атын жауына мінгізіп жіберіп үнсіз бұғып отыру - ерлік пе, Ақжол көке? Сепкіні сіз өз қолыңыздан бергенде, басқамыз байлап-матап алса да мыңқ ете алмаймыз ғой онда,- деп қиясқа тартты.

- Е-е, бәсе, осылай дейтініңді біліп едім. Өкпелі екенсің. Мен үшін қиналасың ғой. Намысын жіберді, елге күлкі болды деп күйінетін шығарсың,- деп түйіліп барып, шапшаң сөйлеп кетті.- Қумадым намысымды! Қуа алмадым. Мені тәубеме келтірген де, санамды шайқаған да тап сол сапардағы қысасым. Иә, қысасым! Сол жолы мен Ақтайлақ байдың екі семіз байталын алып келдім. Ал, Ақтайлақ жылқышы Шаймергеннің бұзаулы сиыры мен жалғыз түйесін ай-шайсыз айдатып алыпты. Сонда мен қысасты кімге жасаппын? Ақтайлақтың мұрты да қисайған жоқ. Екі ортада жазықсыз жылқышы Шаймерген күн көрісінен қағылды. Кек қуам, әділетшіл болам деп көзден жас, көкіректен зар төгер ондай намысты қумасам нетті! Қаскөй озбыр - өзімді өзім аямасам нетті!-деп ызалы үнмен шоқ шашқандай Ақжолбек қиналып тоқтады. Өмір бойы тізгінінен айрылмаған қаракетінен бір сәтте жиіркеніп тайқығанын мына інiге ұғындыра алды ма, құрысып жатыр. Қарақасқа атты Қамбар бола алмапты. Керқұлатты Кендебай да

шықпапты бұдан. Қолында әмір-құдірет билігі жоқ жалғыз шапқан пенденің құр тыраштануынан пайда жоқ екен. Соны сезгеннен бері өзін-өзі кінәлап, өзін-өзі жегідей жейді. Телтай албырт. Аласұрған желікті жастың арындаған тізгінін тартып-тартып қоймаса, ағалығының несі дәркер.

- Ақжол көке! Шымшып айтып шындықты жеткіздіңіз. Оған енді таласа қоймаспын. Сонда әділетсіздіктің құқайы не? Еңіретіп, зарлатып кете бере ме? Кім тыяды соны? Тыйылар күні бар ма өзі?

- Бар. Ол - кедей өкіметі. Тыйса сол ғана тияды. Өктемді әндем жеңеді. Патшаны құлатқан әділет Бақсыбай мен Ақтайлаққа келгенде титықтап қала алмас. Соған сенсем деймін. «Мың асқанға бір тосқан». Тегінде, қиястық көпке ұзамайтын. Қазақтың да көзі бір ашылар, көші бір түзелер,- деді.

- Ал, сонда мен не істеймін, көке? Маған қандай ақыл бересіз?- деп Телтай жауап күтті.

- Сенің жолың бөлек. Бәрімізден де гөрі, Телтай, қарағым, сен жайында уайымым мол. Әттең-ай, ашылмай кеткен ащы зар мен айтылмай көмілген көп қайғының домбыраңның шанағында жатқанын сезсең ғой. Қара кеселдей қараңғылықты серпіп жіберсең, булығып тұрған адуын серпін ағытылар ма еді? Тыңдаушысын тауып, серпілтер ме еді? Дүниені түгел елең еткізіп, дүр шайқалтып толқытып кететін өнер құдіреті, енді ойласам, сойыл мен шоқпардан қуатты екен. Үржан тойындағы сенің әнің мен күйің бұл күнде шартарапты аралап кетті. Осыдан артық саған қандай мақсат тілер едім. Кешегі Арқаны дүбірлеткен Ақан, Біржанды халық құрметтейді. Әні - азан, сөзі - намаздай сол әншілерін ешқашанда ұмытар ма? Ұмытпайды. Міне, сенің жолың,- деп Ақжолбек мың іздеген шытырманынан алтын қопарғандай аршып алып, інісіне соны өріс ашты.

Содан кейін екеуі де көпке дейін үндеген жоқ. Ұйқы келмейді. Телтай алай-түлей сезімде. Іштегі бір сырын айтқысы-ақ бар. Бірақ демі жетпейтіндей қиналады. Кеудеде тұтанған жалын еркін алып, өртеп бара жатқанын өзгелер түсінер ме? Аға ауқымы белгілі боп қалды. «Балжанды қой, шырақ, босқа титықтама»,-десе, қайтеді? «Балжансыз өмірден баз кештім»,- деп сонда ағайын-туыстан безінер ме? Бақсыбай бата берді ғой,



Алдап кетпес. Бірақ батаның соңынан ілесе қойылған талабы тағы бар. Оны орындамаса, Балжан жоқ.

Телтай таң таластыра қалжырап ұйықтап кетті. Мінезі мен қылығы араласып кеткен екі туыстың құшақтары да айқасып жатыр...

Ерте тұрып шай қайнатып, дастарқанын жайған Телтайдың шешесі отаудың есігін ашты. Айқасып жатқан ұлы мен қайнысына мейірлене қарап біраз тұрды. Тәтті ұйқыдағы сүт кенжесі тіпті бейкүнә баладай. Оятуға қимады. От басына жақындап тізе бүкті.

Армансыз ана болмайды. Ал, ананың арманы бала арманымен сабақтас. Сол тілекті ең алдымен ана жүрегі гүл шоғындай мәпелеп, кеудесінде өсіреді. Қалтыраған саусағын дірілдете жайып жасаған тәңірден жалына сұрар қолқасы - баласының бақыты қана. «Іргемнен жаңа бір ұя тұрғызсам! Бір шүйке басты келінім деп мейірленсем, қысқа күніме одан артық шуақ табам ба!».

Телтай шешесінің осындай құлаққағысын бұрын да талай естіген. Еркелей күліп, қалжыңға сайып құтылып кете беретін. Бірақ шешесі болар емес. Үлкен екі ұлынан бес-алты немересі бар. Әйтсе де, кенжесінің жөні бөлек. От жағып, түтін түтеткенін көрсе, тәубесі түгел.

Ақжолбек көзін ашты. Басын көтерді. Есіктен тысқа қарады.

- Пәле, сәске боп қапты-ау! Неге ерте оятпадыңыз?-деп жеңгесін сыйлайтын әдетімен жымиып қойды.- Дәуде болса мына тентегіңізге сұқтанып отырған шығарсыз. Осым өтірік деңізші.

- Қой әрі! Қайдағыны айтпай. Соншама бұл шіркін Қозы Көрпеш, Төлеген бе екен. Тұр, әй!-деп қолынан тастамайтын шолақ сабауымен шешесі Телтайды бөксесінен салып қалды. Қайқаң етіп тез көтерілген сабау төмен түскенде баяу қозғалды.

- Айтпадым ба! Басқаның Қозы Көрпешінен өз Қозы Көрпешіңізді артық кересіз-ау. Сабау екеш сабау да сипауынан жаңылмады,- деп Ақжолбек күле түсіп, орнынан тұрды.

Телтай да оянды.

- Бар, жуынып келіңдер. Балқаймақ қайнатып қойдым. Суып қалады,- деп ана үлкен үйге кетті.

Түс қайта Телтай Ақжолбектің шабдарын ерттен, көлденең тосты. Теріс айналып, әлсіз күрсініп қойды.

- Неге күрсіндің?

- Жай әшейін.Еңкуде жортып, төсте шабатын шабдарды аяйтын тәріздімін. Арқасы босап, ауыздығы алынған соң, бойына арам ет жинайды ғой.
- Семіз соғым жесем, ішіме май жақпайды деймісің.
- Жо-жоқ! Шабдардың құйрығына маңдайын тіреп қойып еркін жорғалайтын күреңімнің ендігі халін ойлап тұрмын. Жалғыз шауып не бітірер,- деп Телтай күлген болды.
- Күреңді жалғызсыратқың келмесе, менің шабдарымнан әлі де айрылма. Екеулеп бірдеме етерміз.
- Әттең, енді бір...
- Жұтпа сөзіңді, айт!
- Ақжол көке! Мен не айта қоюшы ем. Есен-аман кездеселік,-деп Телтай қолын созды. Арыздасып тұрғандай. Ақжолбек түсі бұзылып, қайрылып келді...
- Осы сенің бір құпияң бар. Шабдар деп, сау бол деп неге қипақтай бересің. Қанжармен жарғандай ақтарып тастамаймысың, түге, Өлтірсең де айтып қал. Нені жасырып тұрсың осы?

Телтай ойланып барып, бас шайқады. Езу тартты,
- Құпиям жоқ, көке. Қайдан болсын.
- Күреңіңді ертте!
- Қайда барамыз?
- Біздің ауылға. Домбыраңды ал. Аз күн ел қыдырып көңіл көтерейік. Ұрқияның төркін жұрты көптеп шақырып жүр еді.
- Жоқ, Ақжол көке! Бұл сапар сізге ере алмаймын, Бір жаққа менің де жолым түсіп тұр.
- Қайда деп мен сұрамайын. Жас жігіттің межесі белгілі ғой,- деп күлген Ақжолбек жүріп кетті.

Сол күннің кешінде Телтай да күреңіне қонды. Домбырасын алған жоқ, үкілі жекей бөркін киген жоқ. Шешесі соңынан қарап тұрып жасты көзін сығып, «Қарашығын бір аллаға тапсырды».

Аспанда жұлдыз көп. Ақ бөкебайдай тұтаса созылып аққіс теңгеліктей жымындаған Құс жолы беймарал тыныштықтың тілсіз сақшысындай қара көк шатырдан жыпырласа төніп, маң далаға көз тігеді.

Телтай күреңін аяңдатып иегін көтерді. Суық моншақ-маржандардың әлсіз сәулесі көз қиығында ойнады.

Бір сәт... жұлдыз ағып түсті. Ілесе тағы ақты. Және құлдырады.



Телтай оң иығынан асыра үш қайтара түкіріп тастады. Күбірлеп: «Жұлдызым жоғары! Жұлдызым жоғары!»- деп қайталай берді.

«Жұлдыздар ағар-ау! Құлдырар-ау! Ал сол сансыз жұлдыздың иесі - адам, пенде күндердің күнінде таусылып бітер ме? Таусылып, құрып бітсе не болмақ?.. Ақырзаман сол ма? Сол болғаны ма? Сонда анау тау, сонау көк, мынау жұлдыз қайда кетпек? Әлде осы үндемес тылсымымен, ашылмас жұмбағымен өзгермей, өшпей мәңгі-бақи қала ма?»

Телтай етігінің басына ілген емен сойылын еңкейіп барып қолына алды. Тасқа тиіп, тобылғы соққан ұшынан ұстады. Қақ сойыл әжептәуір салмақты. Аспандатып, тік көтере үйіріп, құлаштай сілтесе - өлім себетін нағыз жаналғыш.

Өлім!.. Жас жүрек ызғар сезгендей діріл қағады. Дүниеде ажалдан суық нәрсе болар ма? Жұлдыздары тұнжыраған ал қара көк дала құмар әнін айтардай тына қалған тылсым сәтте де «өлім» атты тұңғиықтың елес беретіні қиянатшыл ғұмырдың салты ма екен?

Жігіт бәсеңсігенде, әдеттегінше тықыршып тізгін жұлқыр қарқынынан жаңылып, күрең де шорқақтай берді.

Телтай сілкініп қалды. Ой басқан еңсе бәрібір көтерілер емес.

Жалғыздығын жатсынған елсіз мекен жігітке мүлде жатбауыр. Белгі болар тым құрса туған жердің жер ошағы да жоқ. Қарсы беттен андыздаған коңыр самал жусан мен татырдың кермек иісін жеткізіп, жүрек лоблытады.

Телтай көлденең адырды қиялай көтерілгенде Көкқайнарға қарай ендеп жайылып жатқан қалың жылқыны көрді. Діттеген қосы. Кәнігі күреңіне сес қылып: «Тәк-тәк!»-деп қойды. Енді шоғырға енгенше жануар дыбыс бермейді.

Телтай сойылын қарына қысып, атының оң жақ бауырына қарай қисайып, үнсіз ғана жылқыға араласып кетті. Жайылып жүрген көп жылқыдан көзге оқшау түспейді. Іздегені - Нарқоспақтың қарагері. Үржан тойында екінші келгенімен, бапкерлердің айтуынша осы қарагерден өрен жүйрік шықпақ. Бақсыбайдың: «Алып келіп, қолыма бір тигіз»,- деген арнайы тапсырмасы да осы болатын.

Нарқоспақ - Ақтайлақтың аталас ағайыны. Ақтайлақ бай Қарагерге қатты қызығып, туысына талай рет қолқа салғанымен, Нарқоспақ сипаттай келеді. Бақсыбайдың да осы жүйрікке көптен бері көз тігіп жүргенін білетін Телтай байдың тілегін орындамақ боп тез келіскен-ді.

Жылқышының қарасы көп. Қос таң алдындағы жусауына кірiскен соң, аттарынан түсіп, шылбырын созып, қисая-қисая кетіпті. Әңгімелері естіліп тұр.

Самбырлап Нарқоспақ сөйлейді:

- Біздің әкейде қайбір қалжа бар еді. Жылқыны жау торығанын сезе қап, шиыршық атып, пысқырып тұрған атына қарап: (марқұм сақаулау еді ғой) «Құй, шыйағым, құй! Тәк, шыйағым тәк! Қылышымның қынынан үйкіп тұйсың ғой, найзамның шашағынан үйкіп тұйсың ба. Осы бүгін көзіме жау көйсетші. Олай шаншып, былай шаншып, құйыс-тыйысымды бій жазайын!»-дейді ғой. Әлгіні естіген жау: «Мынау бір нағыз жүрек жұтқан батыр болар. Әрі қылышы, әрі найзасы бар екен. Есің бар да ел тап деген. Аман-сау тұрғанда басымызды әкетейік,- деп тұра-тұра зытыпты. Мына Қаракесек елінің ұрылары көрінеді. Құр атақ-дабырасы болмаса, өздері шетінен қорқақ,- деп қарқ-қарқ күледі.- Осы біздің Ақтайлақ шіркін де көлеңкесінен үрейленетін боп барады-ау. Күйек асынған текешіктей ана бір немесін осы жаздан бері аулында ұстап жүр еді, міне, бір жұмадан бері біздің жанымызға қосып қойды. Қара шоқпар мен қақ сойыл тұрғанда мылтықты қайтуші еді қазақ».

«Мылтық!» Телтай дір етті.

«Әй, жұмыр басқа бір өлім!..»

Күреңін аяңдатып жылқыны аралап қарагерді іздеп жүр.

- Әй, мына жылқы неге шұрқырап кетті? Бағыстай, абайлашы!

- Қойшы әрі сен де. Үрке береді екенсің босқа. Мен енді әкейдің тағы бір қызығын айтайын,- деп Нарқоспақ қызынып, алаңдаған жылқышыларды әңгімеге қайта ұйытты,- Әкей Шәукен болыспен дуанға барыпты.

- Қай Шәукен? Ақтайлақтың әкесі Шәкең бе?

- Сөз бөлме! Біздің әкей жай кісімен сапарға шықпаған. Сол Шәукен! Дуанда көп жатып қалып, қызылға тістері тие қоймапты. Сатып алса, базарда қой көп. Ақша Шәукенде. Қолы қытымыр, бермейді. Содан Шәукең болысты түсірмек болып әкей жатын үйдің әйелімен келіседі ғой. Бірде болыспен екеуі оңаша отырғанда әкей қою қатықты көп айтып мақтай беріпті. Аузының суы құрыған Шәукен: «Шіркін-ай, сол айран қазір болар ма еді!»-дейді. «Болысеке, қам жемеңіз, мен айлан табам»,- дейді де, әкей ауыз үйден кішкене шелекке ашытып қойған қатықты алып келіпті. «Қой, біліп қалса, ұят болар». «Білмейді, бій ұйыттаңыз, ейніңіздің кебейсігені басылсын»,- деп ұсына беріпті. Шәукен шелекті басына көтеріп, ернін енді тигізе бергенде әкей жөтеліп қалып, шелектің тұтқасын болыстың желкесіне қарай сырғытып жібереді. Үйге әйел кіреді. Әкей өтірік сасқалақтайды. «Қая басты, Қой болдық. Бетке күйе, сүйекке таңба басылды. Дүйім елдің болысы айлан ұйлап ішті деген қауесетке таңылмайық. Шәуке, ат-шапан айыбыңды төле. Шығай ақшаңды. Жеңеше, бізден бій оғаштық өтті. Ләм деп тійі жанға тіс жайа көймеңіз. Мынау ат-шапан айыбыңыз, мына ақшаға бій нән қой алғызып сойдыйыңыз. Болысекең ел тамағын сағынған екен»,- деп қулық жасапты.

Жылқышылар қыран-топан күліп жатқан шақта Телтай Қарагерді танып қалып, қатарласа берді. Ат үстінен ырғып түсіп жалына жармасты. Қарагер бұлқынған жоқ, жалма-жан жүгендеп алып, бір-ақ секіріп күреңіне қайта мінді. Жайлап ұзап барады.

Қарагер оқыс кісінеді.

Телтай тақым қысты. Жылқышылар өре түрегелді.

«Көріп қойды!.. Кісінемегенде ғой!»

Күреңнің санына бестемшені көміп-көміп жіберді.

- Ойбай, Қарагерді әкетті!

- Қуыңдар! Құтқармаңдар!

- Аттан! Аттан!

Қалың жылқы айқай-шудан қатты үркіп, бірін-бірі қабырғаларымен соғып дүркірей жөнелді.

- Біреу, екеуің жылқыға ие бол.

- Қайран, Қарагерім-ай, қанатым-ай!-деп Нарқоспақ еңіреп келе жатып, алақтап Ақтайлақ болыстың милиционерін көзімен іздейді.- Әй, анау шүлдірлеген немеге айтыңдаршы атпасын деп, қата тиіп Қарагерді жазым етіп жүрер.

Әлгінде ғана тұнып тұрған тынық түн тітіркеніп оянды. Айқай-сүрең, тұяқ дүсірі сайын сахараны жаң-

ғыртып ала жөнелді. Ұзын таспадай қатарласа жарысып, будақтап шаң тұрды. Жебедей суырылған аттардың екпінінен жел көтерілді. Көзге жас, қабаққа ашу үйірілді.

Телтай күреңіне сыйынады, күреңіне сенеді. Бұл маңайда күреңі мен Қарагерге жетер қыл құйрық жоғын да біледі. Бірақ тұлпардан да жүйрік «қуғыншы» барын жүрегі дірілдеп ойлап қояды.

«Атпаса екен!»

Нәресте тілекке ақ пейіл ниет ұдайы ұйып тұрса, тірліктің соңынан мыстан кемпірдей сүмеңдеп ілескен ажал сұм тезек теріп кетер еді. Үнсіз тілек үміт қана сауады. Армандай шұғыл үзілмеуін, шорт кетпеуін қалайды.

Мылқау түн саңқ етті.

Ұлы қасіреттің қарғыс бойы көрінді.

Қаскөй тағдырдың безбүйрек соққысы ұрымталын тағы тапты.

Жас балауса ғұмырға ажал бұйрығы жетті.

Мылтық гүрс етті...

«Ақыры атып тынды-ау!..»

Ернінің ұшымен күбірлеген Телтай жан дәрмен ат жалын құшпақ болды. Құша алмады. Ықтиярсыз бір салмақ тұла бойын жаншып, сығып әкетіп, құлатып бара жатты...

Бұл кезде қуғыншылар милиционерді ортаға қоршап алып тұс-тұстан ақырып-ақырып жіберді.

- Неге аттың?
- Кісі өлтірдің! Сен соны білемісің осы?
- Содыр тентектікке барғанмен, қазалы қастандыққа бармаушы ек.
- Сұмдық қой мынау! Сұмдық!

«Сұмдық! Сұмдық дегені немене? Қазасы не? Өлген кім? Кім?»-осы бір удай ой Телтай миына шаншудай қадалады. Бір сәт есі кіргендей, жанталасып басын көтермек болады. «Атты-ау! Ақыры атып тыныпты-ау!» Ішінен бар қайталары сол. «Сұмдық дей ме?»

Ой үзік. Жарқылдаған алмас қылыштай бірін-бірі ығыстырады. Оралуы тез, қайтуы шапшаң.

«Апа!.. Апатай, келініңіз бар ғой, бар... Онан да мына... Мына отты сөндірсейші, апа! Күйіп барам! Апа, сұмдық деген не? От па, өрт пе?».

Телтай қыбырсыз. Кірпігі қимылдайды, Сол кірпіктердің әлсіз қимылы аз ғұмырдың сояудай-сояудай ынтық-ыстық күндерін әр талында ұстап тұр.



«Ақжол көке!.. Барымта - әділет жолы емес екен. Мені неге тоқтатпадыңыз? Атып кетті ғой. Әнім қайда?.. Ән! Міне, ән. Балжан әні ғой. Не дейді? Не деп барады?

Болашақтың белгісі жоқ қой құрбым,
Аз күн қызық мәңгілік бола алмайды...

Қызық неге мәңгілік бола алмайды екен? Оның жауы не? Сұмдық па? Сұмдық!» Қара көздің қиығынан тарамдап жылып жас ақты. Өртеніп туған күн нұрымен шағылысып, самайға қызарып сауылдап құйылды. Жанар мен шуақ кездесті. Екеуі арбасып тұр. Жарық пен жылу таратқан құдіретті күн жасты көзге ұялап, жаралы денеге қуат бергісі келетіндей. Бірақ сонау бақайшақтан жоғары өрлеген суық ызғарлы ажалға не істей қойсын. Демі үзілер сәттегі талықсып жатқан арысқа дүниенің тағы бір таңы атқанын, тірліктің жоғалмасын, тынбасын көрсетіп қалайын дей ме екен. Бірақ жан сәлемі айтылмай, арман-гүлі ашылмай кетті ғой. Өліммен уланған алтын шапақ адамзаттың бір-біріне қол көтерген қастандығының куәгері боп шашыраса, оның несі дәркер. Көз жұмарда күлімдеп оралған алау-шұғыла неткен қатыгез.

«Атып кетті-ау!..»

Өкінішті өксікке толы осынау екі сөз, лағынаты мен арманындай, қарғысы мен дұғасындай леп шығарып, қыбырсыз қалған еріннің соңғы демімен бірге кетті, бірге үзілді. Телтай ақтық рет иек қақты. Ашық қалған қос жанар суық әйнектей мағынасыз жылтырап, тұңғиық көкке сұқтана қадалды...

## 6

Жұматай аулының үсті ығы-жығы. Миялысай дәл осындай мол жиынды бұрын-соңды көрмеген шығар. Жан-жақтан, ауыл-ауылдан құйылып жатқан халық көп-ақ.

- Сайлау болады дей ме ?
- Иә! Болғанда қандай!
- Сайлау бұрын Орынбек аулында өтуші еді ғой. Байбол болыс қалай көнді екен?

- Е-е, Байболға қашанғы «бай бол!» «бай бол!» деп үйіп-төге береміз. Осы жолы, құдай қаласа, біз де бір рет «кедей бол!», «сен бол, кедей!» деп айтатын-ақ шығармыз.

- Кедейдің жарытқанын көрерміз.
- «Құл жиылып бас болмас!»
- Әй, тарт тіліңді!
- Е, не істей қоймақсың! Тартпадым, ал!
- Тұп-тура қызыл телпек кигізем! Көрдің бе анау құйылып жатқан көп кедейді. Мұңы мен жоғы бір туысым солар. Анау желбіреп тұрған қызыл жалауды көрдің бе? Күнім мен туым сол!

Күз. Алғашқы алтын күз. Көп жүздердегі лепірген қуаныш тасқынына шуақты жалынын төге түседі.

Бақсыбай мен Қараменде бастаған топтың да ұзын саны қырық-елу адамнан асады. Жолмен келмегенді қолмен күштеп бұрып алатын әрекетіне сайғанда осындай тұтастық көрсететін. Артында ат-түйе мінген әйелдердің керуені және тізіліп келеді. «Әйел тендігі» деп тақымдаған шашы жалбыраған уәкілдің тапсырмасынан сескенген ауылнай Дүтбай бұларды да ертіп алған. Қара көбейгені Бақсыбайға да теріс емес. «Қатын-қалашты пысықтай бер, қайрай бер, сөзімді сөйлейтін болсын»,- деп бай қатты қадағалап қойған соң, Дүтбай осы екі топтың арасында кейде озып кетіп, қайтадан айналып соғып, ел көшкенде әр түйеге бір тығылатын бұралқы күшіктей тыным табар емес.

Осы кейінгі шоғырдың алдында боз жорға мінген Балжан келеді. Әкесінен жалынып жүріп, рұқсат алған еді.

Балжанның салтанаты ерекше. Қынама бел қызыл барқыт камзолдың алдыңғы қаусырмасы қызыл жақұт таспен бұршақтаған қос алтын түймемен қабысып тұр. Түйменің сабағы күмістен, тасының қабы алтын жалатқан жіптен тоқылған. Күн нұрымен шағылысып, жалтжұлт етеді. Өңіріне он түйме қадаған ақ шәйіден тігілген қос етек көйлек киіпті. Жағасы мен жеңінің ұшына кесте төккен. Басында қатипа тақия. Тақияның шоқ үкісі боз жорғаның тайпалған жорғасында алтайы түлкінің құйрығындай бұлаңдап, көз біткенді суарады. Ішінде сылдырмағы бар күміс құтышалардан түзілген қоңыраулы шолпысын жай кезде тастамайтын. Жолдың шаңы тиер деген бе, сылқылдап аққан бұлақтай боп



әдемі басын шалқайтып алып түсетін, жүргенде балтырын соғатын толық ұзын бұрымына айнала шетін, екі ұшын алтынмен зерлеген қызыл мақпал шашқап киіпті. Күміс ер-тұрманның оң жақ қанжығасында салбырап келеді. Жеңіл ағаш үзеңгіге күміс қақтапты, биік өкшелі күміс кебіс ширене тіреледі.

Балжанның дәл қасында, үш-төрт қыздың арасында Бопсабай бар. Астындағы үркек байталды сипай қамшылап, сұлу қызға тақала түседі.

- Анау әлгі, Балжан қалқам, өзіңе бір сұрағым бар еді. Соның реті келіп тұр, айтайын ба?- деп сирек кірпікті көзін сығырайтып, бойжеткенге қуақылана қарады.

- Айтыңыз, жездеке!-деп Балжан күлімсіреді.

- Ал, Балжан қалқам, молданың алдын көрген осы сенің хат-шоттан хабарың бар. Маған мынаны түсіндірші. Анау әлгі, дүние алғаш жаралғанда, он сегіз мың ғалам Адам Ата, Хауа Анадан таралғанда төрт түлік мал қайдан пайда болған? Төлден өскен бе, жоқ төл енеден өскен бе?

- Енеден төл өспей ме, жездеке-ау?- деп Балжан қарсы сұрақ қойды.

- Төлдің енеден өсетіні рас. Анау әлгі, бірақ сол ене неден өсті? Сиыр мүйізі шаңырақтай болып, аққау түйе таудай болып, бақылдақ ешкі біздің көкжағалдай болып аспаннан салбырап түсе қалды ма, жерден желкілдеп шыға қалды ма?

- Ойбай, білмедім, жездеке. Оны ойламаппын,- деп Балжан шынын айтып, Бопсабайға қызыға қарады.- Ал, соны өзіңіз қалай түсіндірер едіңіз?

- Мен айтсам бар ғой, анау әлгі, жан-жануар төлден өсуі мүмкін. Түптің түбі бір анадан, бір енеден тараса керек. Тойып емген тай болып, түртіп емген қой болып кеткен. Адам да сол. Уызында жарығаны - бай болған, уызынан қағылғаны - кедей, жалшы болған. Ал, бәрінің аты біреу-ақ - пенде. Ендеше, пендеге бақ құсы ортақ. Анау әлгі Дүтбай - ауылнай ғой. Сол өзі менен артық па? Жоқ, ойбай! Артық түгі де жоқ. Ондағы қол менде де бар. Ондағы бас менің де иығымда тұр. Сонымен, анау әлгі, Балжан қалқам, дәл осы жолғы ауылнайың мен болсам қайтер еді?- деп оқыс тілек білдірді. Жай білдірген жоқ тұқыл иегін сипап қалып, оң қолын бүйіріне таянып, бір шекеден қарады. Балжан-

ның нөкер қыздары сыңғырлай күліп, мәз болып ат үстінде теңселіп кетті.

Сайлау ауыл сыртындағы кең жазық көгалда өтетін болғандықтан жұрттың дені солай қарай жөңкіді. Осы кезде әр топтан жырылып бөлініп екеу-үшеуден бас қосып бірнеше адам Жұматай ақсақалдың үйіне жинала бастады.

Алты канат үйдің әсем көркі жоқ. Үзік-туырлығына жамау араласып, көңілді қоңылтақсытады. Жұматайдың қыздай алған бәйбішесі осыдан он жыл бұрын дүние салған болатын. Марқұм өте ұқыпты кісі еді. Мына азып-тозған күй сол кісінің жоқтығын өгейсігендей тұстұстан жүдеулік пен кедейлік көрінісіндей үңірейіп-үңірейіп тұр. Жұмакеңнің шешесі тірі. Бәйбіше күйеуден ерте жесір қалса да, қайнысы мен өзінің бес жетімегін асырап өсіріп, адам қатарына қосқан. Адуын, ер мінезді ақ әже. Бес келін түсіріп, бес азаматын бұлаңдатып өсірген соң, анау-мынау ерқараңа пысқырып та қарамайды. Едігенің қара шаңырағында отырғанын бел қыла ма, талай қайны-замандастарын ұрсып, зекіп тастап, әрі-беріден соң шолақ қамшымен тартып-тартып жіберетін қиянпұрыстығы қалмаған. Ашуланса, көңіліне жақпай қалса, бес ұлды ұрып-соғып алатын да жайты бар.

«Үлкен үй», «қара шаңырақ», «Ақ әже» дегендерді сылтауратып келген мезгілсіз қонақтарына Жұматай қой сойғызды. Сайлауға шығарда ауылдарынан әкелген саба-саба қымыздың бір торсығын Бақсыбай мұнда алғызды. Жіліктің майындай сары қымызды екі жігіт үлкен шараға лекілдете құйды. Арқар мүйіз ожаумен құлаштай сапырып отыр. Торы ала тостағандар шүпілдей толып, отырғандардың қолына жағалай жетіп, жұрт біткен ашқарақтана сіміруге кірісті.

- Тәйт! О несі!-Ақша әжей қымыз құйып беріп отырған жігітті ақ таяғымен салып қалды.- Құйма сарқытты! Адал асты арамдама!

Отырғандар бір-бір қозғалып қойып, бір-біріне үнсіз қарасып қойып, көзбен күліседі. «Ақ әже, үлкен әже» қылығын өздерінше қызыққа жорып, ши шығармауын тілегендегісі.

Танаулап Нұржан кірді. Осыншама жұртқа сәлем беріп, қол алып шығудың ретін таба алмай, табалдырықтан аттар-аттамастан басын иіп тағзым еткен болды.



Онысы Қалаубекке асық иірген баланың қимылындай көрініп еді, күліп жібермейін деп аузын басып алды.

- Сайлау басталайын деп... Шақыртып жатыр.

- Әй, Нұржан сен де асықтыра бересің-ау. Ыстық күнде тіл ауызға сыймай сусындап отырмыз. Қазір шығамыз,- деп Байболдың немере ағасы, бишікеш Бейсек ыңырана сөйледі. Нұржан шығып кетті.

- Ақ әже, мына қымызға бата қайырыңыз,- деп Бейсек Ақша әжеге қарай бұрылып қолын жайды.

- Өйдөйт деген! Әрқайсың келепандай ғып сақалдарыңды саусылдатып отырып шүйкедей кемпірге телміре қалдыңдар ма? Үймелеп келіп, үйелеп бұқтыңдар ма? Итім сенсін ондайларыңа. Өлексеге таласқан қарғақұзғындай бастарыңды қосыпсыңдар. Бір олжа, бір сауда бар-ау, шамасы. Қайсыңның ұпайың толып, қайсыңның есебің артайын деп тұр екен? Жылатарсыңдар талайды әлі. Жылатарсыңдар да зарлатарсыңдар мына түрлеріңмен. Не деп берем батаны? Жұбың жазылмасын, зорлығың арылмасын деймін бе? Оны мен айтпасам да жасайсыңдар. Менің ақылыма қол қусыратын сендер ме? Тоғай атаулының тобын жиып, Шуыртпалыны шұбыртып келгендеріңдегі бітпеген жұмыс, өнбеген дау менің батама тіреліп пе екен. О несі! Қалаубек! Әй, балам, бері кел, орнымнан тұрғыз, сайлауға барам. Туғалы көрмеген сайлауын бір көріп өлейін,- деп немересінің демеуімен сыртқа шығып кетті.

- Апырай! Қартайса да қаталдығы қалмапты-ау!

- Үлкен ғой. Бәріміз сыйлаған ақ әже ғой.

- Иә, иә! Баяғы сол ақ әжең!

- Ашулы әже! Қайсар әже!

- Өр әже! Сайрауық әжең!

- Е-е, айтад та! Айтпай, айтқаны да...

Ақ әжеңе біріміз бала, біріміз қайнымыз...

Байбол Бейсекті түртіп қалды. Онысы: «Бет ашылды, ыңғай білінді, енді қайтар жол да, бұрылар сүрлеу де жоқ»,- дегені екенін ұғып Бейсек маймақтады.

- Ақ әжең ашумен айтса да адалын айтты. Ойымыздағыны айтты. Соны қалай айтты? Жүзімізді күйдіре, сүйегімізді сындыра айтты. «Үлкенің айтса - өнеге. Өнеге сөз - келеге». Иншалла, айтар адамымыз, айтқызар қара шаңырағымыз бар. Түбі бірге түтпейді, түтіні бірге кетпейді. Осы отырған бәріміз бір Аралбайдың ұрпағымыз. Әйтпесе, қай алжыған кемпір-

ден сөз естуге құмармыз. Айтса өз әжеміз айтты. Өзімсініп ұрсып айтты. Бірлігімізді, тұтастығымызды біліп, сезіп мүйіздеді. Кей-кейде сыпайы сипап, әлпештеп мақтап жел сөз бергенше, өстіп қатты айтып ұйытып алған артық-ау. Сонда шебіміз ыдырамай, аруақ-құдайды еске ала жүрер едік!- Шұбырта жөнелген ағасына Байбол болыс алара қарап қойып, мүйіз шақшасын өкшесіне каттырақ қағып-қағып жіберді. «Төтесіне көш»,- деген зілді бұйрық қағысы екенін сезген Бейсек айнала көз жүгіртіп, түксиген жүздерді түгендеп өтіп, ағылып кетті.- «Биік тауға жарасқан - басындағы обасы, рулы елге жарасқан - үлгі айтатын ағасы» деп бұрынғылар дұрыс түйген. Мынау бәрің шетіңнен бір-бір елдің үлгі айтатын ағасысыңдар. Бас қосылды.- қойныңда тас болмасын, ағайын. Кешегі еркіндігің бүгін жоқ. Мойныңда секіртіп жүгіртіп, серпіп тартар ноқта бар. Ол - кедей өкіметінің сесі. Ал, бірақ топ болып жүрсең ноқта үзілгіш, шоқтанып тұрсаң тұсау қиылғыш. Осымды бағыңдар. Ала ауыздық пен ала көздіктің салқыны кеуделеріңе кірмесін, жамағат. Өзді-өзіңмен керісіп, қатарыңды сиретпе. Ыдырасаң адырнасын кезейді. Жұмылсаң, жым болады. Аларың тағы көп емес, берерің және жоқ емес. Шен-шекпен бәріңе бірдей жетпейді-таласып алсаң жұрым да тимейді. Осында Аралатаң түгел отырмыз. Мынау Бақсыбай Шуыртпалының бес аулын ертіп жетті. Ендеше, сен ал, мен ал дейтін түк те жоқ. Хан сайлап, би етсек те әрқайсыңның көтеріп кете алатын нарлығың бар. Бірақ ыстық лебі бет шарпыр мансап деген жезөкше сайқал ғой. Біреуді қасқыр, біреуді түлкі етеді. Тегеуріні төрт елі мықты қайдан табылар? Аралап қонып, алалап теуіп кететін бақ құсы құл-құтанға ауысып тұрғанда бір әрекет етейік. Қазір сайлау болады. Ағайын-қарындас, кімді ұсынбақ ойың бар?-деп тоқтап Бейсек Байболдың шақшасына қол созды.

Ыңыранып Бақсыбай серігі - Омар молда сөйледі:

- Ағайын, шарай топқа ақыл салсаң - қабырғаңның қайысқанын білгенің. Қайыстырып тұрған мықтыны сезгенің. Құлақтыға сөз айттың - құйып алды. Құйып алды да, құп алды. Осында жетпіс үй Едіге, жүз елу түтін Аралбай түгел отырсың. Отыз үйлі Шуыртпалыны сырт теппессің. «Қағынан жеріген құлан шөлде өлер». Ежелден Аралбайға қоныстас ерген, жақын тұтып келген Шуыртпалынының болыстықтан бұ жолғы реті бар. Ара ағайын. Ешқайсыңа бөтендігі жоқ, қалай тартсаң да қасыңнан табылады. «Мәнәшәббиһә би қаумифаһиуә мин һим» дейтін пайғамбар ғалайқиссаламның фікірі: «фәндені түсіне қарап таныма, ішіне қарап таны» еді ғой. Мен айтсам - ендігі болысың Қарамende болсын. Орта шаруа.. Бәріңе төл тума. Батаңды беріңдер,- деп қолын жайды.

Жұрт назары тегіс жапырылып Қарамендеге ауды. Босағаға таман елеусіздеу жүрелеп отырған жігіт молданың алдындағы шәкірттей монтанысып үнсіз қалғанымен, кішірек сұрғылт көздері бәйек таба алмай жүгіріп кетті. «Болыс болам, болыс болдым!»-дейтін оқыс қуаныш тез баурап есеңгіретіп тастаған тәрізді. Әжесін апарып тастап келген Қалаубектің иығынан бүріп ұстап алыпты, қоя берсе сылқ етіп құлап түсердей. «Неменеге есі шығып кетті, болыстыққа соншама құмартпаса қайтер еді?»-деген оймен ұлан Қараменденің қолын ысырып тастады.

Тағы бір кеберсіген тамақ қақырынып сілекейін жұтты. Тағы біреудің сөйлеуге дайындығы бұл. Қалаубек мойын созып өздерінің ағайыны - Едігенің жуаны Кәріғұлды көрді. Кәріғұл Жұматаймен шөбере. Мыңды айдамағанымен көңілі мыңды айдағаннан кейін емес.

- Уау, «қара шаңырақ», «аруақ», «құдай» дейміз, Аузымызда құран, алдымызда бата. Береке-бірлік қалаймыз. Бірақ соның бәрі көз алдау боп барады. Қарап отырсам, жиналып келіп сауғаның өз олжаң екен ғой, Сонда Едігеге тиетін сыбаға бола ма, болмай ма? Аралбаймын деп Байбол, сен шіренесің, жақыныңмын, көршіңмін, қарындаспын деп, Бақсыбай, сен тұрасың. Сонда мынау Едіге бір көтерілмей, бір марқаймай бұйығын қала бере ме? Аулыма келген қыдырды аударып басқаға жібере алмадым. Болыстың жөні Едігеден. Едігеге тисе - мен болам! Мына қара шаңырақ астында айтарым сол!-деп Кәріғұл түкірігі шашырап, қанталаған көзін Жұматай ақсақалға қадалта тоқтады. «Ет жақын туыссың, сөйле сөзімді, ұйыт мына жиынды. Қара шаңырақ киесін ойла»,- дейтіндей содан соң шаңыраққа шалқайып қарап қойды.

Жұматай сөзге араласпай үнсіз отыр еді, төрт көз түгел өзіне төңкерілгенде еріксіз даусын кенеді.

- Жә, ағайын, бағанадан бері ауқымдарыңды түй-

дім. Сыртыңмен ғана сыпайы боласың-ау, түге. Сырғыта салған құрғақ мезіретілеріңді ұқпайтын ақ үрпек балапан емеспін. Мен кімді жығып, кімге бұрардай төбе би едім? Қай уақта осыған дейін алдыма кеп, ақылыма құлап едіңдер? Біріңді-бірің аямай шалып жатқандарында ара билік сұраған күнің бар ма еді? Мен түскен әділет дейтін соқыр сүрлеуге ат басын бұрған бірің болды ма? Бұрмақ түгіл, сол жолды күреп жауып, жоғалтуға тырысқан осы сендер емес пе едіңдер? Әділет таппай әрекет сауып жүрген кешегі күйлеріңе кіжінсем, бүгін қалай сүйінем? Немененe сүйінем?

- Оу, Жұмеке, қайта-қайта сөгіс естуге келген жоқпыз. Онан да біздің күтерімізді айтсаңшы бөгемей,- деп Байбол бөліп жіберді. Жұматай болысқа біраз тосыла қарап отырды да, мырс етіп бір езуден ажуа ойнатты.

- Күтерімді айт деймісің. Айтайын, тыңдай бер. Бай не күтеді? Ассам, толсам, асқақтасам дейді. Кедей не күтеді? Өлмесем, күн көрсем дейді. Бай не қуады? Сыбыр-сыпсың, өсек-айла, дау-жанжал қуады. Ант-иманын саудаламайтын тобырымнан артық жерін бар ма, Байбол? Аруақ шақырып, мола күңіренттің, Кәріғұл! Епсектігің ғаламат-ау! Ал, енді күнде күңіреніп жатқан жітікке саяқтың зары мен шерін естіп, ұғып көрдің бе? Жоқ! Туысымсың, қандасымсың. Ал, енді Кәріғұл, сенен де гөрі анау жалғыз түйелі Шуыртпалы Абылан неге жақын, неге ынтық? Мұңы, зары бір. Зорлық пен зұлымдық қумайды. Тірлік қаракетін күйттейді. Абыланға берер, кедейге тиер үлесті туысым деп саған ұстатам ба? Байым мен тектім деп Байбол мен, Бақсыбайға ұсынам ба? Мен қиғанмен өкімет бермейді, Соны неге ұқпайсың? Көмейіңе күлкіл тығып жүрмесең ас батпай ма, Кәріғұл? Тізе біріктіріп, қол жалғап көбейіп, нашардың аузындағысын тағы да қағып әкеткелі кепсіңдер. Оларың бола қоймас. Мың асқанға бір тосқан! Кек пен қыжыл бір тұтанса, шын тұтанар. Менен сұрағандарың осы болса, менің жауабым да осы. Құрбан қазақ, аш-арық қазақ бас құрап ел болса, жер тырнап еңбек етсе -«соған кел, соған ұйымдас, ұжымдас!» деп өкіметім шақырса, мен неге қырық бөлуге құмартам? Жамау боп, сына боп жыртығы мен тесігіне неге қосылмаймын? Қосылам! Барам қазір! Көрем кедей сайлауын, теңдік сайлауын. Ішімнен жалбарынып



келген әділеттің, ең болмаса, бір рет айқай жаршысы болайын,- деп орнынан тұрды. Ағаш төсектің үстінда жатқан қама бөркін баса киіп, қисық табан орыс үлгісімен тігілген етігін сықырлатып табалдырықтан аттады,

Қалаубек әкесіне дән риза. «Бай емес, батыр емес, болыс та емес. Сонда да бөлек. Сыртымен суық, қатал, Бірақ маған әрі ыстық, әрі қымбат. Әлде өзімнің туған әкем, өмірімнің бастауы болғандықтан солай ма? Дүниеге келуіме себепкер десем, қарақшы болса да сүюім, сүйінуім керек пе? Ондай жанды ұнатар ма едім, сыйлар ма едім? Жоқ. Талабына талабымды қосқан, үмітіна үмітімді жалғастырған некем басқалардай емес. Мына отырғандардай болмайды. Япырым-ай, шын солай ма? Солай болсыншы! Осынау адалдығымен, ақ пейілімен ылайым ұмытылмай тұрсыншы! Мақтанам ба? Қолау тай мініп, көнетоз бешпент киген күйім бар. Көкемнің одан зорғыға шамасы келмейді. Ал, мен көкеме мақтанам... мақтанам...»

Қалаубек ойын үзгенде Бақсыбай сөйлеп отыр еді. Семіз денесін шайқап, жота мұрынның қос қапталындағы сергек сақшы - қос жанарды Байболға қадап қойып, сарнап отыр.

- Қиғаш-қиян дауға бармаушы едік бұрын. Жексұрын көріне берсін деген жазмышымыз бар шығар. «Ел қамқоры, азамат қарызын» арқалаған жақсылар бас қосыпсың. Бұдан былай осы күніңе де зар боласың. Әлден ықтай бастасақ, түбінде қорғалап кетерміз. Былш еткізіп бетке ұрғызып қойып бұғып отырмыз. Кімді жырғап, кімді тергерсің? Әркім өз қотырын өзі қаситын аумалы-төкпелі заман туды ғой. Ағайын, пейіліңе разымын. Қарамендені атадың. Мені, бізді атағаның. Рақмет. Бетіңді дұрыс бердің. Осы көңіліңнен артық қалауым жоқ. Ал, Қараменде болысқа лайық емес. «Тас түскен жеріне ауыр». Байбол достым, сүйей салды иек қағуым емес. Аз ба, көп пе, біраз атқардың. Бола алсаң, осы жолы да болыстық саған муәсіп. Иншалла, келісіп қозғалсақ ірге бұзылмас, жер шайқалмас. Салмақ салмаққа ғана түседі. Қөтеретін де салмақты ер. Сен көтер. Осыған баталасайық,- деп Бақсыбай байлауын айтып және бір есебін бүгіп қалды,

- Дұрыс!
- Осы байлау болсын!
- Осыған жә дейік!

- Бақсекеңдікі ақыл.

- Ақылға мақұл. Басқа сөз жоқ!-десіп жалпылдасып қостаған көпті біраз шұлғытып алып Бақсыбай және жалт берді. Ішіне іркіп қалған сыбағасын сұрап алдан тосты.

- Байлау осы болса, ауыз бірлігіміз қашпапты әлі. Осыған ішім жылиды. Әйтпесе, суық шалған үскірік көп қой. Ел салғырт, мен жым-жырт болмаймын. Құтпаным - жұтқаным дейтіндей мұрындық түсе қойған жоқ. Ол түскенше кім бар, кім жоқ? Қабақ баққанымыз шын болса, қисынды қолқаны мен де саламын. Ауылнай бізден шықсын. Дүтбайы бола ма, Қарамендесі бола ма, басқасы бола ма, әйтеуір, бұл ретке таласпаңдар,- деді.

Кәріғұл үркіп қалды. Бұлқынғанда мойнында бұғалық әкететін бас асау мінезіне сайды.

- Аруақ құдайға тапсырдым! Ойбай-ау, біріңнің өзің, біріңнің көзің жақсы да, жаманың, шеттеткенің мен екем ғой! Ереннен серең деп, соншама қақпайлайтын иіс алмасың болғаным ғой. Қанжығада кездесерміз енді. Уау, Едіге, Едіге, мен дегенің тайқы былай! Ер соңымнан!- деп зіл тастап орнынан тез көтерілді.

Шаңқай түстен ауып түскен күн дәу шартабақтай. Сонау мұнартқан көкте бояуы оңған сары жез легендей жеке қалған. Сәулесі талаурап, ақ көз кірпіктеніп қадалады. Осыншама көп жиын, нөпір мол жұртты рабайда бір көретініне таңдана ма, бетін көлеңкелер, мұнарын бүркердей шөкім бұлты жоқ.

Сай табаны жазық. Мың сан қауым былқ етпей сыйып кетердей. Дәл қазір осы арада мың болмаса да, қыбырлаған жан көз тұндырады.

Үстеріне бар біркиерлерін ілген жұрт қара терге түсіп, бір-біріне жапақ-жапақ қарасады. «Не болар екен? Тезірек бітсе еді?»-деген қорқынышты үрей суылы да, «әй, бәлем, осы жолы бір аспандармыз»,- дейтін үміттер де осынау әр түрлі жүздерде тұнып тұр.

Бір кез сайлаушылар да жетті. Ортада уәкіл жігіт келеді. Тұрғандар тегіс жапырылып әлгілерді бағып қалды. Әсіресе уәкілге көп қадалады. Толқындатып қайырып қойған шашына қарады. Көк мауыты шалбарбешпентін тіміскіледі. Бірінен мін тапты, біріне сын тақты.



- Бәле, шашын жалбыратып жіберіпті! Ұстара таппады ма екен, байғұс?

- Оқыған зиялының салты солай шығар.

- Көзі мейірімді екен, кісіге күле қарайды ғой.

- Жұмсақ болар. Жұмсақтық - жігерсіздіктің белгісі.

- Әйтеуір, едірейгеніңнен сақтасын!

Ермекбай мен Жақып қатар тұрған. Жақып уәкілді менсінбегендей ернін шығарды. Содан соң Ермекбайдың жеңінен тартты.

- Осыны кедейшіл деуші еді, әй жарытпас,- деп қоштау күтті.

- Көрейік те, босқа сары уайымға салынбайық, - деп Ермекбай қолын жұлып алды.

- Салын, салынба маған бәрібір,- деп Жақып одан сайын үдей түсті.

- Ал, маған бәрібір емес. Итім ырылдаса - жуансың деп, шегім шұрылдаса - надансың деп бас-көз жоқ төгпелей беретін сенің Байболың мен Дүтбайыңнан сақтасын. Ыңыршағым айналып бітіп еді, шыр бітпей өлем бе?

- Аузыңнан ақ май ағызғанын көрерміз.

- Е-е, еркімді бір берсінші осы, көркімді өзім-ақ табам!

- Ерік, көрік... оттапсың!

- Менің еркім мен көркім - сенің өртің екені де рас, Жақып. Ендеше, өртен де күл бол! Сол ғой сұрағаның!

- Тарт тіліңді!..

- Тілімді тарта-тарта мылқау болғам. Енді айқайлап айтысып, жұдырықтасып айқасып өлем. Оттамасаң, өзің оттама!

- Қап! Мынаның ісінуін-ай! «Құмырсқа әліңді біл!»

- Құмырсқа екенім де рас. Мен жинаймын, сен жейсің. Сенің Бақсыбайың асайды, шетіңнен обырсыңдар!

- Мә, саған обыр!

Екеу шарт-шұрт төбелесіп қалды. Сіңір жұдырық әндемдеу шықты. Жақыптың мұрнынан қан бұрқ етті, Жұрт екі жарылды. Екі бөлінді. Әдейі шақырса дәл бүйтіп мүдделес, мұңдас, сыбайлас, сабақтас боп жарылмас еді. Кішкене ғана қақтығыс үлкен тартыстың жігін ашып, дүйім жұртты кібіртіктен тез айықтырды.

Ер мінез, қимыл-қайрат оттай шапшыса, ез қылық, бұқпантай мінез епсек тәсілмен айла көздейді. Уәкіл алдында айқай-шу шығарып, кейбіреуді осы бастан тентек қып танытып, ылдилатып алуға жанталаса құлшынып ауық-ауық жел тастайды.

Бұл Ермекбайлар басынан солай бас бұзарлар ғой. Телі мен тентек емес пе шетінен бұл ауыл. Тыйым салмаса уәкіліңе де өкіреңдегенінен сақтасын әлі. Шектен шыққан шырыш бұзар ғой. Билік тимей жатып әкіреңдейді. Билік алса, төбемізді ояр.

- Оя алмас! Бола алмас!

- Неге болмасын. Кедей деп ақ-қарасын ойламай уәкіл жақтаса оп-оңай.

Тентекке шоқпар ұстатса уәкілге де зауал табылар.

- Жақыптың мұрнын қан-жоса қылды. Ата сыйлаған, аруақ аттамаған ел едік, жолға салдық.

Осы кезде күн ұзын үнсіз тұрған Қараменде қызынды. Қамшысын екі бүктеп алып зірк-зірк қалшылдады.

Осыдан шет қалдық бар ғой, онда амандық, саулық, тыныштық тілемеспін. Атадан ұрпаққа кетер от тастармын!

- Татулықтан кетерміз. Әй кетерміз-ақ!-деп Байбол қосылды.

- Аққа жоқ сылтау кедергі емес. Ат кекілін кеспеспіз. Кессек шорт кесерміз,- деп Бейсек селкілдеді.

- Осы сөзді қатты ұстайық. Атадан азған сұмдарды да көрейік,- деп Бақсыбай бір түйіп қойды. Көзі әлдекімді қарсы жақтан шалып қалды,- Әй, Ыдырыс, қайда бұрылдың? Шық, бері шық! Уа мұндар неме, мұндар сол. Е-е, іргені басқа бөлсін. Сен бөлгенде қайда барасың?

- Сізден қайда кетуші ем. Әне бір танысым кездесіп... Насыбай атысып... тұрып қалғаным,- деп кедейі қипақтайды.

- Бар. Орныңды біл. Ыдырамасын. Бас-көз бол!

Аздаған бір толаста екі-үш қызын ертіп Қалаубектердің қасына Балжан келді. Ақша әжейдің қолын ұстап, шоқ үкісін билетіп сәлем берді.

- Бағың жансын, балапаным, Балжаным. Бәсе, осы қызым жөн біледі. Рақмет, күнім!-деп риза болған әжей сығырая қарады. Сығырая қарады да көңілі толып, тамсанып қойды.- Балжан, балкөмейім, осы сен нешедесің?



- Он сегіздемін, әже.

- Қап, болмады! Бір жасың артық екен. Әйтпесе сенен артық қандай келін ұстар едім,- деп әжей бас шайқады. Қалаубек қызарып кетті.

Балжан да сезеді. Кең қара көздеріне ұяң нұр жүгірген сұлу қыз қайқы кірпіктерін дірілдетіп төмен төңкеріп жіберді. Бетінде лүпіл қаққан қан ойнады.

Содан кейін Балжан шалқая біткен кермеқасын қос доғадай қозғалтып, қабақ түйіп Қалаубекке бұрылды.

- Телтай ағаң қайда жүр? Біздің ауылға да келмей кетті. Осында жиылмай қалған жан жоқ. Көрінбейді ғой. Білмеймісің?

- Білмедім, Балжан. Неге келмегенін, кім білсін. Басқа бір шұғыл жұмысы болды ма? Әйтпесе, қалмас еді,- деп Қалаубек сыр ұққан жауаппен ілтифат білдірді.

Бұл екі ортада жұрт қайта тыншып, саябырлап, сайлаушыға құлақ түрген зейін көрсетіп еді, уәкіл жігіт бірер аттап ортаға шықты. Көмірдей қара шашын сілкіп қалып, шалқасынан жатқызды. Қос қолымен салалап тарап алды да, сөйлеп кетті.

- Жолдастар! Барар бағыты, іздер мұрат-мақсұты, жүрер жолы бір болғандықтан сіздерді «жолдастар» деп әдейі атап отырмын. Қазіргі уақытта Қазақстанның әр жерінде совет сайлауы өтіп жатыр. Болыстыққа таласу партиясын қоздырып, бір жағының шашбауын көтеріп, екінші жағының мысын басып, жемсау толтыруды көздейтін «пысықтар» қайта көтеріле бастаған тәрізді. Біз сотқарлық пен зұлымдыққа жол жоқ дейміз. Құлық пен сұмдықтың сыртқа паш етілмес қыр мен сыры кеп. Жүрек түбіндегі гауһардай ашылмай жатқан жақсылық пен жайсаңдық өз құпиясын ақтарып салатын шақ туды. Өмір бойы жадыңда сақтар үміт сәулесі жарқырар күн болса, ол енді алыс емес.

Еңбекшіл таптың азаматтары! Көзіңді аш! Жарыққа талпын! Жуан жұдырық бай, мырзалардың кесапатты істерін айыра біл! Тәкаппарсынып менсінбей қарайтын кердеңдігіне мойыма. Жылан арбаған торғай көп. Алдайтын зымиян көп. Арбалма да алданба!

Совет өкіметі көп жылғы соғыстың ауыр зардабынан, жұт пен аштықтың кесірінен күйзелген халықтың халін

жөндеу ниетімен жаңа шаруашылық саясатын жүргізіп еді. Соны арқаланған арам тамақ жуандар қайтадан атқа мініп, «аруағын» шақырыпты.

Жоқ! Совет өкіметі байлардың һәм байлардың шашбауын көтерушілердің өкіметі емес. Совет өкіметі - кедейдің, еңбекшінің өкіметі. Нашарлардың қорғаны мен тірегі. Соны таныту керек, тануларың керек.

Жолдастар! Қулық-сұмдық сауып, бірді бірге шатып ауылдық һәм болыстық атқару комитеттеріне кіріп алған байлар бұған дейін кездесіп келген. Жауыздықпен, қулықпен айқасу үшін біз соларды әшкерелей білейік. Іркіліп кідірмеңдер. Күдік ойларыңды ортаға салыңдар. Айла мен амал алқымдап жүреді. Соған талай рет көзіміз жетті. Елге шыққан уәкілдің көбі, әрине, айыпты да. Дос-жарым, туыс-жақыным, ағайыным деп залым байлар уәкілдерді ауылдарына апарып түсіреді. Иіліп төсек, жайылып жастық болады. Әмір мен жаза - алладан, бұйрық пен зорлық - байдан дейтін кедейлер уәкілдің әлгіндей бас шұлғуын көрген соң, жасқаншақтап сайлауда бойын көрсете алмай, күмілжіп қала береді.

Тағы да жоқ деймін. Мұңыңды шақпай, жоғыңды құмай, есеңді қайырмай қала беремісің, қалың қазақ кедейлері, еңбекшілері! Қала алмайсыңдар. Қалмайсыңдар! Өйткені енді барлық тұрмысқа сендер қожасыңдар, сірі алақан азамат! Бұға берсең, қорғалай берсең теңдік пен бостандық өздігінен келмейді. Қорықпаңдар да ықпаңдар. Сенің тілегің мен талабың күресте ғана. Аянбай айқасқа шық, білекті сыбанып түс! Ақырында айла-амал жеңбейді, әділет жеңеді. Ақырында бай жеңбейді, кедей жеңеді. Еңбекшіл тап жеңеді! Мықтымсынған, дандайсыған желікті кеуделердің «ел қаймағымыз» дейтін ұр-кеппелігі көп болатын! Оған азбаңдар. Қатар сиремесе, қатер кимелемейді. Арың - нәрің болсын, еңбекшіл қауым! Жұмыла көтерген жүк жеңіл. Жұмылыңдар да, іске кірісіңдер. Ал, жолдастар, жігерленіп тұрып өз қалау-көңілдеріңнен шыққан көптің мұңын, нашардың жоғын жоқтайтын біріңді ауылнай атаңдар!-деп уәкіл тоқтап, тағы да қою шашын сілкіп қайырып қойды.

Қақ жарылған екі топтан дүркін-дүркін, лап-лап жалындай дүрілдеп дауыстар шықты:

- Қараменде!



- Рымбек!
- Шуыртпалы Қараменде, өзі нашар, өзі кедей.
- Жоқ! Қараменде болмайды. Ол Бақсыбай байдың немере інісі. «Бай байға, сай сайға құяды!»
- Рымбек! Бізден гөрі көзі ашық!
- Рымбек нағыз кедей, қара сирақ кедей!

Уәкіл қос қолын жоғары көтеріп тыныштық сұрады.

- Жолдастар! Құр даурығудың керегі жоқ. Тәртіп сақтайық. Әр жерден бір айқайласақ, жиналысымыз бүгін тұрмақ ертең де бітпейді. Тонын теріс айналдырып киген байлардың өңеш жыртуда алдына жан салмайтынын мен де білем. Алданып қалмас үшін кезекпен, ретпен сөйлейік.

- Маған сөз беріңізші, мырза, өкіл жолдас!-деп Бопсабай ортаға суырылды. Жаз болса да жеңсіз нымшасы үстінен түспепті. Ілгегі үзілген екі өңірі жалпылдап жеңіл адамды одан сайын желдіртіп тұр.

- Жолдас дегеніңіз дұрыс, бірақ мырза дегеніңізге қосылмаймын, азамат. Сіз бен біз мырзалықты қайтеміз. Ал, айта беріңіз,-деп уәкіл жігіт күліп қойды.

- Айтсам, анау әлгі, жолдас уәкіл, өзің айттың тұрмыстың кілті біздің қолда деп. Ендеше бар ғой теңдікті біз алсақ, тау қопарамыз. Мына мен, қарағым уәкіл, санда бар санатта жоқ нағыз нашар едім. Енді сенің жаңағы сөзіңді тыңдағаннан кейін, анау әлгі, нағыз мықтының дәл өзімін бе деп марқайып қалдым-ау. Бұға бергеніміз рас, бұғына бергеніміз де рас. Әй, Дүтбай, қайда тұрсың? Тұра бер солай. Анау әлгі, жолдас уәкіл қарағым, анау Дүтбай ауылнайға қараңызшы. Көріңізші өзіңіз. Ал, енді осы Дүтбайда Қодар мен Құждай құбыжық түр бар ма? Әрине, жоқ. Қайдан болсын. Анау әлгі, бұл өзі сонда да маған жан алғыш әзірейліден бір де кем емес. Неге дейсіз ғой? Бопсабай кекіре ме - тойынған екен. Салық дейді. Бопсабай түзге шыға ма - күпті болған екен. Тағы да салық. Анау әлгі, қарағым, Бопсабай деген мен болам. Өзің мынаны айтшы. Осы ауылнайдың бас жоқ, көз жоқ сала беретін салығының шегі бар ма?-деп оқыс сұрақ қойды.

- Сұрағыңыздың маңызы зор, ақсақал. Сондықтан бәріңізге түсіндірейін. Ауыл шаруашылығына түсетін үкіметтің қаулысымен жалғыз ғана салық бар. Жер кәсібімен шұғылданатын елге салық егініне түседі, бидай есебімен жиналады. Мал өсірумен күн көретін шаруаға

салық малына салынады, ет есебімен жиналады. Көзделген мақсат - ауыл шаруасына түсетін салықтың мөлшерін азайту.

- Әб, бәрекелді, аузыңа май, қарағым! Ендеше жазғыз ешкілі Бопсабайды жағасынан сүйрететін Дүтбай сияқтыларды, анау әлгі, жолдастар, жаңа уәкіл жігіт жолымыз бір деді ғой, арамызға жолатпайық! «Қараменде, Қараме-ен-де!»-деп даурықты ғой осында. Ал Қарамендені, анау әлгі, кім екенін білесіңдер ме? Білмесеңдер мен айтайын. Ол-зұлым. Ол - уәкіл жолдас айтқан байдың шашбауын көтеруші. Анау әлгі, нағыз кедей мені ұрып, басымды жарып, жұртына тастап кеткен де осы Қараменде. Өтірік десе, ана жақта менің бәйбішем тұр, сол куә болады.

Анау әлгі, «жолдастар» деген сөзді айта бергім келеді. Себебі мен жол жүріп, топ құрап көрдім бе? Көрмедім. Ендігі жолым сендермен бірге екен. Соған қуанам. Айтайын дегенім, ауылнайлық маған лайықты тәрізді. Анау әлгі, бірақ нағыз кедей болсам да, мен оған қызықпаймын. Рымбек, қайдасың? Бері шық! Анау әлгі, менен де гөрі нағыз лайық ауылнай осы. Уәкіл жолдас, нашарға жаны ашитын Рымбекті ауылнай сайласаң, тұп-тура үйіме қонаққа шақырам. Көкжағалдың бір қонағасына татырлық қоңы бар,- деп Бопсабай қолын қусырды. Басын иді.

- Рақмет, Бәке. Ал, ауылнайды сайлайтын мен емес, өздерің ғана. Кімді қаласаңдар, кімді ылайықтасаңдар - сол болады. Өйткені менен де гөрі сендер ол адамды жақсы білесіңдер. Сізге, Бәке, қатты ризамын. Қонақ болудан еш уақытта қашпаймын. Бірақ кейін бір реті болар. Әсіресе, сіз сияқты кісімен асықпай әңгімелесіп, сұхбат құру мен үшін іздесе табылмайтын қазына,- деп жайдары тартқан уәкіл Бопсабайдың қолын қысты.- Ақсақал, мені де еске ала жүрерсіз. Атым - Жұмаш. Руым да, туғаным да, жүзім де - қазақ.

- Қарағым уәкіл жолдас, мен де ру-сұруыңды түгендемейтін сормаңдай едім. Анау әлгі, сендей іні тауып жаман ағаң айды аспанға бір-ақ шығарып тұр. Енді бар ғой осы дәл бүгін ошағымды, от басымды көрмесең, өкпем таудай, өкінішім ормандай болады,- деп Бопсабай дүниені ұмытты. Жүгіріп жүріп Дәрияны ертіп әкелді, Рымбекті жетелеп және жетті.

Жұмаш сұрақ қойды.



- Сіз Рымбексіз ғой?

- Иә! Рымбек деген менмін.

- Кедейге қалайсыз?

- Табан астында не дей қояйын? Өзім кедеймін. Өзгеде жоқ, өзімде де жоқ. Бірігіп іздерміз.

- Дұрыс. Сауатыңыз қандай?

- Қол қоя алам. Мақтанарым шамалы.

- Жаман емес. Саясаттан хабарыңыз бар ма?

- Саясат деген тірлік қой, уәкіл жолдас. Тірлік-тұрмысты өңдесек, байдан есе қайырсақ, саясат бізден қайда қашып құтылады.

Жұмаш риза. Көзі күлімдеп, бас изейді.

- Жолдастар, ауылдық Советтің атқару комитетінің төр ағасына Рымбек азаматты ұсынып отырмыз. Дауысқа салайық. Лайық деп тапқандарыңыз қол көтеріңіздер.

Жұрттың дені Рымбекті қолдап кетті.

- Дауысқа салсаң да, салмасаң да Рымбек ауылнай.

- Нағыз ауылнай!

- Адал, таза ауылнай!

- Ұсынамыз!

- Сайлаймыз. Өзіміз сайлаймыз. Кедейімізді сайлаймыз!

- Жасасын теңдік!

- Жасасын кеңес өкіметі!

Рымбек ауылнайлыққа өтті. Орынбасар мен хатшы және сайланды.

Осы қызу дүбірлі бұқара сол ағындаған екпінімен басқа пікір, өзгеше леп туғызбай болыстыққа сайланатын жеті адамды да түп-түгел кедейден, нашардан және ұсынды. «Жеңген бетім, алған жерім»,- деп күшпен көндіріп, ауқыммен алды.

Бақсыбай ызадан жарылардай дымы құрып, көп ішіне қыдыртып көз жүгіртіп тұрған. Дауысқа салған кезде қарсы жаққа қол көтерген қызын көріп қап еді, өрттей тұтанып кетті. Қасындағы Қарамендені бүйірден түртіп қалды.

- Бар! Қайтар Балжанды! Менің жауым өзімнен шығыпты. Тез жөнелт! Тұрмасын енді мына шуылдақтың арасында. Менің де атымды дайында. Қалмаймыз! Кетеміз!-деп жұлқына бұрылды.

Қалаубек мәжіліс барысын қызықтап шолып тұрған,

Бақсыбай қимылын жанарынан шалт жібермеді. Ішінен мырс етті. «Аужал жоқ. Үнің өшіп қалды ғой. Әлгіндегі мықтап түйген бата, бәтуаларың қайда? Сырттан піш-кен тонды тіге алмадыңдар ма? Ал сол тонды кие алмай пұшайман болып бұқпантайлаған бай-жуандар осылай ызалы күйде үнсіз қала бере ме? Әлде түксиген қабақ-ты қаскөйлікке ұластырар ма? Оған бірақ мына Рым-бектер бой бере қояр ма. Бопсабай ғұрлы көп алдына шыға алмаған Байболдар қандай ызамен кек қайрай алар? Кегі неде? Күйініші неде? Ақсақал, қарасақалы-нан күй қашқан дәрменсіздігі шын болса екен. Сертке серт дейтін тайынбас тәуекелге тартса, онда мына есе тиген күннің ертеңі не болмақ? Жарты үмітті көңілдің шаласы тұтанбай жатып сөнер ме? Соны сөндірмесе, лаулатып әкетер құдірет бар ма? Уәкіл айтқан кедей теңдігі бүгін асқар белдей көрінгенмен, ертең сағымдай сусып, ұстатпай кетіп жүрмей ме? Рымбек, Бопсабайлар тайсалмай түсіп, табжылмай соғатын күреске бел сыба-нып бара ала ма? Бара алса - ендігі алыс-жұлыстың арты немен тынар? Кісі өлімі, құн дауы ма? Бақсыбай, Байболдар мың айдап отырып кедейге құшақ жаймай-ды. Ендеше, жаулықты жасамай және тұра алмайды, Соны кім жөндейді, кім түзетеді?» Осы ойлар қат-қабат келеді. Түйдек-түйдек жетеді. Жас жігіттің ұшқыр қия-лы әлдебір жақсылықты үлкен қызумен сездірсе, артын-ша-ақ белгісіз күдікті ауыр уайыммен және көлденең-детеді.

Әжесі қолынан тартты.

- Қалаужан-ау, рақат күй кешкенімді білдің бе? Осыншама жасқа келгенше байды басқа, жуанды жонға тартқанды көрмеп ем. Тәңір қысасқа тар екен. Көзім жетті. Шүкір, тәуба! Анау кетіп бара жатқан Кәріғұл-дар мұрттай ұшқанын сезбей бара-ды-ау. Өздері біреу-лерге жаназа тілеп барады-ау. Құданың құдіреті, жете-сізге желкесін үзсе де, жетпейді-ау. Әйтпесе баяғы зорлық бір зорлық деп қуалай бермес еді ғой, бәтша-ғарлар!- деп орнынан тұрды.- Осы сен не ұқтың, Қа-лаужан! Шынайы жақсылық жолын сарылып іздеп, арылмай түс деген ел ыңғайын сездің бе? Жолың бол-ғыр, басқалармен қосылып сол шындықты сенде іздермісің,- деп бір жайды аңғартып қап еді.

«Рақмет әже! Сол айтқаның болсын да. Солай бас-тасын да»,- деп Қалаубек іштей келісті, іштей құптады.





Кеш батып барады.

Тоған басында екеу отыр.

Көлеңке басы ұзарған сайын кешкі қарбалас үдей түсуде. Жамыраған қой-қозының даусы маңайды басы-на көтерді. Сәлден соң үй-үйдің алдындағы жер ошақ-тардан будақтаған түтін көкке жайылды. Дүңкілдеп келі түйіледі. Баяу сықырлап қол диірмен айналады. Бұл ауылда ет аз. Бұл ауылда - нан мен бауырсақ бар. Нан - байлықтың басы. Содан да болар, қотан басында ойнап жүрген балалардың күлкісі сыңғыр, даусы шат, айқай-шуы көңілді.

Жалқын күн көкжиекке жамбастады.

Әуеде қою бояу көп. Күрең қызғылт сәуле Жұмаш-тың жанарында ойнап, жүзінде құбылады.

- Адам баласының өнері мен білімі, оқуы мен әде-биеті, саясаты мен мәдениеті - барлығы шаруашылық кәсіптен - әсіресе, өнеркәсіптен туады. Өнер, білімнен кенже- қалған халық ең алдымен өз тұрмысын жаңа өрнекпен, жаңа кәсіппен түрлентуі қажет. Қазақ еңбек-шілерінің шаруашылық тұрмысы құрылмай өнерлі ха-лықтардың қатарына тез кіріп кете алмайды.

- Жұмеке, ал, сол жаңа өрнектің жолы мен мәні неде?-деп Қалаубек сұрақ қойды. Білсем, біле берсем деген ынтықтық кешеден бері ұланды уәкіл жігіттің қа-сынан екі елі ажыратқан емес.

- Оның жолы - көшпелі тұрмысты тастап, отырық-шылыққа бейімделіп, жер шаруашылығына ден қою. Әр тұста шұбырып жүрген кедей көп. Ұйымдасып, шаруа-шылық құрам дегендерге өкімет тарапынан жәрдем бе-рілмек,- деп Жұмаш жауап қайырды.

Ымырт үйірілді. Жұлдыздар туды.

Ауыл үстінен аңырап зарлы жоқтау дауыс естілді.

Отырған екеу елең етісе қалды.

- Жеңешем ғой, жеңешемнің даусы ғой.- Өңі қаш-қан Қалаубек орнынан атып тұрып ауылға беттеді.

Әлгінде осы ауылға жалғыз атты жолаушы - Кәрі-ғұл келіп еді. Жұматай ақсақалдың үйіне түсіп сәлем-дескен соң, оқшау бір суық хабарды мақалдап, тақпақ-тап отырып айтып салған.

- Әуелі баһрә ашылса,
Аққу шомар көлдерге.

Туысқаны кімнің көп болса,
Үлкен медеу белдеуге.
Білдіруші бар ма екен,
Алып арыстан сұласа?
Жан беруші бар ма екен,
Бәйтерегің құласа?

- Әй, Кәріғұл! Сен бұлбұл, мен дүлдүл емеспіз. Көмейіңде күлтілдетпей айтарыңды айт та, төбемнен бірақ ұр!» «Арыстан», «жолбарыс» деп, қашаңғы малтаңды езіп отырасың. Не болды? Қай қазаңды әкелдің?-деп Ақжолбек демі дірілдеп, тынысы тарылып Кәріғұлдың қолынан шап беріп ұстай алды. Іші сезе ме, жүрегі сезе ме, өңі қаша сұрланып, «соны айтпаса, естіртпесе» дегендей ауыр ырғақ деммен қинала күрсінеді.

- Ән - рақат, күй - құдірет болмай тұр. Менің бұлбұл, сенің дүлдүл емес екенің де рас. Ескі арбадай сықырласам, құлағыңа жақпайды екен. Онда қанатың қиылды десем,- қара көзіңнен жас шыққанын қайтейін-ай! Бұлағың суалды десем - аһ ұрып өксігеніңді қайтейін-ай! Тас қорғаның бұзылды десем - ағыл-тегіл еңірегеніңде не бітірерсің? Болат қылышың майырылды десем - запыран төге күңіренгеніңде не бітірерсің? Үздігің үзілді, кездігің сынды! Көпіргеніңді, кекіргеніңді қайтейін-ай! Мен бұлбұл емеспін. Тілім кесілсін! Қаралы хабар әкелдім. Сен дүлдүл емеспін дедің. Дүлдүл болсаң - құзғыннан қаршыға қаза табар ма еді? Бауырың өлді - басыңды тауға,тасқа соқ, қайта оралмайды. Қаны шашылды - касқырлығың қайда қалып еді? Телтай інің өлді! Телтайініңді өлтірді!-деп Кәріғұл сақалы селкілдеп жылап жіберді. Бұны да буған өкініш, ыза болса керек. Ширығып, булығып, тығылып отыр.

- Не дейді? Апырай, Кәріғұл-ай, рас па?! Телтай!? Телтайым дедің бе?

Ақжолбек даусы өшкендей одан әріге тынысы жетпей сұлқ қалып, басын төмен салбыратып жіберді. Ер мінез, қатал жанның тұңғыш егілгені болар, екі иіліп опырылып барады.

Жұматай ақсақал «Әлхамды» шолақ қайырып, қолын жайып бата жасады. Бетіне домалап түскен көз жасын сұқ саусағымен іркіп алып, сілкіп жіберді. Кәріғұлға шұқшия қарады. Асықпай жай-жағдайды анықтап сұрады.



- Атып өлтіріпті. Атқызған Ақтайлак көрінеді. Нарқоспақтың Қарагері - дау басы. Телтай ініңіз соны ұрлай барса керек. Мінез тоқтатпаған тентектік қой. Бірақ кісі өлімі, ел арасының бүлінуі болмап еді бұрын. Бұлар барып тұр. Аянбай, жауласып барып тұр. Кекке кек, қанға қан деп шоқ отырған ағайын мені әдейі өзіңізге жіберді. «Едігенің аруағы шайқалмаса, Ақтайлақ аулын шауып-аламыз!», «қырып аламыз»,- деп отырған туысыңның дәл қазір сойыл-шоқпарын беліне қыстырып, ат-тұлпарын жаратып, ерттеп дайын тұрған қалпы бар. Доптай үйіріліп, жұдырықтай түйіліп отыр. Озан-ұран боласыз ба, тұзақ-тұсау саласыз ба, бетіңізді білуге мені жұмсады. Аруақ пен құдай, ар-намыстың басы рас болса, көкірекке ит сарымаса, осы жолы Жұматай ақсақал сөзін бір араға түйер-ақ, келісер де кірісер-ақ деп сеніп жіберді. Қуандықтың өз мінезіне орай мінез, қылығына лайық іс жасаймыз деп құлшынып қалған ағайының қанды мойын күнәкәріңді алшаңдатып жүргізе алмаймыз дейді. Табанға түсіп жалпетек болған жайымыз жоқ еді. Кедей өкіметі, теңдік тұсында бай қорлығына көнбейміз, төзбейміз дейді. Ел сәлемін, ағайын өтінішін әкеп отырмын. «Қол қимылы болмаса сөз көмегін берсін»,- деп сізді қинап сарқылған көп тілегі осы!-деп Кәріғұл асығыспын деген қимылмен құлақшыны мен қамшысын қолына ұстады.

Жұматай ақсақал осы сәт үй ішіндегі еркек-әйел жақынның дауыстап жылағанын тоқтатқанынан түгел өзіне тесіле қарап, жауап тосқанын анық сезінді.

- Жә, Кәріғұл! Сен таусыла сөйледің, мен сарқыла тыңдадым. Телтай - арыс еді. Азамат еді. Бірақ азаматтық жасамады. Батыр бір оқтық. Қозғай түсіп, қоздана жанатын жағдай емес. Тентектігі теріс сүйрепті. Бірақ қазасын аза тұтам. Өлігіне жас төгем. Қыршынына қабырға сөгем. Жастығына зар шегем. Оған туыстығым да, туғандығым да жетеді. Өрлігін ұнатсам,- ерлігіне сүйінермін деуші едім. Батылдығын құптасам,- батырлығын естірмін деуші едім. Өмірі алдаса,- өлімі тосып отыр. Ойымдағының бірде-бірінен шықпады. Жақынды дүдамал, алысты кер амал қылып кетті. Ақ сақалды жас жуса, ақ тілекті қан жумақ. Не үшін, кім үшін? Ат-сойыл қамданған анау алты ауыл алпыс ер шығарсың. Мен қосайын тағы бір алпысты. Сонда не түспек? Алпысқа алпыс, тағы алпысқа алпыс жігіт тап-

пас Қуандық жоқ па екен? Бар! Тентекке келтек сілтесе, содырға сойқан тірестірер-ау! Сонда не алармыз? Кімді қырармыз? Кімді шабармыз? Өзімізді ме? Ашуда тосу, жоқ. Оқта өкпе бола ма? Сойылда сыйлау бар ма? Телтай - інім еді. Інілік қарызын борыш тұтам. Намазым мен батамнаи қалдырмаспын. Телтай - ардақтым еді. Ардагерлігін көре алмадым. Артына ылаң ғана тастапты. Бәлені күшейтіп ашпай, неге баспаймын? Басам десем, сендерді қоштамаймын. Анау ереуілдеген ағайынға райдан қайтсын, сабасына түссін деймін. Өкімет бар, сот бар. Білек дауымен іс өнбейді. Білім жөні басқа. Ауылнайың - Рымбек, осында уәкіл жігіт Жұмаш бар. Солармен ақылдас. Дүрбелеңді өрбітпе, ағайынға алаша іздеткізбе! Менің ақылым осы!-деп күйініп тоқтады.

- Е, олай болғанда, әйтеуір, баяғы қалыстығым қалыс демексіз ғой. Азамат құны «аттан» дейтін бір сөзге сыймаса, ендігі елдігімізден де түңілдім,- деп Кәріғұл ысылдай сөйлеп шар ете қалды.

- Кәріғұл, сен өйтіп жанашыр болма. Қисық тартып барасың. Жансақ ойдан жазым от тұтанатын. Жайлауыш өрт басатын. Қарағым, «арыс» деп, «құрбан» деп не бықсытып отырсың? Соны ұғамысың? Мен қалыс қалған екем ғой. Ендеше оққа айдап, өлімге сүйреген сенен гөрі қалыс қалған мен айыпкер екем-ау! Болдым онда. Айта бар!-деп тоқтады.

Кәріғұл орнынан ашумен көтерілді. Оң қолына қысып алған қамшысын саптамасына салып қап, әлдене айтқалы оқтала түсті де, іле айнып, сыртқа беттеді.

Үй іші тым-тырыс. Манадан бері өкси тыңдап отырған Қалаубек Жұмашқа қарады. Жұмаш үнсіз. Жүзі күреңітіп терең ойға шомған.

Ақжолбек басын көтерді. Жан-жағына қанталаған көзін қадай қыдыртып, тізерленіп алды.

- Аға! Телтай маған да іні еді. Сізден де гөрі ол әсіресе маған ден еді. Мынау өлімі менің бүкіл дүниемді ойран-асыр ғаламат етіп кетті. Зорлыққа, ұрлыққа, қорлыққа баспа дейтін ақылыңыз миыма қонғандай бір сәт кешіп едім. Амал не? қолтыққа дым бүріккен мына хабар мені еріксіз қайта шайқалтты. Айтқаныңыз бәрі дұрыс, аға, бірақ өз басым, тек өз басым қабылдамайды... Рұқсат беріңіз. Бөгемеңіз мені! Рұқсат бермесеңіз - қарғысыңызды арнамаңыз. Мен атқа қондым. Табармын, таппаспып, іздерім - құныкер. Телтай-тентек емес. Осының азғырушысы, алдырушысы бар. Соңғы көргенімде бір сөзді, бір жайды көмейге тығып сездіріп қап еді. Аңқау басым аңғармаппын. Сол сырды ашпай, құнын қайырмай аттан да түспеспін!- деді.



- Ақжолбек, қанша далбасалағанмен сені ұстап көрген емеспін. Ұстатпасаң, ақылыма ермесең, маңдадайыңа жазылғаны сол болар. Қарғамаймын. Бірақ өзімді өзім қарғаймын. Мені аға деп тіл алсаң, тағы да қой дер едім. Одан кеттің. Қайтейін. Ең болмаса, анау үйдегі шешеңнің батасын ал,- деп күйзелген Жұматай қайтып жақ жазған жоқ.

Көп кешікпей Жұмаш, Рымбек, Қалаубектер атқа қонды.

Түнгі дала ат тұяғының дыбысың жаңғырықтыра қайталап, алыс-алысқа алып қашып жатыр. Рымбек Жұмашқа жанаса қатарласты. Тосыннан жол жүруге, алғаш рет әкімшілік жұмысқа түсуге себеп болған мына хәлінде әзірше не істерін, не қоюын білмейді. Өздігінен уәкілден жөн-жоба сұрауға және батпайды.

- Қанша қалды?- деп Жұмаш оң иығынан иегін қылтита Рымбекке бұрылды.

- Анау қырдың астында.

- Ал, ауылнай, осы жолың - тырнақалдың. Мықты бол!-деп уәкіл пысықтап алды да, басқа кеңес-пікірге барған жоқ.

Кәріғұл қаралы елді дүбірлетіп қойған екен. Жұматай аулынан түн қатып келген үш жолаушыға іш берген жан болмады. Ат ұстауға да ешкім шықпады. Суық қабақ жат қараспен жамыраспай қабылдап, көңіл айтқан шағын топты Телтай үйіне еріксіз кіргізді.

Мұңлық ана ұзақ сұңқылдады, ұзақ жоқтау айтты. Екі бүйірін таянып алып көй-гөйге басқанда Қалаубектің де көзінен бұртік-бұртік жас ытқыды.

...Алтын бір сүйек тірегім
Ақылға диқан зерегім.
Іші күміс, түбі алтын
Құлады-ау, жұртым, терегім-ай!

Алдаспан сынды балдақтан,
Иесі қайда кісенің?
Анаңды бүйтіп зарлатқан,
Жиырма бес жас мүшелің-ай!..

«Ащы зар мен шерлі мұң төккен неткен жоқтау еді! Сай-сүйекті сырқыратқан мынау сарын айғайсыз, байбайсыз-ақ талайды ақ сойылға еріксіз жармастырарау! Әнші халық, арманшыл халық қызығы мен қайғысын да ән мен зарына сыйғызып, шұлғыта білген ғой. «Туғанда дүние есігін ашар өлең. Өлеңмен жер қойнына кірер денең»,- деп Абай ақын айтыпты. Ұғып, ұғынып айтқан-ау! Халық алдындағы қарызды ойласақ, осындай шерлі күйін, жан күйігін дөп басар пернесін таба алсақшы. Кешегі «Ақтабан шұбырындыда» туған «Елімайы» бүкіл бір халықтың шежіресі мен тарихы ғой. Ән - құдірет. Күй - шежіре. Зар - атой. «Желпін, серпіл» дейтін шақыру, ұрандау ғой. Қалай тоқтатарсың?»- дейтін ой тізген Жұмаш бәйбішеге қарайды.

Қалаубек те ұйып отырған, ана саябырлаған кезде Рымбек даусын кенеп сөз бастады.

- Апа! Телтай жалғыз сіздің ғана балаңыз емес осы отырған жұрттың бәріне бірдей ортақ асылы еді. Қабырға қайыстырар қаза бар. Сол қаза, жас қазасы осы. Артын, аруағын сыйлайық. Тілек, дұғалығымызды арнайық. Арманы, ынтығы болса кейінге, біздерге, мына Қалаубектерге қалды. Алдынан жарылқасын. Қасірет жеңген ізгі жүрек қаракет ойлай қоймас. Билетпей, сергітпей кетер қатты соққы әл-қуатты жиғызбайды. Амал қанша! Тәуекел етіңіз! Қайғы соңына қадалудан үмітшырақ қайта тұтанар ма? Шер толқытсақ, тіріліп келер өзекті жанды көргеніңіз бар ма? Жұбаныш таппас өкініш арманы қандай ауыр. Көзбен көріп, оймен таныр аяулы азамат-ақ еді! Алланың ақ бұйрығына кім тосқауыл? Бекініңіз, апа! Берік болыңыз! Анау ағайын аза тұтып, азан шақырып отыр. Соның өзі жақсы Телтайдың жақсы орнын жоқтау болар. Сабыр табыңыз. Ана жүрегінен нәзік, ана жанынан сезімтал құдірет жоқ. Ат-сойылын қамдаған мына ереуіл топқа не айтасыз? Оңаша сырласқандай ұлыңыз қазасы не жүктейді?«Қан төк! Өлім-қаза сеп!»-дей ме? Тағы да талай ана зарласын, ақ шашын талдап жайсын дей ме? Сіз айтыңыз, апа. Ойланып, дертті жүректің шын қалауын, арман сырын баян етіңіз,- деді.

«Жақсы Телтай, азамат Телтай» деген кездерде ананың жасты көзінен ыстық-ыстық кесек тамшылар үзіліп-үзіліп түсіп отырған. Тұла бойын улатқан қасірет күйігі сол жастармен ағып бітті ме, енді саябырлай қа-



лып, ащы бір мол деммен бір-ақ уһілеген ананың дәрменсіз дірілді сөзіне жалғасты.

- Қайғылы кәрі көп. Санамен сарғайған сорлы көп. Ел аулақ, мен бейбақ деп күңіренем де, Рымбек шырағым. Телтайым - сүткенжем қандай еді! Сүтқұрғатқаным қандай еді! Қарыс маңдай азаматым еді. Мерт болды! Ақыным, азулым! Ардақтым ақиығым еді! Мерт болды. Майталман әншім, думаншыл тойшым еді. Жайдарлым, көпшілім. Әзілқойым, аяулым еді! Мерт болды! Келінім кім? Немерем қайда? Бірі жоқ. Неге өлді? Кім үшін өлді? Неге атты? Адамды адам атқанда тау құлап, жер жарылмас па? Адамды адам өлтіргенде күн сөніп, аспан құламас па? Өлтірген кім? Ұлымды ғана өлтірген жоқ, ұлымнан өрбір ұрпағымды да өлтірмеді ме? Тумай кеткен ботамды сүйе алам ба? Болмай кеткен батырымды бауырыма құшармын ба? Кім айтар, кім көрсетер? Қол басындай қорғасын өлім сепсе, жұдырықтай жүректен өткен қатыгез көрдің бе, Рымбек қалқам? Қайдасың, ұрпағым-немерелерім, деп тау-тасты кезсем, табармын ба? Еңіреп етегімді жаспен толтырсам, Телтайымды тірілте алармын ба? Арман деген сана бар. Сарғайып сарыլармын. Сенделіп шарқ ұрармын. Одан басқа не істермін. Қайтейін. Жылап іздермін, жоқтап басылармын. Күйікпен іздермін, күйініп тоқтармын. Әйтпесе, Телтайымның алдында алатын кезек менікі еді ғой. Өлмеген соң көнермін. Қу кеудеге шер, шемен көмермін. Не дейін, Рымбек шырағым? Жұбаныш таппай қиналсам, қасірет сеуіп тағы қаңғиын ба? Өлімге өлім дейтін қастандық ақ шашыма жарасар ма? Ақ тілеуіме сияр ма? Мен - анамын. Ана біткен ұлының адалдығын, амандығын тілейді. Ендеше, өлім іздемейін, өмір қорғайын. Ереуіл топ сыртта тұр дедің. Мен десе, Телтай аруағын сыйлаймыз десе ешқайда бармасын. Әй, Сартай, Тортай! Бала менікі. Іні - сендердікі. Тоқтат ана тобырды. Жаназаға жаназа үстемесін. Басылсын әрі! Басылыңдар!-деп ана ауыр күрсінді.

Содан соң Сартай, Тортай бастаған Жұмаш тобы Кәріғұл үйіне кірді.

Сартай бірер сөзбен шеше аманатын жеткізді. Кәріғұл шоршып түсті.

- Алжыған кәрінің абдыраған - халіне бой алдырған, мұңдар! Не оттап отырсың өзің? Арысыңды оң жаққа сұлатып салып қойып үнсіз мойын ұсынсаң, қа-

лың Қуандық ертең іргеңді түріп қойып шаппас па екен? Құтыртып отырған Ақтайлақ болса, қырылып жатқан Телтай бауырың еді ғой! Кегі қайда, қаны қайда? Едігенің ақсақалы деп алдыңа ұстаған Жұматайыңның түрі анау. Енді сен келіп бошалап отырсың. Көк сүңгі қайда? Қақ сойыл қайда? Қан қайда?- деп қамшымен от басын салып-салып қалып қалшылдап кетті,- Күш жина, қимылда! Сес қыл да, атқа қон! Шауып алып, айдап әкел! Құның сол! Есең сол! Кегің, әне! Келтекке келтек! Неге аянасың, неге тартынасың? Күнің барда көсіл! Құрық барда сілте! Осы қазір атқа қон! Тарт көлденең менің Сүйріккегімді!

Жұмаш орнынан тұрды. Түрегеп тұрып сөйлеп үйреніп қалған әдетімен жай бастады.

- Ақсақал, сізбен ғой бір кеште екі рет кездестік. Екеуінде де ашу шақырып, ақылдан безіндіңіз. Сондағы сіздің қуарыңыз бен тосарыңыз не? Сын болар алдыңыздағы асуды көресіз бе? Содан қалай аттарсыз? Қай мінезбен аттарсыз? Қысасқа қысас деп теріс езу қиқарлық жасамақсыз ба? Одан не түседі? Алдыңыз жар екен, соған құлатып, артыңыздан сор ертсеңіз, анау жиылып тұрған ел бетіне ертең қалай қарарсыз? Жаңа өкімет өз заманына лайықты жаңа жол, жаңа жөн ұсынады. Ел дауы, ер дауы бұрынғыдай білектің күшімен, найзаның ұшымен шешілетін күн емес бүгін. Сот бар. Заң бар. Тексереді де шешеді. Әділ, тура шешеді. Осыныма құлақ іліңіз. Елді босқа еліктірмеңіз. Ана тілегі сол. Ата тілегі де сол. Сойыл көтеріп жұлқына шығу әділет емес. Қиянатқа еш уақытта жол жоқ. Көзім көріп отырған қиянатқа мен де жол бермеймін,- деп Жұмаш үнін қатайтып, жұдырығын түйе қолын сермей сөйледі.- Жол бермеймін! Ұрлық, барымтаға тыйым салынсын деген өкімет қаулысы бар. Осыдан атқа қонғандарыңды шетінен айыпты деп сотқа тартам. Ақсақал дәл қазір ана тобырды тойтарыңыз. Менің сөзім осы!-деп Жұмаш соңғы сөзін әдейі қорқыта айтты. Хат, сот десе тайсақтай қалатып аңқау жұрттың бүгежектеуін білетін. Ішінен өзін-өзі жек көргенімен, осы жерде олай айтпауына басқа шарасы болмап еді.

Кәріғұл бәсеңдеп қалды. Жұрт тыншыды.

Азанда Рымбек Миялысайға, Кәріғұл, Жұмаш, Қалаубек үшеуі Ақтайлақ аулына екі бөлініп, жолға шықты.





- Әй, бір мылтықтың зары өтті-ау!..

Тақымға қысқан қара шоқпарын жұлып алып, басына көтере шыр айналдырған Ақжолбек айдалада өз-өзінен запыланып келеді. Ат жалын тартып мінгеннен бері талай жортуыл-жортаққа шыққан екен. Бірақ ешқашан да бас жарып, көз шығарған қаттылыққа барған емес-ті. Тобықтан қағып, аттан аударып, соңынан қуып жеткенді шаң қаптырып домалатып кететін. Қаскөйлікке ұрынбайтын. Бүгін соның бәрін ұмытты. Көзіне қан толып, бетіне қарсы кездескенді қауып кетерліктей құтырынған көкжал кейпіне мініпті. Ілкіде: «Телтайың өлді, Телтайды өлтірді»,- деген суық хабардан кейін жан дүниесі түгел түршігіп, жауыздыққа қарғыс атап, іштей долданып азан салған. «Тістесіп өлем, тырналап, алысып өлем! Оны жасай алмасам, ендігі ғұмырда қалқайып қара көрсетпей-ақ қояйын!»-деген ызалы ашумен шылауына оралған үш-төрт жігітті итеріп тастап, -атқа қонған-ды.

Түн тымырсық. Тымырсық ойдың тұманын серіппей бүркеп, одан сайын қоюлата түседі. Ауылдан шыққалы тізгіні тұқырмаған шабдар бір қалыпты бөкен желісінен жазбайды.

- Әттең, мылтық болса!..

Мылтық болса не істемек? Кімді атпақ? Кімді қырып-жоймақ? Түн - соқыр. Кек - меңіреу. Кімді ұстатар, кімді байлап-матап берер? Ол жағын Ақжолбек ойламайды. «Ақжол көке!.. Сіз екеуміз бір барсақ...» Айтпап еді ар жағын. Неге айтпады? Сонда неге сұрамадым мен? Сұрағам жоқ. Өз тыныштығымды ғана ойладым. Көңілінен шықпадым. Сұрасам ғой... Ашылар еді, айтар еді сырын. Мүмкін, Телтайды жібермес едім. Өлмес еді!.. Мен өлтірген! Мен! Ақжол көкесі! Көке дейді-ау! Көке болмай жерге кірейін...»

Атты борбайлата тартып-тартып жіберді.

«Құдай-ау, құдай! Бүгін Ақтайлақ итті қолыма бір берші! Ұстатшы жағасынан, одан басқаны сенен сұрамадым. Қаламадым. Қанын қасықтап ұрттамасам - қаным шашылсын-ақ! Анадан туғаным бекер болсын!»

Ызада маза жоқ. Мазасыз дүлей тұла бойда сынаптай жүйткіп, астан-кестен сапырылысып жатыр. Тол-

қынды ашу қол басындағы қамшыға үйіріліп, ат бауырына шып-шып көмілуде. Жаны ышқынған шабдар созыла көсіліп келеді.

Түн жым-жырт. Сағымды сахараның қойнау-қолтығын талай дүбірлеткен айқай-шудың куәгері болса да, бір елегізімей, бір ашылмай сол тұйық қалпында мүлгіп тұр. Кең даланың жайлауын өрт, пендесін дерт шалсын - күңіренген өмірдің сүреңсіз түні бәрін қоинына үнсіз қымтап, бәрін жасырып тауарық дейтін тылсымына бұғып қала берген. Тағы да солай қала бермек пе?

Ат дүсірі кек бүлкіліндей, қан тамырының тынымсыз соғуындай жаңғырып, алыстап барып жоғалады. Жоғалмайтын мылқау түн, зорлық пен жуандық, зар мен шер, атыс пен шабыс па? Неге жоғалмайды? Неге жойылмайды? Неге жоймайды?

- Мылтық! Қайран бір мылтық-ай...

«Ай-й!» Шырыққанда азу тіс диірмен тасындай шықырлайды.

Қайталай береді. Азуын қайрай береді. Қажырға қайрат қосқаны ма, әйтеуір, тынымы жоқ. Бір сәт ойына әлдебір елес бұдырындай қаңғыма пікір сап ете түсті. Содан кейін әлгі тұтқиыл оралған пікір-түйсінді іштей сан саққа жүгіртті.

«Телтай шынымен арыс еді. Телтай әнші еді. Жазда келген құс, күзде қайтқан құсқа ән қосам деп отырушы еді-ау. Далаға кетіп, тауға түнеуші еді. Домбырасына емінуші еді. Әлде не сонда қонды ма екен? Күмбірлетіп күй тартқанда, күңіренген үн өзінің көкірегінен төгілгендей көзін мұң басатын. Асқақтатып ән салғанда аузына сұқтана қарағандарды сүймеуші еді. Қонды ма екен киесі? Қиесі құрғыр ұрды ма? Неге ән салды екен, неге күй қайырды екен? Әттең-ай! Күйші Тоқа, әнші сал Біржанды естіп ем. Бірі құсадан, бірі қападан жынданды деп еді. Бәрін қинаған өнер киесі ме екен? Телтайыма көз тиді ме, тіл тиді ме? Неге айтты, неге шалды екен сол ән-күйін? Өрісі тар, өресі қысқа елірмелі қызыққа неге ғана құмартты? Бірақ киесі тартса, жазудағы бұйрығы сүйресе, мен неге қызынам? Әулие хаққа шек келтіріп, шет болмас па екем?»

Ақжолбек әрі-сәрі. Шарқ ұрған ойын күдігі тұсаса, қыжылы қайрайды. Қайсысы жеңері белгісіз. Түн тастай қараңғы. Дүние меңіреу құшағында, Елес-сәуле,



үміт-шырақ бұлдырап жеткізбейді. Көңілге перде, көзге бүркеу тұтқандай. Серпіп тастауға қолына және ілінбейді. Шарасыздық қынжылтып, қанын қозғайды, кегі қоздайды. Түнек пен жарықтың өліарасын қанша барлағанымен ештеңені пайымдай алар емес. Пайымдағанша не заман өтеді? Дұрыс пайымдай алар ма? Ендеше, мына із кескен көкжалдай жол торыған жорамал тірлігі бұның алдынан қақпанын құрып, тосып отырмасын кім білсін. Онда түсер де басар. Басар да қансырар-ау!

Ақжолбек ақырын ғана күрсініп қалды. Басын көтеріп алды да шылбырын тартты. Мүлгіп тұрған шабдар иесіне оқыранып дыбыс берді.

Ақжолбек орнынан тұрды. Етегінің шаңын қақты. Еңкейіп, бір тал шөп сындырып алды. Тісін шұқыды. Тұқылды шайнады. Кермек дәмін тамсана жұтты. «Шөп таза - оразамды аштым. Жасаған, өзің жар бол!»- деп күпісін қайта буынып, атына келді. Ер-тоқымын қайта ерттеді. Айыл-тартпасын қатайтты. Таралғысын сәл қысқартты. Содан кейін шабдардың белін қайқаң еткізіп мініп, ілбіп жүріп кетті.

Жота көбелеп тұяқ тықырын онша шығартпай ұзақ аяңдады. Бір кез шабдары пысқырды. Шабдар пысқырғанда манадан «қайт, орал, арандама» дейтін тәрізді қат-қабат аңдыздап жетіп, ақыл-санасын ұйытып еңсеріп бара жатқан бір сезім кеудесінде қайта лықсып, шөгіп қалды, Балғын денесі сіресе қатайып, қомақтанып, ат арқасына жабысып қалғандай зорайып көрінеді. Көкжиекке белдеулене сызат жүгірген алакеуімде кесек бәденді жүзінің қаны қашып, қыр мұрынды қалың қабақты кескінде ашулы сұс пайда болды.

«Нар тәуекел!»

Құшырланып қолына түкірді. Жүні қалың тымақтың түрулі екі құлағын түсіріп, алқымының астынан бауын байлап алды. Сайысқа түскенде басын қорғайтын қашанғы әдеті. Сойылын ыңғайлап тақымына қысып, қос құлағын кезек қайшылап елеңдеп тұрған атының жобасымен алдына көз салды. Қалың жылқыны көрді.

Қарсы жортты.

Жалғыз қараны жылқышылар да көрген. Екеу-үшеу қостан жырылып бері бөлінді. Құйындатып келеді. Кесе-көлденең ұстаған құрық-сойылдары алыстан көзге ұрьш, қылаңдайды.

Елмісің, жаумысың?

Осы сөздер құлаққа ызыңдай талмаусырап жетеді.

Ақжолбектің күні бойғы құрысы жазылды.

Алакеуім сейіліп, таң білінді. Суылдап жел есті. Бүрінен айрылған тобылғы түбіндегі боз жусан дірілдеді, бас изеп елбеңдеді. Соны көргенде: «Аяққа жығылған нашардай екен!»-деп Ақжолбек шамырқанды.

- Жаумын! Уа, жауыңмын!

Айқай салып қарсы ұмтылды.

Астындағы көк атын сумаңдатып жылқышының алдыңғысы жете берді. Жете берді де, таңданғандай тіл қатты.

- Ақжолбекпісің?!
- Шаймерген, сен бе едің!..

Қас пен көздің арасында кездескен екеуі де аттарының басын іркіп, бір-біріне үнсіз көз салды. Біріне-бірінің бес бересі, алты аласы жоқ. «Қан жауып, өлім себілсе де енді жолықпаспыз, суық айқас ат үстінде кездеспеспіз»,- деген іштей келісімдері бар еді. Абдыраулары да содан. Өмір - құдірет, тірлік - әмір жүрек қалауымен, көңіл шешімімен есептеспей, еріксіз итермелейтінін өкінішпен ұғынып, шошынып қалысқан-ды, Бірінші сөзді Шаймерген бастады.

- Апырай! Тағдырға тәбділ жоқ екен ғой! Ішіңе кек қатқан түсіңді сезіп тұрмын, Ақжолбек. Тәлкек қып, ойыншық қып ойнаған қу тірлік сені мен мені әлі талай бүрсектетер. Осы жолы тілімді ал. Райыңнан қайт! Қайтшы бір!- деп қинала өтінді.

Өзі де қатты опынып, реніш-кінә таға алмас дос көңілмен ашылған жүзден тайсақтап, қиястыққа бара алмай тұрған Ақжолбек үнсіз бас изеп, қолын созды. «Көндім! Қайттым райымнан»,- деген риясыз жауабын күн сәулесі түскен реңінің іркілмеген ашық достық күлкісімен қоса білдірді.

- Ой, тоқта!.. Атаңа нәлет, тоқта деймін!.. Қаш

Мына антұрғанның қысасын-ай!

Шаймерген айтып ауыз жапқанша, манағы екінші жылқышы да тасырлатып келіп қап еді. «Жауыңмын! Жаумын!»- деп айқайлай ұмтылған барымташының Шаймергеннің қарына жармасқанын көргенде, көмек беруге жанталаса қимылдап сойылмен салып-ақ өткені. Дауыс шыққанда шапшаң қимылдап басын бұрып қалған Ақжолбектің сойыл қақ жауырын ортасына сақ етті.



- Ал, Шаймерген, менен кінә жоқ. Райымнан қайтқандай едім... Амал не? Тұщы етіме ащы таяқ тиді. Осымен тыйылдым! Енді аянбаймын,- деп Ақжолбек қатты ақырып қалып шабдарды лықсыта берді.

Бұл кезде түйдек-түйдек жеткен тағы бір төрт-бес атты қалың нөпір боп киіп кетті.

- Қапта, қапта!
- Соқ! Сілте!
- Қағып таста!
- Келсең кел! Тобыңмен кел! Ажалдың алдыма шық!-деп Ақжолбек те шабдарын бір орнында шыр айналдырып сойылын көтеріп, таң шұғыласында жалтжұлт еткен құрық-шоқпарларды маңайлатпай қағыпқағып жіберді.
- Топырламаңдар! Тұс-тұстан шығыңдар!
- Ортаға алайық!
- Ал! Алып көріңдер! Тілепберген, қарсы шық!-деп Ақжолбек жылқышылардың ішіндегі мықтысы, қара сойылдың шебері Тілепбергенді айқайлап іздеп қояды. Денесіне қару дарытпай шапшаң қимылдап жүр. Бір ұрымталын тауып, он жақтан жанаса жақындаған алғаш өзін ұрған жігітті тобықтан қағып құлатып кетті.
- Әшірбекті жықты!
- Қан қаптыр!
- Өлтір! Аянба!-

деген шоғыр ұзын сойылдарын үйіре сілтеп, жалғыз қараға дарыта алмай ызалана айқайлайды.

Ақжолбек шабдарды еркіне қоя берген. Талай ұрысқа кірген ат иесінің тақым қимылымен ұршықтай айналады. Бір сәт Ақжолбектің қарсысына Тілепберген маңдай алды кеп қалды. Ақ сойылын құлаштай сілтеп, Тілепберген ақыра боқтап жіберді.

Әй, тантыма! Қатын ба едің байбайлайтын. Сойылды олай сілтемейді, былай сілтейді!-деп Ақжолбек сілтеген қаруды қатты ұрып, қағып қалды. Сойыл шарт сынып ұшып түсті. Шабдар жалт берді. Қабат сермеген тағы бір сойыл ауа қапты. Сол қарбаласты пайдаланған Ақжолбек тебініп қалып, Тілепбергенді қуып жетті де, оң жақ қолдың қарынан салып өтті. Талмау жерден, тізеден ұратын. Бұ жолы өйткен жоқ. Ызамен, ашумен аянбап еді. Қарулы жылқышы қайқаң етіп, қалбалақтап барып екі бүктетіліп опырылып құлап түсті.

- Тілепберген! Уа, Тілепберген, құдайыңды ұмытып

едің. Тарт сазаңды!-деп Ақжолбек арттағы топқа қайта шүйілді.

Шаймерген манадан бері анау аянбай арпалысқан додаға араласпай «Бәле іздеп қайтем, Сау басыма сақина тілемейін»,-дейтін дүбәрә кейіпте оқшау тұр. Береке-бірлігі қашқан даланың жабайы көрінісіне жиіркене қарап, жери түсіп, бас шайқайды. Өз жігіттерінің қазіргі қылығын ауылға келген бөтен итке шәуілдеп жүгіріп, дүрлігісе ұмтылатын байтөбеттер мінезіне еріксіз теңейді де, еріксіз қынжылады. «Апырай, не боп кетер екенбіз? Екі атаның ұрпағы екі елдің қастасындай. Бес көдеге бола таласып, басынан құс асырмайды, Біріне-бірі аламан. Өнеге тұтар не қалды? Туысқандық пен туғандықтың рәсімі қайда? Осылай оралмай, жоғалып кеткені ме? Қадір тұтар, қасиет санар бір тұнығымызды сойыл сілтеп, шоқпар салып, апан-суға кесек лақтырғандай толқытып өте берерміз бе? Татулыққа, достық-бауырлыққа бет берер кімім бар? Кім бар-ау? Өмір серік өгейлік өксітіп келіп, өксітіп өте берер ме? Жорық-жортуыл, қақтығыс-шабыс тыйылса, аруақ-құдайға жат боламыз ба? Әлде аруақ-құдайдың өзі соған итермелей ме?»

Қанша қиналғанмен Шаймерген аяқ астынан не табар? Өрескел мінез қанмен сіңсе, қабірге бірге түсетін де шығар. Әзірше, амалы құрыған жігітті екі жаққа да бұрғызбай делдал ғып ұстап тұр.

Арпалысып жүрген төртеуге тыңнан тағы үшеу қосылды. Тыпырлап домалап екеу жатыр. Ойқастаған екі ат қалың жылқыға қарай шауып барады.

- Ұмтыл!
- Аралбай! Қалыбек! Аруақ!
- Тобықтан қақ!
- Құм қаптыр!

Айқай-сүрең айдаланы жаңғырықтырып тұр. Айқай-сүрен, айдалаға безе қашуда.

Күн арқан бойы көтерілді.

Арқан бойы көтерілген күн бүлікке бөгет бола алған жоқ. Бүлініп тулаған да жоқ. Жасыл бел, жазық жерге жарық нұрын төгіп, сірескен топты одан сайын тірестіре түсті.

Ақжолбек қара терге малшынды. Сазара көгеріп алыпты. «Өлейін, бірақ сауға сұрамайын»,- дейтін кекшіл байлам-кесімі бар. Дөңгелек көздері от шашып, топ



тазының арасында жалғыз қалған арлан көкжалдай бұрқ-сарқ атылады. Қара сойыл зілінен, қарулы білек күшінен тая қоймапты. Құлаштап ұрған сайын зырқ-зырқ, ететін қос қары қанын шапшытып айласы мен күшін еселеп тартып, үдетіп өсіріп, ширықтырып тасытып бара жатқандай.

- Өлім іздегенің келе бер! Қан төгіспей көнбеймін!
- Атаңа нәлет, асқынған екенсің!
- Мен шыбын жанды шүберекке түйгем. Аянбаймын!
- Сен безген жан менде де жоқ.
- Келсең кел!

Ат тұяғы шаң көтереді. Ат тұяғы жер тепкілейді, «Сұмдық! Сұмдық!» дейтін меңіреу бір сөзді шақыр-шұқыр ойып, тас пен құмға шегелеп жатқандай. Жусан мен көдеге таңбалап жатқандай.

Сойыл мен шоқпардан от ұшпайды. От ұшса кең даланы өрт алар еді. Бірақ ызалы кеуденің жалыны, кекті көздің ұшқыны қара өртіңнен кем емес. Ниетті бұзып, жанжалды өршітіп, сабырды ұрлап, ақылды таусып ағайынға араша бергізбейді. Дүйім елді ылаң басса, дүбірден күй аулайтын аз тобырдың алауын ысытып, делебесін қоздыратын тағылық тағы да дуылдап, дауылдап тарап жатыр.

- Ақжолбек шаршайын деді. Сонда да өршеленіп күшігін алдырған жаралы арландай долданып, азу тістерін қарш-қарш тістейді. Қарш-қарш егейді. Сойылдың талайын қақты, талайын денесіне де дарытты. Басқа тиген соққының да есебі көп. Қан жумаса да,қақ жарылмаса да, күп боп ісіп кеткен.

«Қайыр күтпеспін, сауға тілемеспін. Өлейін-ақ!»

Қақ сойылда қалытқу жоқ. Қарсы қаратпайды. Айқасқа түскеніне ет пісірімге айналды. Іштей шабдарына жалбарынады. Сүрінбеуін, жығылмауын қалайды.

Көптің аты көп. Көздеріне қан толып, құтырынып алған жылқышылар үдей түсіп, бір кезде Ақжолбекті тықсыра бастады. Осы кезде ойламаған жайт кездесті. Сепкісін сумаңдатып Шаймерген араласты.

- Тоқтаңдар! Серпіліңдер!
- Тәйт! Не дейді! Әрі тұр!
- Өзін қағып тасташы былай!
- Тоқта деймін! Тоқтамасаңдар, бар керді көріп

алдым. Мен енді елдік деп есерлік қумаймын. Достық пен әділдік қуам.

- Пай-пай! Әділетшілін!

- Шаймерген-ай! Тірліктен түңіліп, торығып өлем бе деп қорқып едім. Қалай серпіп тастадың! Арманым жоқ. Адам - жыртқыш емес дегенді бір ғана, осы ғана таныттың ғой! Дәл осыныңа ризамын,- деп Ақжолбек айқайлап қалды.

- Екеуін де аяманңдар!

- Аруақ! Қапта! Түсір!

- Ақжолбек! Мығым бол! Тізе қосайық!- деп Шаймерген қатарласа берді.

Біреумен арпалысып әрекет жасай алмаған тобыр сәл бәсеңсіп қалып еді, Шаймерген Ақжолбекке сыбырлап үлгерді. «Енді тез жөнел! Аялдама! Тірі болсақ, ұмытпаспыз бір-бірімізді!»

- Рақмет!

Ақжолбек шабдарын бұрды. Өлермен жігіттің қазіргі түрінен сескенген жылқышылар қуған жоқ. Қала берді. Шайқас кезінде ұмар-жұмар жығылған үш жолдасының қасына барып басын көтерді. Әсіресе Тілепберген ауыр жараланыпты. Оң қолы шарт сыныпты, сүйегі ырсыйып терісінен шығып көрініп тұр. Ызалы, ашулы жігіт сол қолымен басын сүйеген жігітті итеріп жіберді.

- Әрі жүр! Бәрің жабылып Қаракесектің бір шелтігін түсіре алмай, енді келіп өлексемді шоқыған қарға-құзғындай болғандарың не? Шаймерген! Төбеңмен жортқыр Шаймерген! Қаныңды ұрттап, қасықтап төкпесем, жер басып жүрмейін! Менің зәулім сен! Сенсің!- деп айкайлап қалып, жылап жіберді.

- Қотыр атша сүйкене жүрмесең хандығыңнан таямысың осы сен, Тілепберген! Мықты болсаң неге түсірмедің. Қолыңды байлап, аяғыңды мен тұсап қойып па ем? Тулама жөнсіз!-деп Шаймерген айылын жимай, тілін салып алды.

- Аяқтағы суға тұншықтырып тұрып зар жақтануын мұның. Асқан екенсің! Анадан туғаным бекер болмаса, басармын кеудеңді! Басармын-ау!-деп Тілепберген орнынан үш ұмсынып әрең тұрды. Сол қолымен сынған сүйектерді шықырлата басып орнына салды. Қысып тұр. Кең маңдайға ұсақ-ұсақ тер шықты, Қып-қызыл нұрлы жүз ақ қағаздай сұрланды.

- Таң! Таң деймін мынаны!



Ерні кеберсіп әрең айтты.

Жылқышылардың бірі ақ дабы көйлегін қақ айырып жараны мықтап таңып тастады.

- Ұстаңдар ананы! Байлап әкеліңдер!

Жігіттер кімді айтып кімге бұйырғанын қайталатпай түсініп, Шаймергенге тап-тап берді. Шаймерген қарсыласқан жоқ, тіл қатпастан сазарып қолын ұсынды.

- Әкел мұнда!

- Ал, келдік. Басыңды жарып, көзіңді шығарған көп сұмдығыңның кінәсіне де мені тартарсың! Есеңді алып, есіңді шығарған тағдырыңның қалауына да мені тартарсың! Айта бер! Жазғыра бер!-деп Шаймерген шаншыла қарады.

Қоршап алған тобыр бір-біріне қарай алмай еңкейе берді. Іштерінен:

«Мынау қайтеді!»

«Осынікі дұрыс-ау! Мойымайды ғой».

«Обал жасаған жоқпыз ба?»

«Жазықсыз сияқты. Ақ-қарасын тексермей байлап-матап тастағанымыз жөн бе?»-дейтін кейіптері бар.

- Әй, айдаладағы біреудің жөнін жөндеп неге алжастың? Соныңды айтшы.

- Айтайын. Қол берген досым еді, қастыққа бармадым.

- Намыс қайда?

- Намыстан зорлық туындаса, оны қылмыс санадым. Қылмысқа неге бармадың деген саған қайранмын.

- Оттапсың! Бауырыңның басын жарып, ағайыныңды сойылға жығып жатқанда зорлық, қылмыс деген сылтау тауыпсың ғой. Осыңды сеземісің!- деп ызамен дірілдеп кеткен Тілепберген қолын ауырсынып қайта тыншықты.

- Сезінерім көп. Менікі бауыр болса, Ақжолбектікі беріш пе екен? Арыстай інісін, Телтайын өңгертіп жіберіп, түк болмағандай жайбарақат біз де отырмыз ғой. Ар таза болса, қолың неге қан? Әділет бізде болса, зорлық неге өкіреңдейді? Сезінерім көп. Кінәласқың келе ме? Соны неге өлтірдіңдер. Тар қолтықтан тартып өткен жалғыз оқ - жауыздық емей немене еді? Елдігің, еміренгенің сондай кісі өлтіру ме еді? Қан жұту ма еді? Сезінерім көп. Атадан балаға у сеуіп, қанды өткел тастасаң - қайда барарсың, қайда тірелерсің? Қарындастың қанын ішсін, қанқор болсын деген өнегең бе?

Тағы нең бар сұрайтын? Айтып қал. Сезінерім көп,- деп Шаймерген зілмен қадалды.

- Телтайды араластырма. Оны атқан мелитса. Мелитса - өкімет адамы. Ұрлыққа тыйым салам десе - ата ма, шаба ма, өз еркі. Оған қимаң қышымасын.

- Адам атсын деген заң жоқ. Атқызған қол бар. Соны неге бүгесің! Сен қорықсаң, мен айтам. Нағыз құныкер - Ақтайлақ! Атқызған сол! Атқан сол! Сол!- деп Шаймерген суық зілінен қайырылмай шаңқ-шаңқ етті.

- Астапыралла!
- Жынданған болар!
- Мына сұмдығын бізден басқа естімесін!
- От тастап тұр!
- Шағыстырып тұр!
- Ата жолынан азған екен!
- Ата жолы дейсіңдер ме? Ата жолынан әділет көрген қайсың барсың? Аздырып, азғындатып келген сол ата жолынан көрген көп құқайыңды ұғармысыңдар сендер? Ат құйрығын кесісіп ай аралатпай арпалысып жүрген күнінде ата жолы осылай мертігіп-шортығып өл, ит жемеде бол десе, оның несіне қызығарсың? Ата жолы - жора болса, сен Тілепберген, барымта мен ұрлықтан не таптың? Тақымыңдағы тарланың үйір болып көрді ме? Қатының өз көнегін ұстады ма? Жоқ! Міне, бүгін мертігіп мұнда жатырсың. Ертең керексіз шортық боп айдалада қаласың. Ата жолы - қан ноқта. «Бөлін де бөлектен! Аулақтан да алысып өт! Іргеңді қоспа, басыңды біріктірме»,- дейді. Тілегімді кескен ата жолы - жол тосқан қарақшы болса, мен одан неге безбеймін, Бездің десең безгенім рас! Дауа таппас түйткіл көрсем, жынданбаған нем қалды!
- Ата жолын азғын жол деп пәлекет көрсең, онда иісі қазақтан жеріп шығарсың? Сондағы сенің жолың қандай жол, Шаймерген? Мына көзсіз соқыр, усойқы жауыздарға түсіндірші сен,- деп Тілепберген тықақтады.
- Халқымнан жерінбеймін. Сенің тасадан бой тасалап соғар жерім осы деп ұстағаның, менің белім болса қайтесің. «Арам жейін, ардан безейін» деген қазақ жоқ. Армандап өткен мұңлы қазақ ата-баба жерінген жауыздықты жерлеп өткен. Ұрлық істе деп айтпаған, ұрыны айыптаған. Сол қазақ бүгінде ел болып шаңырақ



көтерсе, жетім сағанағы болсам да бір кәдесіне неге жарамаймын?-деп Шаймерген қиналып тоқтады.

- Әй, мынау көсемсіп барады ғой!
- Тілін кесер ме еді!
- Өшірер ме еді үнін!
- Сендерге не дейін. Тіл кесерсіңдер, үн өшірерсіңдер әлі. Шімірікпессіңдер! Қабырға қайыстырар жас қазасын ескерер едіңдер-ау. Не дейін?!-деп Шаймерген күрсініп қалды.
- Тарт тіліңді!
- Осыны қашанғы сайратып қоямыз!
- Шықпырт!
- Соқ! Дүре сал!

Қан иісін аңсаған жыртқыштай қарулы қолдар кезек көтеріліп қамшы үйіріп кетті. Бас-көзге қарамай тулақ сабағандай ырсылдап сілтесіп, ырылдасып жатыр.

Қарғысқа тосқауыл жоқ. Қарғыс билеген жүректің уыты суық сүренмен асқындай түседі, өршігіп үдеп кетеді. Таласып табысатын бөрі тірлік тағы да үнсіз келісім тауып, «әділет» деп қарауыл көтерген әлсіз шырылды дүлейімен көміп тастады. Пәле-жаулығы қабаттап өсетін тағылық сұмдық сойқанын осылай жасап, дүбірлесіп жатыр.

Шаймерген ләм деп жақ жазбады. Тіл қатпады. Алғаш үстіне сатырлап жауып кеткен соққы астында жерге жығылып түскен еді. Жансыз денедей былқ-сылқ етіп әлсіз бұлқынады. Күпінің жүні бұрқ-бұрқ ұшып, бытшыты шыққан-ды. Күпі астындағы ақ көйлекке қызыл жолақ қан жүгірді.

- Жетер! Болды!-Тілепберген сол қолын көтерді.- Атқа салыңдар! Құн даулайтын неме ғой! Көрсетейін құнды!

Сәлден соң бәрі атқа қонды.

Күн тал түске тырмысты.

Боз жусанға жұғып қызыл қан қалды.

Көк көкпектің орнында қотан аумағындай ақ тақыр қалды. Ақ сойылдың сынығы қалды. Өтпеген сөз, өшкен үміт қалды.

Шайқас бітті. Қалай бітті? Кім ұтты, кім ұтылды? Кім жеңді, кім жеңілді? Алыс күн тергемейді, жалпақ жер үндемейді. Екеуі де салғырт. Үнсіз, тілсіз,

Уәкіл Жұмаш, Қалаубектер Ақтайлақ аулына келгенде бұл жерде ұзақ айтыс-керісті бір жиын өтіп жатқан-ды. Ақтайлақ аулы айналасы көз ұшына дейін созылып кететін шалқар жазықта болатын. Жаз көк құрақ-шалғыны мол, күз саумалдығы мол осы алапта жалғыз шоқы бар. Өзінің аты дардай - «Күншоқы». Кім білсін, биікті көрсететін биік қана болар? Әйтпесе, айнала мидай жазықта иық таластыратын басқа төбе болмағандықтан, осы Күншоқы жайлаған еліне таудай көрінсе, сол Күншоқының Ақтайлағы құдайдай сезіледі.

Дәл қазір Күншоқыға қарай шұбырған жұрт көп. Қыбырлап атты-жаяулы төгіліп жатса, шапанды-шапансыз ақсақалдар орын сайласады.

Ақтайлақ көктұқыл иегін сипалап отыр еді, бір кез жан-жағына қарады. Өз көңілінен шығар дейтін ағайын көршінің, жақын-жамағайыиының біліктілерін көзімен шолып өтті. Бұлар талайдан өзімен тізелесе жүріп, тілеулестік білдіріп, жікке бөлгенді жіпке таңатын көмекшілері. Көмекшінің де көмейі тесік. Көп асатсаң күлім қағады, кем асатсаң ебін табады. Ендеше таразының қылпылдап тұрған қарсы басына тас тастап жіберсе, мығым ғой деи дандайсып отырған артыңның жеп-жеңіл қопаң ете түскенін сезбей қаларсың. Ол құлықты Ақтайлақ біледі. Біледі де астарлы тартыстан сыр аңдиды. Ал бүгін ондай ұзын арқан, кең тұсауға дәрмені келмей қалды. Іргесінде кісі өліп, аулына лаң кірді. Айыптаушысы алыстан шықпай дәл қасынан табылып отыр. Ол - өз жылқышысы Шаймерген. Дауын ашып, басын ақтап алмаса, ертеңгі болыс сайлауында қарсы жақтың үстем боп кетеріне күмән жоқ. Соны ұғып, осы бүгін мына жиынды әдейі шақыртып алып еді.

- Жамағат, заман азғанда жаға тозбайды. Жағаға жармасар қол тозады. Сол тозған қол ақ жағама шеңгелін салып тұр. Кешегі аруағынан айналайын Ескенелермен айқасып өткен күнім - жұмағым екен-ау! Бүгін енді жалшым мен малшымнан таяқ жегендей болсам, бұдан өтер тозағым бар ма? Ағайын, алдыннан өтем. Ақ-қарамды әділ шеш! Анау Шаймерген жылқышым еді. Шиеттей бала-шағасы сорпа-су ішсе де, тарықпасын деп қолыма ұстадым. Сол қадірді білді ме? Білмеді. «Қанішер, жыртқыш» деп маған ат қойып, айдар тағып



отыр. Ұры келіп малымды шабады. Ұрыны милитса атады. Қалай атты? Дәлдеп атты ма, далбасалап атты ма? Бір аллаға ғана аян. «Бұйрық сағаты жетсе, тарыға да тіс сынады». Мен атқызып па екем? Ендеше, мына жаладан мені құтқар. Құтқар да, анау сотқарыңа жаза кес. Бір емес қос жаза кес. Тілепберген, Әшірбектердің аққан қан, шойырылған мертігін есептеп кес!- деп түйіліп келіп бір тоқтады. Ішке бүккен алуан түйіннің бір арқауын осылай босатып алып және сөйлеп кетті.- Қаракесек - рулы ел, дуанды ел. Араға әлек салардай әрекет араласты. Соны қалай шешеміз? Қалай жөн табамыз?. Ақыл қосыңдар. Өлкеңе өрт тастап қуалап сөндірерсің бе, алдын аларсың ба? Оны да ойла. Әрекетке әрекет дейсің бе? Жеңілдік күтесің бе, жұмылып кіріс. Алдымен айыпты кім? Соны анықта. Телтайды біз шақырдық па? Әдейі арандаттық па? Жоқ! Ендеше, осыны бір діттеңдер. Барымта - бағзыдан келе жатқан әлек-бүлік. Әлек-бүлікке ара тұрам деген өкімет адамы болса, анық жауапты беретін де сол. Атқан біз, шапқан біз емес. Соны бір түйінде. «Тас-түскен жеріне ауыр». Қаза мені де қинайды. Қазақ жолымен бітісем десе берекеден қашпаймын. Ол жағын да ойластырыңдар. Береке - бітімнің өз орай-кесігі бар. Алға түсіп, үндемей ыға беру бар да, есеппен есеп айыру бар. Ол жағына келсек, Ақжолбек қылығы - бір ұстайтын жерің. Анау сойылға жығылған үш бірдей азамат, үш шаңырақтың асыраушысы. Солардың бәсі шындап келсең, бір құннан асып та түседі. Осыны пайымдаңдар, ағайын,- деп Ақтайлақ әр жайдан әр түрмен қылаң берді де, бар жиынға ауыр түйінді қиын шешім тастады.

- Ақтайлақ әділін айтты.
- Шаймерген - азғын. Азғынға ағайын емеспіз.

Дәл осы кезде Жұмаштар жеткен еді. Елгезек жігіттер жүгіріп шылбырға оралып, қонақтарды көтеріп аттан түсірісті.

Ақтайлақ Кәріғұлмен түрегеліп, қос қолын ұсынып сәлемдесті. Оң жағынан орын босатты.

Бірі шүйіле, екіншісі мүләйімси қараған даланың екі көкжалына Қалаубек кезек көз тастайды. «Қиратам, жоям!» дейтін Кәріғұл қоқан-лоққысы өзіне таныс. Ақтайлақтың онша бүгежектемей қарсы алуына таң.

Кәріғұл қамшы тастады.

- Уау, Ақтайлақ! Аулыңнан сорғалаған қан ізін ке-

шіп келдім. Қанды кегімді арқалап келдім. Аузыма шоқ, өзегіме өрт түсті. Шоқты алып, өртті басармысың. Жел үрлеп қатайтармысың. Күлтілдетпей ашық айт. Телтайым кім еді? Ақиығым еді. Өзге туыстың оған теңелері жоқ! Болатымды сындырдың. Қанатымды қайырдың. Кешірімсіз жаулыққа барғандай қандай айып-анжымыз бар еді? Сен соған бардың. Бардың да бауырымды өлтірдің. Ұстаған жерде қолым, тістеген жерде тісім кетеді. Бетіңді білдір. Айыптым сен!- деп талай сыналған жорғалығымен майпаңдап барып шаншыла тоқтады. Түнеріп қарайып барады. Діріл ме, ашу ма қалтылдаған қолының үш саусағымен шымшып апарып сақалының ұшын аузына салды. Егеп тістеп отыр.

- Кәреке! Іздегенге пәле табылады екен. Бірақ сол нөменің солқылдақ келіп жабысқанын қайтейін? Не тіресе алмай, не жығыла кетпей пұшайман боп отырмын. Сен айыпты дейсің, мен жазықсызбын деймін. Қашқанның да, қуғанның да сыйынары бір алла. Сен куәге тартқан тәңір хақты мен де куәға ұстаймын. Жан күйерің екені рас. Күйігің, қайғың қамшылап отыр. Оныңды түсінем. Ашуыңды бас, сабаңа түс! Қадірлі қонағым бол!-деп қол қусырды.

Кәріғұл үнсіз ойланып отыр. Шиыршық атып, қорқытып барып ұпай көбейтпек еді, мыналар онсыз да алдына түсіп бара жатқан соң босқа арамтер болғысы келмеді. Күш жиып тік көтеріліп шауып әкетуге дәрмен жоқ. Жолмен жеңіп айдап қайтса өз аузының көп майланарына күмәні тағы жоқ. «Кегім» дегенде де «есебім» дейтін қалтарысын бұрын ойлайтын әккі кісі қайтып қатаймады.

Ертемен ерте тұрған Қалаубек түйе жүнінен тоқыған жеңіл шекпенін жамылып тысқа шықты. Ұйқысынан марғау оянған ауыл жай қыбырлап, баяу қозғалып, тырбаңдап әрекет жасайды.

Қалаубек асықпай аттап Күншоқыға көтерілді. «Күншоқыға шықтың ба, хұрдың қызын алдың ба?..» деп ыңылдап қояды. Күншоқы тау болмаса да, маңайды әжептәуір-ақ жайып тастайды екен. Оң қанаты бетегесі бұзылмаған, құрайы қирамаған жусан иісі аңқыған кер дала. Сол қанатында - Көкқайнар. Леп тисе дірілдеп, самал ессе толқып, мұнарын тербеп, тұманын желпіп жатқан ерке көл. Төсінде аққуы жүзіп, төбесінде аспаны мөлдіреп, таң нұрында қызыл торғынын майда бүркеген аяштай баяу толқиды. Көлдің оң жағасы қара қоға, Қара қоғаға тұс-тұстан бір қора қой бас қойған. Қой шетінде он төрт-он бестердегі бала жүр. «Шәй-шәйлап» айқайлап қойып, Күншоқыға жақындап келеді. Қалаубек төмен түсті.

- Мен сені танимын,- деді бала. Аяғында шоқайы, астында көлігі жоқ. Ерні тілініп-тілініп кеткен. Жалақ ернін жиі жалайды. Киім дейтін киімінің де берекесі шамалы. Таңғы шық сорған қызыл шақа табанын жасқана басып, бір аяғын екінші аяғының үстіне кезек-кезек салып тұрып, қима шапанның жұрнағымен омырауын жаба береді.

- Қайдан танисың?-деп Қалаубек өзінен сәл-ақ кіші баланы аяп тұр.

- Білем. Телтайдың інісісің ғой. Үржан жеңешем айтқан. Түнде ол сені шақырып кел деп жұмсап еді. Бәделбек қарақшы үлкен үйге мені кіргізбеді. Өзінің қамшысы ауыр. Тартып жіберсе, тіліп түседі,- деп жауырынына қамшы қазір тигендей оқыс қиқаң еткізді.

- Үржан қайда?

- Анау отауда. Оңашада көп жылайды. Менің апам қосыла жылайды,- деп танауын тартып қалды.

- Көлік неге мінбейсің?

- Бермейді. Ат мінсең, қойды қуалай айдап семіртпейсің дейді Ақтайлақ болыс.- Ауыр күрсінеді. Ат мінгізбейтін Ақтайлаққа запылана ма, қой соңына салған сорлылық күйіне қайыса ма, көзқарасы бір түрлі мұңды. «Сен бақыттысың ғой!»-дейтін құмарту сезімін және білдіріп, жанарын алмайды.

- Әй, ондай күнге жеткенше кім бар, кім жоқ. Анау шеткі үйдегі Шаймерген менің немере ағам. Соны бар ғой осы ауылдан қуғалы отыр. Ақжолбек деген бір Қаракесекке болысып өзіміздің жылқышылармен айқасқан...

- Не дейсің? Қашан, қай күні?

- Өткен түні. Анау да бір батыр болса керек. Тілепберген балуанды мертіктіріп кетіпті.., Қаракесек құн дауласа, біз үш азаматқа есе сұраймыз дейтін көрінеді би аққемдер. Шаймерген ағамды қудалап отырған да солар. Қайда барарын білмейді. Сепкісін тартып алды. Ал, Шаймерген ағам өзі үйінде қозғала алмай жатыр. Ол кетсе, біз не боламыз? Әкеме көмектесіп тұрушы еді,- деп Қалқабай ауыр күрсінді.

Қалаубек үндеген жоқ. Қайда барса шешу таба алмас түйінге кездесе береді. Не тілеп, не іздейтіні көмескі. Былтыр ғана Сепкіні жетектеп кеткен Шаймергеннен өткен жауы жоқ еді. Енді аяйтын тәрізді.

Қалаубек қабақ түйіп үнсіз тұрып қалды. Жазық маңдайына әжім ізіндей ұзын жалғыз сызық түсіпті. Қабақ түйгенде анық аңғарылады. Биік қырлы мұрны жоталанып кеп, жұқалаң ерінге тақалып тіреліпті. Үлкендеу иектің ортасындағы тіп-тік ойық анық байқалады. Күлгенде ірі, сұлу ақ тістері жарқ ететін. Қазір көрінбейді. Кең, үлкен көздерінде күңгірт мұнар бар. Жадырап кеткенде өзіне тартатын жылуы болушы еді, мынау ойға шомған бейнеде әлгі мұнар суық нышан танытқандай. Ат жақты беттің қаны қашып, сұрғылт реңге ауысыпты - ойшыл сипатты алғаш тауып тұрғандай.

- Ақжолбек - менің немере ағам. Ал, менің атым - Қалаубек. Ұмытпа. Тірі болсақ әлі талай кездесерміз.

- Ұмытпаймын. Апырай, ағаң ба еді?..- деп Қалқабай күмілжіді.

- Уайымдама босқа. Сау бол, Қалқабай.

Қалаубек жүріп кеткенде Қалқабай көпке дейін орнынан қозғалмай жаңа танысының артынан көз салып, қараумен тұр еді.

Қалаубек серіктері жатқан үйге бұрылмай қараша үйлерге қарай аяңдады. Қалқабай айтқан шеткі үйге-Шаймерген үйіне келді.

- Ассалаумағалейкум!

- Әлейкумсәлем! Кім де болсаң ниетің түзу екен. Жоғары шық!-деген ала көлеңкеде әлдекімнің даусы естілді.

Қалаубек бір-екі аттап барып тұрып қап еді, түңлік саңылауланды. Төсек үстінде отырған Шаймергенді көрді. Көнетоз күпісін жамылып, басын кірлеу шытпен таңып алыпты. Қолын ұсынды.

- Қарағым, осы сен Жұмекең ақсақалдың баласы емеспісің?

- Иә, Шәке! Әдейі сәлем бергелі кіріп едім,- деп Қалаубек ыңғайсызданып жан-жағына көз жүгіртті.

- Рақмет, балам! Анау шар тараптан жиналған дүйім жұрттан осында бас сұққан жан болмап еді. Сен солардан оздың. Өнегең, ұстазың-Жұмекең ғой. Бір



көргенде-ақ әкең мұңдасым, сырласым деп ақтарылып еді. Мәжілісінің өзі неге тұрады! Шешіліп кете беретін пернемді тап басып, бар құсамды бір төккізіп еді-ау. Оңай танып, тез болжағыш көңіл шіркін болса сол Жұмекең ақсақалдікіндей болсашы!-деп құмартып қалып, ауыр ыңыранды,- Сүле науқастың тамырын ұстап отырып емін айтқандай көкейімдегі көп күдіктің мән-жайын түсіндіріп беріп еді. Енді айналып көре алам ба, әкеңе сәлем айт!

Қалаубек бұл тұста Шаймергенге тіктеп қарап, нұрлы жүздің уайым тұнған келбетін көрді. Екі ұрты суалып, екі езуге тарам-тарам ұсақ әжім үймелепті. Сол әжім беттен жоғары өрмелегенде азайып барып, қой көздің маңайына жете бере қайта шоғырланыпты.

- Шәке, Ақжолбек ағатайыммен кездесіпсіз. Қалқабай айтты. Қазақ: «Қанына тартпағанның қары сынсын» дейді. Соны өнеге тұтпаған кемде-кем. Бірақ сіз сол өнегеден, ата жолын мықтап түйгізген жадау өнегеден аттап кетіпсіз. Соны қалай таптыңыз?-деп Қалаубек жұрт қоймаған тың сауалды үлкендерше екшеп, салмақты етіп тастай салды. Шаймерген енжар отыр еді, жалт қарап жас жігітке ұзақ көз тікті. Сүйсініп, елжіреп қадалды.

- Жақсы айттың-ау, шырағым! Жақыныңа жақтасу қағидаға айналған дәстүр ғой. Бірақ жақыныңа дұрыс болса да, теріс болса да, болыса бер, көмектесе бер дейтін өнеге болған емес. Ондай өнегені үлгі еткен қазақ жоқ. Шынға бақсақ, арамдық көрсең атаң да болса аяма дейтін ерлігіміз бен мәрттігіміз бар ғой. Менікі сол тәрбиенің сарқыншағы ғана болар. Ал, шынтуайтқа келсек, сен айтқан жадау өнегеден мен білетіндердің ішінен алғаш аттаған адам - сенің әкең Жұмекең ақсақал. Ақжолбек туған інісі еді. Бірақ інім, бауырым демеді. Қысасын, қатесін кешірмеді. Атын аударып маған алып берді. Сол жолы Жұмекеңді заман адастырса, мені одан жаман адастырар ма еді? Ал, мен біреуді адастырсам - меңіреуіміз көбейіп, қараңғымыз молая түсер ме еді? Өз шамаммен бір түйгенім осы,- деп тоқтап, сыртқа дауыстады.- Шекер, Шекержан! Апаңды шақыршы. Үйге қонақ келді деші.

Қалаубек асықты.

- Шәке, әуре болмаңыздар. Серіктерім іздеп қалар.

- «Қуыс үйден құр шықпа» деген, дәм татып кет, балам. Жолың түсе бермес,- деп Шаймерген көнер емес. Осы ауылдан қайда, қай жаққа қуыларын да білмейді. Өз еркі өзіндегі жандай меймандос қалпын қалтқысыз сақтайды.

Қалаубек ер жігіттің мәрттігіне сүйсінеді. Ең болмаса, бір шыны шай ауыз тиіп кетпесе, мына кісіні орынсыз өкпелетіп алатындай көрді де, үнсіз келісті.

Көп ұзамай үйге еңгезердей әйел сөйлей кірді.

- Қу құдайдың несін алып едік! Қу құдайдың қай әкесін өлтіріп едік! Осы бізді ғана көргендей не жазып едік! Несін бүлдіріп едік, соңымызға шырақ алып түскендей...- деп шұбырта бастап төрде отырған Қалаубекті көріп қалды. Сәл басеңдеп, амандасқан белгі танытып ернін жыбырлатты.

- Жарар! Бар болғыр, соншама таусылмасаңшы. Шайыңды тездетші,- деп Шаймерген оң жамбасының астынан шақшасын алды.

- Таусылмай не істейін. Әдіре қалғыр, тарыққанда тарыдай тауқымет көтерісетін бір туғаның табылмаса, неге күйіп-піспессің! Ойбай бетім, жаның қараң қалғыр әлгі Бәделбектің жаман қызталақ қатыны, бір аяқ қымыз бергізбей мысымды су қылғанын қайтейін-ай! Шашын бір талдап жұлып қолына берер ем, қатынына шейін қарақшы деп ағаш атқа мінгізбей ме бұл жұрт. Әлгі кәменөс дегендері келеді деуші еді, солары неге келмей қойды? Ерегіскенде кәменос болып алып бір сойқанды салар едім,- деп шын ашуланған әйел коммунистің не екенін толық ұғынбаса да, әйтеуір солардан тірек табатынына сенетіндей. Қалаубек іштей көңілденді. Теңдік пен билік тисе мына еңгезердей әйелдің Бәделбек сияқты тоқты-торымдай жігітті кеудеге бір нұқып шөкесінен түсіретініне сенімі кәміл. Және ешкімді де алыс-жақын деп алаламай апырақтаса да адал көңілмен іс атқарарына титтей күдік келтірмейді.

Әйел апы кіріп, күпі шығып жүріп шай жасады.

Дауыстап: «Шекержан шай іш»,- деп әлдекімді шақырды. Сөйлей жүріп, азу тістен тұқым қалмаған кәрі ауыздай қаусаған әбдіреден қозы қарын май алып, шыны аяққа толтырып әкеліп қойды.

Есіктен екі иінінен дем алып сақырлап қайнап тұрған сары жез самауырды тәлтіректей көтеріп, он төрт - он бестер шамасындағы қыз кірді.



- Шекержан-ау, осы самауыры құрғырды көтерме деп қашанғы айтам. Аяғыңа төгіп алсаң күйіп қалмайсың ба, күнім-ау,- деп шешесі самауырды іліп алып, қасына ырғап орнықтырды.

«Шекері осы қыз екен-ау!» Қалаубек елеусіздеу көз тастап еді, маңдайына түскен балапан шашын қолымен қайырып Шекер де бұған қарап тұр екен, көздері түйісе кетті. Ақшыл өңге жұқалау қызыл жүгіріп қыз ұзын кірпіктерін төңкеріп жіберді. Бір тізерлеп дөңгелек үстелдің қасына самауырдың екінші жағына кеп отырды. Қимылы епті, қозғалысы нәзік. Етегімен тізесін бүркей түсіп, шешесіне шай құюға көмектесе бастады. Қаймақ қатқан қою шайдың шамасы қалқымауын қадағалап, кесені өзі ұсынып отыр. Кесе ұсынғанда жеңі кең ақ торғын көйлектен білегіне дейін көрінеді.

«Ақ білек! Атын неге Ақбілек қоймады екен. Қандай әдемі! Толыса келе жұмырланады ғой. Саусақтары жіңішке, ұзын. Сүйріктей саусақ деп осындайды атайды-ау!»

Қалаубек көзін көтере алар емес. Бірер кесе шай ішкен соң рақмет айтып тұруға ыңғайланды.

- Балам, бетің түзу екен. Әмісе, жолыңды оңғарсын. Қайда жүрсең де аман жүр. Адалыңнан жазба,- деп Шаймерген қоштасуын бата тілегіндей жеткізді.

Шыға бере Қалаубек Шекерге бір ғана жалт етіп өтті. Бір қырын отырған қыздың кішірек құлағының үлбірек сырғалығын, қысқалау ұшы сәл дөңгелене біткен мұрнын, жұмсақ иегін шалып қалды. Сол көрініс, сол сәт көңіліне ұмытылмастай ұялады.

Түс қайта бұлар атқа қонды. Кәріғұлды Ақтайлақтың өзі қолтығынан демеп ерге көтергенде, Жұмаштың тізгініне ауылнай жармасып еді. Екеуі де бірінен-бірі қалыспай ұзақ қауқалақтасып, қайта-қайта қол беріп қоштасып, көздері жаудырап қала берді.

Қалаубекті аттандырған жан болмады. Бірақ ешкім қолтығынан көтермесе де, көңілі көтеріңкі. Құнанын тебініп қалып, қараша үйлер жаққа көз салған. Үй сыртында тұрған Шекерді көрген. Сол-ақ екен, жүрегі оқыс бүлк ете түсіп, өз-өзінен жымың етті. Әлденеге қатты қуанып, әлденеге мейлінше сүйсініп айналасына қарағыштай берді. Анау Күншоқы, сонау Көккайнар сұлу көлді, осынау үш-төрт қараша қосы бар бай ауылды жадында сақтап, жоғалтпай бірге алып кетердей үздігеді.

Не үшін? Кім үшін? Несі қымбат? Ағасын өлтірген жау ауылды жатырқап, жадау көңілмен күрсінбес пе еді? Жан ашуымен ширықпас па еді? Ол жоқ. Шаттығы, қуанышы бар. Дірілі мен сағынышы бар. Сондағы ыстық көрінер белгі не? Дәрменін ұрлаған қуат не? Мынау тұла бойына шымырлатып еніп бара жатқан түсініксіз бұлдыр сезімі ме? Бұрын-соңды мұндай күй оралып па еді? Тыншымай лепірген көңіл шіркін кішкене жүректі неге тулатады?

Қалаубек құнанын сипай қамшылап алдындағы екеуге үнсіз ілесіп келеді. Алыстаған сайын артында қалып бара жатқан ауылмен қимай қоштасып келеді.

«Кімді қимаймын? Рас қимаймын ғой... Үй сыртына неге шықты екен? Маған бола шықты ма? Ақбілек... Неге Ақбілек деп қоймады екен? Енді қашан көрем?»

Атын атамайды. Қыздың атын атаса ұрлығын ашып, құпиясын кең далаға жайып алатындай көреді. Ал, құпиясын ашып, тылсымын шешіп алса, онда мына өне бойды баурап бара жатқан азабындай тәтті үміт ыдырап кетердей.

Кәріғұл ат басын тежеді. Қалаубекпен қатарласты.

- Әй, Жұмекең көкең дана ғой. Қасында жүріп те қадірін біле бермейміз-ау. Енді түсіндім. Босқа арандап қала жаздаппыз-ау. Ақтайлақ арам емес екен. Адалынан шықты да отырды. Кей-кейде сырттан дүрлігіп қияндап кететініміз бар-ау. Ал, Қалаубек, шаршаған жоқсың ба,- деп іш тартқандай әлпет танытты.

Қалаубек сөз таластыра алмады. Әлгіндегі шарықтаған көңілдің әдемі елесін серпіп жіберген қатқыл үн құлағына түрпідей тиді. Онын үстіне кеше ғана екпінімен тау құлататындай түнеріп келген туысының қазіргі жылмаңдауын да жақтырмады. Түнде Ақтайлақ екеуінің оңаша әңгімелескенін көрген еді. «Бүйрегің майланған екен» деген суық ой сумаңдап жетіп, Кәріғұлдың қалың қабақ, шүңірек көзді жүзін жыртқыштай көрсетіп жирендіріп жіберді.

- Кәріғұл аға, Ақтайлақтың қандай адалын көре қалдыңыз? Өзіңіз айтыңызшы. Шаймергенге жасаған зорлығы, Нарқоспаққа істеген қысастығы-адалдыққа сиятын болса, онда адалдық дегенді маған басқаша түсіндіріп берерсіз,- деп ажырая қарады.

Кәріғұл түтігіп, түнеріп кетті. Жүзіне дуылдап қан жүгіріп ызғар шақырды.



- Немене, тәңірінің адалдығын мен алалай ма екем. Ақтайлақ өзімен-өзі қырық пышақ болсын.Менің дауыма қиқарлық жасамаса - адалдығы сол. Басқа адалдығын іздемеймін. Адалдық, адамдық деп астындағы жалғыз атын сыпырып беретін жамандық әкеңнен артылмасын. Бір тайы екеу болмай, егіз қойы төртеу болмай битін сығып отырып адалдық дейтін ауру тапқан әкеңнің сырқаты жұққан ба? Ендеше, шын әулие болсаң, анау бас жарып, көз шығарған сотқар ағаң Ақжолбекті ұстап бер де, темір торға қаматып қой!-деп ауыр денесімен шұғыл бұрылып тепсіне түсті.

Қалаубек үндей алмай тартынып қалды. Дауласа кетсе ашулы ағайын нойыс қылық танытып қамшы саларын сезеді. Үндемесе жеңілгені болады. Жеңіп тұрып жеңілгені жанына батады. Соны ойлағанда кеудеге ерегіс пен ыза қабат дүрілдеп шыға келді. Манадан үндемей келе жатқан Жұмаш сөзге араласты.

- Кәреке, қателесіп тұрсыз. Үлкен деп сізден үлгі күтсе, дүрсілдеп ала жөнелгеніңіз қалай. Жөн-жосық ашу-айбармен жетпей, ақылмен келмей ме. Сіз ғой Ақтайлақты адал дедіңіз! Ал мен Ақтайлақты айлакер, аяр деймін! Сіз Ақтайлақпен әмпей-жәмпей боп отырғанда мен милициямен кездескем. Анау милицияға мылтық беріп, оқ атқызған Ақтайлақ екен. Арамым ашылмасын деп алдыңызға түскеніне алданып қалыпсыз. «Ұяттан ұрлығым, адалдан аярым, бауырдан байлығым жақсы» дейтін қылығын ұнатсаңыз, онда еркіңіз білсін!

Кәріғұл Жұмашқа ажырая қарады. Үндеген жоқ. Тұрып-тұрып атын бауырлата бір тартты да, сар желіп жөнеле берді. «Өз көңілім,-өз кесімім. Тыңдамаймын!»-деген ыңғайын басқаша білдіре алмады.

Қалаубек Жұмаштың қолынан ұстады.

- Жұмеке, апырай, Ақтайлақтың әлгісі рас па?

- Рас. Милицияға мықтап тапсырыпты.

- Онысы қалай, жаулық па?

- Жаулық бола қоймас. Бірақ есебі екені рас.

- Қандай есеп?

- Есеп көп. Біріншіден, Ақтайлақтар Ақмолаға қарайды. Телтайлар Қарқаралы дуанынікі. Жер арасы шалғай. Келіп тексергенше бірталай уақыт өтеді. Тексерген күнде де барымтаға жол жоқ. Қаңғыған оқ оқыс тиді деп сылтауратуға болады. Екіншіден, Қарагер - Ақтайлақтың көптен қызыққан аты. Мына дүрбелеңді сылтау-

ратып қолға түсіріп алды. Ал, енді мен білмейтін осы жағдайдың басқа кілтипаны бар,- деп Жұмаш бас шайқай тоқтады.

- Ол қандай кілтипан?

- Ақтайлақ Телтайдың келетінін қайдан білген? Және Телтайдың ғана келетініне күмәнданбаған ғой. Соған қарағанда, жаулық деуге де ойысам ба, әйтеуір қамала берем. Сырт көзге түсе қоймас сұмдық келісім, сұрқия байлау болған тәрізді. Оны кім түйіп, кімдер байлады? Біле алмадым. Әй, мына даланы түгел елеңдетіп, қулық-сұмдықтан қашан арылтар екенбіз,- деп қинала күрсінді.

Қалаубек томсарып келеді. Бұның да шарқ ұрған ойы ілгек іздейді. Таба алмайды. «Сұмдық келісім дейді. Әдейі Телтай басын тігіп берген қастандық па? Кімге керек? Не үшін керек?»

Күн еңкейіп қалған. Жүрген сайын жазық таусылып, шоқылар жақындап барады. Қалаубек артына қарады. Көз ұшында Күншоқы бұлдырайды. Күншоқыда аяулы жан қалды. Алыстап қалды. Енді қайтып көре алар ма? Күншоқыда Қалқабай бар. Қалқабай хат танып, қатарға қосылар ма? Күншоқыда Ақтайлақ отыр. Ақтайлақ емес қаңтардағы қара бура. Зіркіл салып, жынын шашқан ақтайлақтарды кім басар? Шаймерген, Қалқабайлар ма? Қашан басады? Оған шейін қара бура талайды бауырына жаншып езгілей түспей ме?

- Жұмеке, Шаймерген енді не істейді?

- Шаймерген не істеуші еді, жылқысын бағады да,

- Қуғындап отыр ғой.

- Енді ешкім қуа алмайды. Атын өзіне қайтарттым.

- Жұмеке, рақмет сізге,- деп Қалаубек қуанып тұр.

- Мені бір алып санап келесің-ау, Қалаубек,- деп Жұмаш жымиды.

- Иә! Санайтыным рас.

- Ал, мені алып қылған құдірет совет өкіметі, кедей теңдігі. Арқамды тауға тірегендей соған тіреймін де, көмекті сен сияқтылардан іздеймін. Қане, атыңа қамшы бас, мимырттай берсек, алысымыз жеткізбейді, жеткеніміз ұстатпайды.

- Мен қамшы басып байқармын-ау, Ілесуге жарай алсам жақсы ғой.

Екеуінің сөзінде де астар бар. Бірін-бірі ұғады.



- Ол шабысыңа байланысты, Қалаубек.

Дала кең. Бұлыңдаған сағымы төбені тау, тауды бұлт, құрғақты шалқар етіп көрсетеді. Тұяқ аз болғанымен дүсір мол. Елсізде құйғытқан екеу біраз сілтеді, Жұмаштың астындағы көшелі бесті жүйрік. Ауыздығын қарш - қарш тістеп сүзе тартқанда жұлдыздай ағады. Ә дегенде-ақ Қалаубекке сипатпай кетті. Жұмаш біраздан кейін жас серігін тосып алды.

- Қалай екен!

- Айтпадым ба ілесе алмаймын деп.

- Құнан өспей ме, шабыс қоспай ма!

- Құнан өскенше талай бәйгеден құр қалмаймын ба?

- Жарысқа түсер құнан болса, бәйге қашпас.

- Ендеше, соны күтіп алдым.

Екеуі қарқ-қарқ күлді. Үзеңгі қағыса әңгімелесіп келеді. Еті қызған қара құнан әредік тізгінді жұла тартып шоқырақтап-шоқырақтап алады.

- Тағы бір сауалым бар.

- Иә, айта бер.

- Біздің Ақжолбек ағатайымның не істегенін білесіз бе?

- Білем.

- Білсеңіз, оның жағдайы не болмақ? Сонысы дұрыс па?

- Өзің қалай ойлайсың?-Уәкіл Қалаубекке барлай қарады. «Жас қой, қалай қарай ырғыр екен? Көлденең тосқан сын тосқауылды аттап өтер ме екен? Кібіртіктеп кері айналар ма екен?»-дейтін күдікті секеммен ентелей түсіп көз айырмайды.

- Мен не айта қоюшы ем. Мен ақтағанмен жұрт ақтамаса, қаныма тартқаным болар. «Арыстан айға шауып мерт болыпты». Қол қимылы көпке ұзатар ма?-деп қиналыс білдірді.

- Молодец! Бағдарың түзу. «Арыстан айға шауып мерт болыпты» дедің. Айға шапқаны рас. Онысын мен де құптамаймын. Құптамасам - құрық беріп және отыра алмаймын. Осы жолы дуанға ала кетермін. Болыс съезі өтісімен ақ-қарасын тексеріп қайтарармыз.

- Сонда қамамақсыз ба?- деп Қалаубек шошына қарады. Ағасының кінәсін танығанымен, іші қимай тұр.

- Тексеру біткенше біраз отыруына тура келер,- деп Жұмаш жүрдек бестісін тебініп алға оздыра берді. Қамшы сипап Қалаубек қатарласты.

Содан кейін ауылға жеткенше екеуі де тіс жарған жоқ.

«Мектеп керек. Сауат ашылмай - көз ашылмайды. Ауданға барысымен осы мәселені төтесінен қоям. Мына Қалаубек сияқтыларды тезірек ұйымдастырмаса болмайды. Өз тізгінін өздері ұстамай, күші мен қуатын сезбейді. Ауыл қазір тап тартысын жете түсіне қоймаған. Ақжолбек сияқты бірен-сарандардікі күрес емес, қол байлау. Анау жатақтар егін салыпты. Егін салдық деген аты. Жерді шала жыртып, дәнді қалай болса солай шаша салған. Әбүйір болғанда еңбектері зая кетпепті. Шіркін, агрономиядан хабар білсе ғой! Мұрындық болған Жұматай ақсақал. Ақыл тапқан. Жақсы тапқан. Осыларды көбейтіп, біріктірсе - астыққа шаш етектен батар еді-ау! Басын қосу үшін, біріктіру үшін тағы да сауат ашу керек. Мектеп керек. Әй, мектеп мектеп...»-деп Жұмаштың қиялдаған даусы қаттырақ шығып кетті.

«Ақжолбек ағатайым көне қояр ма? Әй, көнбес! Бірбет, қайсар адам. Темір торда жаралы жолбарыстай бір күн отыруға келісер ме? Ұрқияға да қиын болады. Шиеттей жас бала. Әжем не дер екен? Бәрінен де бұрын Телтай ағамды кім азғырды екен? Балжан сұлу қайтпек? Үржанның кебін киер ме? Үржан көп жылайды дейді. Не деп өлең айтып еді?

Көз көрген едің, жеңеше-ау
Сағындырмай келіп жүр.

Осы зарды Балжан айтқанда Бақсыбай шынымен елжіремес пе? Айтпақшы, Бақсыбай мен Ақтайлақтың астыртын сөздері болмады ма? Білер ме еді?

Ақбілек... Ақбілек деймін ғой. Енді көре алармын ба? Біреудің қалың берген келіні емес пе? Қой... Иә, онда қайтем? Ойлап-ойлап өтермін... Жүзіне қызыл нұр ойнап шығып жалт қараған еді-ау. Сонда неге қысылдым? Бұрыла беріп бір сәт көз тоқтатқандай боп еді-ау. Сонда.., сонда мен неге тайқып кеттім. Бір леп, жалғыз ғана қабақ, кірпік қағыспен белгі танытсам ғой... Сол сәт жүзі дуылдай түсіп, қайта бозарған жоқ па еді. Сонысы немене? Іш тартқаны ма? Әрине сол! Кетерімде үй сыртына шықты ғой! Маған бола шықты ғой! Ендеше оның да ойына алай-түлей құйын түскені ғой. Түссе ғой, шіркін!..»

Ел орнына қона бұлар ауылға жетті.



## Үшінші желі

### 1

Күз. Аспан бұлтты. Суық желде ызғар леп бар. Шалғыны жапырылмайтын Миялысайдан да көрік қашыпты. Қаңбағы көшіп, жусаны дірілдеп, құрайы сырнайлатып сарнап тұр. Миялысайдан қозыкөш жердегі Керегетастың қалқасында Жұматайлардың қыстауы бар. Тоқал үйлер біріне-бірі тығылып, жалғасып сүйенісе салынған. Тастан қалағаны да, шикі қыштан өргені де, шымнан қалқайтқаны да - бәр-бәрі «кедей аулымыз, бірақ суықта пана, аязда қалқамыз» дейтіндей қисық мұржаларынан будақ-будақ түтінін шұбыртып жатыр.

Қыстау салу - Жұматайдың көп ақылының бір төлемі. Қараша ауа ысқырық желін азынатып, суық шақыра, бүрсеңдете келетін қыс хабары жыртық үйлі жатақтың берекесін ала беруші еді. Іргеден жел соқса, тесіктен бірде қар, бірде жауын таматын. Көкпек отынның қайбір қауқары бар. Лапылдатып жақсаң жалыны бетке ұрып, жалаңаш балтырын отқа қақтаған балалардың ашық жеріне тиіп бір ойбайлатса, түтіні көз ашытып, тамақ қауып жөтелтіп және запыландырады. Қараша үй ұзақ түнде ызғып кетіп, ауыз-мұрыннан шыққан дем қас-кірпікке қылау-қырау боп тұрып, ертемен оянған жан біткенді аяз адамындай ұсқынсыз етіп көрсететін. Ол аздайақ көрпесін көтеріп қалғанның қойнына сау етіп қырау құйылып, жылы денеге суық ызғармен түрпідей қадалатын-ды.

Жұмекен бесін намазын оқымаққа дәрет алғалы тысқа шығып еді, күн әлпетінен жаман шошыды. Жел өті батыстан соғып үдеп кетіпті. Қиыршықтап қар ұшқындайды. Көз байлана үскірік боранға айналатын сыңайы бар. Құмғандағы сумен қолын шая алмады. Су мұздай, қар - темірдей қарып, инемен шабақтағандай солқылдатып барады.

«Ойпырмай, елсізде жолаушы, жоқшы жүрсе не болмақ?» Осы ойдың келуі мұң екен, өз-өзінен әлденеге елегізіп, тың тыңдайды.

«Мал, жан жазым болмаса игі еді!»

Кенет алыстан талықсыған үн жеткендей болды. Жұмекең есік тұтқасынан тарта берген, қалт тоқтады. Жалт бұрылып, құлақ түрді.

«Біреу айқайлағандай болды ма? Әлде қағыс естідім бе?»

Ызың-шу көп. Жылаған баладай, боздаған түйедей жел ышқынады. Әр түрлі үнмен, алуан уілмен сабан суылдайды,

«Жел ме екен? Мынау дауылда кім жүрсін...»

Бірақ күдік жайлаған көңілдің тыншуы мүмкін емес. Жұмекең үйге асығыс кірді. Орама пешпен қақ бөлген кішірек екі бөлме құшақ-құшақ енген суық ауадан көтерілген бумен көрінбей кетті.

- Қалаубек! Қалаубек-ай!

- О не, көке?

- Тезірек жылы киінші. Қасыңа Қабыланды, Нұржанды ертіп далаға шықшы. Адасып жүрген біреу бар сияқты. Әлгінде бір дауыс естілгендей болып еді.

Қалаубек жылы жерде, пеш түбінде «Жас қайратты» оқып жатыр еді, басын қинала көтерді. Газет бетіндегі бір комсомол ұясының қызғылықты істерімен танысып отырған.

- Көке-ау, осындай боранда кім жүрер дейсіз.

- Пәруәйсіз-ай сол, пәруайсіз балам. Шақшадай бас шарадай болса, кім қайда жүрмейді. Боран құды ма, шарасыздық құды ма, қайдан білесің? Ал, менің дауыс естігенім анық. Не үсіп, не адасып өлсе, обал-сауабы маған. Содан кейін саған!

Қалаубек одан әрі көп кешікпеді. Тез киініп есікке беттеді. Жұмекең баласына қарап тұрған.

- Әй, тоқташы. Анау менің шидемімді ки. Ұшып кетесің,- деді.

Қалаубек кекесіне көз салды. Көп мейірімін ашық білдірмесе де, қабақ бағып, ішпен бұлжытпай танитын әкенің осындай елеусіз қамқор көңілі маңдай сипағаннан кем әсер етпейтін.

Қабыланды ілестіріп кіргенде Нұржан Қарақыздың оң жағында терлеп шай ішіп отыр екен. Жоқтан өзгені сылтауратып, ақыры бұларды келемежге айналдырды.

- Бірің-Қабылан, бірің - көкжалсың. Жортқанда жымын білінбейді. Сендерге ілесем деп жаман Нұржан қолтығын сөгіп алса қайтесіңдер. Бастарыңа бейнет болмаймын ба? Кішкентай болғаныммен өзім сұмдық ауырмын. Қорғасынмын. Нанбасаңдар, мына жеңгелеріңнен сұраңдар. Бұ ширкіннің өзі де жұмасына бір рет салмағымды көтере алмай, қиқаңдауды шығарып жүр.



- Өй, жынды!- Қарақыз күйеуін мытып қалды.

Қалаубек пен Қабылан Байтуға кірді. Үшеуі сәлден кейін ауылдан ұзай берді.

Қиыршықтаған қар қалыңдай жауып, сәлден кейін жапалақтап құйып жіберді. Долы жел тіпті құтырынды. Айнала ұйтқи соғып, суық қарды бас-көзге сықап-сықап ұрады. Өңкеңдеп Байту алда келе жатыр еді, боран шыдатпаған соң кері айналып мойнын ішіне тығып, екі қолымен бетін басып тұрып қалды.

- Ойпырмай! Қақап кетті ғой. Қалаубек, не істейміз? Кейін оралсақ қайтеді?

- Сәл жүре түсейік. Мына белдің асты тыныштау. Ыққан жан болса, сол жерде аялдауы мүмкін,- деп Қалаубек алға шықты. Үшеуі бірінің ізін бірі баса екі бүктетіліп, күшті желді үңгіп барады.

Қабылан Қалаубекті жеңінен тартты.

- Естимісің?!.

Ызалана өршіккен беймаза шуыл мен суыл құлақ тұндырардай толастамайды. Қалаубек пен Байту демдерін іштен алып бейіл қойғанымен, азынап-ақырып азан салған дала бораны бейсауат дыбысты тұншықтырып естіртер емес.

Тағы да ілбіді. Қатты жүруге мұршалары жоқ. Кезектесіп алға түсіп, бірін-бірі ықтатады. «Адасып кетпейміз бе?»-дейтін беймаза күдік найзағайдай шаншылып жетіп, үшеуін де баурап алған.

«Япырай, сәл айығар ма еді. Жел басылса, үскірік бәсеңдер еді-ау!» Үскірік бәсеңдемейді. Жел толастамайды,

- Анау бір қарауытқан немене?-Айқайлаған Байтудың даусын жүйрік жел қағып әкетті.

- Қайда? Қәне?!

- Анау ма? Әнебір қалқиған ба? Ол оба ғой...

- Неғылған оба?

- «Әулиеқорғанның» үстіндегі оба!

- «Әулиеқорғанға» кеп қалғанбыз ба? Бағытымыз дұрыс екен онда. Жүре берейік.

Бір кез Қалаубек те, Қабылан да әлсіз дауысты анық естіді. Дірілдеген қолдарымен бірін-бірі ұстай алысты. Тымақтарының елтірі жүніне қырау тұрған жүздерінде шолақ үміт, шолақ тілектің нышаны бар.

- Қай жақтан шықты?

- Жел маңдайдан ғой. Дауыс қиғаштау жетті. Оң жақтан шықты ма деп қалдым.

- Маған да солай көрінді.

Байту үндемейді. Байту ештеңені естімепті. «Апырай, екеуміз қабат шатастық па? Шынымен естімедік пе? Естісек, енді бір дауыс бермес пе екен?»

Дауыс берілді. Үшеуі де елеңдеді.

- Айқайлаңдар!

- Айқайлайық! Қай жақтан шыққанын бағдарлаңдар.

Енді бір сәтте олар «Әулиеқорғанға» қарай омбылай жөнелді. Жақындай бергенде аппақ дүниеден карауытып әлдене қыбырлап қозғалғандай болды.

- Әне! Тез!

- Жүгірейік!

Қалаубектер тақалғанда тәлтіректеп тұрған қара отыра кетті.

- Апырау, Дәрия апаймысыз?!

- Ойбай-ау, мынау Бопсабай ақсақал ғой!

- Үсіген жоқсыздар ма?

- Қарактарым, айқайлай-айқайлай даусым қарлығып еді әбден. Өздерің жеттіңдер, енді өлмеспіз. Мына байғұс шанжаулап қалмағанда аман-есен баратын едік. Арқалай-арқалай әбден шаршадым,- деп Дәрия жылап жіберді. Бопсабай әлсіз қыбырлайды. Екі сөзінің бірі - «Дәрия».

- Қалай адасып жүрсіздер?

- Қарағым, ол ұзақ әңгіме. Мына байғұс үсігеннен аман болса, қозғалайық. Бақсыбайдың әлегі ғой, деп қалжыраған Дәрия орнынан көтерілді.

Бопсабайды Байту арқалап алды. Қалаубек алға түсті. Жер шолуға, маңай барлауға тәуірі сол. Қабылан Дәрияның қолтығынан ұстады.

Көз байланып қалғанда лапылдаған оттың жалынымен бұлар ауылды тапты. От жаққызып, белгі беріп жүрген Жұматай ақсақалдың өзі екен.

Бопсабайды дереу шешіндіріп төсекке жатқызды. Үстін қалыңдатты. Әлгінде қарап шыққан үлкендер: «Үсігі жоқ, тоңып қалған ғой, ештеңе етпейді», дескен.

Сәлден сон Жұмекең Дәриядан жөн сұрады.

Дәрия жылы жерге кірген соң, екі беті албырап қызарып, пора-пора терлеп отыр. Жүзіне діріл жүгіріп ызаға булығып кесек үнді әрең тежейді.



- Ақсақал, «Жеңген иттің желкесінен алар» әлімжеттік бар емес пе. Тағы да соның кесірі ғой бізді өстіп далаға айдап, боранға қуған. Бақсыбайдың ала көзі біз болдық. Оның үстіне біздің мына отағасыға сонау сайлаудан бері бір желік пайда болды. «Уәкіл жолдас өкімет кедейлердікі деген. Біздің өкімет, өйткені біздің жолымыз Ленинмен бір. Біз болшайбекпен жолдаспыз!»- деп қарап отырып Дүтбай, Қараменделермен ұстасатынды шығарды. Әлгі теке сақал Омар молда он төрттегі қызының қырық жеті қалыңын алып, Қуандық ішіне ұзатайын дегенде: «Адам сатуға рұқсат жоқ, потсот жасатам»,- деп бір дүбірлетін еді. Ауылда мектеп ашқызбайсың деп Бақсыбайға және дікеңдеді ғой бұл өзі. Сонымен не керск, Бақсыбайлар мұнымен әбден ұстасты. Ал, бүгін аяқ астынан жанжал туды. Дауылбайжан былтыр отағасы кисін деп су жаңа құрым етік әкеліп берген. Соны аяғына сұғып көрмеп еді. Таңертең етікті алып Бақсыбайдікіне кеткен. Іле дабыр-дүбір, шаң-шұң шығып жатқан соң немене деп барсам, Қарамендe мен Дүтбай бұл байғұсты шырылдатып сабап жатыр. Қолыма түскен оқтаумен бір салып Қараменде иттің басын жарып, мынаны сүйрелеп алып шықтым. Сөйтсем, «Мектеп аш! Қаражат керексінсең ел болып жиылып, тауып береміз. Менің қосқаным - мынау етік»,-деп Бақсыбайдың апшысын қуырыпты. «Жер қара, күн жылыда қимылдамасақ, қыстың көзі қырауда не істей қоямыз»,- деген бай сөзіне құлақ аспапты. «Сен өкімет жолына қарсысың! Сен бізбен жолдас емессің!»-деп қатты кетіп, содан таяқ жепті.

Басының қанын ағызып Қараменде болысқа кетіпті дегенді естігенде, бұл шіркін шыдап тұра ала ма: «Ендеше, мен Жұмекеңдерге барам, ауылнайға соғам»,- деп жаяу тартты. Күн райы бұзылғанын көрген соң жалғыз жібермеймін деп ілесе шықтым. Жел күшейіп, боран үдегенде бүрісе бастап еді, бір кез әлсіреп жығылды. «Жазым боларсың, Дәрия, жалғыз кете бер. Білгеніңді қыл деп Бақсыбайлар жәбірледі ғой, мен десең тұп-тура Қалаубекке бар да, жәшәйкесіне кіріп, комсомол бол!»-деп кемсең-кемсең етеді. «Жоқ жәшейкеге өзің кіресің. Комсомол да өзің боласың»,- деп арқалап алдым. Содан құлдығың болайын, мына балаларым келіп құтқарды ғой,- деп Дәрия әңгімесін бітірді.

Қалаубек Дәриянын, тотығып, домбығып кеткен жүзіне қырындау отырып көз салды. Бояуын өзгертпеген көздері ғана ұшқындап тұр екен. «Комсомол, ячейка, мектеп»,- дейді. Шала түсінсе де құлшынулары керемет. Бұрынғы көлбістік дегенді біржолата ұмытқан-ау, Баяғыдай Бақсыбай, Қараменделерге телміре қоймас, Телмірмес енді...»

- Дәрия, келгендерің дұрыс болды, Сендерге айтарым, осы ауылға біржолата көшіп алыңдар. Елбесіп-селбесіп күн көрерміз. Анау Рымбек ауылнаймен ақылдасыңдар. Үй қинайды демеңдер. Бір қысқа сыйысып тұратын босаға табылады. Көктем туа бәріміз жабылып бір пананы қалқайтыш берерміз. Енді мына Бопсабайды қайта апарып анау Бақсыбайларға жаманатты қылма. Жәшейке мен мектеп, құдайға шүкір, бұл ауылда жеткілікті. Қолына түкіріп жүрсе, Бәкеңді кенде қылмайды,- деп Жұматай бір кесік білдірді.

- Ақсақал-ай, ойымдағыны айттыңыз! Қыс малын жайлап, жаз отын-суын дайындаумен-ақ келсек те, көзіміз ашылмап еді. Иншалла, бір түзелерміз-ау. Оның үстіне мына iнiңiз қартайғанда оқимын деп әлек шығарып жүр. Шоқынып кетсе де, арманынан шықсыншы!-деп Дәрия сабасына түсіп, көңілін демдеді. Қызарта шығарып, қоюлата шай құйып беріп отырған әйелге де күлімдей қарайды.

- Енді бір құй. Маңдайым жіпсіп келеді. Рәштікіне кіріп босағасын сұрайын. Көптен қол тимей келе алмай жүр едім. Ақша бәйбішенің көңілін сұрап шығайын. Мауқымды басайын. Отағасы осында жата тұрсын. Әбден қалжырады байғұс!

Бір кез басын көтеріп, терін сүртті. Кесесін төңкерді.

- Жұмеке, Ақжолбектен не хабар бар? Қайтатын ба? Уәкіл жақсы жігіт сияқты көрініп еді, көмектеспеді ме екен?- деп тың сұрақ қойды.

- Ол шіркіннің жолы болмай тұр-ау деймін. Апырақтап жүріп ақыры абақтыға жабылды. Бір ыңғайы болар. Сенгеніміз кеңес өкіметі. Әділіне жығылар,- деп Жұматай дірілдей тыныс алып, күрсіне тоқтады. Ақжолбектің тентектігіне қынжылса да, бауыр емес пе іші қимайды. Оңашада күбір-күбір сөйлеп қап, намазының соңын да ұзақ-ұзақ қайырып інісіне жақсылық тілейді, жасаған хаққа тапсырады. «Төрт шариар, қырық сақаба, өзің жар бол! Тентекке оң көзіңді сал! Жебеп-жабаушы



бола гөр! Ойында арамдығы жоқ ол шіркіннің. Адыраңдаған асығыстығы ғана»,- дейтін мінажат-дұғасын Қалаубек талай естіген. Қазір де көкесіне қиыстай қарап, әжімі тереңдеген жүзден ауыр мұң көлеңкесін табады.

Дәрия қарияның ауырлап кеткен сезімін жадыратпақ болып далбаса жасайды.

- Ақжолбек асылдың, сынығы емес пе. Көп кешікпес. Абақтының іргесін қазып, есігін бұзып қашса да, бір жетеді. Жұмеке, қам жемеңіз. Ауылға келсе, Ақжолбекті кім таба қояр дейсіз?

- Әй, мен дәл сөйте ме деп қорқам. Қашқанда қайда құтылады? Қашам деп одан сайын былығады ғой. Не болса да, ақырына дейін тосып, кесігін күтсе десейші! Артынан бара қойған да адам жоқ. «Шыда, күт!»-деп қатты-ақ тапсырар едім. Анау шешесі байғұс та жайшылықта көп елемеуші еді, осы күні кішкене немересін, бауырына қысып алып бір көйгөйді тауыпты. Күннен күн өткен сайын ауруы меңдегенде қорқыныш аулай ма, білмеймін, жүдеп бітті,- деп жадау өңмен теріс айналды. Кесесіндегі суыған шайға қайта еңкеймей, күбірлеп қысқа қайырып бетін сипады да, төсек үстіндегі жеңіл домбырасын алды. Жұмекең күйші емес. Кей-кейде лыпасыз жүдеулік әлсіретіп, шер-шемен басқан көңілін жұбатар бір серігі осы домбырасы. Құндақтаулы баладай алдына өңгеріп алып, Тәттімбеттің майда нәзік «Қосбасарын» шертетін. Бүгін де сөйтті, Саусақтар секірмейді, жүгірмейді, баяу теткиді. Баяу теткігенімен баяндыбаянсыз тірліктен сыр қозғайды.

Қалаубек домбыраға емінеді. Қыбыр етпей, демін шығармай, қанын ішіне тартып, көзі жасаурап ойдан ой толғайды. Көз алдынан дүрмек дүбірлі заман көші өтеді. Алыс ызың бейуақ кештен сығалап туған көмескі жұлдыздай ақырын үн салып жетіп, түртіп оятып, қиян қиырға жетелейді. Сол беймәлім дыбыс толқытып табылады да, үркітіп жоғалады. Жаңағы сыршыл домбыраның шешен тіліндей көкірегінде сайрап кетердей булыққанымен, үн мен ырғақ үйлеспей, ой мен тіл қабыспай өз өзінен шиыршық атады. Ол не? Өлең бе? Ән бе? Білмейді. Үн келсе ырғақ жоқ. Ырғақ оралса, қожыраған ойдың басы құралмай сабырсыз жасты әңкі-тәңкі қылады. Сонда да өз құбылысының қайталап айналып соққыш, жетелеп әкеткіш күшіне тәнті. Соған ынтық.

Ермекбай жантайып жатып бір етігін оң аяғына сұғып, екіншісін қолына ұстап отыр. Тесік жұлығына, тілім-тілім қонышына кезек-кезек қарайды. Ермекбай айналдырып-төңкеріп қарады екен деп ұялатын етік жоқ, жұлығынан ырсиып, қонышынан мыжырайып ашулы иесін мазақтай түсетін тәрізді. «Сен мені сүйретсең, мен сені сүйретем. Екеумізді әзірге ажырата қоятын ешкім жоқ. Онан да қолыңа тарамыс пен бізіңді алып, тесігімді жама, жыртығымды бүтінде»,- дейтіндей былқсылқ етеді.

- Күлше, уау Күлше, байпағым қайда?
- Батыр-ау, байпағыңды пісіріп жеді деп пе ең. Тұр ғой әне жаюлы,- деп әйелі орнынан көтеріліп байпақты алып берді. Күңкілдеп сөйлеп жүр.- Қолын созса, қағынып кете ме екен. Рымбек болам дей ме екен. Сен түгіл Рымбек ауылнай да кергімейді. Кергімек түгіл бір жақтан жолаушылап оралса, емешесі құрып, қатынын құшақтап сүйіп жатқаны. Осы кеше ғана мұртының сүмбідей қатқан мұзын да қақпастан келіншегін бас салып аймалап жабысты дейсің! Бетім-ай, қарап тұрып ұялғаным!-деп ерніп шылп еткізіп тамсанып қойды.
- Әй, Күлше! Ауылнайың не істеді деп сенен сұрадым ба осы?- деп Ермекбай етігін мықшия тартты.
- Мен сөйлесем-ақ терің құрыса қалады екен. Көргенімді айтқаныма жазықтымын ба? Үндемесең - тағы тергейді, аузыңды ашсаң - пәлеге қаласың- деп Күлше кәдімгідей бұртиып өкпелеп қалды. Көзіне жас үйірілді. Салдыр-гүлдір ақтарылып кететіні болса да, соңғы кезде Ермекбайға әлдеқалай бейім білдіріп, ықыласы ауып тұратын. Қазіргі өкпесі еркелік тәрізді көрінді. Ермекбай аяп кетті.
- Күлше-ау, сені жазғырғанда маған бірдеме түсе ме? Менің ренжитінім көрмейтін нәрсені көргіштігің ғой,-деп керістен гөрі келіске шақырған бәсең үнмен баяу сөйледі.
- Күн калай? Аяз емес пе?-деп Ермекбай құлақшынын милығына баса киді.
- Үй арасы таяу ғой. Үсімессің.
- Осы тілің бе, осы тіліңнен тартасың! Айтпады деме.



Ермекбай есікке беттеді. Табалдырыққа жете беріп қайта оралды.

- Ата-бабама дарымаған оқу мені қай ұшпаққа шығарар, Бармаймын.

Күлше үндеген жоқ. Бөртпе қыжым шәлісін асығыс бүркеп, күпісін жамылды.

- Екі кештің арасында сен қайда жиналдың?
- Сенің орныңа мен оқимын.- Күлше шынымен бір байламға бекінгендей. - Тақтайың қайда, маған берші.
- Әй, желікпе!
- Желігіп тұрғам жоқ. Қалаубектен ұят-тағы. Бастарыңды әрең-әрең қосып, сәйгел шыққанда сиыр баққан бақташыдай ол жүр шырылдап. Сол қасиетін білсеңдерші.
- Барайын деп тұрмын ғой. Қалжың да айтқызбайсың ба?
- Қалжыңдамасаң мені ерте кет.
- Сені қайтем? Бетіңе қарап отырам ба?
- Оқимын.
- Қой, ойбай! Жынданба!
- Оқу оқығанның бәрі жынданатын болса, өзің неге оқып жүрсің?
- Менің жөнім бөлек. Мен ертең-ақ ауылнай, тіпті, болыс болармын.
- Мен ауылнай болмай ма екем?
- Әйелден ауылнай шықпайды, қалқашым. Әуре болма.
- Сонда... Ауылнайлық қиын боп па?
- Енді қалай деп едің. Еркек басымызбен біз де тайсақтаймыз.
- Бәріңнің кемсітерің әйел ғой сонда,- деп Күлше теріс айналды. Көзі жасаурап әлденеге реніш танытты.
- Күлше, жүр онда, кеттік!

Ермекбай әйелін құшақтады. Басын кеудесіне құшты. Күлше жылап жіберді.

- Әй, не болды? Неге жыладың?
- Жәй әшейін...- Күлше күйеуінің құшағына тығыла түседі.

Ермекбай келіншегінің маңдайынан иіскей берді де, бір кез көзінен сүйіп алды.

- Енді бұл сүйтеді. Біреу-міреу көріп қалса, Ермекбай әйелін бұзауша жалайды дейді ғой.

Айтарын айтқанмен көзі жымыңдайды. Іштей «тәубе, тәубе!» деп күбірлеп шүкіршілік етеді.

Жетілік шамның жарығында дуылдасып оқу оқып жатқандардың арасында Қалаубек жүр. Бірінің қалам ұстаған қолын түзетіп, бірінің әрпін қайта көрсетіп жазып, тыным таппайды.

Осы арада Бопсабай да отыр. Елтірі құлақшынын жымқыра киіп алыпты. Жоғары қайырған екі құлағы қозғалған сайын ербең-ербең етеді.

- Қалаубек қалқам, әліпті таяқ деп үйретіп жатырсың. Анау әлгі, осыны біз шынымен үйреніп кете қоямыз ба? Бұл тышқанның ізіндей қыбырлаған пәлең көкейге қонғанша ешкінің құйрығы аспанға, түйенің құйрығы жерге жетер,- деп икемге көне қоймаған қолымен дірілдетіп әлдене жазған болады.

- Бәке, өзіңіздің орашолақтығыңызды өзгеге жабатыныңыз қалай. Анау Байту, мына Рәштар бүгінде хат таниды. Зейін қойсаңыз, сіз де оқып кетесіз әлі,- деп Қалаубек күліп қойды.

- Анау әлгі, солай ма? Байтудікі жөн, денесімен басса да бірдеңе қылады, Рәш те мықты боп тұр ма? Ойбай, онда Қалаубек қалқам, қалай қамшы бассаң да еркің. Үйрете бер,- деп Бопсакең қалжыңға сүйеді.

Көп ұзамай жұрт үй-үйіне тарады. Қалаубек оңаша қалды. Жұмаштың ақылымен ауылындағы осы мектепті ашқанына екі айдай болғанымен қырып бара жатқан ештеңесі жоқ. Ағайын-туыс бірде олай, бірде былай. Үйіліптөгіліп келеді шуылдасады, оқиды. Қырсауланып жалтарады - ауыратын да, сақинасы ұстайтың да, тығыз жұмысы боп қалатын да солар. Бастары бір қосылмайды. Әрқайсын билеген күдік көп. Сенімі шамалы. Оқығанда не бітіреміз? Не тындыра қоярмыз дейтін күмәнданумен аттап баспайды. Қолмен ұстап, көзбен көрмеген жақсылық қанша сипаттағаныңмен көкірекке енер ме?

Қалаубектің өзі де әрі-сәрі. Ақжолбектің абақтыда жатқанына үш айдай болып капты. Содан бері хабарошар жоқ. «Ендігі бір жағына шығар еді. Сірә,Жұмаштың да бой сала қимылдамағаны ғой. «Кісідегінің кілті аспанда». Тамақтан өтпеген соң, тақымға баспаған соң кедей-кепшікті ол қайте қойсын. Бақсыбайдың туысы болсыншы, ендігі қойны-қонышына тыққыштап, сумаң еткізіп босатып алар еді. Кісі өлтірген жоқ, ұрлық жасаған жоқ. Қорлыққа шыдамады, зорлыққа көнбеді.



Соған бола соттап жіберсе, онда әділет күтер не қалмақ?»

Қалаубек ашынған сайын ашулана түседі. Ашуланған сайын адаса береді. «Кекке шапқан қасиет - қасірет пе еді? Бейуақта белгі берген ашу қимылы ажал қақпаны ма еді? Жалғыз шауып ол таппаған жолды бәріміз қосылып және кездестіре алмадық. Кім айтар, кім түсіндірер? Қайран оқу? Неткен терең едің? Сені бойлай алмай тырбанамыз. Тырбанамыз да ұзап ойлаған көп жайды түйіндеп байлай алмай сенделіп тоқтаймыз. Қақпақылдаған толқынның тұңғиығын қорқыныш санаймыз ба, кібіртіктеуіміз көп. Қобалжу және арылмайды...»

Қалаубек дөңгелек үстелге шынтақтай отырып, «Народный университет на дому» журналын ақтарды. Ежіктеп оқығаны болмаса, орысшаға тісі онша батыңқырамайды. Көп сөзіне түсінбейді. «Шіркін, мыналарды судыратып оқып тоқып алатындай болсам-ау! Әйтпесе, бұл «сорок» мен «қырық» деп-ақ отырғанымыз».

Сырттан шаң-шұң дабыр естілді де, ізінше Ұрқия жеңгесінің дауыс қосқан жылауы ілесе жетті. Қалаубек жалаң аяқ күйі албарға тұра ұмтылды. Қара көлеңкеде құшақтасып, әлде алысып жатқандарды айырып болғысыз. Қалаубектің бір байқағаны - Ұрқия жеңгесінің солқ-солқ жылағаны, зәбір көрген көңілмен уайымды шер төккені.

«Енді дәл осылай басынулары қалып еді!»

- Иттің ғана баласы, не іздеп жүрсің!

Жеңгесін құшақтап жүрген адамға бара айқасты.

- Қалаубек! Қарағым, Қалаужан!..

- Ақжол ағатай! Ақкем!..

Құшақтай алды. Ағасының омырауынан тер иісі, кір иісі, темекі иісі аңқып қоя берді. Сол иістерден айрықша өткір боп жусан иісі есті. Аға иісі - жусан иісі болатын. Аға құшағы- ыстық құшақ болатын!

Шұбатылып бәрі үйге кірді. Қара шаңырақтан сүйретіліп Ақша әжей келді.

Ақша әжей сөйлейді де жылайды. Жылайды да «қоңыр қозысын» емірене сүйеді. Жылаған сайын басқаның алдында сыр білдірмей қатайып келген көңіл егіл-тегіл босай түседі. Босаған көңілдің сағынышы тыңдағандардың сай-сүйегін сырқыратады.

- Құлыным, Ақжолбегім! Сен жоқта ауру тауып,

жер бауырлап қалып едім. Топырағым өзіңнен бұйырсын деп тәңірге жалбарынып-ақ едім, құдай көз-жасын иіп, тілегімді берді. Енді бүгін өлсем де арманым жоқ, ақ ботам! Кісіге залалың жоқ еді, қарап жүрмей жазалы болдың. Қайтейін, аруақ-құдайға тапсырып, зарлаудай-ақ зарладым. Тілеуім қабыл болды ма, аман көрдім. Енді алдыңда алсын. Артыңда қалдырма тағы.

Жұрт тегіс жиналып қалды. Таяғына сүйеніп Жұмекең де келді. Ағайынды екеу бір-біріне алғаш қарасқанда-ақ көп жайды айтпай ұғысып еді, Жұмекең басын шайқап, інісінің құшағына кіріп барады.

- Бауырым, қаралдым...
- Аға!..

Түн ортасы ауа тамақ соңынан, ауыл адамы тарасымен Жұмекең шырт түкіріп тастап, інісіне бұрылды.

- Ал, Ақжолбек, енді не істемексің?
- Не істермін, аға. Құдайдың бұйырғаны болар.

Сезімтал ғой шеше шіркін, Ақша әжей жылап келіп Ақжолбекті бас салды.

- Қашып кеп пе едің, жарығым-ау? Тағы жылатқалы оралып па едің? Бір көрініп, жоғалғалы келіп пе едің!.. Жібермеймін. Шығармаймын құшағымнан... Кім тартып алар екен қолымнан? Қай құдай әкетер екен!..- деп дауыс салды.

Жаулығының етегімен көзін сыққылап Ұрқия үнсіз селкілдейді. Божбан Қалаубекке қарап талпынады.

Қалаубек баланы құшақтады. Қара көзінен сүйді.

- Ақжолбек, ұсынған басты қылыш шаппайды. Бір ағаттық істеп апсың. Әлі де түзетуге болар. Қайтып бар деп Жұмекең шарасыз халмен ақыл қосады. Әлсіз қолмен қалтылдатып шырақ көтергендей далбаса етеді. Сол шырақтың табан жолға жылтырап себезілеген сәулесінен тас қараңғысы сәл сейілгендей болса да, әр жағын үңгіп кететіп жарығы күңгірт.
- Аға, осы бар ғой, қолмен істегенді мойынмен көтерем. Ешқайда да бармаймын. Кісі өлтіріп, жол тосқам жоқ. Үш ай бойы қандала-битіне таланғаным да жетер. Енді өз бетіммен ол қапасқа қайта барып түсе алмаспын.
- Мен басқа не айта қоярмын. Қақаған қыс ішінде қайда барып жөн сұрарсың? Қол қысқа, әйтпесе тұп-тура сонау өкімет тұрған жерге бір жетсе, әділет табуға болар ма еді? Жұмаш балам тәуір жігіт сияқты еді, көмектеспегені ме?- деп қиналып отыр.



- Жұмашта жазық жоқ. Ол өзі қазір ауданда емес. Екі ай болды бір жаққа кетіпті. Шамалауымша, Қызылордада оқып жатқан тәрізді. Оныц орнына келгені дікілдеп тұрған бір төресымақ. Әсіресе, соның мінезіне шыдай алмадым.
- Апырай, ә. Жұмаш жоқ де. Ал, енді Ақжолбек, дәл осы жолы қиянаттан тазасың ба? Күзетші, сақшыларға қолың тиген жоқ па?
- Жоқ. Адалмын, аға. Әлдеқалай сыртқы есік ашық қалыпты. Содан шығып жүре бердім. Бірде жаяу, бірде көрінгеннің артына, арбасына мінгесіп жеткен бетім осы,

Қалаубек қалың ойға шомды. Қалай аунаса да қалың шеңгелге түскендей жанының бәйегі жоқ. «Жұмаш жоқ дейді. Ол болмағанымен өкімет, аудандық комитет, атқару Советі бар емес пе? Ақ-қарасын тексеру соншама қиын ба? Осында да елміз, еңбекшіміз деп бірлестік ұйымдастырмақшы боп жүрміз. Ячейка мүшелері өз түйсіктерін айтып неге хат жазбайды? Хат жазсақ, қайтер еді... Қайтер еді?..»

## ТӨРТІНШІ ЖЕЛІ

### 1

Қараша үйдің жыртық-тесік туырлығындай қара жер ойдым-ойдым. Қар еріп, жылғаға жылға қосылып сай-сайды құлдап ағады. Жамырап барып өзенге күрілдеп қосылады. Көлеңкеде кіржамбаз қарала қар жатса, күн шуақта бозбастың ернін басқан жұмсақ түктей көк қылтиды. Көктем желі есті. Тоқтаусыз есті де, қыс ызғарын алдына салып қуып кетті. Сол-ақ екен жаңа жас тірліктің бой жазар, талпынар өскелең шағы өріс ашты.

Аспанда ақ мамық бұлт қалықтады. Аспанда айналаға шуағын шашып күн көрінді. Жазғытұрғы жылы лебіздің мерейлі лебіндей жылу төгілді де, ай аралатпай бөктер-бөктерге шөп қаулап, қызғалдақ құлпырды. Даланың жұпары аңқыды. Көктем келді.

Көктем келді де Миялысайдағы Жұмекең аулына қызу қарбалас араласты.

Жер аяғы дегдісімен Қалаубек Қабыланды ертіп ау-

данға жөнелді. Аудан орталығы ауылға жақындап, ішке таман жаңада ғана қоныс аударған еді. Ділгерліктен құтылған кедейлер бір жасап қалды.

Жұмаш ауданға оралыпты. Қалаубекпен жақын туысындай құшақтасып амандасты.

- Хал қалай, бауырым? Не тындырдың?

- Тындырғаным шамалы-ау. Мектеп ашқан болдық. Бірен-саран хат танығандар бар.Ячейкамыз жұмыс істей бастады. Мүшесі - бес-алты комсомолмыз,- деп Қалаубек саусақпен санағандай істеген жұмыстарын атай беріп мүдірді.

- Неге бөгелдің?

- Бөгелмей қайтейін. Бастарын бастап алып, арт жағы не болар деп бір-бірімізге аңқита ауыз ашқаннан басқа бітіреріміз жоқ. Баяғыда бір тәпелтектеу ағайынымыз ұстаса кеткен біреуден жығылып қалып: «Күш жетеді-ау, қол жетпейді»,- деген екен. Біздің жағдайымыз да солай болып тұр, Жұмеке. Ұйымдасуын ұйымдасып алып, ары қарай не істерімізді білмей тығылып отырмыз.

Жұмаш кеңк-кеңк күлді. Көзінің жасын сүртіп сығырая қарады.

- Бір іске кірістірдің, енді жолын көрсет дейсің ғой. Дұрыс, дұрыс-ақ, Қалаубек. Көлеңкедей қалт-құлт етпей, ашық, батыл бел сыбанып араласайын дейсің ғой. Ендеше оныңа ақыл қосар ыңғайым бар. Білесің бе, Қалаубек, осы қазір ауыл-село активінде жалпы Одақ бойынша жүз мыңнан астам комсомол бар екен. Ретін тауып, ұтымды пайдаланса қандай құдіретті күш, ә! Нағыз таңғажайып құбылыстардың қайнар көзі емес пе! Ал енді осы қуатты күшті пролетар саясатын ауыл-селоға жетекші етудің жолдары бар ма? Жолы бар ма? Бүгінгі таңдағы партиямыздың алға қойып отырған келелі мәселесінің бір шоғы осы,- деп Жұмаш сәл тыныстады.

- Апырай! Жүз мың дейсіз бе! Көп екенбіз ғой!- деп Қалаубек қуанып тұр.

- Көпсіңдер. Бірақ көппіз деп бос жүрмеу керек. Ол үшін, ауыл жастары Совет өкіметі декреттерінің кедейге, нашарға берер жеңілдігін ең алдымен өзі түсініп, сол түсінгенін өзгеге ұғымды етіп жеткізе білуі шарт. Ал сендер, өздерін өкіметтің осы декреттерін бес саусақтай біліп, соқырға таяқ ұстатқандай талдап беріп отырсаңдар төңкерістің жаңашылдығы мен заңдылығын әрқашанда,



берік ұстар едіңдер. Қиыннан қашпай, төзімділікпен әрдайым белсенділік танытсаңдар, сендерге айналар топ көп. Халыққа не керек? Білім керек. Жырта салып, дән сепсе өздігінен қаулап шыға келетін астық жоқ. Жастар агрономиядан да хабардар болса құба-құп. Өзің айтшы, Қалаубек. Шаруаға ат үстінен үгіт айтып, асығыс-үсігіс жиналыс өткізіп жүре берсең ұната ма? Ұнатпайды. Қысыр сөз қуырдақ емес. Қолыңнан келмегенді сөзіңмен өткізе алмайсың. Ол үшін ақылың, білімің, агрономияң өте қажет. Қанша шешен сөйлеп, ділмарлық танытқанмен топырақтан торта айырмасаң-шаруа алдында жалқаусың. Ісіңмен, еңбегіңмен басшы болсаң- қосшың көбейе түседі, құрмет-қадірің кеңейе түседі. Сонан кейінгі еске мықтап түйер бір жай - салық пен жергілікті бюджет. Бұл екеуі ауыл тұрғындары үшін ең маңызды мәселе. Кедей арымайтындай, бай адыраңдамайтындай етіп салық бөлу - жастардың, онда да озат жастардың төл борышы. Мәселен, Бопсабайда жалғыз ешкі бар. Бақсыбай мың айдайды. Бопсабай зар илесе, Бақсыбай мұртынан күледі. Себебі. Бақсыбайдың басына әлі ештеңе тиіп көрген жоқ. Шынтуайтқа келсек, Бопсабайдың бір бергенін Бақсыбай жүз есе беруі қажет. Әне, көресің бе, қаншама жұмыстар күтіп тұрғанын?

- Жұмеке, көп жайды, көп сырды біз долбарлап қана пішіп, шомбалдап кесіп жүр екенбіз. Шатасып, араласып жүрген өз ішімнің бағыт-құбыланамасын төңкерін қойғандай болдыңыз ба, кеудеме бір сәуле түскендей сезінем. Ал енді осы қалт-құлт еткен шырағымды жарқыратып әкететін құдірет - әлгі сіз айтқан «көп керекті» қайдан үйренем, кім үйретеді?-деп Қалаубек құлшына түседі.

- Жаңағы мен айтқан «керектер» туралы кітапшалар бар. Соны берейін. Құр босқа парақтамай, анықтап оқып, тоқитын бол. Уәде беремісің соған?

- Берем.

- Енді бір мәселе - Миялысайда артель ұйымдастырсақ па деген ниетіміз бар. Сендердің ауылдарың дайын тұрған - бірлестік. Осы жағын да ойлай жүр,- деп Жұмаш орнынан тұрды.

Қалаубек те лып көтерілді. Бірақ қайта-қайта жөтеле түсіп, әлденені қипақтап айта алмай тұр. Досжар көңілден көмек күткенімен, «әй, не деп қалар екен» дейтін үркек секемі тұсап қалды. Түлкі тымағын үнсіз сілкілеп,

сарғылт қылшығын саусағымен баяу сипайды. Өзге үшін өктем шығар еді, өз жайына келгенде өкпесі өшкендей бәсеңдей береді. Ұят па, өрт пе - бетке қан жүгіріп дуылдай жөнелді. Дірілдеген кірпікте, қызарған жүзде жасу, жатсыну, қобалжу бар. Әлгінде шуақ төгілген көңілінде елгезек сезім тұнып тұр еді, бір сәтте жүрегіне зіл батпан салмақ түскендей өне бойы түгел тоңазып, буын-буыны босап сала берді. Қырлы мұрынның дәл ұшына ұсақ-ұсақ тер шықты. Қабақтан төмен қарай толқын білінді. Енді бір ауыз сөз айту тау көтергеннен ауыр тиерін сезді де, бөгелмей есікке қарай беттеді. «Айта алмай кеттім! Ынжықпын!»-дейтіидей өзіне-өзі ренжіп барады.

Жұмаш есіктің тұтқасына қол созған жас жолдасын дауыстап тоқтатты.

- Ұмытып барады екем-ау, Қалаубек. Сүйіншімді бер!

- Алыңыз! Қалағаныңызды алыңыз!

- Е-е, қуанатын емессің ғой. Пәле, жүдеп қалғаның қалай? Не болды?

- Жай, әншейін. Айтпасам ба деп едім. Қиналып та тұрмын. Бірақ түн ұйқысын төрт бөліп, тәңіріне ақсарбасын күнде атаған әжем зары айтпасқа тағы қоймайды. Жұмеке, Ақжолбек ағатайым ауылда қашып жүр ғой. Соның жағдайын, енді не істерін өз аузыңыздан білсем деп едім?-деп Қалаубек төмен қарап аяғының ұшымен жер шұқыды.

- Пәле! Мен сенен сүйіншіні неменеге сұраушы едім! Ағаңды адал деп ақтап шықты ғой. Соған қуантайын десем, қараптан қарап мұңайып, күн жаумай су болып тұрғаның. Ай, Қалаубек, сезімталсың-ау! Осы сен ақын болмасаң нетті!-деп Жұмаш қарқ-қарқ күлді.

Қорыққанмен қуанған бірдей. Қапелімде аузына сөз түсе қоймаған Қалаубек жігітті құшақтай алды.

- Жарар! Қой, Қалаужан! Пілдей бір азаматты үш ай бойы суық үйге қаматып қойып, осы екеуміз не бітіргенбіз. Алдымен сонымызға жауап іздейік те. Көр-жер жұмыс бастылықпен өз қолымызды өзіміз байлап, адам тағдырына немқұрайды қарайтын боп барамыз ба, қалай? Сен не дейсің?

- Рақмет, аға!

- Өй, рақметің не? Ұрыс онан да.

- Ұрыса алмаймын. Рақметтен басқа айтарым жоқ.



- Асатпай жатып құлдық деме, Қалаубек.

- Сүйіншіңіз мойнымда.

- Ал, менің не сұрайтынымды білесің бе оған?

- Қалаңыз.

- Қаласам, ағаңды кешір. Кешір де пайдалан. Жоғалып табылған асылдай жарқырауы мүмкін. Тағы да жоғалтып алмайық.

- Тырысып көрейін.

- Ендеше, жүр, біздікінен ауқаттанып алайық. Жеңгеңмен де таныстырайын.

- Жұмеке, дәл осы жолы бара алмаспын, ренжімеңіз. Кейін арнап соғармын.

- Жо-жоқ! Қашқақтама. Қойым болмаса да қоңым бар. Жүр! Әңгімелесетін жайлар әлі де көп. Аулыңда мектеп аштың - үйі бар ма соның? Жоқ. Іргесін көтеру. керек. Рымбек - ауылнай. Артельді түсіне ме? Әлде Дүтбайшылап кете ме? Ол да ойлантар жай. Ұлықтық - ұлылық емес. Бектік, төрешілдік - қасиет емес. Содан сақтай алармыз ба? Сақтандыра алармыз ба? Мен осы-жолы бір жігітке ырза боп оралдым. Өзі сендердің ауылдарыңдікі. Аты - Дауылбай. Жоғары қызметте жүрген екен. Тайызда тайғақ көп депті де, сол жігіт Москваға оқуға кетіпті. Күні ертең алғашқы қарлығаш боп оралар сол келешек инженерге сүйінем. Елінің болашағын ойлаған нағыз азамат сол, әне! Атақ пен мансап іздесе жылы орнын суытар ма еді? Молодец!-деп Жұмаш шын жүректен толқи сөйледі. Ырзалығы көзінен де, сүйірлеу біткен биік қырлы мұрынды жүзінен де анық айқын көрінеді.

Орта бойлы, дембелше тығыз денелі осы жігітке Қалаубек көрген сайын құныға бас қоятын зәм-зәм суындай ұмтыла түседі. Қарап тұрса, асып бара жатқап көркем түгі де жоқ. Дудыратып шалқасынан қайырып қойған көмірдей қара шашы болмаса, күле қарағанда іші-бауырыңды елжіретіп кететін қой көздері болмаса, қалыңдау біткен ерінде, шықшыты жалпақтау бетте алып бара жатқан сұлулық аз. Ал өзі сөйлей жөнелгенде қушық иық кеңіп, аласа маңдай шалқайып, сымбаттанып шыға келеді. Әлде онысы жігіттің кеңескен жанының ойындағысын тап басып, көкейіндегін тауып айтпаса да сенімді, шапшаң айтпаса да шалымды сөйлейтін қасиетінен де болар. Жан тамырларды бірдей ұрғызып, бір соққызатын ұғынысу, мүмкін, ойы мен арманы, мақсұт-мүддесі бір

саналы азаматтарды бір-біріне ғашық қып қоя ма? Іштегі сыйласу, сыйлау қадірі тылсым көпірдей жалғастырып, адалдық, адамдық деген асылдан белгі соғар ма? Әйтеуір, Қалаубек Жұмашқа тәнті.

«Ақын болмасаң нетті?!» Солай айтты. Бірдемені сезген болар. Сонда мен шынымен ақынмын ба? Ақын бола алам ба? Орамға илігіп келе беретін ой бар ма? Шыншыл, сергек жалын болса, ақындық шабыт елітіп, ертіп кетсе ғой. Жетелеп құлшындырса ғой. Рақат деп ұмтылғаным жадыратпай жатып ұзап жоғалады. Әлде ет пен терінің арасындағы тез суыр жеңсік желік желбуаздай буып жүр ме екен? Ақын болсам қайтер едім? Болжал айтардай ұшқары сезімге ұрынам ба онда? Ақындық - ұшқарылық емес шығар. Мөлдір судай ырғақ сыңғырлап құйылса, арманды-армансыз пендені бұлқынтпай, тебірентпей қала алар ма? Ал онда өзім неге тебіренбеймін? Ақбілекке арнаған әнім мен назым қайда? Үніне сүйсініп,қиялдағы елестен сәуле аңдымаймын ба? Ұмытпайтыным қалай? Ұмыта алмасам - ішіме түскен шырайдың бой тұлғасын анық сақтағаным, анық күткенім ғой... Ақбілек!... Неге Ақбілек қоймады екен атын? «Ақбілек» деп ән шығарып, ауылдан ауылға таратсам, сүйініп тыңдар ма еді? Тыңдаса ғой. Ұқса ғой мені... Лықсып туып, үміт іздеп шарқ ұрып кетер ырғақ оралса, ілгері тартып, қуантып жетелер еді-ау, шіркін! Бұлдыр перде шымылдығын серпіп ашып: «Мен келдім! Өзіңе келдім!» дегізер күн қайда? Сонда таныта алса, талпынып қол созса...»

- Қалаубек-ау, түс көріп отырғаннан саумысың?- Жұмаш жеңінен тартты.- Дүкен аша алар ма едіңдер?

- Дүкен дейсіз бе? Білмеймін. Рымбекпен өзіңіз сөйлесіп көрмесеңіз. Артель ашу, мектеп үйін салу... жұмыс көбейіп барады-ау. Асып төгілеміз бе, мен не дей қояйын,- деп Қалаубек әлгі бір ойын қайта жалғай алмай құрыстанып қалды.

* * *

Ауылда күн жылына қарбалас күшейді. Қыстайғы суықтан қысылып шыққан жан-жануар күн көзіне таласа ұмтылып, тармаса ерді. Жастықтың масаң қызуындай табиғаттың өскелең шағы барынша жадырап, тіріліп келе жатыр.



Жұматай ақсақал қамшы өріп отыр. Қалаубегі біраз жұмыстың басын ұстап атқа мінгелі әке көңілі шүкірлігі мол тәубаға ұйығыш. Өз қолымен ұлына әдейілеп қамшы өріп бермек еді. Үстіне Абылан асығыс кіріп келді. Екі езуі екі құлағында. Көп ашылмайтын шаруа қабағы сәуірдегі күндей мөлдір. Көзі күлімдеп, амандық-саулықты да ескерер емес. Тізе бүкпестен дабдырлай жөнелді:

- Жұмеке жүріңізші!.. Өзіңізді үйден тапқаным қандай абзал болды!

- Не боп қалды, Абылан-ау? Мұрныңа су жетер емес қой.

- Құдай берді ғой, берді, Жұмеке! Қара інген шіркін боталайын деп жатыр!

- Әб, бәрекелді! Қайырлы болсын! Барармын кейінірек.

- Жо-жоқ! Қазір жүріңіз. Кейініңіз не? Ойбай-ау, ауыл ақсақалысыз! Басы-қасында өзіңіз болмайсыз ба?-деп сәл кешіккенін қалар емес. Кәдімгідей-ақ бұртиып өкпе танытты, Абыланды біреу түсінсе, Жұмекең ғана түсінеді. Таспасын текемет астына тығып, күпісін жамылып ілесіп шықты.

«Қара інген мал болмайды»,- дейтін көпшілік, қара інген боталайын деп жатыр дегенді естіп, түгел қаптап кетіпті. Абылан келе-сала көршілерін албардан қуа бастады.

- Ойпырмо-ой, не деген мазасыз жұрт едіңдер! Бара тұрыңдар! Шыға тұрыңдар! Мал көрмеп пе едіңдер? Келесіңдер ғой кейін. Түйе малы қызғаншақ, жануарды қинамаңдар,- деп безек қақты.

Жөпелдемеде көне қоятын Нұржан, Ермекбайлар ма. Ойын-қалжынға шаптырып үймелей түседі.

- Абылан-ау, Зейнеп босанғанда не жаның жүрген, түйеге мұнша есің шығып кетті!

- Әй, ботасы қандай болар екен? Оның да тілерсегі тіліні түсер ме?

- Жағыңа жылан жұмырқалағырдың қайдағы жоқты айтуын. Онан да аяқ-басы сау атан туғанын тілемеймісің. Ертең мал-жан ортақ болғалы тұрғанда, ортаға салып соқаға жегетін.

Абылан Нұржанға ала көзімен ата қарады. «Малжан ортақ болғалы тұр». Дүниеде жалғыз түйелі Абылан үшін осы бір ауыз сөздің ауыр тиетінін біліп әдейі айт-

ты ма, әлде шынымен күні ертең солай болар ма, шаруаның қуанышы заматта су сепкендей басылды. Ортаға түсетін болса, түн ұйқысын төрт бөліп қыстай мәпелеп шыққан қара інген қазір неге өлмейді-ақ! Қара інгеннен өлі айрылдың не, тірі айрылдың не - қорадан ұзаған соң бәрібір емес пе? «Ырзық-несібем, қыдырым - қара інгенім!»-деп келген Абылан үшін бұдан былайғы тірліктің онда жарық-шуағы болар ма? Кәсіп үшін, тамақ үшін көлеңке қарайтқанмен ішінің тіреуі сынғандай босап күйзеліп қалар болса, Абыланның басынан құдайдың қос қолдап ұрғаны ғой!

Соны сезген Жұматай ақырып жіберді.

- Кәне, шуылдамай тараңдар!

Жұматай ақсақалдың осы сөзінен кейін ес жиған Абылан көзі жасаурап жыламсырай сөйледі.

- Жұмеке, әлгілер не деп кетті?! Ортаға түседі деген не сөз? Не сұмдық?

- Ой, бар болғыр, уайымдамасты уайымдап... Тарт ботаның аяғынан? Қолыңнан жетелеп әкетіп бара жатқан ешкім жоқ қой...- деп күле түсіп, тез басылды.

Қара інген қара бота туды. Қара бота ұрғашы екен. Ендеше атан болмайды. Қара бота інген болса, қорадан кетпейді, ортаға түспейді. Абыланның жүзіне қан жүгірді. Шекпенінің қалтасынан шақшасын шығарды. Бір шөкім насыбайды таңдайының астына тастап жіберді де, күлім қақты. Оң қабағын көтеріп ән салды. Ыңылдап қана салды.

Дүние жалған,
Еттім сайран...

Далақтап Бопсабай келді. Бопсабай - шолақ белсенді. Бопсабай «советский власть»- өзін-езі солай атап кеткен. Сол атауға өзі құдайдай сенеді.

- Өсер көбейсін, Абылан!

- Айтқаның келсін!

- Шақшаңды бері тасташы. Жұмеке, сізге айтарым бар. Екі қолыңызды қусырып отырғанды қашан қоясыз? Анау әлгі, оныңыз жарамайды. Мен советский влась атынан мұныңызды құптамаймын,- деп Абыланның шақшасын алды. Тығынын бармағының арасына қысып тұрып қара қошқыл насыбайды алақанға сау еткізді. Алақан толған насыбайды ауызға атып ұрып, шашалып,



булығып, күрк-күрк жөтеліп тәңіріге жазып қалды.- Абылан-ау, мына пәлеге иттің қиын қосқанбысың, немене? Удай ғой! Анау әлгі, Жұмеке, сөзімді жалғайын. Советский власть жалқаулықты сүймейді. Мына біз, анау әлгі, мектеп салайық деп жүрміз. Ауданнан keредет алатын болдық. Сонда мектепке есік-терезе керек пе? Керек. Анау әлгі, құдайский терезе керек. Қарын ұстап, жастық тығып қоятын мыжырайған там емес ол. Біле білсеңіз, нағыз советский мектеп! Анау әлгі, Жұмеке, қолыңыз епсекті. Балтаны өзіңіз ұстарсыз. Ал, мен айттым, бүгіннен бастап басқара беріңіз!

Жұмекең не десін, мырс етті де иек қақты. Бопсабайдың көптен бері «ский» аралатып сөйлейтініне де, «советский власть» болғанына да қуанбаса ренжімейді. Осындай «скийлер» көбейсе, Бопсабайлап дуылдап шыға берсе - қара шөміш қара су сапырмай, май сапыратынына көңілі тоқ.

- Дұрыс, Бәке. Қолдан келгенді аямаспыз. Ал, өзің үй қалқайтпаймысың? Ол жағын ойладың ба?-деп Жұматай Бопсабайдың бопсабайлығы жетпей жүрген бір жұмыстың шетін қылтитты.

- Болар, бір жөні болар. Айдалада емес ел ішінде отырмыз ғой. Анау әлгі, шындаса біздің үйдегі Дәрия келініңіздің өзі-ақ Жұмеке-ау, төрт қабырғаны тұрғыза салады. Ұсақ-түйекке бөлініп, байский қылық танытпаймын мен,- деп Бопсабай түрегелді.- Айтпақшы, ләтифон дейтін бір сандық шығыпты. Жұмеке, сіз естімедіңіз бе? Әлгі сандық адамша сөйлеп, ән салады дейді. Анау әлгі, ауданға бір барып көріп қайтайын десем, қол тимей жүр. Соған не ақыл қосасыз? Қалт еткенде барып қайтсам, күпірлік болмас па екен?

- Жоқ. Жақсыны көрмек үшін. Барғаның жөн.

- Әй, Жұмеке, заңғарсыз-ау! Өз ойымның үстінен түстіңіз. Ойбүй, ұмытшақ боп барам, әдейі келген жұмысым тарс есімнен шыға жаздағаны. Кешке Ақжолбектікіне жиналыңыздар. Анау әлгі, жиылыс өткізбекпіз. Ұмытып кетпеңіздер. Абылан, сен де кел,- деп Бопсабай жөнелді.

* * *

Ақжолбектің ауыз үйі лық толды. Төргі үйде отырған-. дар да біршама. Ортада жетілік шам әлсіз жарық шығарады.

- Ұрқия! Жер майың жоқ па? Мына шіркін бәсеңдеп барады ғой, май құйсаңшы!
- Пілтесін көтер!
- Май жоқ.
- Рымбек, баста! Бастай бер. Уақыт тығыз. Әркімнің өз жұмысы бар.

Төрде төртеу отыр. Ауылнай Рымбек, болыстық комитеттің мүшесі, һәм комсомол ұясының жетекшісі Қалаубек, белсенді Бопсабай мен Байту.

Рымбек орнынаи тұрды. Рымбекте ауылнай болғаннан бері біраз өзгеріс бар. Қайыру бермес қайратты шашын өсіріп жіберген, үнемі тікірейіп тұрады. Насыбайды тастап, темекі тартады. Қазір де темекі қалтасы мен газет қиындысын шығарып, шылымын орап алды да, оны жетілік шамның шынысынан тұтатты. Қомағайлана сорып-сорып жіберіп аузы-мұрнынан көкала түтінді бұрқ-бұрқ атты.

- Жолдастар! Аулымыз ауызға ілініп жүр. Аудан бойынша жер жыртып, егін салған ең алдымен біз екенбіз. Аудан бізге ерекше көңіл бөліп отыр. Кедей ауыл, еңбекшіл ауыл екенбіз. Оны іс жүзінде таныттық. Жұмыла көтерген жүк жеңіл. Осы былтыр ғана Жұмекең ақсақалдың ақылымен бас қосып, тоған байлап ұйымшылдық ұйтқысы болдық. Енді бір нағыз бірлестік құрсақ - артель болсақ деген ойымыз бар. Бәрі өзіміз үшін. «Алтау ала болса ауыздағы кетеді, төртеу тату болса төбедегі келеді». Татулыққа, ұжымдыққа партиямыз шақырып отыр. Қолдағы күшті, қорадағы көлікті бір жерге жинасақ, тау қопарады екенбіз. Сонымен, артель боламыз дегендерің дауысқа салыңдар.
- Сұрағымыз бар.
- Күш-көлікті жинайық деген не? Иесі кім болмақ?
- Тізімге атымызды жазып, кейін бір пәлеге ұрынбаймыз ба?
- Әртел-мәртелсіз-ақ бұрынғыдай неге жүре бермейміз?
- Осы ортақ, орта дегенге түсінбеймін,- деді Ермекбай.
- Неге түсінбейсің, сенікі, менікі жоқ. Мәселен, сенің биең - менікі. Менің күшігім-сенікі болады,- деп Нұржан шықылықтады.
- Оттапсың!!!



- Жолдастар! Ермекбай, Нұржан босқа даурықпаңдар. Сөзге қонақ берсеңдерші. Кім сөйлейді?
- Мен сөйлеймін. Мен!-деп Нұржан атып тұрды. Рымбек, сен ауылнайсың. Рас қой. Саған өкімет нұсқауын орындау - бұйрық. Ал, мен қара шаруамын. Олай болса өз еркім өзімде емес пе? Қалаймын ба - жер жыртам. Қаламаймын ба-дала, кең, жол көп, бір шаң бұрқыратуға жараймын. Әйтпесе, әртел деп әлдененеңді тықпалайсың. Ал, әртел болайық. Менде бір бие, бір ат бар. Ал анау Бопсабайда көкжағал ешкі ғана бар. Ортаға күш-көлік салғанда Бопсабай не қосады? Сонда, ортақтан мен не ұтам? Анау Байту, сонау Ескендірді қатар қой. Байту бес Ескендірге тең. Сонда Байту не ұтады. Ау, Рымбек, әртелің -ертегің емес не? Осы сендер, кедей өкіметі - теңдік өкіметі деп жүрсіңдер. Сонда қайтіп теңгермексіңдер? Немен теңгермексіңдер? Мендегі артықты кімге тартып әпермексің? Сонда байың мен жуаның мен боппын ба. Абылан болып па? Ал, ортаға күш-көлік қостық дейік. Мен жаңа отағасы Абыланды атадым. Әгәрәкім, бұл отағасы құдай оңдап қара інгенін ортаға салса, ал қара інгенге мен айдаушы боп тұрсам, маза берер ме? «Жай жүргіз! Қатты айдама!»- деп басыма әңгір таяқ ойнатып тұрса, қолында қан болмай мен қарап қала алам ба? Байту түйе менің құрдасым. Бірақ менің доғажал атым тақымыңа бір тисе, құрдастыққа пысқырар ма ол? Қайда! Жаудың малын мінгендей жалын үзсін де тастасын. Оны көріп отырып, мойнын бұрап жұлып алмай мен шыдармын ба? Жоқ, ауылнай жолдас, ешкі мен итті қосақтағандай әурешілікке барма. Әртеліңе мен қарсымын,-деп Нұржан кішкене денесін ширақ қозғап орнына кетті.
- Дұрыс айтты!.
- Нұржан сөзінде жан бар!
- Расында да әртел бізге қол ма өзі?
- Маған рұқсат етші, Рымбек, қарағым. Мен ғой жаңағы Нұржан айтқан Ескендірмін. Мына аш-арық түріме қарап осындағылар мені ылғи шеттете береді. Ал енді тоя жемесем, құдайдан сұрап алыппын ба? Тойғызам десең мен әртеліңе де, бәріне де құлмын. Мені жаз.
- Жаза бер Ескендірді. Жетістірер Ескендір.
- Е, несі бар. Ескендір тындырымды.
- Әртел болды Ескендір - бас-аяғы бес кемпір!
- Әй, айтқышым-ай!

Рымбек шуылдаған көпті баса алмай тұнжырады да тұрып қалды. Біресе Қалаубекке, біресе Бопсабайға қарайды. Осы отырғандардың көбісі көз алдында бірге жасасып келе жатқан өз жақын-туысы. Құпиясы, бүкпесі жоқ дейтін аралас ағайыны. Ал қазір араның ұясындай дуылдап қоя бергенде еріксіз қорқыныш ойлатады. «Күшіңді жина, бірік, мықты бол!» десе, аузындағысына таласқандай көріп, көткеншектей береді. «Өзімдікі дегенде өгіз қара күшім бар... Отқа айдаса, боққа жүгіреді...» Ыза болған Рымбек тағы да темекі ширатты.

- Болдыңдар ма шуылдап! Болсаңдар мені тыңдаңдар!

Талыстай денесін ырғалта шайқап, төргі үйден Ақжолбек атқып шықты. Көзі қанталап, жүзі сұрланып алыпты.

- Әй, Нұржан, сен ғой алақанат сауысқанша шықылықтаудан бір жалықпайсың. Сондағы өмір бойғы қуғаның- өнбес дау, өспес құн - болымсыздық екенін түсінер күнің болар ма екен? Қайратты халықтан күтейік деп өкімет сенім артады. Еркіндік пен кеңшілік береді. Ал, сен еркектік танытып, сасық күзенше шақылдайсың. Ынта-бейіл, үміт-тілек жолына қашан түсесің? Құдай-ау, өз ырысына асылық жасайтын бишаралық неткен сор еді? Көзің ашылса, енді-енді ашылды. Ортаға шығып сөз сөйлесең, бүгін сөйледің. Не керек бірақ? Қоршау-қамауы көп бұғып қалған жұртты оңашалап түрткілеп сен шошытқан соң амалы нешік. Жоқ! Сен осы, Нұржан, кімді құбыжық етіп көрсетпексің! Советті ме? Совет құбыжық болса бай мен жуанға құбыжық. Біздің аянкеш болатын жайымыз жоқ,- Өзің айтшы, осы былтыр ғана бәрің жиылып келіп жер шұқығанда біреу сендерді зорлады ма? Күн көрейік, елбесіп-селбесіп қаракет етейік деп бәтуаласқанда бірің түйем, бірің бием деп қан жылап па едіңдер? Енді бұрынғыңнан да жақсы бол, көмек ал, ұйымдасып, бірлесіп қимылда деген билігіңді беріп отырғанда неге шалқаясыңдар? Әй, Нұржан! Биең зорықты ма? Абылан аға! Түйең іш тастады ма? Ендеше, мына бүгежектеген түрлеріңнің орайына мен түсінбей тұрмын,- деп түтігіп кетті.

Отырғандар бір-біріне қарай алмай, көз астынан қипақтасып қалды да, іле күбір-күбірді көбейтіп, тұс-тұстан ақтарылып кетті.

- Ақжолбек адалын айтты.

- Орта деп қорықтық қой.

- Бұрынғыдай болса, онда неден тайсақтаймыз!

- Жаз! Күнту баласы Ермекбай де!

- Мені де жаз!

- Жаз! Қалаубек, қалқам!

- Ешкімге қолжаулық болмай өз алдымызға тірлік құрайық десең, біз дайынбыз. Қайдан білейік, мына Нұржан қайдағы жоқ, ақырзаманды басымызға үйірген соң, қорқақтағанымыз рас еді. Соқа мен тырма алсақ, тұқымға көмек берсе, басқа не тілейміз?

Рымбек күлімдеп көтерілді.

- Сөзіміз енді үйлесті. Олай болса артелімізге осы арада бастық сайлап алайық. Ертең дау болмасын. Сол адамға ілігетін болайық.

Нұржан елден бұрын шошаңдады. Онысы әлгіндегі қарсылығын жуып-шаюдың қарымтасы еді.

- Өзің бола бер, Рымбек! Сенен артық кім бар.

- Иә, дұрыс. Қосыламыз.

- Өзің лайықтысың.

Рымбек жымиды. Басын шайқады.

- Жоқ, маған болмайды. Ал, мен Ақжолбекті ұсынам.

- Апырай, ойымызға қалай келмеген, ей, ә! Нағыз бастық - Ақжолбек!

- Дұрыс! Ақжолбектен артық таппаймыз.

Дуылдасқан жұрт тарай бастады. Қалаубек, Рымбек, Ақжолбектер оңаша қалды. Қалаубек бұрын ағасын ұрып берме, бар мен жоққа бірдей, түгел жабылса да түгін түсірмес «айдалада кек бері соқақ-соқақ!» көруші еді. Қасында жүріп қатты адасыпты. Ақжолбектің көк дөнені ғана емес көңілі де жүйрік азамат екен. «Жоғалып табылған асыл»,- деп еді Жұмаш. Сергек жүрек сезімтал екен-ау! Бос үмітпен бой алдырып келген адуын жамның алтын діңгек, асыл қазынасы көмбеде жатқан қоймадай көрінбей келсе, оны да жарқ еткізіп аша салған замана көші, уақыт құдіреті-ау! Әйтпесе, желікті жеті атпен қуатын тентек жігіт бүгін дәл осылай ой толғар ма? Тапқанын қадірлеп, аялап ұстап өте алса, ағасының ендігі күй-халі күйші домбыраның шешен тіліндей сайрар еді-ау!..

## 2

Жаңбыр құйып тұр.

Кіші сәскеде аспанда алақандай бұлт жоқ еді. Кең жазық тыныш болатын. Бірақ түстен кейін қарабарқындаңып жыртылған егістік үстіндегі жұдырықтай боз торғай шырылын қалт тыйып, төмендей ұшты. Төбеде күн жарқырап, төбеңде боз торғай қалықтап тұрғанда диқан жүрегі сол боз торғайдың әсем әнімен, көңілді әуенімен бірге сайрап, бірге самғамай ма! Күн көзін басқан бұлт шаруалардың жүзіне көлеңке түсірді. Оймақтай ғана бұлт ойнақтап көтеріліп еді, түтіле-түтіле кең жайылды, Бұлт қоюланды. Қара аспанда ақар-шақар арпалысты. Ақ шулан тартқан етегі түбіттей созылса, ал анау жоғарыдағы қап-қара ауыр шоғыры баяу қимылдайды. Ауада дымқыл білінді. Іле алғашқы ауыр тамшылар тырс-тырс тамдыда, артынша-ақ қалың нөсер дүркірей жетіп төгіп-төгіп жіберді.

- Көлікті доғарыңдар!
- Әй, Ермекбай, тоқта! Қинайсың түйені!
- Сен де бір қызыл көз пәле болдың ғой. Малда несі бар екен?
- Мен саған айттым ғой, доғар деп! Әкеңді жер өлтіріп пе еді, иттің ғана баласы. Су қамыт мойнын қиып кетті ғой!-деп Абылан Ермекбайға бара тиісті.
- Әрі жүріңіз! Түйе сіздікі емес пе? Емес. Ендеше, малда жұмысыңыз болмасын.
- Мен саған малды қинатқыза алмаймын. Енді бір адым қия бастың ба, ұрып жығам!
- Өйдөйт деген! Қайдан шыққан мықты едің. Кірмеге басынтар Едіге жоқ. Едігенің малына сен қожа емессің!- Ермекбай қисая түсті.
- Мен кірме екем ғой. Бір туыппын, бір өлермін!

Абылан Ермекбайды құлақ шекеден қонжитып жіберді. Шартта-шұрт төбелес басталып кетті.

Ақжолбек шабдарын доғарып, ауылға жайдақ мініп кеткелі тұрған, дауыс шыққанда мұрты едірейіп жетіп келді де, ақырып қалды.

- Тоқтат! Жетеді!

Төбелесіп жүрген екеуі екі айрылды.

- Сендерге не жетпейді?
- Кірмені әбден есіртіп алғанбыз. Атаңа нәлет, қит



етсең кідіңдейді де тұрады!- деп Ермекбай ашудан түтігіп, ернінің қанын былш-былш түкірді.

- Ақжолбек-ау, төрелігін өзің айтшы! Малға малша қарауға бола ма. Жер батпақ, соқа ауыр, қамыт су. Түйені босқа қинама десем, мына неме көнбейді. Не дерсің бұған? Үндемей, түк білмегендей боп қала алайын ба? Малға бап, көлікке күтім керек. Соны түсінер ме бұл мұндар? «Кірме» дейді. Кірме-ақ болайын. Жөн айтқаным айыбым ба, Ақжолбек?- деп Абылан ызадан жыларман боп тұр.

Ақжолбек қатты ашуланды. Қамшысын көтеріп қалды.

- Кет шапшаң! Жоғал әрі! Іріген ауыздан шіріген сөз шығады. Кірме Абылан емес. Нағыз кірме сенсің. Сенің ішің де, ісің де кірме. Осыдан кейін бір ауыз бірдеме дейтін болсаң, желкеңді үзем!..

* * *

Қалаубек бұл күндері тотыға түскен. Жер жырту басталысымен оқуды тоқтатып бұ да соқаға шыққан. Содан бері ылғи асығыс. Міне бүгін де таң сәріден ерте оянып далаға шықты. Жұлдыздар сиреп, шалқая иілген жалғыз алтын қастай шығыс тұстағы ай ағара қалыпты, Бұлтсыз аспанда жеке жүзген оқшау аққудай баяу маңып барады,

Иіліп-керіліп бой жазған жігіт, есік алдында суық сумен беті-қолын жуды. Содан үйге ене бергенде құмғанын көтеріп әжесі қарсы кездесті.

- Қоңыр қозым-ау, алакөбеден тұрғаның не? Ыстық іше алмайтын болдың ғой. Бір шүйке бас түсір деп қашанғы қақсаймын. Дәнәпия қалқам мені көрген сайын ұялады. Сол қызым жақсы өзі. Түсіріп берші қолыма,- деп көптеп бері тауып алған бір тілегін айтып жатыр.
- Асықпаңыз, әже, бір жазғаны болар. Қазір маған тостағанға айран құйып беріңіз. Бүгін Байтумен жарысқа түскелі тұрмын.
- Не дейді!? Қой, ойбай! Құрығанда Байтуың құрысын! Өңкиген нememен сені жарыстырмақ болған кім өзі? Қазір барып екі аяғын бір етікке тығайын.
- Өзім, әже! Өзім! Комсомолдың екпінді ісін көрсетпекпін.

Шартабақтай болып күн төбеден қылтиғанда Бопсабай қамшысын сілтеп Байту мен Қалаубекке белгі берді.

- Тарт! Айда!

- Іске сәт!

Қалаубектің соқасына жеккені сынық мүйіз көк өгіз, қысыр қалған қызыл сиыр.

Соқаның түрені кіріш етіп жерге қадалды. Бауырдай тілінген қара бұйра шым қайқаң етіп аударылып қалып жатыр.

...Қап-қап тұқым беріп жатыр әкемдей,
Қайдан болсын, қояр емес әпермей.
Жырт жеріңді, кедей байғұс, қалбақтап.
Қоймай сіңір тұқымыңды ат өлмей...

Осы өлеңді әркім-әркім көптен бері ыңылдап жүруші еді, қазір бәрі қосыла шырқайды. Бейімбет Майлиннің бұл тақпағын Қалаубек оқушыларға өзі үйреткен. Бүгін оқушылардың әке-шешесі соны әуенге қосып өз әні, өз күйіндей сүйініп, сүйсініп салады. «Әй, н Кереметсің ғой сен! Адам жанының құпиясын тап басып, көңіл пернесін шертіп кеткенде үндеместі сейлетіп, мылқауға тіл бітіресің-ау! Сен тебірентпейтін, сен шертпейтін жан мен сыр болар ма екен. Қиял - шабыт, арман - қанат самғап кетердей дүниенің тұнық пердесін желпіп жіберер ой аңғарың неткен құдірет. Құдірет қана ғой. Сен таппас мұңдас пен сырлас, саған ілеспес тағдырлас, сенімімен, сезімімен, бар ынта-бейілімен берілмес кім бар? Тал бойды ұйытқан өлең - тылсым, әнқұмар, сен толқытпаған шер, сен сыбырламаған мұң ғасырлар көмбесінде қалды ма екен? Еркелете баурайтын нәзік назың шыншыл көңілдің көз жасын іркіп тұрып, дірілдеп тұрып бір ғана... жалғыз ғана қалт еткен, тыңдай қалған жанның жүрегімен үндесіп тіл тапса, таза сезімнің бұлқынып тулап кеткен сәбидей күнәсіз, пәк көрінісі де емес пе екен? Домбыра тартып, ән салатын қазақ әншісі мен ақынын аялай білген-ау! Сонысы жанына, қанына сіңген әншілік пен ақындықтың лебі ме екен, серпіні ме екен?.. Наз-мұңы сырласып араласып кеткен сезімтал халық тынысын әнмен алса, күйігін күймен төккен де ғой. Қажымас, талмас қайсар көңіл ақынын, ардагерін әр заманда өзі тудырып, өзі мәпелейтін де болар. Ақын болсам-ау!..»

- Соп, соба!



Өгіз жетектеуші баланың даусы шырылдап шығады. Ұзын бишігі ысқырып үйіріледі.

Қалаубек соқасын солға қарай қисайта ұстап, түренді тірей түседі. Құйқалы жер жыландай ирелеңдеп аунап-аунап қалады.

Боразда көбейіп барады. Қара барқын егістіктен бу ұшады. Тамыр мен топырақ, топырақ пен тамыр айқасып-айқасып қалған. Қиылып түскен қызғалдақ, орылып, үзіліп түскен көк әр жерде бір қалып жатыр. Танауға жылы леп ұрады. Топырақ иісі, шым иісі жетеді. Нан иісіндей, дәм иісіндей, әрі тәтті, әр құдіретті.

- Айдай түс. Түптегі өгізді аяқсытпа. Нұрлан, бүгін екеуміз жеңіп шығуымыз керек, түсінесің бе? Космомол - озық ойлы, іскер жас деген сөз. Ал, біз бүгін анау Байтуға соны дәлелдеуіміз керек.

- Аға, озып шықсақ бізге бәйге бере ме?

- Бәйгені қайтесің?

- Аға-ау, о заманда бұ заман бәйгесіз жарыс болып па еді? Жарысқан екенбіз - бәйге берілсін!- деп тәмпіш мұрнын тартып қойып Нұрлан кәдімгідей бұртиып шыға келді.

- Дұрыс айтасың, Нұрлан. Қай кезде де бәйгесіз жарыс, жарыссыз намыс қызбайды. Қамшы сілтейтін, өрге салатын бар жарыстың бір ғана жүйрік саңылағы - намыс қой. Намыссыз жігер де, жеңіс те болмайды. Ал, сол жігерді ұштайтын бәйгенің бәсін білемісің? Тоғыз-тоғыздан бөлген жүлде мен шапан-шапқыт бәс емес. Бәрінен құнды алғыс бар. Риза көңілдің құптауы бар. Алғыс алмай қарғыс алсаң - дүниеиің жүлдесін түгел ұтсаң да, қасиет таппайсың. Көк шолақты айдай түс, Нұрлан. Қарашы, қызыл сиырдан бұл әлдеқайда күшті, бірақ сұмдық ойлағанда өгіз екеш өгіз де сол қызыл сиырдың арқасында күнелткісі келеді. Алдау - азғандықтың белгісі. Мал екеш мал да қысқа-қияс пайдакүнемдікке жеткізбейді. Ал, сен ондайды көрсең, аяма. Одан өткен қылмыс жоқ. Айдай түс көк шолақты. Бәйге бар. Мықты бәйге бар, Нұрлан бауырым. Озып шықсақ құрбыларыңның алдында сен мақтанбай ма екенсің? Қауым алдында мен мерейленбей ме екем? Дос жүректердің сенімін ақтай алсақ-онан артықты қайтеміз?

Кешке қарай Қалаубек титықтады. Нұрланның құр тұяғы қыбырлады. Нұрланның қолындағы бишік қана тыншымайды.

«Құламасам жарады. Алғашқы күн ғой. Әбүйір бергенде Байтудан қалыспасам екен. Нұрлан молодец. Пысық жігіт болады. Шіркін осы Нұрландар бақытты ғой. Күні ертең тракторға да осылар отырады. Мына бүгінгі күйімізге сол кезде бір қарасақ-ау. Трактор күшті дейді. Бес-алты соқаны жалғыз өзі тартады екен. Сонда он өгіз, он жігіттің қолын босатады, ә! Сондай үлкен шаруашылыққа тезірек жетсек екен!»- деп Қалаубек бір қолын босатып сәл-сәл шалқаяды. Белі сіресіп қалғандай. Тәлтіректеп, қираландап ілесіп келеді. Бет-аузын шаң басқан, тісінде шықыр-шықыр етіп тас шықырлайды.

- Енді бір айнала аламыз ба, Нұрлан?

- Мына сиыр болдырып қалды-ау деймін. Көк шолақтың желкесін мойынтұрық қажап тастапты.

- Тоқтат! Жөндейік.

Аралап Бопсабай келді.

- Қалаубек, қалай бір десте жер бересің бе?

- Беретін шығармын. Байту қалай?

- Оу! Анау әлгі Байту ерлеп тұр. Жерді қағаздай айырып, шүберектей жыртып жатыр. «Мен комсомол емеспін. Бірақ Қалаубек кәмсомолыңнан кем емеспін»,- дейді ол шіркін. Ал мен, анау әлгі, саған сенем. Советский власьт қандай істің болмасын қисынын таба білуі керек. Сен тапсаң бар ғой осыдан, анау әлгі жеңе қалсаң, Қалаубек қарағым, тап бүгін көк жағалдың басын өзің мүжисің ивсо.

- Оу, Бәке, ивсоңызды түсіндіріңізші.

- Ә, қу бала, тәлкек қылайын деген екенсің. Мен ивсо тұрмақ меровайский сөздерді білем. Ойбай-ау, мені кім деп тұрсың өзің? Ерегістірдің бе, тұп-тура үйезіңнен бір-ақ шығам. Ауылнай-сауылнайың маған сөз емес,- деп нымшасын қаусырынып шіреніп тұр. Бопсабай жұмысқа жоқ болғанымен, осылай қараңдап, қалтаңдап жүріп қайда барса да әзіл-қалжың, мінез-қылығымен жұрттың еңсесін көтеріп бір желпінтіп тастайтын. Қалаубек сонысына-ақ ырза.

- Әй, Қалаубек, сен ертең ертемен біздікіне келші. Мен саған мойынтұрықты қалай баптаудың біраз сырын үйретейін. Анау әлгі, мен өзім көп нәрсені ішке тоқып жүретін боп алдым. Білесің бе, әнеукүні Рымбекке қалай ұрысқанымды? Е-е, ұрыспай қорқайын ба? Оу, анау әлгі мен айтпай, кім айтады, Шабындык жер керек дедік қой. Дедік, «Анау әлгі Бақсыбайдың қорығынан бөліп



бер деп ауданнан сұра»,- десем, құйрығы шыбжыңдаған қотыр шыбыштай бүкеңдей береді. Жынымды келтіргені. Ұрыстым. Ашуым кеп кетіп, анау әлгі, жерден алып жерге салғаным. Құдайский бастық па, ендеше көрбілтеленуін қойсын. Анау әлгі, құйрығын босағаға тіреп алып шәуілдейтін күшік қылығын қоймаса, айтпады деме, советский власть атынан ауылнайлықты өзім алам,- деп Бопсабай қызып кетіп алдында Рымбек тұрғандай ентелей аттай беріп еді... Шымы аударылған жерге оң аяғы тобығына дейін кіріп кетіп мұрттай ұшты.

- Ойбай,аяғым сынды! Сынды-ау жіліншігім!..

- Бәке, байқамадыңыз ба? Көтерейін бе... Қап!.. Енді қайттік?

- Жоқ, Қозғама! Бақсыбайдың құрығына сынбаған бұл аяқ, анау әлгі, қарап тұрып сынғаны батады-ау, ойбай!

- Көрсетіңізші! Былай қисайыңызшы, Бәке, балағыңызды түрейін,- деп Қалаубек әбігерге түсті.

- Қозғалсам, тұрмаймын ба, сығыр-ау! Анау әлгі, бейнет қой, бейнет! Дәрия қайда, Дәрияны шақыртшы.

Нұрлан Дәрияға жүгіріп кетті.

Кимешегінің етегі шұбырып аздан соң Дәрия да жетті.

- Не болды, байғұс-ау?! Ойпырай, құдыққа түсіріп алмай шешең қалай асырады екен сені... Көзімнен тайсаң, әлденеге ұшырайсың.

- Бәйбіше, кінә тақпа. Анау әлгі, ренжіме босқа. Өлсек те шәй деспей өлейік. Осыншама жыл отасып келіп, бір сынған аяққа бола түс шайыспайық,- деп ыңқыл араластыра сөйлеген Бопсабай еркіндеп кетті.

Дәрияның өзі қандай кесек болса, қимылы да сондай доғал, отағасын тік көтеріп алды да, атыз шетіндегі көғалға апарып жатқызды. Балағын түріп, аяғын сипалады. Тобығын, жіліншігін ұстады. Бір кез ақырып жіберді.

- Тұр! Жүрегімді ұшырып отырмасаң, қағынып өлерсің!

- Бәйбіше-ау, енді менің өлгенімді көргің келе ме? Шақшаңды берші, анау әлгі, сені неге шақыртқанымды білесің бе? Мынау Қалаубек қалқам бүгін ерлік жасады. Анау Байту бар ғой. Сол бойына сеніп жылдан құр қалған түйедей бүгін біздің кәмсомол Қалаубекпен жарысам деп, шаңына да ілесе алмады. Анау әлгі, Ленин ақсақал-

дың өзі жарыста озғандарды қатты сыйлапты. Лениннің ісі - бізге өнеге-тәлім. Анық әділдік күтсең, сол кісінің жолы - жол. Көптен жырақ қаншама жүрдік. Анау әлгі, Дәрия санатқа қосылып, сауыққа араласқандай мына шырайымды көресің бе өзің? Біз жапа шекпеген жыл, біз нала естімеген күн болып па еді? Анау әлгі, аңшының итіндей тімісклемеген бұрышымыз қалды ма, сонда да бүрсеңдеуден тыйылмап едік-ау. Ал, қазір мен кіммін? Советский власпын! Ашулансам Бақсыбайды да тыпырлатам. Сен кім едің? Қазір кім болдың? Анау әлгі, шынымды айтсам, мен сенің талай оңаша жылағаныңды да көргем. Сен жылағанда мен де жылайтынмын, көрсетпей жылайтынмын. Енді сен жыламайсың. Мен сені, анау әлгі, жылатқызбаймын. Той-домалақта тобымыз болмайтын, тонымыз жараспайтын. Анау әлгі, Дәрияжан, бүгін тобыма қосылып құштарымды таптым. Бұдан артық маған не керек, саған не керек? Мынау Қалаубек озды. Еңбек жарысында озды. Анау әлгі, тай жарыс, ат жарыс, мешкей жарыс болатын. Еңбек жарысты естімеп едім. Өкіметім оны да берді. Анау әлгі, айт пен тойымдай қуаныш қып берді. Бәйбіше, біздің көкжағал мәпелеп өсірген ақ адал малымыз ғой. Сол ақ адал малды ақ ниет жолдың шаттығына сойсақ па деп -ем. Анау әлгі, мына Қалаубекке берген сертім бар еді. Не дейсің?-деп Бопсабай насыбайды танауына жүгіртті.

- Не деуші ем, өзің жүріп бауыздап бере ғой, отағасы.
- Анау әлгі, жарадың, бәйбіше, жүр онда!

Аттылы, түйедей боп екеу ұзап барады. Ұзаған сайын Қалаубекке бұл екеуі туысынан да қымбат, ыстық көрініп кеудесінен толқындана көтерілген нәзік сезім қуанышымен дірілдетіп барады.

Елпелеңдеп Бопсабай қайта оралды. Ымдап қасына шақырды.

- Қалаубекжан, осы Дәрия шешең қандай адам?

Жай сұрап тұрған жоқ, шын көңілдің ақ пейілімен қалап тұр.

- Аңқылдақ адал адам!-деп Қалаубек те байсалды жауап қатты. «Сырға сыр, шынға шын» дейтіндей ашығын айтты.
- Ендеше, сенен бір өтілім бар.
- Айтыңыз, Бәке.
- Алдыңа келсе, кешпесің бар ма? Адалын көрсең,



аяламасың жол ма? Анау әлгі, осы шешең көп нәрсеніақ түсінеді. Мен өзім еркекпін деп кей кезде оған көп нәрсеге қызғаныштық көрсеткенім бар. Енді ойласам, өкінерліктей іс етіппін. Соны сен екеуміз жөндейік.

- Оныңыз дұрыс, Бәке. Әйел, еркек деп бөлуге болмайды.
- Көп жаса! Рақмет, балам! Ал енді көліктеріңді доғарысымен тұп-тура үйге келіңдер. Әй, Нұрланжан, сен де қалма. Бүгінгі жеңіс екеуіңдікі! Кәмсомолдікі!

* * *

«Диқанға керегі не? Тоқымдай жері мен қос уыс дәні ғана. Асай білген адам жұмысты да жасай білгені жөнау. Әйтпесе, оның несін айта берерсің. Қолың қимылдады дегенше, аямай тер төк. Маңдайдан сорғалаған ащы тер көзіңді ашытып, самайыңды сызып барып, мойынға құйылғанда, арқа-басыңның құрыс-құрысы жазылардай жаныңа жайдары күй әкелетін нағыз шаршаусыз құр күйбеднің аты еңбек болып па? Сондайда сіңбіріп тастауға да шамаң келмей, үй іргесіне ентігіп жетіп, сылқ етіп құлай кетсең - одан артықтың қажеті қанша? Әне, Диқан деп сонда ғана атайсың. Ондайда желкеңе жүз тіршілік мың қамытын түсірсе де, атыздан көтерілген жылы буға танауыңды төсеп, тісіңде шықырлаған құм мен тасты құшырлана егегенде, тұла бойыңда дуылдаған қызулы қаныңның өрекпіген екпіні қай-қай әніңнен кем? Көз алдыңда шеңбірек атқан қылаулы жанардың талмаусыраған халде шарасыз бұлдырауы -қай кемпірқосақ бояуынан күлгін де көмескі? Жоқ! Дүниеде жер қыртысын қарс айырып, қара құйқа шымайтты теңіз толқынындай аунақшыта аударып тастағаныңда өзіңді әлемде теңдесі аз алыпқа баламаймысың? Балайсың, Әлдебір мақтанышпен көкірек кере дымқыл ауаны мол сіміресің. Өйткені мынау терің тамып, ізің қалған атыздан ертең-ақ қылтиып жас өскін бой көрсетеді. Сонан соң?..»

Абылан күлімсіреп ойға шомған әжімді жүзді көлдей орамалымен сыпыра сүртіп алды да, еңкейген белін жазып, шонданайына сол алақанының сыртын басты. Қиралаңдап екі-үш аттағанда, көкесінің соқа тұтқасынан қолын босатқанын көрген Нұрлан жетектегі келе жатқан көк ала бие мен қыршаңқы торының делбесін тұқыртты.

Тәмпіш танауға тарының дәніндей үйіріле шығып, бас құраған үш-төрт түйір терді бармағымен қағып қалып, ұшырып-ұшырып түсірді.

- Жә, ағыт! Жетер! Доғара бер, балам!

Абылан ентіге алған демін дірілдете шығарып, бір аттап атыз шетіне шықты да, бүртікке жалп етіп қисая кетті. Көз қиығы сонау қайқаңнан тік асып, ілгері сұғынып ылдилап келіп, із өкшесіне тірелген борозданы, тәлтіректеп қимылдап, көліктерді доғарып жүрген баланы, бишік пен тер қабырғасы мен сауырларын айғыздаған арық аттардың жүдеу күйлерін бір-бір шолып өтті де, дәл қолтық астындағы кішірек інге қарай әлдебір талшығын сүйрелеп бара жатқан қылдырық белқұмырсқаға шаншылды. Сол-ақ екен, сәл ғана кірбің жүгірген қабақтары қайта ашылып, жанарға сәуле ұялады.

«Шіркін деген! Тірліктің аты - тірлік-ау! Құмырсқа екеш құмырсқа да тырбаңдап қаракетінен бір танбайды. Қыбырлатып кеудесіне жан бітірген жан-жануар, жәндік-шіркей де бір-біріне сабақ болады екен-ау. Қарашы, пәтшағарды! Жанталаса тырбаңдап, мұрнынан қан кетердей тырбануын. Осылардан үйренсекші! Әй, қайдан болсын ол? Біреуміз ішпей мас, екіншіміз жемей тоқ. Әйтпесе, ат-көліктің жетімсіздігін көре тұра: «Үйірге салам, бәйгеге қосам, құлын байлаймын»,- деп бес-алты қыл-құйрықты бермей отырған анау өзімшіл шіркіндер ертең өкінерін білмейді-ау. Ал, жарайды. Айғыр болсын. Онда үйірді қайдан алмақ? Анаусы бәйгеге қоспақ. Апырау, жүйріктің өзі түгіл көлеңкесін де көрмеген бейшара шобырдан тұлпар жасамақ болып әуреленетіні несі екен? Күлкі боларын сезбей ме? Бәрінен де Ермекбайға таңым бар. Тумаған құлынды қорғаштап Нұржанның биесінің қасына жан жуытпайды. Ал, жер дегдіп, буы ұшып кетсе, дән сепкенде не, сеппегенде не. Бусанып үлгермеген дән буазып толыспайтынын бұл мұңдарлар неге ұқпайды осы»,

Құмырсқа көлденең бұтаға тіреліп, бөгеліп қалған екен, Абылан саусағымен жол ашып, әлгіні өткізіп жіберді.

«Бар! Бара бер! Ең болмаса сен жетші дегеніңе..»

Қисайып жатып төңірегіне көз салды. Күн ұясына қонақтауға жақын. Көлбей жарысқан кешкі ұзын жолақтар тау бөктерлей жарысып, қарсы қабақтарға көлеңке молайтыпты. Тымық ауада жұмыстарын аяқтап, аздан соң



аяқтарын көсілтіп тастап дем алатындарын ойлай ма, көршілерінің дауыстары самбырлай көңілді естіледі. Әлі де болса қыбырлап жер жыртып жүрген екеудің қимылына Абылан сүйсіне қарап жатыр. Олар - Қалаубек комсомол мен Байту. Екеуінде де бір-біріне деген ерегіс бар сияқты. Біреуі тоқтамай, екіншісі кідіргісі келмейді.

Абылан шынтақтай басын көтеріп, Қалаубекті жанарымен аймалады. «Жақсы жігіт! Тұрған бойы жалын. Жас та болса уытты. Жұматай ақсақалдың бағы ғой».

Қалаубек бұрылысқа таяп қалыпты. Диқанды ең бір сынайтын да осы тұс. Бұрылыста аса сақ болу керек. Абылан қозғалақтап кетті. Бір борозданың соңы, келесі бір борозданың басы осы бұрылысқа тіреледі. Мұндайда ептілік пен шапшаңдық аса қажет-ақ. Жетекші адамсыз, пар атты өзің айдап соқаның, тұтқасынан қолыңды босатпай жаңа атызды қалтылдатпай сол бір қалыпты тереңдікпен бастап кету кәнігі диқандарға да осал тимейді. Ал, Қалаубек болса жер жыртуға биыл ғана шыққан көбең. Көліктерін ұрындырып -алмай, желқайықтай ықшам бұрып, дұрыс қайтарса, түрен шоқырақтамай, қара жердің қыртысы бауырдай тілінер еді. Осыны ойлай ма, Абылан анау жігітке іштей тілектес болып, енді шоқиып отырып алды.

Қалаубек жақсы бұрылды. Кәнігі көз соны сезіп, соны бағамдап қалғанда жүзіне ырзалық нәрі тұнып сала берді. «Ә, бәсе! Басы істейтіннің қолы да сергек болса керек еді. Жарады. Әрине, әр істің өз бастауы бар. Қалаубек қалқам нені бастаса да, мүкіс жібермейді. Балалардың тілін сындырып, қара танытып жүргенінің өзі неге тұрады».

Бала дегенде шаруаның көз қиығы қайтадан Нұрланын іліп қалған еді, тәубеге иліккен көңілдің кенезесі толып шыға келді.

- Нұрланжан-ай, бір өлең оқышы!

Баласы жалт етіп әкеге қабақ астынан қадалып өтіп, қыршаңқы торының қамытын мойнынан шығара алмай өбігерге түсіп жатыр. Әлгі бір қарасы: «Көке-ау, шының ба? Жайшылықта да өлеңге онша әуес емес едіңіз, мына қысылтаяңда мені сынағыңыз келе ме?»-дегендей көрініп, Абылан өз-өзінен қарадай қысылды. Сасқаны да шығар, отырған орнында екі қолын ербеңдетіп;

— Кейін, балам, кейін оқырсың. Алаңдама,- деп қойды.

- Көке, көліктерді өзіңіз қосарсыз. Мен түйені алып келейін.

- Бара ғой, күнім.

Қанша жүрегі елжіреп бара жатса да, ұлдарына «күнім, құлыным» деп ашылмайтын. Нұрлан тағы да елеусіз ғана әке жүзіне қарап өтіп, көз көрімде ботасы екеуі жайылып жүрген қара інгенге қарай дедектей жөнелді.

- Уай, бар болғыр! Нұрланжан, өкпеңді босқа өшірме.

Аттарды жетектеп апарып, бір бұтаға байлап тастады да, қамыт-саймандарды жиыстырды. Әркімнен бір құрастырған шілия, ершік, қайыс делбелер қырық құрак. Сынық, құранды.

Абыланды тағы уайым құрсанды. «Тұс-тұстан жамыраған шуылдақ көп. Әй, бірақ көмегі шамалы-ау. Дабырлап таласқанда алдарына жан салмайды. Ауызбен орақ орғанда жеткізбейді. Жалғыз Жұмекен қыстай азын-аулақ теріден қайыс тіліп біраз тұрман жасаған болды. Кімге жетсін. Ойпырау, со кісіден таспа тілуді үйренейін дейтін бірі болсайшы».

Абылан мырс етті. Онысында да мән бар. Өткенде Жұматай ақсақалға қамшы өргізіп алуға барған-ды. Сонда Жұмекең таспаның бір жақ қырын өткір лөкет пышағымен майдалап жонып отырып:

- Абыланжан, босқа отырмай, үйреніп ал. Өрімшілік те өнер. Ата дәстүрі ұмыт болып кетпесін,- деген.

Абылан онша көңіл қоймап еді. Кейін бестемшесінің жұмыр өрімін қолымен сипап, кедір-бұдырсыз жылмағай болып шыққанын көргенде қатты ырза болған. Қазір мырс еткенде өзінің де қырсыздық танытқанына таңдай қаққаны еді.

Күн иек артпаға жантайыпты. Жалғыз жанардай талаурап, қарсы беттен қызыл шоғын шашырата көзге ұрады.

Абылан әлі де қолса қыбырлап жүрген Қалаубек пен Байтуға қол бұлғады.

Сәлден соң Қалаубек екеуі ауылға бірге қайтты.

- Қалаужан, көлік жағы жетіспейді-ау,- деп көңілдегі күдігін айта беріп, күмілжіп тоқтады. Айтқанда, алдында үйірі жоқ жас жігіт қандай амал таба қояр. Қалаубек шаруаның ойын түсінді.



- Иә, Әбекс, күш-көліктен кемдік көргеніміз рас. Қайтеміз, жоққа жүйрік жетпейді. Қолда барымен ілделдалап бірдеңе етерміз,- дегенде шаршау жүздің терісі жиырылып, шаң басқан маңдайда көлденең сызық айқындалып білінді.

Қайдам. Жер сызы ұшып кетсе, еңбегіміз зая болар ма деп қиналам да. Шіркін, төрт-бес тың ат тапсақ, онда ештеңеден қам жемес едік-ау,- деп қиял қуалаған Абылан анадайдан түйе жетектеп келе жатқан баласына бұрылып қарап қойды. Қара інген аяғын сылти басады. «Бара-бара түзеліп кетер»,- деп іштей шүкірлік еткен отағасы серігіне көлденең көз тастады. Қалаубектің қыр мұрны бұрынғыдан да сорайып, жүдеу өңде кесектеніп көрінеді екен. Аяп кетті.

- Әй, бір ретін табармыз, Қалаубекжан. Тек күн райы бұзылмасын де. Онда біраз бөгеліп қаламыз. Сабақты ине сәтімен деп төрт-бес күннен бері аспан ашық боп тұр ғой,- деп шешіле берді де, күпірлік білдірмедім бе дегендей шалқайып қара көк тарта бастаған аспанға қарады. Күн ұзын көлеңке түсірер шөкім мұнар көрмеп еді, ала тоқымданып көкжиектен баяу өрбіген жүлгелі бұлттарды шалғанда қабағы түсіп кетті. Бір жақтан самбырлай сөйлеп жақындаған Бопсабайдың жыбырлаған еріндеріне қадалғанымен, сөздерінің мағынасы зердесіне жетер емес. Дәл қазір анау қарауыта жылжыған қара шоғыр уайымшыл кеудеге дық болып қадалып қалғандай. Ыңыранып ауыр күрсінді.

- Абылан-ау, қалай дейсің. Жұмекең екеуміз дұрыс шешкен жоқпыз ба?- деп Бопсабай делдиген танауды желдетіп, таянып келді де, камзолының шалғайынан тартып өзіне қаратты.- Әу, ойпырау, құр босқа екі қолды алдымызға сыйдыра алмай қарап отырып зерігіп өле жаздадық кой. Мен өзі жұмыссыздықты ит етінен жек көрем. Анау әлгі, көлік пен соқа болды ма, мына бауырды жалғыз өзім-ақ аударып тастар едім. Сонымен, Абылан, біздікі ақыл ғой, ә?

Абылан Бопсабайды жаңа көргендей ажырая қарап тұрды да, болар-болмас басын шайқады.

- Ау, сен немене! Сонда мектеп үйін салуға қарсымысың? Ойбай-ау, анау әлгі, ауылдағы бала-шағаны жауып жіберіп қыш құйғызсақ, күні ертең-ақ іргесін көтеріп алмаймыз ба? Анау әлгі, Абыланжан, біздің сендерге

кедергіміз болмайды. Е, неге кедергі келтірейік. Өздерің жерді жырта беріңдер. Анау әлгі, әрине қырмандағы лайды бастыруға бір-екі ат болса... Жо-жоқ! Сен оны уайымдама! Торпақ-тананы пайдалансақ та, анау әлгі, лайды дайындармыз. Сен өзің қоштайсың ба бізді,- деп Бопсабай жаны тызалақтап Абыланның алдын екі-үш орады. Бүкеңдеп жортып, төменнен жоғары жапақтағанда, иектегі бес тал сақалы діріл қақты.

Абылан енді ғана түсініп еді, жүзі жылып, көз қиығына мейірім үйірді. Күректей алақанын Бопсабайдың құшық иығына ырзалық танытып, бар салмағымен тастай салды. Әрқайсысы бір бұт балғадай Абыланның жұмыскер қолы Бопсабайға жүк емес пе, тізелері бүгіліп, шөкелеп барып, түзелді.

- Дұрыс екен, Бәке! Қоштамақ түгіл қуанам. Әрине, мектепсіз болмайды. Қырман айналдырып, кірпіш құямыз дегендерің орынды. Қолы тигеннің бірі қалмас. Біздің үйдегі кісіге өзім айтып пысықтап қоям,- деп қайта-қайта басын изеді.

Бопсабай енді Қалаубекпен қатарласты.

- Әй, Қалаужан, қалай ойлайсың, анау әлгі асты-үсті тақтайлы мектеп салу осы қолымыздан келе ме?

- Білмедім, Бәке. Ағашты қайдан аламыз?- деп Қалаубек жүрісін баяулатып, оң иығынан иегін қылтитты.

- Әй-әй, сен өйтіп кежегемнен кейін тартпа. Екі алақаныма кезек түкіріп, жұлқынып тұрғанымды неге көрмейсің. Баяғыда байдың сасық төл қорасында бала оқытқан молданы көргем. Сен біздің советский мектепті сондай қорамен тең санаймысың. Анау әлгі, ондай жапырайған үйшігіңе мен көне қоймаспын. Өзім шебер балташымын... Ойбай-ау, Жұмекеңнің қасында екі-үш күн жүрейінші, балтаң менің қолымда қандай ойнар екен. Анау әлгі, менің епсектігім ғаламат. Сонымен, ағаш жағына Жұмекең екеуміз тәк тұрамыз. Одан корықпа. Тек сен қалқам Қалаубекжан, бір ерлік істе. Керек болса ауданға бар. Е-е, бармай, ұяласың ба? Бет моншағы салбыраған келін емессің.

- Бәке, осы қызыл тіл неге берілген?- деп Қалаубек күлімсіреп тұрып, кішкене кісінің бас-аяғын шолып өтті.

- Жә, сен өйтіп адамды бекер тұқыртпа. Анау әлгі мені сайрауық демексің ғой. Реті келгенде ақыл қосқан жанды тыңдамасаң онда қызыл тілдің қажеті қанша? Анау әлгі, адамға ақыл неге берілген? Сезген-түйгенін



айту үшін. Мәселенки, анау Рымбек ауылнайды алайық. Сол өзі бұрып көп сөйлеуші ме еді? Жоқ! Ал, бүгінде соны бір шай қайнатым уақыт ішінде тоқтата аласың ба? Ендеше неге менің аузымнан қағасың. Ау, жолдас жәшейке хатшысы, осы біз ғой теңдік заманы дейміз. Сонда ауылнайың сөйлесе бас шұлғып, Бопсабайың ақыл берсе теріс айналатындарың қалай? Анау әлгі, қызғаншақтық білдіріп келеді екен деме. Әрине, қызғаншақтық иттің кей-кейде iшті тырналайтын кезі де болады. Неге десең, анау әлгі, төбеге жақын тұрғанның даусы төмендегілерге көп естіледі. Менің де жоғары ұмтылғым-ақ бар. Бірақ сонда Рымбекпен таласам ба? Анау әлгі, оның маған орнының қажеті жоқ. Қажет десеңдер өздерің-ақ әпересіңдер,- деп қалпағын бір түртіп желкесіне құлдилатты да, Қалаубектің жеңінен ұстады.- Саған айтайын дегенім, анау әлгі, Жұмашқа бар. Сол өзі орнықты жігіт. Өзімнің өзімдей көретін пікірлес інім. Дәл былтыр сол уәкіл болып келгенде менің тіліммен Рымбекті ауылнай сайлап еді ғой. Ә, сен соны ұмыттың ба? Анау әлгі, ауданның басшысы мені тыңдағанда сен күлкі қылмақсың.

Бопсабай қызынып кетіп ұзақ сонар сөзін өкпемен тойтарып, алғашқы әңгіме желісінен айрылып қалды.

- Бәке-ау, сізді кім тыңдамай келе жатқан? Құлағым сізде. Босқа өкпелемей, ұрсып-ұрсып алып, кеңесіңізді берсеңізші,- деп Қалаубек сәл жымиды.

- Дұрыс айтасың. Біз - кеңес үкіметіміз. Сондықтан да анау әлгі, бір-бірімізден кеңесімізді аямауымыз керек. Сен Жұмашқа бар. Ағаш керек де, тақтай керек де. Оу, терезелері үлкен, шынысы бүтін болмаса мектептің сәні кіре ме? Анау әлгі, қараңғы қапасты ұмытатын шақ туды. Осыларды түсіндіріп айтып, бәрін алып қайтатын бол. Әйтпесе, орындай алмасаң, тұп-тура сол ауданға өзім барам.. Ал, менің қатты кететінімді білесіңдер, екі ортада Жұмаш қарағыммен түс шайысып жүрмейін.

Бопсабай қалпағын шешіп алып, жұдырығына жұмарлап қысты да, көпіршіген екі езуін сүртті. Қылдырықтай мойнын аудан жақ тұсқа бұрып, жота-жота белдерден әрі асыра шүңірек көздерді қиырға қадап тұрып, әлсіз күрсініп қойды.

- Жарайды, Бәке! Керек-жарақтың бәрін өзім табайын. Онда сіздер белсеніп кірісе беріңіздер,-деп Қа-

лаубек ілгері кеткенде, Бопсабай қайтадан Абыланмен қатарласты.

- Абылан шырақ, осы адам шіркіндерге кей-кейде көңілің қалатыны бар-ау. Бір нәрсенің тұсында түгел үйіліп келіп, жабылып кете қоя ма десең, бүйректен сирақ шығарып, үрпиісіп жүргені. Анау әлгі бағана Жұмекең ақсақал екеуміз сөзімізді бір арнаға түйген соң мен ауылды аралап, үй-үйді түгел сүзіп шықтым. Сонда не сездің дейсің ғой. Анау әлгі, елбесіп-селбесіп күн көруді үйренбеппіз әлі. Нұржанды алайық. Қарақызды соқаның соңына салып қойып, өзі үйінде жатыр. Сонда, ең болмаса анау әлгі, балаларының тамағын ысытып берді ме екен. «Дүниеде жалқаудың керінен сақта» деген мәтелден дәл ұғым жоқ. Бір аяғын бір аяғының үстіне айқастырып қойып, шалқалап домбыра тартпақ болады. Есіктегі кірі төрге шашылып, ыбырсыған үй іші аузы-мұрнынан шығып жатқанымен жұмысы жоқ.- Бопсабай танауын тыржитып басын бір шайқап қойды да, шұқырайтып алақанын тосты. Абылан шақшасын шығарып, бір шөкім қара бұйра насыбайды әлгі шұңқырға лекітті.

Шырт еткізіп түкіріп тастап Бопсабай сөзін жалғады.

- «Ұра берсе құдай да өледі» деген рас. Анау әлгі, Нұржан шіркінге айта-айта шаршағам ба, мәймөңкөлеп бастап едім, жатып кеп туласын! Домбыраны лақтырып жіберіп, шегін үзді. Қасында ойнап отырған кішкентайын желкесінен нұқып қалып, бақыртып қойды. Анау әлгі зығырданым қайнағаны сонша, бас салып сабап алайын дедім де, балаларының көзінше абыройын төкпейін деп.., Анау әлгі, бар айтқаным: қырман аударуға қол ұшыңды бер ғана. Содан туласын! Апыр-ау, бұлан-талан болатындай не көрініпті. Құлшынып жүргеніміз - біріміздің емес, бәрімізідің зейнетіміз емес пе? Шаңқылдап шыға келгенде кімді қорқытпақ болады?

Бопсабайдың қайнар ашуы қайта қозғандай тұла бойы діріл қаққанда, кірпігіне дымқыл араласты.

Абылан соны көргісі келмегендей әлі де шоғырланып көбейіп келе жатқан бұлттарға назарын ұзартып тұр.

- Бәке, оған бола күйінбеңіз. Бір Нұржан қарсы екен деп, шылбырды сүйретіп қоямыз ба? Өлмеспіз Нұржансыз да. Нұржан сияқтыларсыз да.

- Анау әлгі, Абылан-ау, қателесіп барасың. Әрине, өлмейміз. Ау, сонда бірге отырып сол Нұржандарды көрмей өте бер деуің қалай? Анау әлгі, бірен-саран сыңар езулерді жөнге сала алмасақ, онда несіне ауыл атанамыз? Несіне әртел атанамыз? Әртел деген ортақтастық екен. Сонда ортамыздағы анау әлгі, Нұржан тәрізді теріс азуды жолға дұрыс бұрмасақ, советский влась атынан өзіме-өзім сөгіс бермеймін бе?

Дұрыс қой оныңыз? Бірақ «Бүкірді көр түзетеді» деген бар емес пе. Қанша дүрілдесек те, адам бойындағы қыңырлықты өзгерту мүмкін емес.

- Алжасып барасың. Анау әлгі, төңкеріс жасаған ерлер сен ойлағанды ойламайды ма екен. Ойлайды әрине. Қыңырлыққа тізгін беріп, қарап қалмас. Ойбай-ау, сонда біз босқа арам тер болғанымыз ба? Жоқ, Абылан! Сен мені өйтіп жидітпе. Тірескем екем, сіресіп бағам. Анау әлгі, жолымды дұрыс нұсқап, айқын бағытыма жөн сілтеген өз өкіметім тұрғанда Нұржан сияқтылардың кереналылығына төзбеймін. Анау әлгі, сен комсомол еместігіңді таныттың. Әйтпесе, дәл бұлай қол сілтеп, ұнжырғаң түспес еді. Мен советский власпын, анау Қалаубек - комсомол? Сен - белсенді диқансың. Ал, Нұржан болса - кержалқау! Осы әділет пе?

Бопсабай Абыланның дәл қарсы алдына тұрып алып, екі бүйірін таянды. Сырттан қараған жанға екеуі жанжалдасып тұрған кісілерге ұқсар еді. Абылан ежірейді.

- Әділет іздеймісің. Онда Бақсыбайдың үйір-үйір жылқысынан топтан ұстап әкеліп, соқама жегіп берші. Әділет бар дейін. Әйтпесе, бес тиындық зиянға бола мыңды көрмейтін сенің шаңқылыңды қайтем!

- Міне, міне! Сенің кеудеңде де быцсық көп. Анау әлгі, Бақсыбайдың күні ертең-ақ күлі қаларын білмейсің. Оның жөні де басқа. Ол неменнің әрі-беріден соң, анау әлгі, барынан жоғы. Оған қимам қышымайды. Себебі дейсің ғой, себебін айтсам, оның құйрығына май құйсаң да шаңы шаңыма қосылмайды. Ал, Нұржан - өз содырым. Туласа да, туыма қолын жалғаған, анау әлгі өкпесі өшкен кедейім. Кердеңдігін қойғызсам, кекіреюін де ұмытады. Менікі сол Нұржанды тезірек қатарыма тарту. Анау әлгі, көзіндегі шіркеуін жұлып тастап, өз қотырымды өзім қасимын дейтін адасуын ұғындыру. Бақсыбай дейді ғой. Е-е, мен ол сығырды аяй ма екем. Мұрсат берші, тайын емес, мыңын айдатқызып алғызайын.

- Жарайды. Жөн екен. Ендеше сол мыңның дәл қазір үш-төрт атын әперуге шамаларың келе ме?

- Анау әлгі, оның ыңғайын білмеймін. Мүмкін ауылнай, болыспен ақылдасып алып... Бір қылшығына қылау түсіртпейтін байға бас иіп бару да, анау әлгі, әй, қиынау. Күш те бірдей емес.

- Онда маған әділет-сәділет деп босқа аузыңды ауыртпа. Берерің болмаса, тергеуіңе құлқым жоқ.

Бопсабай ыза боп күйіп-пісті.

- Ау, қарап тұрып отқа түс дегенің бе? Мықты болсаң сол Бақсыбайдан өзің неге сұрамайсың? Анау әлгі, шетіңнен кеуде көтеретінің бар, әбден күйдіріп біттіңдер ғой.

- Сұраймын. Барамын. Өзім үшін емес, сендер үшін барам. Күн ысып кетсе, жердің дымқылы ұстатпайды. Онда сендердің қызыл сөздерің дән бермейді.

Бопсабай иегін кекжитіп, жағада қалған балықтай аузын аша қарманып, үнсіз тұрды да қолын бір сілтеп бұрылып кетті.

Абыланның бетіне алғашқы тамшы тиді. Сұп-суық екен.

«Қап! Ақ жауынға ұласпаса игі еді!..»

Үйіне қарай адымдай басып жөнелді...

***

Жыртық үйден береке қашты. Әр жерден сорғалаған тамшы құрғақ орын қалдырмай, Абыланның үй ішін түнімен әр бұрышқа бір көшіріп еді, таң сазы білінісімен тіпті үдеп, сабалап кеткен жауын іргеден сауылдап ағып, аяқ астын көлкітіп жіберді.

Абылан жалқы сәт белін шешкен жоқ. Жүкаяқтың үстінде біріне-бірі тығылып бүрісіп ұйықтап жатқан балалардың тұсына кенеп сулығын уық астынан тұтып, ілдәлде жасады да, шоқиып отырып алып, оқтауға сүйенген күйі қалғып кетіп, түнді өткізді.

Таң қылаң бере тысқа шықты. Аспанға қарады. Әлгіндегі төпелеген нөсер сәл бәсеңдеп, майда бүркекке ауысыпты. Бір көңіл демдегені - бұлттың арты ашық екен, көкжиектен бұлаңытқан көктің маңдайы көрінді.

«Ашылар. Сәскеге таман басылар жарықтық. Бірақ бүгін жұмыс тоқтар. Жарайды. Бір амалын істерміз».

Үйіне қарай бұрыла беріп еді, сай жақтан шапанын басына бүркеніп, дедектеп келе жатқан Бопсабайға көзі



түсті. Анау да бұны көріп қалса керек, әлдене айтып, қолын ербеңдетті.

«Мазақтайды-ау! Кешегі уәдемді орындай алмасам, бұ шіркін отыз рулы елге таратып әбден күлкі етеді. Мүмкін барсам ба екен. Бүгін бәрібір қол бос. Бақсыбай азар болса меселімді қайтарар. Ал, алда-жалда жолым болып... Әй, соны қойшы! Қайбір екі туып, бір қалғаным ол. Бақсыбай болмаса қасындағы Жақып, Ыдырыстар қабақ білдірер. Бәріміз бір - Шуыртпалымыз. «Бір жылға қоян терісі де шыдайды» деген. Бетімнен отымды шығарта қоймас».

Осы ойға бекінген соң көңілі жайланды. Қара інгеннің қасына барып,жабуын ұстап көрді. Түнімен сіркіреген жауын өтпеуші ме еді, өзі тоңғандай бүрісіп тұрды да, үйіне асығыс кіріп, қолына түскен киім-кешекті, тықыр алашаны құшақтап шықты.

Артына бұрылып дауыстады.

- Қатын-ай, бері келші! Болсаңшы енді! Ой-бой-бой, сенің асығатын күнің болар ма екен,- деп Зейнепке алара қарады.

- Не істейін, көкесі!?

- Ал! Мынау жабуды сыпыр! Байқа, жүнін жұлдың ғой. Көзіңе қарасаңшы, судың үстіне тастай салғаның не?

Шай жиналысымен дайындала бастады. Саптамасын тапқызып алып, тоң май жағып, алай-бұлай біраз ысқылады. Байпақтың жұрым-жұрым қонышын жуалдызға кендір сабақтап алып, жамаған болды.

- Мен кеттім. Қара інгенге абай бол, қатын.

Сыртқа шыққанда жауын басылған еді. Ақ сабауын қолына ұстап, батыс жаққа бет алды.

Артынан әлдекім қуып жетті. Нұрлан екен.

- Сен қайда барасың?

- Көке мені де ертіңізші?

- Баламысың деген. Неменеге желіктің?

- Жақып көкемдердің аулына барасыз ғой. Мен былтыр Ыстыбайға құлжамды бергем. Ол бір дорба асық жинап қоям деген. Сонымды алып келейін.

Абылан баласына зекіп тастауға оңтайлана беріп, ұлының үміттене қараған жүзін көрді де, көзін тайдырып әкетті. Күңк етті. Келіскені де, келіспегені де белгісіз. Бірақ Нұрланға сонысы жетіп жатыр. Әке

сырын бағып өскен зерек бала басқаша мейірімді күтпейді.

Жаңбыр жауып өткен даладан жас көктің иісі андыздай еседі. Мұрын жаратын небір жұпар өткір иісімен танау қытықтайды. Сәлден соң аспан шайдай ашылып, сай-сайдан шұбатылып бу көтерілді.

- Көке! Көке! Мынаны көріңізші!

Алда кетіп бара жатқан Абылан қайрылып артына бұрылды. Нұрлан екі тізесін бүгіп, еңкейіп әлденеге қызыға қарап қалыпты. Абылан жақындап келді.

- Көке-ау, бұндайда кесіртке болады екен-ау! Өзіңіз қараңызшы! Жап-жасыл-ау, жап-жасыл!

Абылан ұлының қолынан ұстады.

- Айқайлама, балам! Көріп тұрмын. Бишараны бекер үркітпе. Күнге қыздырынып жатқан ғой.

- Көке!- деп Нұрлан сыбырлай сөйледі.- Көке, неткен әдемі-ә! Анау, үстіндегі әдемі көгілдір жолақтар тамырлары ма? Әдейі өрнектеп, қолдан жасаған тәрізді, иә? Көзінің астын көресіз бе, шоқ тастағандай түйір-түйір қызыл дақтар бар. Ол немене болды екен?

Абылан үнсіз ғана басын изеп, баласына күлімдей қарады. Кесірткеден де гөрі ұлының елти қызыққан түрі көбірек ұнайтын тәрізді.

- Жүр, жүре ғой, Нұрланжан!

Кесіртке жалпақ тастың үстінен бір-ақ ытқып, шоршып түсті. Жарқ еткен бауыры аппақ екен, әр жерде бір сарғыш тартқан қабыршағын теңбілдетін бір көрсетіп қалды да, көзден ғайып болды.

- Қандай әдемі, ә, көке!

Көкесінің бас изегенін көрген Нұрлан, енді бұрынғысындай үнсіз ілеспей, даланың қызғалдақтарын қуалай жүгіріп алға озып кетті.

Адырдың қайқаңына шыққанда Бақсыбай аулы етекте дөңгеленіп көрінді. Жатақ аулындай емес, аумағы мол, қотаны кең, қыбырлаған тұяғы көп еңселі ауыл Нұрланға бір түрлі ызғарлы леп шашқандай сезілді.

Бұл кезде ауыл адамдары бұлақ басына жиналып, Бақсыбайдың пішпе жасататын құнан-дөнендерін күтіп тұрған. Абыландарды көрісімен дуылдасып кетті.

- Әй, анау Абылан емес пе?

- Сол! Түйелі бай! Түйелі бай да жаяу жүреді екен-ау!



- Ішін ұрайын бай атағының. Шуыртпалыны тастап, жалғыз үй Едігеге кетіп еді, қай жетісіп жүр дейсің?

- Қой, шырақ сенің бергеніңді алмай қолыңды қағып кетіп пе еді? Неменеге сызданасың,- деп шоқша сақалды қара торы Жақып тұмсығын көтере қарап тұр.

- Жоқ-ау! Кірме боп, өз басына өзі кіріптарлық салып алғанын айтам да,- деген Ыдырыс түйе жүн ескі шекпенін иығына желбегей жауып алыпты. Қос жауырынын қозғағанда күдіс жотасы одан сайын қомақтанып, екі бетінің ұшы отқа түскен тобылғыдай қызарды.

Қараменде Жақышты да, Ыдырысты да жақтырмады. Мысық мұртын тікірейтіп, қысық көздерінен көкшіл ұшқын шашыратып, қамшысымен саптамасын сарт еткізді.

- Оттапсың, екі қырт! Араңнан жалғыз түйелі жаман Абылан кетіп қалғанға іргелерің ойсыраған екен ғой. Өздерің әлден туыссырап, бүйрек майларың езіліп бара жатырсыңдар ма? Аруақ атқырдың аруақ аттап, елдегі жоқты шығарып, елден жыра көше жөнелгенін көрген кезде қайда қалып едіңдер. Сонда неге бұйдасына оралып, жолына көлденең жатып алмадыңдар?

Жақып түсін суытып ала қойды.

- Әй, Қараменде, Абылан сен екеумізге де бірдей жақын. Мен қызынсам, сен бұзылма. Тышқақ лағыңды шығынға қимай өлейін деп жатқанда сен соның көңілің сұрауға да жарап па едің. Өзің, өздерің қудалап, орнына егін егетіндей жер аударып жібермеп пе едіңдер! Бұйдасына сол кезде мен оралсам, сенің шеңгелің алқымымда болмас па еді? Күйдірме жанымды!

- Ой, имансыз! Қара тартып қалған екенсің. Көрерміз. Саспа осыдан!-деп Қараменде білемдеп қысқан қамшысын шолтаңдатып қойды.

Жақып қыңбады. Кесек, ірі сирек тістерін көрсете қабақ түйгенде, шоқша сақалы сары ешкінің құйрығындай тікірейді.

- Иманды беретін сен емессің. Кімнің имансыз екені бір аллаға аян. Өйтіп басымды ауыртпа! Көп болса баяғы қоқандап қалған әдетіңді жасарсың. Ол көрмеген құқайым, тартпаған азабым ба еді. Қайта, біле білсең, сенің шошаңдаған қамшыңнан көзін тасалап кеткен Абылан менен озды. Үндемес жанның кек қыжылы сонда. Абыланда бар екен. Қиқаңдаған жотасына

қамшы үйірілтпейін деп жеке кетсе де, жеңілмей кетті. Әне, менің айтарым. Енді көп қиқаңдап, аузымды қышытпа!-дегенде, қарсы қадалған Қараменденің қысық көздері оқ жыландай атылды.

- Қап! Сенімен болсын ендігі ісім. Қоңыз тергізіп жібермесем, Қараменде атым өшсін!

- Уай, одан өзгеңді өзім де күтпеймін. Ұры иттей жылмаңдаған сенен жақсылық шығар дегенге иінім қышымас. Мен де аруақ-құдайға салармын,- деп теріс бұрылып кеткен Жақып, енді Абыланға қарап қалды.

Абылан бұлақ басындағы жұртты көріп, кібіртіктеп таянып еді, ақ сабауын шошаң еткізіп, қолын қусырды.

- Ассалаумағайлайкум?

-Әліксалам!

- Мал-жан аман ба, Абылан?

Абылан жағалай қол алысып шығып, Қарамендемен бетпе-бет келіп қалып еді, анау әдейі көрмегенсіп, тез бұрылып кетті. Шаруаның өңі құбылып, иектен өрлеген әлсіз діріл самайға тығылып барып жоғалды. Үндеген жоқ, қолын өңіріне сүртіп тастап, әнтек басын шайқады.

Жақып Нұрланды құшақтап, маңдайынан сүйді.

- Оу, өзің дардай жігіт боп қалыпсың, ғой, Нұрлан. Апаңның денсаулығы қалай? Қабылан ағатайың әлі үйленген жоқ па?-деп баланың тіксініп қалғанын байқап самбырлай сөйлеп жатыр.

Тұс-тұстан қоршап алған малшы, жалшы қауым Абыланға сұрақты жаудырды.

- Биыл қанша егін екпекшісіңдер?

- Әртел болды деп еді сендерді. Қалай ыңғайлы ма екен?

- Сонда сендер жаз бойы қалай бір жерде шыдайсыңдар?

- Астықты қап-қап алсам, мен де суыр боп кетсем де көнер едім-ау!

- Әйтеуір, жөнін тапқан осылар.

- Жұмекең ақсақалдың ақылы ғой бәрі.

- Біз де әртел болсақ, шіркін!

- Ауданнан көмек алды деп еді, сол рас па?

- Қайран ақ бауырсаққа не жетсін!

- Бәрібір қызылсырайды. Қазақ етсіз күн көре алмайды.



- Оттапсың! Бір бұт бидайға бір тоқты айырбастап алса, сол жатақтар етті сенен көп жейді.

- Абылан-ау, өзің жай жүрсің бе? Екі жылдан бері бұл ауылға төбе көрсетпей қойып едің, сені де сағыныппыз.

- Е, сағынбай, «Түбі бірге түтпейді, түтіні бірге кетпейді» деген.

- Жүр біздікіне барайық. Отқа қарап отырған жоқпыз. Бір малыңды жеп кет.

- Иә, әңгімеңді де айт. Сен тұрмақ анау Бопсабай кеткелі де, ішіміз пысып қалмадық па.

- Жөн осы. Нұрланжан, біздің үйдегі апаңа айтшы. Шай қоя берсін,- деп Жақып баланың арқасынан қақты.

Манадан үнсіз тұрған Қараменде сызданып шырт еткізіп түкіріп тастады. Тамағын қырнады.

- Жә, жетті. Мына төбенің астынан келген әлдекімді қажыдан оралғандай соншама құрметтеп. Әне, жылқы келе жатыр. Босқа даурықпай, тездетіп жұмыс тындырыңдар онан да.

Тұрғандар ләм деген жоқ. Шуды тыйып, қабақ астынан Қарамендеге бір-бір қарап алды да, жүген-құрығын дайындап, орындарында тұрып қалысты.

Сол-ақ екен, дүрілдеген қалың үн естіліп, артынан іле сол дүбір шыққан тұстан баяу шаң көтерілді. Түндегі құйып кеткен нөсер жердің топырағын басып кетпегенде, анау көп тұяқтан тұтанған шаң, аспан мен жердің арасын тұтып жіберер еді.

Қалың жылқы адырдан асып түсті. Бақсыбайдың бес жүзге тартар жирені мен торысы еді бұл. Жиі-жиі пысқырып, ара-тұра кісінеп ашыққа жақындап қалды.

Ойнақтап шауып жабағы-тай алға шығады. Құйрықтарын шаншып алып, қалыңға қайта орағытады. Көп тұяқтың дүбірі даланы жаңғыртып әкетті.

Үйір-үйір жылқы қым-куыт араласып кеткен соң әр жер әр жерден тебісіп, тістесіп қалып жатқан айғырлар да бар. Әсіресе доға жалды күрең айғырдың ашуы қатты. Үйірінен бөлінген аймаңдай бедеу байталдың соңына түсіп алып, айдалаға қуып кетіп, болдыртып, сауырлай тістеп, тырқырата әкеп тықты. Сақа айғырдың азуы батқан аймаңдай байтал басқа үйірге тығылып, жан сауғалап еді, тобан аяқ ықса айғыр күреңге қарсы ұмтылды. Сол-ақ екен, екі айғыр тік шан-

шылып, алдыңғы аяқтарымен бір-бір салысып өтті. Талай тұяқтар сарт-сұрт соғысты. Мама биелер оқыра-на түсіп, қоралап тұра қалып, ежірейе қарасады.

Екі айғыр шайнасып қалыпты. Өліспей ажырамақ емес.

Жылқышы сойылын көтерген бойда екеуін бір-бір салып өтіп, айғырларды үйір-үйіріне қуып тықты.

Қарамендenің ақырған ащы даусынан ес жиған бас-қа жылқышылар табынды шашау шығармай, доптай иіріп, қалың жылқыны о шеті мен бұ шетіне шапқылап жүріп, саяқ шығармай, алаңқайға жиып алды.

Пішпеге түсіретін отыз шақты құнан бар. Қарулы жылқышылар ұзын құрық, бұғалықтарын кесе-көлде-нең ұстап, қашаған құғыш айғырларына мініп алып, шетінен матай бастады.

Өзге құнаннан шоқтығы биік жирен құнан көпке дейін ұстатпады. Өзі де әккі болса керек, бір жерде тұрмай жылқының о шеті мен бұ шетіне ойнақтап ша-уып, ойқастап жүр.

Соны көргенде Жақып атқа қонды. Елтірі бөркін жерге атып ұрып, қалтасынан бір кез шыт орамалын шығарып, басын шарт байлап алды. Сөйтті де құрығы мен бұғалығын соза ұстап, құнанға қарай шаба жө-нелді.

Құнан бір кезде манағы аймаңдай байталды иектеп жайбарақат тұр еді. Жақыптың қарасы көрінісімен-ақ сезіктеніп, қос құлағын кезек қайшылап елеңдеп тұрды да, іле жалт берді. Шұбатылған құйрығын желге ұстап, орғи жөнелді.

Жақып та ерегіскендей тебіне берді. Құнан табыннан бөлініп, құлдырап барады. Аяқ тастасы әсем. Күні бойы шабыста еті қызып алса керек, төрт аяқты құлаштап лақтырады.

Жақыптың астындағы қашаған құғыш сұр бедеу бүктетіліп-жазылып өрши түсті. Көп ұзаса құтылмасын сезгендей құнан қиғаштай орағытып, қалың жылқының арасына қойып кетті. Жақыптың құрықты енді-енді са-луға ыңғайланғаны да сол еді.

Жылқы екі айрылды. Дүркірей үркіп, осқыра кісі-неп, быт-шыт болды. Жақып құнанды тағы да бөліп әкетті. Құрық сілтер жерге жақындатса, құнан мойнын ішіне бүгіп алып, мөңки тулап, артқы аяқтарын көтере шаншып маңайлатар емес.



Қашқанды қуған алмай қойған ба. Қапысын тауып Жақып бұғалықты тастап үлгерді. Қаз мойынға қыл арқан оратыла түсті. Туғалы сауырына қамшы, жалына алақан тимеген шу асау түз тағысындай жұлқынып, аспанға шапшыды. Сол сәт тегеуірінді қолдың жұлқа тартқан екпінімен шоңқиып артқы екі аяғы бүктетіліп құлап түсті. Қыл арқан қылғындыра буындырып, мой-нын осып жібергендей тыз еткізді. Құнан дір-дір етіп қайта тұрды. Дем алғандай біраз тыншып қалып, содан соң, тағы да шапшыды. Арқырап кісінеп, ышқынып-ышқынып секірді. Тақымға қысқан арқанды босатпай Жақып қатып қалыпты. Астындағы сұр бедеу де бір ор-нынан тапжылар емес.

Сол екі арада Ыдырыс тез жетіп, құнанның езуін қыл шылбырмен шұрайлады да, үш аяғын шідерлеп тастады.

Жақып Абыланды үйіне қарай ерте жөнелгенде, Бақсыбай бай қотан сыртындағы кішірек төбенің басын-да екі-үш адамның ортасында отыр еді. Абыланды та-нып қалды.

- Анау не ғып жүр екен?
- Білмедік, Бақсеке.
- Қайдам. Ешкімге жөнін айтқан жоқ.

Бақсыбай ұмсынған қалпы толық денесін шайқап қалып, қайта тіктеді де, енді ол жаққа бұрылған жоқ. Бай ыңғайын баққан Омар молда көмейіндегі сөзін та-мағына тығып жіберді де, өтірік жөткірінді.

Бақсыбайдың төбе басында отырғанын Абылан да шалып қалып еді, Жақып кідірткен жоқ.

- Қайтесің. Үйіне кіргенде жұмысың болса, оңаша отырғанда айтарсың. Дәл қазір ол сені тыңдай қоймас.

Малды ауылдың дастарқанында нан кездеспегенімен ірімшік пен құртында кемдік жоқ. Түйір-түйір сары ірімшікті бұралап аузына тоғытқан Нұрлан аздан соң кекірік атты. Бірер шыны қою шайды ішкен соң, құрда-сы Ыстыбай екеуі далаға шығып кетті.

Жақып енді ғана жөн сұрады. Абыланның неге кел-генін естігенде, аз-кем үнсіз отырды да, басын шай-қады.

- Әй, қатты-ау! Бақсыбайдың жұмырығы жазыл-ғанын бір көрмеп едім, көңіліңді қалдырар. Әттең, қол қысқа, ат майын ағайыннан аяймыз ба әйтпесе. Барам десең, барып көр. Бірақ жалынба. Құм санаған ашадды

емес пе, аузын құр шөппен сүртіп, құр жылмаңдап шығарып салмаса, менің адам танитындығым өтірік болар,- деп Жақып ауыр күрсініп, ішкі лепті солықтатып ақтарды.

Бақсыбай үлкен үйінде домбыра шертіп отыр еді, дауыстап сәлем беріп кірген Абыланға онша ілікпей салқын қабақпен қарсы алды.

- Отыр! Жай жүрсің бе?

Соның өзін салғырт қана қырын отырған күйі еріксіз сөйлеуге мәжбүр болған жандай күбірлеп айтты.

- Осы күні жай жүріс болушы ма еді, Бақсеке. Шаруа жағдайы қысқанда қыл мойынға түскен бұғалықтан да жаман ділдетті. Сізге қолқа сала келіп отырмын,- деп Абылан қылғына жұтынып көзінің астымен байға қарап қойды.

Бақсыбай әлі өзгерген жоқ. Тізесінің үстінде жатқан домбыраның сүйек қақтаған шанағын саусақтарымен тықылдатып, ашық тұрған есіктен тысқа қадалып қалыпты. Бұл сәтте мынау Абыланнан да, бар тірліктен де безініп, әлдебір тылсымның тұңғиық ой толқынын кешіп отырғандай жым-жырт.

Абылан: «Бекер келген екем. Өзіме де обал жоқ, Байдың мінезін бір адам білсе, мен білер едім ғой»,- деген өкінішпен қипақтап, тұрып кетудің ретін таба алмай, жым-жырт қыбырсыз жүзге көлденең тігіліп, кірпік қақпайды. Бір кез оң жақ жауырын түгел қозғалып, оң иық қимылдады. Сол-ақ екен сақалы алқымға сүңгіп, шүңірек екі апан-көз жарқабақтың астынан сүзе қарады. Қос қарашық домалап жоғары аунақшығанда, сүзеген көздердің аласындағы тарам-тарам қан тамырлар көбейіп кетті.

- Иә!

Нығарлап сұққан жалғыз сөз, сөз емес-ау қатқыл дыбыс өңмеңдете қадалды. Жақтырмағаны ма, тұқыртқаны ма, оны салғырт өңі сездірмейді де.

- Біздің жер жыртып, егін салып жүргенімізді білесіз. Кедейлік қол байлайды екен. Күш-көлігіміз жетіспей жатыр. Әйтеуір, қарақшыны да қара тұтады дегендей, өзіңізге сеніп келіп қалдым, Бақсеке. Бес-алты күнге үш-төрт аттың майын сұрап отырмын,- деп бұйымтайын айтқанда Абыланның маңдайында шып-шып тер кілкіді. Алғаш аузын ашқанда өкпесі алқымына тығылып еді, айтып болған соң бір асудан өтіп алғандай арқа-басы кеңіп сала берді. «Сұрағаным жақсы болды. Берсе - жолым болғаны. Бермесе - үздікпеймін. Қайта ара жікті одан сайын ашып, екі қайқаңнан бетпе-бет тұруға қаймықпай тірелерміз».

Бақсыбайдың бетінде қыбыр еткен белгі білінбейді. Сол тас обадай сұлық түсті бұрып әкетіп, жотасын жүкке сүйеді. Қайтадан ашық есіктен бұлдырап алыстаған мұнарлы жазыққа көз тікті. Қаусырынып иығындағы барқыт шапанының екі шалғайын орап алды.

Даладан балалардың даусы жетті. Әсіресе, Нұрланның көңілді үні самбырлап естіледі. Жасынан бірге өскен құрбыларымен қосылып ойнағанына мерейлене ме, сақ-сақ күлкісі көкесінің құлағына майдай жағып барады.

- Иә!..

Тарғыл дауыс ділдеп барып өшті. Кекеткені де емес, мұқатқаны да емес. Ділдеген үнде қажыр болмайды. Оны сезбейтіндей Абылан жас емес. Енді байға дәмеленіп телміреді.

- Иә, Абылан. Тобымызды жазбадық десек те, тонымызды тоздырып барамыз-ау. Сен мені әлі де баяғыдай санайсың. Бірақ менің де ішімнің у жалағандай күйік жайлағанын білмейсің. Ел іргесінен бүтіндік қашты ғой. Сау отырып та саудаға кез болады. Ол барыңды шашпайды, арыңды шашады. Қол созар сәтінде алақан таппас жалғыздығық қинайды екен. Сен ғой Едіге ішінде жалғыз үй кірме атандың.

Ал, бірақ сенде жалғыздық жоқ. Жә, қопаңдама, мен саған бұрынғыма кеңдік көрсет деп жалпаштанбаймын. Өз халімнің шиыршық атқан бір күйінен елес қана берем. Иә, мен ағайынның арасында отырып, жалғыздық көрген жаралымын. Күнде қасымнан көз алартқан көптің көлеңкесінен де үріккендей шақ кешсем, қай ұшпаққа шыққандай едім,- деп сыздықтата уһілегенде, кеудесі біраз босап қалды. Жалпақ алақанымен бетін бір сипап, еңсеріле бұрылды. Жанарда ызалы кек пен қыжылдың ұшқыны бар екен, тіктеп шаншылғанда, Абылан төмен тұқырды.

Бақсыбай кеңк-кеңк күлді.

Абылан басын көтеріп алды.

- Балалардың күйіне қызығам. Нағыз өмір солардікі ғой. Қазір араздасып, қазір татуласады. Өкпе сақтау деген жоқ, қарым қайтару деген жоқ,- деп домбы-

раны бірер тыңқ-тыңқ шертіп қалды да, жүк үстіне тастады,- Қасыңа ерткенің үлкенің бе, Абылан?

- Иә, Нұрланым. Ауылды сағынып қалыпты.

- Қолқанат болыпты. «Жас өспей ме, жарлы байымай ма» деген сол. Абылан, сен менен артықсың. Ұрпағың бар... Жарайды. Бірді айтып бірге кетпейік. Бұйымтайыңды сен айттың. Қолқаң орынды. Анау тобан аяқ жатақтарға жатқанынан тұрмасын дер едім, өзің келіп қалыпсың. Бетіңе шіркеу болмасын. Қарамендеге тапсырармын. Әйтеуір, малға өзіңнің қалай қарайтыныңды білем. Арқа-басын алдырмассың.

Абылан қопаңдап кетті.

- Бақсеке-ай, апырай, манадан бері жер болып қайтам ба деп үрейленіп отыр едім. Түу, жарылқадыңыз ғой. Ағайынмын деп алақанымды созып жеткенде, алалық танытпай... Рақмет, Бақсеке! Құдай қаласа күзге карай қырман басқанда біз де қарап қалмаспыз. «Алаған қолым береген» дегенді халық тегін айта ма,- деп көзіне қуаныш нұры жүгіріп, есі шығып кетті.

- Жә, саудаласпайық сен екеуміз. Берерсің, бермессің.Астықсыз қалмаспын,- деп Бақсыбай тағы суық тартты.

Абылан кетуге асықты. Қолымен жер тіреп көтеріле беріп еді, Бақсыбай иығынан басты.

Абылан, ағайынбыз дедің ғой. Мең де бір ағалық қолқамды салайын. Құлақ түр.

Абылан екі иінінен дем алып, әлденеге ауа жетпегендей, иегін кегжеңдетіп, бақшиған көзді жыпылықтатып жіберді.

- А-а-айтыңыз...

Ұлыңның аты Нұрлан дедің бе? Сен Нұрланды маған қалдырып кет. Қойымды баға ма, қойнымда жата ма, алысым емес. Күні ертең олай-бұлай болып кетсем, мынау жиған-тергенім көрінгеннің қолында жоғалмасын,- деп шаншылып қалып, кірпігін төңкеріп жіберді.

Абылан үйме-жүйме болып шөгіп барады.

«Не дейді?! Бұнысы қай қыры? Ойыны ма шыны ма? Бала іздесе анау Қарамененің боқ мұрындары аз ба еді? Әлде ет жақын туысқа сенбей, іргесін бөле бастағаны ма?»

Иегі кемсеңдеп, көзіне жас тығылып, екі иығы селкілдеп кетті.

- Апыр-ай, Бақсеке, аяқ астынан, қалай.., қандай



жауап қатарымды да білмей... Нұрланым - тұңғышым болған соң көзге ыстық еді... Оның үстіне шешесімен де ақылдаспай... әрине қатынға кеңес салу да... Қиналдым ғой, Бақсеке!..

Бақсыбай манағы қатқыл пішінге қайта ауысқан еді. Езудегі мысқылды күлкіні бүлк еткізді.

- Жарайды. Әркімнің бір жанды жері бар, Абылан! Соны әрдайым есіңе тұт. Менің де екі аяқты пенде екенімді ұмытпа. Қиналатын болсаң, балаңды қалдырмай-ақ қой.

Абылан буындары сықырлап орнынан әрең тұрып босағаға қарай беттеді. Тезірек мына үйдің табалдырығын аттаса, енді қайтып бұл шаңыраққа бас сұқпасқа ант етердей асығады.

Бақсыбайдың даусы естілгенде, тәлтіректеп, жақтаудан ұстай алып демеу қылды.

- Абылан, байдың малы - жаудың малы дейтін жатақтар ғой. Таңның атысы, күннің батысы мойындарынан қамыт түсірмей көтерем қылып қайтармасын. Бес ат түгіл, елу ат шығын болса да, өкінер мен емес. Бірақ сілекейін сыпырып, аузынан үрлеген ақ-адал малым, обалына қалмайын.

- О не дегеніңіз?! Өзім бағып, өзім күтем. Бір қылшығын түсірсем...

Абылан тысқа шыққанда тозақтан шыққандай-ақ дем алды. Маңдайда жібіген терін алақанының сыртымен қайта-қайта уқалап сүртіп кеудесін қолымен басып, «жан шақырды» да, қотан басындағы тақырда асық ойнап жатқан балаларға қарай емпелеңдеді.

«Бақсыбайдың әлгі оқыс қолқасы не? Сонда ұл қылам деді ме, құл кылам деді ме Нұрланымды? Апыр-ай, адам шіркінде нысап болсайшы. Бес байталдың терін бұлдап жанымды көзіме көрсеткені-ау, ә! Әлде осы бетімде Нұрланжанды ертіп алып, шуу деп Миялысайға тартып кете берсем бе? Ажалымнан бұрын жүрегімді жарғызып ала жаздадым ғой әлгінде. Тағы қай сұмдығын дайындап отыр бұл ауыл? Бірақ аттарды әкетпей тағы болмайды. Беріп отыр. Ал, қарымта қолқасы құдайды да қорқытатындай, ұлыңды малыңмен сатып алам дегені ме сонда? Ау, туыс едік қой, жақын болмасақ та аталаспыз. Қойнына салайын дегені де шығар.., Әй, сенбеймін. Бақсыбайға адам сенер ме еді?»

Көкесінің әлденеге қатты абыржып келе жатқанын сезген Нұрлан ойынын тастап алдынан шықты.

- Қайтамыз ба, көке?

- Иә, Нұрланжан! Қайтсақ па деп едім. Өзің достарыңмен кездесіп, мауқыңды бастың ба? Оу, мынау батыр Ыдырыстың Төлеутайы емес пе? Өй, танауыңнан сенің. Адам боп қалыпсың ғой. Апаң күйлі ме?- деп арсалаңдап жеткен тәмпіш мұрын баланың маңдайынан сипады. Қайтадан Нұрланға бұрылды,- Нұрланжан, күн кешкіріп барады. Кешікпейік.

- Көке, анау балалардан ұтып алған асықтарымды өздеріне таратып берейін. Жүре беріңіз. Қуып жетем ғой.

Абылан үндеген жоқ. Көзінен таса қылса ұлынан айрылып қалатындай аяғын санап басып Жақыптікіне төтелей тартты.

Бақсыбайдың не дегенін Абыланның аузынан естігенде Жақып жұдырығымен тізесін салып қалды.

- Айтпап па едім? Ойбай-ау, күлкісінің өзін есеппен ғана милығына қондыратын сығыр сенің мүсәпір халіңді қайтсін! Ұл қылмақ болғышын! Тәтті тілі де! Әйтпесе көзіне көк шыбын үймелетіп, қой соңына салып қойып, ұпайым түгел деп екі алақанын уқалап қыбы қанып отырмаса, оң қолыңды бері әкел! Білем ғой Бақсыбайды,-деп зығыры қайнап, азу тісін егегенде, жақ еттері теңіз бетіндей толқын атты.

Абылан үрпиісіп, күбірлей берді.

- Қой, өйтпес. Қайтарды ғой. Енді анау жылқыларын күтем бе?.. Қарамендеге тапсырам деп еді.

- Түу, өзің миғұла бопсың ғой әбден! Онысы шығарып салды сөзі емес пе. Бүгін тұрмақ ертеңге дейін тоссшы, алдыңа бес ат түгіл, жауыр тарпаң байлар ма екен? Қайта саған қатты айтпай, мәймеңкөлеп, сылтауратқанына таңым бар. Ауыл-аймақтың бәріне менсінбей кірпішешенше жиырылушы еді, сенімен уәждескеніне қарағанда шіркінге тәубе ұйығаны ма? Бір тал шидің басын сындырайын десем де, әй, ішім иланбайды. Иланбайды-ау, Әбеке!

Абылан енді жақ жазуға шамасы келмей, итініп барып іргедегі ақ сабауына қол созды.

- Оу, қайда барасың?

- Кетейін. Кешіге берсем, бір пәлеге ұрынармын, Әлгі Нұрланды тезірек әкетпесем.



- Асықпа. Әлгінде құрбың қыстан сақтап қойған сыбағаңды қазанға салып жатқан. Ағайын ішіне келген соң дәм татпай кеткенің болмайды. Мен балаларды ертіп келейін,- деп Жақып тысқа шықты.

Ет жеп, сорпа ішіп болысымен, Абылан рұқсат сұрады. Сол кезде үй сыртынан Қарамендenің даусы естілді.

- Ау, Абылан деген байбатша, бармысың? Шіреніп отырып алдың ғой.

Қалбалақтаған Абылан апыл-ғұпыл түрегеліп, үй ішінен сасқалақтап сөйлеп жатыр.

- Бармын ғой. Дәм ауыз тием деп... Мені неге іздедің?

- Әй, Абылан! Ойбай-ау, сен деген ханнан өткен қаһарлы болмадың ба бүгін. Абыланның бұйымтайы еді, бес атты, онда да бас білетін, арбаға жүретін бес жуас атты тез ұстап бер деп мырза мені саған құл етпеді ме. Жылдам шық та, ана көліктерді алып, көзіңді құрт!

Абылан жымың етіп Жақыпқа қарағанда, Жақып аңтарылып иығын қушитты.

- Бәрібір Бақсыбайға сенбеймін.

Екі атты баласы екеуі жайдақ мініп алып, үш атты жетектеп Миялысайға карай желе жөнелген Абылан қоңыр әнді мұрнынан шығара ыңылдап барады. Нұрланына көз астынан қарап қойып, көңілденгенде, әлгі қоңыр ырғақ сәл-сәл екпіндей түседі.

* * *

Бопсабай екі білегін сыбанып, әр үйге бір кіріп, қыш құюға шақырғанымен, ешкім белсеніп шыға қоймады. Қайдан шыға алсын. Еркек біткеннің бәрі егісгік басында, оларға ыстық істеп беру, одан үй шаруасының күйбеңі, отын-су, жіп иіру, жүн түту сияқтылардан әйелдердің қолы тиер ме. Оның үстіне тоғанның желке тұсындағы қыстақ бұл арадан үш шақырым. Барып-қайтудың өзі емшекте баласы бар әйелдерге тіпті қиын.

Алғаш үш-төрт кісі боп иықтарына күректерін салып, кәдімгідей-ақ ауылдан бір шоғыр болып аттанғанда сырттарынан айдындалып шалынған бұлар, сәскеге жетпей-ақ пышырай бастады. Төртеудің екеуі -шал, біреуі ақсақ кемпір де, қолынан бар іс келетіні-Зейнеп. Жұмекең ақсақал бірер күрек басқан соң-ақ алқына демігіп, кеудесін сырылдатып бүкшиіп тұрып қалды. Ақсақ кемпір не

оңдырсын. Бопсабай әр тұсты бір шұқылап тоңы қайтпаған қатқыл шымайтқа күрегін батыра алмай әбігерленіп жүр еді, бір кез шыдай алмады.

- Оу, жаратқан, елге күлкі ете бергенің бе? Не бой бермедің, не сой бермедін, Анау әлгі, ең болмаса, осылай қайрат көрсеткелі жұлқынып шыққанымда, қасыма Байту сияқты бір мықтыны да ерітпегенің қалай?-деп отыра кетіп, өкшесімен жерді теуіп-теуіп жіберді.

Жұматай кеңк-кеңк күлді. Орамалын көзіне басты.

- Әй, Бопсабай-ай, адамсың-ау! Жә, жарайды, мойыма. Сол Байтуың да, бүгін болмаса ертең-ақ осы арадан қасыңнан табылар.

Егін егуді бітірісімен бірер күн тынықкан шаруаларды Ақжолбек кірпіш құюға өзі үгіттеді. Өзі көндірді.

Май айының аяқ кезі. Күн ашық. Сәскеде қыбырлаған жұрт ас-суын тез ішіп, сыртқа жиналды.

Қалаубек шәкірттерін пысықтап қойыпты. Нұрлан бастаған үш бала сапқа тізілген оқушылардың алдында оқшау тұр. Нұрланның қасындағы құрық басына байлаған қызыл шүберек баяу желбірейді.

- Ағай, қызыл туды кезек көтерейік. Мен де ұстайын. Нұрланнан менің бір бестігім артық,-деп Нұржанның тұңғышы Қалаубекке жалынады.

- Көтересің. Кезек көтересіңдер бәрің. Қане, аяқтарыңды бірдей алып, өзіміздің әнді шырқаңдар.

Жіңішке дауыстар дірілдей шығып, сәлден соң тұтаса қосылып, даланы дүр сілкіндіріп жібергендей болды. «Тізе қос, тізе қос, тізе қосқа!» былайғы жұрт та тегіс елігіп, анау қызыл жалаудың астында алғаш рет өзгеше салтанатпен кетіп бара жатқан балаларының соңынан көңілдене шұбырып келеді.

Қыстаққа жеткен соң Бопсабай Қалаубекті оңашалап жеке шығарды.

- Қалаужан, анау әлгі, бүгінгі бастамамыз сондағы өзің қазиттен оқып берген бәлшейбектік сембілік тәрізді. Ендеше, сенің сөйлеуің қажет. Сауат ашу дегенің не екенін мен де ұғып алдым. Анау әлгі, бүгінде қолыма түскен қағазға үңілмейтін кезім жоқ. Қалай қарайсың?- Қисық жағалы сәтен көйлектің түймесін ағытып тастапты. Алқым қуалай қылтиған бес тал ақ үрпек қыл тобылғы күрең мойында жосалы төбені балақтай өскен бес қадау қайыңдай серейеді.

- Уақыт алып қайтеміз, Бәке. Сөздің қажеті болмас,- деп Қалаубек бұрыла беріп еді, шалғайына жармасты.



- Ау, неге қажеті болмасын. Керек десең өзім-ақ сөйлеп берем.

Бопсабайдың «салтанатты мәжілісінде» шуылдаса мәз болған шаруалар сәлден соң жұмысқа кірісіп кетті. Жұмыр сапты бел күректер қара жерге кірш-кірш қадалып бір сағатқа жетпей-ақ сегіз қанат үй орнындай екі қырманды аударып тастады.

Содан соң қатарласа тұра қалған көпшілік араларына қол жетердей жер тастап, қырманнан бұлаққа шейін қаздай тізілді.

- Ал, шелекті тоқтатпаңдар!
- Көзіңе қара! Шайқамай ұсын!
- Кідіртпе! Бос шелекті сол қолмен ұзарт!
- Суды бір тегіс шаш! Түгел сіңсін!

Екі қырманға да су құйып, біраз тобарсытқаннан кейін енді бастыру керек болды. Әдейі қырман айналдыруға алып келген төрт құнанға балалар алдымен міну үшін таласып қалды. Олардың жүгінетіндері - мұғалімдері. Тұс-тұстан жамырап, түк естіртпейді. Көк шөпке қисая-қисая кетісіп, насыбай шақшаларын тық-тық ұрып, дем алып жатқан үлкендер енді балалардың таласын да, Қалаубектің сол таласты қалай шешерін де қызық көріп ду-ду қыздырады.

- Иә, ұлыстың ұлы күні - бүгін. Өздерінің мектебі. Атты қайысы бұрын мінеді - сол озады.

- Дұрыс айтасыз, ешкімнің де бетін қайтармау керек.

- Онда мұғалімі жолын тапсын!

Қалаубек күлкісін тыйып, қолын көтерді.

- Балалар, бекер даурықпаңдар. Үлкендер әділет керек деді ғой. Ендеше, сол әділетті өзіміз іздейік, мен сендерді анау бұлақтың басынан бері қарай жарыстырып, қай озғаныңа атқа отыр деп айтсам, оным әділдік болар ма еді? Болмайды, әрине. Аяғы ұзынның бағы жанады ғой. Бәріңді күрестіріп, қай жыққаныңа бірінші кезекті беруге болар еді? Бірақ ол да әділдік емес. Солай ғой, балалар?

- Солай
- Дұрыс айтасыз ағай!
- Ендеше, мен билікті өздеріңе берем. Оқудағы үлгеріміне қарай, жолдастық сеніміне қарай, еңбекке деген

ынтасына қарай, адалдық, адамгершілік мінезіне қарай өз достарыңның алғашқы төртеуін өздерің атаңдар да, кезекті тағайындаңдар,- деп Қалаубек балалардың ортасынан сытылып шықты.

Үлкендер риза болып кеңк-кеңк күлісті.

- Жарады, жігіт!
- Құтылып кетті!
- Жоқ, әділетін дұрыс тапты. Ешкімнің көңілінде дық қалмайды.

Жұмекең мана алдына қоңыр ісекті өңгеріп келген еді. Бір жағы Қалаубектің тоқымқағарындай көре ме, бір жағы осындай киелі асарда өзінің ақсақалдық жолынан жаңылғысы келмеді ме, ісекті бауыздап беріп, қалғанын тамақ жағын басқарып жүрген Бопсабайдың еншісіне ұсынды.

Ас дайындап жатқан әйелдер, бірі самаурынмен шай қойып, бірі бас үйітіп, кейбіреулері ішек-қарын аршып отыр еді, бір кезде орталарынан әлдекім ән бастады.

Айт дегенде өлеңді адырмаймын.
Көлден ұшқан аққудай мамырлаймын.

Жіңішке дауыс аспанға самғаған ұшқыр құстай созыла өрледі де, қанатын жайып жіберіп қалықтағандай бір сәт кібіртіктеп баяулай қалып еді, қосыла шыққан көп үн көтермелеп әкетті.

Еркем-ай,
Бүгін болған мерекең,
Болсын тағы ертең-ай.

Ән - көңіл ажары. Шу тынып, құлақтар түріліп, еңселер тіктеліп ықыластана пейіл білдірді. Қайырманы дуылдата әуелеткен көп дауыс а-а-айды созып барып аяқтады да, жаңағы жіңішке сыңғыр үнге қайтадан кезек берді. Дірілдеген ырғақ нәзік сағыныш ұйытқан әсерімен толқындай жөнелді. Дем-тыныстың үзіле шыққан лебімен сәл-сәл баяулап, төмендеп кетеді де, іле екпінді серпінмен тағы да аспандайды.

Қалаубек ән салып отырған Күлшенің бетіне қадалып қалыпты. Көбінесе жұрт алдында тұйық жүретін келіншектің дәл қазіргі бейнесі мүлде өзгеше. Жанарына әлде мұң, әлде сыр ұялаған: қара қоңыр карашықтың тұңғиығында әлсіз сәуле көрініп-жоғалады. Тұтанып, сөнеді. Онысы ашыла беріп жабылған тылсым қақпадай. Немесе бұлттан жарқ етіп көрініп, артынша сол бұлтқа сүңгіген көктемнің ұялшақ күніндей. Ап-анық айқындалып, жалтырап шығып көз қарықтырмайды.



Қайырманы тағы да тұтаса көтермелеп әкеткенде Күлше үнсіз қап, кірпіктерін айқастырып жіберді. Қайта ашты. Кірпік ұшында мөлдіреген қос түйір маржанды саусағымен шекіп-шекіп түсірді де, жалма-жан самаурынның оттығына еңкейіп, үрлей бастады. Көк ала түтін бетін шарпыды. Белін жазғанда, екі бетті сыза ағып төмен сырғанаған кесек-кесек жастардан именген жоқ.

Қалаубек күрсінді де, теріс бұрылып кетті.

Тамақ келгенде ас дайындаған Бопсабай басты Жұматайдың алдына тартты.

- Пәлі, Бопсабай-ау, мұның не? Игілік үшін сойғызған қойдың басын өзіме бергенің қалай?-деп Жұмекең азар да безер болды.
- Анау әлгі, ішіміздегі ең жасы үлкеніміз өзіңіз болған соң, оның үстіне ақадал малыңыз. Ешкімнің айтуынсыз өңгеріп жетіп келдіңіз, ең болмаса басын ұстаңыз,- деп Бопсабай көнер емес. Табақты итере түседі.
- Былай, істейік, Бәке. Жасы үлкеннің бәрі бас жей берсін деген жосық емес. Сый табақ сыйлы адамын тапсын. Ендеше бүгінгі сыйлы кісі - еңбегін мол сіңірген мынау жігіттер. Осылардың біріне ұстат.
- Дұрыс екен!
- Онда кімге ұсынамыз?

Абылан даусын кенеді.

- Жұмеке, жақсы пікір тастадыңыз Ал, еңбегімен сыйлы болудан артық не бар. Мен бүгін мына Байтуға қатты риза болдым. Анау үлкен қырманды жалғыз өзі аударды десем өтірік болмас. Сіз рұқсат етсеңіз, бас ұстау бүгін Байтуға тиесілі.
- Мәссаған, ойбай-ау, Байту бас ұстағанда, Нұржан соның қолына қарап, көзін сатар ма? Жоқ, бұған өз басым көне қоймаспын,- деп шаңқілдек даусын құбылта созған Нұржан құйрығымен жылжып, дастарқанға қарай ентелей жақындады. Көзін сығырайта қысып алғанда, қарашығы жалғыз ұңғылы қара мылтықтың үңірейген суық тесігіндей қадалып барады,- Әу, біреуге ой береді, біреуге бой береді. Байту бар денесімен салмақтанса, мына біз сияқты жұқантайлар құр қала бере ме? Бұл әділ-

дік емес. Қара күшті қастерлеу жөн емес. Менің де өз әлімше аянбағанымды міне, мынау Ермекбай... жоқ анау Ескендір көрді ғой Әй, құдайлығыңды айтшы. Аянбадым ғой, ә?

Ескендір теріс айналды. Күңк етті.

- Қолыңнан күрек көргем жоқ.

- Ойбай, бұл сығырлардың бәрі көрсоқыр. Нанбасаңдар, мына алақаныма қараңдаршы. Күлдіреп ойылып қалған жоқ па. Түу, түу, өзім әбден ит жанды екем-ау. Енді мына қолмен қалай тамақ жеймін. Ашиды ғой, ашиды.

Алғаш табақ алдына жылжығанда Байту қысылыңқырап беттей алмай отыр еді. Нұржан құрдасы шықылықтағанда басты ұстай алды. Құйқадан кесіп алдымен Жұматай ақсақалға ауыз тигізді де, бір құлақты Абыланның үлкені Нұрланға ұстатты. Содан екінші құлақты кесіп алды да , жан-жағына қаранды. Бір кез қарсы алдында жауырынның етін жұлмалап жеп отырған Нұржанды көрді. Құлақты ұсынды. Нұржан баж етті.

- Әй, шырағым! Басқа, басқа болсын, осы сенің мынау қай қорлағаның! Енді сенің тәлкек етуің қалды ма? Құдай-ау, бұған түйедей бой бергенше, бір шайнам ой берсейші.Сен бас ұстағанда, мен құлақ тістейтін бала ма едім. Аулақ! Әкет әрі!- деп кері сырғып, жотасын көрсетті. Түс қайта жұмыс қайта қызды. Илеуі жетіп, иі қанған лайды сүйреткіге салып екі-үштен қолдаса тартқан қарулы жігіттер қыстаудың етек жағындағы алаңда білектерін сыбанып, ағаш қалыптарын жуып, дайындап тұрған қалыпшылардың қастарына үйіп тастады.

- Әй, қызық болсын.Анау әлгі жарысқа түсіңдер! Бүгін кірпішті қай көп құйғаныңа бәйге бар!- деп Бопсабай екі- ортада тұрып алып, өңешін жыртардай айқайлады.

Ә дегенде оған құлақ сала қойған жан болмап еді. Бопсабай қонышында жүрген қамшысын суырып алды.

- Бері қараңдар! Мына тобылғы сапты, сегіз өрім қамшыны көремісіңдер! Бұны Жұмекеңнің өзі өрген. Бағасы бір қаралық. Қай озғаның - осыны аласыңдар. Анау әлгі, Бопсабай айтады. Айтса - сөзін жұтпайды.

Жігіттер жақындап келіп, үнсіз айналып қамшыны бір-бір ұстап өтті. Қайтадан орындарына барып, қарқынды үдетті.

Бесін кезінде қырман тықырланды.



Қалыптарды суға жуып, кірпіш құюшылар белін жазды.

Бопсабай Қалаубекті шақырды.

- Қалаужан, уәдем-уәде. Сен енді кімнің қанша құйғанын есепте! Бәйгемді берейін.

Қалаубек шәкірттерін әр құюшының үлесіне екі-екіден бөліп, санатқыза бастады.

Есептің қорытындысын Қалаубек Бопсабайға айтқанда, ананың көзі бақырайып кетті.

- Қой, олай емес шығар?

- Солай, Бәке! Кейде намыстың жан қамшылайтын кезі болады. Бәрі дұрыс.

Бопсабай қолын көтерді. Басын сілікті. Сол қолдың тарбиған саусақтарымен тықырлап қырғызған төбесін сипады. Бәрі - Жұмаштан көрген қимылы. Өзі де аңдадамай қайталап тұр.

- Жолдастар! Анау әлгі, сапалы еңбек ердің санасын да өсіреді. Ол өзі кейде адамның көп қырын көз алдына тосады. Анау әлгі, жолдастар, мен қуанып тұрмын-ау. Таңертең ғана осыншама жұмыс тындырамыз деп ойлап па едік. Ендеше, анау әлгі, шындап кіріссек тау қопаратынымызды сездік. Жоқ, қалай десеңіздер де, бұрын дәл осындай бірлесу болмаушы еді. Анау әлгі, байдың малының пішпесін жасарда, қорығына барып шөбін шабарда бізде бүгінгідей желпіну болушы ма еді? Анау әлгі, бүгінгідей мереке тәрізді көрінуші ме еді? Өзімнен-ақ айтайын. Ондайда көзге түспеуге тырысып, көлеңке іздеп сырғақтай беретінмін. Анау әлгі, маған түсетін пайда жоқ, бай үшін неге қаратер болам дейтінмін. Әрине, ол белгілі жай. Анау әлгі, бүгін мүлдем басқаша күйге бөлендік. Алақан үлдіреді, Бел талды. Қар сынды. Бірақ мойыдық па? Мойымадық. Анау әлгі, мою қайда, ән салып, өлең айттық қой.- Бопсабай әр жерде үйме-жүйме болып, өзіне қарсы қыбырсыз ықыластана тыңдап отырған ауылдастарына кішірек көздерін жағалай қыдыртып өтіп еді. Әлденеге кірпіктері жыпылық қақты. Аузындағы сөзі қожырап, иегі бірер кемсеңдеп барып басылды. Өзіне дәл осылай ұйыған көрші-қолаңды тұңғыш көргенде бір түрлі қобалжып, жүйелі ойдан айырылып қалғандай. Көзіне дымқыл білінді ме, жан-жағындағылар бұлдырап, үлкейіп - кішірейіп тұтасып кетті. Елеусіз ғана жеңімен бетін сүйкеп өтіп, елжіреген жанарды қайта жағалатты.

- Анау әлгі, айналайын ағайын, өздеріңнен артық туғаным да жоқ. Араларыңа келгелі уайым дегеннің не екенін ұмыта бастадым. Дүние кең екен шіркін! Соны мына сендерден таптық Дәрия екеуміз. Анау әлгі, енді өліп кетсек те армансызбыз?

Бопсабай алқымына тығылған әлдебір ауыр түйнекті қылғына жұтынып, басын сылқ еңкейтіп, кідірін қалды.

- Оу, Бәке, неге бөгелдіңіз?
- Біздің де сіз дегенде көңілімізде кірбің жоқ,
- Жүзге келіңіз!
- Айта бер, жалғастыр, Бәке!
- Әу, әлгі бәйгеңізді кімге бересіз?

Бопсабай жайнаң етті. Асыға басып барып, шеттеу отырған Нұржанды қолынан тартып тұрғызып, ортаға шығарды.

- Жолдастар! Не деген жақсы сөз еді! Анау әлгі, жаңа айттым ғой, мен қатты қуандым деп, мені қуантқан мына Нұржан. Сендер адамның бойына қарамаңдар. Ол алдамшы. Бойына сенем деп, баяғы да, анау әлгі, түйе жануар - Ойсылқара жылдан құр қалған. Нұржан ерлеп тұр. Азаматым-ақ екен! Намысқа қызды да бірінші боп шыға келді. Ал, көріңдер бәрің! Еңбегімен озып шығып, жұрттың алдына түскен екпінді жігітті, анау әлгі, шын жүректен құттықтаңдар! Сөйтіңдер, ағайын.

Жұрт дуылдасып кеткенде, Нұржан жалт бұрылып Бопсабайға дүрсе қоя берді. Даусын шығармай, ентіге сыбырлады.

- Әй, Бәке, бос мылжыңды қайтесің. Қамшы қайда? Әпкел бері! Осыдан нағыз бір қаралық болмасын! Онда анау кірпіштерді шетінен таптап шығам!

Бопсабай күреңітіп кетті. Қонышындағы қамшыны ұстата салды. Қолы дір-дір етіп, екі алақанымен құбыжық көргендей сілкіленді.

- Апырай, апырай, ә! Анау әлгі, мына сөзіңді менен басқа естімесін. Шырағым, өзіңді бауырымдай көріп,.. қара тұтып құшырланып тұрсам, бұның не? Жүрегімді жұлқындырғандай... ниетің қандай жаман еді?-деп бұл да сыбырлай ренжіп, сәл қадалып тұрды да жүріп кетті.

Нұржан қамшыны айналдырып қарап, жұмыр өрімді алақанымен сипады. Мекіреніп басын изеді.



Жаман емес.

Екеудің не деп сыбырласқанын естімеген жұрт қайтадан даурықты.

- Әй, Нұржан! Екпінді атандың. Бұл өлкеде бұндай атақ бұрын-соңды болған емес. Жерге қарап отырған жоқсың. Бір жандығыңды бауыздап таста,-деп мұртын ширатқан Ақжолбек шабдарының ауыздығын салды.
- Сөйт, Нұржан! Айды аспаннан бір шығар!
- Іс қайырымен бітті. Берекесін тоймен жалғастырайық!

Дабырлаған топты тыңдайтын Нұржан емес, қамшысын шиыра сілтеп, жалғыз түп қызыл құрайды отап түсірді.

* * *

Жақып қараша үйіне әлгінде кіріп еді, төр алдына бүк түсіп жата кеткен, қозғалар емес. Жұмулы көздердің қос томпағы екі түйір бауырсақтай күреңітіп, түйілген қалың қабақтың астында қалыпты. Бірақ ширыққан жанның көз алдына Бақсыбайдың қызыл қошқылданған келбеті сол ашулы қалпында тұрып қалыпты: малдасын құрып шаншылып отырған жуан дененің ызғарлы қарасы әлі де бұған түйреліп-түйреліп кететіндей сезіле ме, қыбырсыз жатса да жауырыны қушиып барады.

Сәскеде бұлақ сыртындағы төбеге Қарамende бай бұйрығымен ауыл адамын тегіс жинаған-ды. Асықтырып, бол-болдың астына алып, дем арасында түгел тұрғызған Қараменде бір кезде үлкен үйінен шыққан Бақсыбайды жоғарыға қолтықтап әкеліп еді, астына бөстек төсеп, байды бұлардың дәл қарсысына сүйемелдеп отырғызды.

Бақсыбай көпке дейін басын көтермей, өкшесін шұқылап жым-жырт отырды да, мол лепті түйдектете лықсытып ауыр күрсінді. Ұзақ күрсінді. Шүңірек көздің өткір жанарын жалт-жалт қадады.

- Жә, ағайын! Сендерді алдырғанда ақылдасатын ойым бар еді. Құр тығылып жатып құрбан бола берген соң босқа қырылуды теріс көрдім.Арыз-құразды тінте берсең, табыла береді. Ол қажет емес. Өз қотырыңды өзгеге қасытпа. Тырнағы да, шеңгелі де батады»

Бақсыбай жөтеліп қалып, сілекейін жұтты. Бөгеліп алдында үнсіз үймелеген ауылдастарына назарын тікте-ді. Қанша үміттенгенімен әзірше бас изеген, иек қаққан тілектес рай сезілген жоқ. Соған запыланды ма, іле дау-сын қатайтып, шыңылтыр үнді шыны уатқандай түйдек-түйдек төкті.

- «Жыланды үш кессе де кесірткедей қауқары бар». Менің қылшығым қисаймайды. Азар болса атам-нан қалған дәулеттің артығы кетер. Қалғаны да бір ба-сыма кемдік етпейді. Ал, сендерді кейде жатқанынан тұрмасын деп мінез-қылықтарыңа орай жек көргім кел-се де, «Түбі бірге тұтпейдінің» төркіні рас екен, қимай-мын. Әйтпесе, құдай сүйер қасиеттерің жоқ-ау, жоқ қой. Атаңды жау шапса, бірге шап деп мына өздерің тәрізді үңірек көз, тар кеуде тайыздарға айтқан болар. Қайсың-нан қабақ танытқан сыңай көрдім былтырдан бері? Қайсың ел ағасы, ауыл үлкені деп көлеңкеңді қарайт-тың? Жоқ қой ондайың. Үйімде жатып алғанда мен осы-ларды ойламайды дедіңдер ме? Әлде сол жатқаны жатқан, енді тұрмас, тұралап шөкті дедіңдер ме? Олай десеңдер - қатты қателесесіңдер. Маған келер қатер жоқ. Газетті мен де оқимын, сендер де оқисыңдар. Сонда байды тұқырту керек деген сөз бар ма? Жоқ. Өйткені қазақ халқының тұрмыс-салты басқа елдерден ерекше. Біз сол ру-ру болып, көрші-қолаң ағайындық жолмен араласып, бір-бірімізге көмектесіп келгенбіз. Соны ұмыт-саңдар, сендерге бұдан былай менің де ішім жылымай-ды. Сендер мені құбыжық көріп тырнақтарыңды тарбит-саңдар, менің шеңгелім арбия түседі. Қыранның күйкентайдан ыққанын қайсың естіп едіңдер?

Бақсыбай тағы да біраз бөгеліп, бір шеттен бастап суық ажарды жағалай қыдыртып өтті де, жүзіне салқын кекесін ұйытып мырс етті.

- Ауыздарыңа құм құйылған ба? Сыртымнан доң-айбат атқан дүмбілез халдеріңді білмейді екем-ау. Қайтейін, «Қарғайын десем - жалғызым, қарғамайын десем - жалмауызым.» Іріп-тозып бара жатқандарыңды сезбейсіңдер. Анау Жұматай жатақтары ертең қорыққа түсуге дайындалып жатыр екен. Соны білдіңдер ме?

Отырғандар бір-біріне қабақ астымен қарасқанымен, суырылып шығып, тіл қатуға жарамады. Жалғыз-ақ Омар молда шапшаңдық танытты.



- Оны неге білмейік. Естідік қой. Бірақ бізде қан-дай қауқар бар. Өкімет соларда емес пе?

Бақсыбай ауыр денесін кілт бұрып Омарға шүйілді.

- Сонда жатақтан басқада өкімет жоқ па екен. Мы-на отырған көген көздер бір жақтан ауып келіп пе?

Дауыстар жамырады.

Иә, ауып келіппіз бе?

Біз де кедейміз!

- Өкімет кедейдікі дегені рас болса, бізді де көрсін, бізді де жарылқасын!

- Менің де таңым айрылып бітті.- деп Жақыпта бір шеттен үн қосты.

Бақсыбай Жақыптың дәл осы уәжін аңдып отырған-дай енді басқа бір адамды көрмей, соған ғана шұқшиды.

- Таңым айрылды деймісің? Аулақтап жүріп ойнақ-тап шала бүлінгеніңді қайтейін. Шырылдағанда жеткіз-бейсің. Бір рет кекқайрағаныңды көрдім бе, Жақып? Сен өзі таңымды айырған бай мен болыс деп Байбол екеу-мізді көк есекке теріс мінгізбеуші ме едің бұрын. Әлі де сол екпініңмен жүрген шығарсың. Анау жатақтарға бүй-регің бұратынын білем. Өтірік бажылдама!

Жақып шоршып түсті.

- Бақсеке, мүләйімсудің керегі қанша. Бүйрегімнің кімге бұрарын сізден сұрамаспын. Жатаққа жаным ашыса, өзімдей кебін, тақыр кедейлігін ұғынғаным шы-ғар. «Күйі бірдің - күні бір». Зары зарымдай, мұңы мұңымдай. Көз жасына илеп жеген талқаны тамағын тырмалағанда, менің де жон-арқамды мұздай тер құр-сайды,-деп Жақып тік қадалған сұсты көзден жүзін тайсалдырған жоқ. Бұ да шатынаған жанардың қарсы найзасын кезеп міз бақпады.- Ал, сол жатақтарға бес аттың терін берген мен емеспін! Бай ыққанда, байғұс бұқпай ма?

Қараменде тізерлеп алып, қамшысымен жерді саба-лап, шаң-тозаңды бұрқ-бұрқ еткізді.

Бақсыбай ақырып қалды.

- Жә, Қараменде! Құйрығыңды босқа қайқайтпа! Айтсын. Ашылсын. Тіресе қалыпты ғой. О да болса қи-сайған туымның белгісі шығар.

Әй, жақсы! Бес аттың майы дедің. Дұрыс. Бердім. Бұрын бермеуші ме едім? Сендер сұрамаушы ма едің-дер? Ел-елдігінен қалса, да мен жөнімнен неге жаңылам. Әй, бұрынғы-соңғыдан келе жатқан ел үрдісі қол жай-

ғанға көзіңді жұмба, көңіліңді көрсет емес пе еді. Мен сол жобадан айнымасам, сендерге ыққан, қорыққан болып көрінеді екем-ау. Сонда не боп кеткеніміз? Балапан басына, тұрымтай тұсына, әркім өз қақпасын күзетсін, қорғанын бекітсін деу үшін бе? Ал, сөйтейік. Оған ырық бере қояр ма? Мынау қорықты иемденуі - сол қорлықты осыдан бастап бастарыңа салуы емес пе? Бақсыбай қорығы атанғанымен, бәріңе ортақ еді ғой. Аулыңнаң аударып алып, алдына бір түсірсе, сол жатақ күні ертең сендей қара сирақты маңайынан жүргізер ме. Соны түсінбей отырып, жақыныңның жағасына жармасуға жеткізбейсіңдер.

- Апырай, солай екен-ау. Бақсекеңдікі жөн ғой!
- Әрине, көмектесіп тұру-ата-баба салты.

Бәрінен де қорықты айтсаңдаршы. Оны жатақтар алатын болса, бізге пұшпағы да тимейді ғой.

Омар молда қақырынды.

- Біреудің еншісіне қол сұғу - мұсылманшылыққа жат нәрсе. Ондай фәнденің ол дүниеде жүзі күйеді. Сұрат көпірден өтерде қылдан тайып, жаны жаһаннамның жеті дозағында шырылдайды. Бақсекең қорығы - Шуыртпалының ежелден ата мекен қонысы. Оны Едігенің аулына беріп жіберіп тыныш отырсаңдар, онда аруақ пен құдайға шет келіп, күнәһар атанасың, халайық. Жасаған хақтың расулы -Мұхамед пайғамбар өз меншігіңді иманыңдай қорға деп өсиет қалдырған. Ендеше, қолыңды байлама бекер. Қорықты қорғап қал, халайық.

Қараменде орнынан атып тұрды.

- Енді қандай сөз қалды? Айтылмады ма бәрі. Атасына нәлет жатақтарды қыдыңдатып қоя алмаймыз. Бүгін қорыққа қол салса, ертең қойныңа қолын жүгіртер. Жоқ! Осыдан тегіс атқа міну керек. Әй, Жақып, ересің бе?

Жақып басын тұқыртты.

- Ойбай-ау, мынау өзі бұлданады ғой. Шуыртпалыдан садаға кеткір! Сенсіз де өлмеспіз,- деп Қараменде өршеленді.

Жақып шыдай алмады.

Қараменде, сен олай құйындатпа! Құйындатпа деймін! Сойылды сенен кем сілтемес қаруым да, қайратым да мол. Ал, сонда кімге қарсы ұмтыл демексің? Қан төк дейсің. Төгілер қан менікі мен анау Абылан, Рымбектердікі ғой. Қорық үшін айқастық. Сонда ертең үкімет



адамы біздікі жөн деп мойындаса жақсы. Одан да үркіп отырғам жоқ. Мені ойландыратын да, тежейтін де ертеңгі келешек күнім. Өмір бүгінмен тынбайды. Мен жатақтармен айқассам, сол жатақтармен кейін қалай бет көрісем? Менің балам Абыланның Нұрланымен құрдас. Ау, солар өсе келе әкелері өттей өш болса бір-бірімен араласып кете ала ма? Айтшы, Қараменде! Сол жағын ескердің бе? Көрші отырып, жаулық тапсақ, татулықты жоғалтпаймыз ба? Бас жарып, көз шығарсақ, сол балалар өскенде осы жаулығымызды тексермес пе? Әлде өшпенділікті өзегіне осы бастан құя бер дегенің бе, Қараменде!

Бақсыбай басып шайқап, сақалын уыстап, таңдай қақты.

- Жақып, жүйелеп ұтам дейсің, ә. Жөн-жөн. Бірақ қысыр сөзге бүйірі шыққан кімді көрдің? Жаулыққа қарсымын дедің. Айтқаныңа ұйыйын десем де, көңіліме кірмейтіні қалай? Ау, о заман да бұ заман жұдырық сілтегенге қол көтерудің жаулық болғанын қайдан естіп едің? Өмір құр сөзбен, ақыл-санамен ғана орнай ма? Әрекетін қайда қоясың? Жатаққа қарсы бармаймын дедің. Дұрыс болсын оның. Ал, сол жатақ сені аяп отыр ма? Алдымен бастаған солар емес пе? Шуыртпалының қорығын тапа-тал түсте тартып алып, сені мен басқаның шұрайлы жеріне шалғы салмақ тағы да солар емес пе? Жатаққа керек пішен бұл ауылдың адамдарына керек емес пе екен? Соны біле тұра, өшпенділікті үрім-бұтағыма қалдырмаймын деп даңғыраудың қай реті бар? Өзіңдікін өзгеге берме деген ағайын ауқымын теріс көрсең, саған сөзім шығын. Қайтпас бетіңнен тап. Онда бағытың басқа. Тек, жарқыным, алатай болмай, ақылымды адастырмай, аулақ жүр. Әне, менің айтарым.

Отырғандар шұлғи бастады.

- Шыны осылай ғой.
- Бастаған өздері. Біз неге аянамыз.
- Жоқ! Тайсақтаудың жөні бұл емес.
- Біздің де шешеміз қалжа жеген шығар.
- Қарап қалмайық онда.

Бақсыбай оң қолын шошақ еткізді.

- Ағайын, аужайыңды түйдім. Намысқа шын қызған түрлерің бар. Менің басқа да шабындығым жеткілікті. Дәл осы жолы атадан қалған қорықты аман сақтап қала алсаңдар, тең жартысын өздеріңе қолымнан

бөліп берем. Атаның үлесі басқаға кетпесін. Осыған, міне уәдем болсын, қолдарыңды жайыңдар!-деп өзі екі алақанын иіп әкеп қосты да, еріндерін жыбырлатып, ұзақ күбірледі. Бетін сипап қалды да, әлгі алақандарды қос жұдырық қылып түйіп, тізесіне қойғанда бүкіл денесі селкілдеп кетті.

Жақып орнынан сүйретіліп тұрып кеткен еді. Ылдиға қарай бүкеңдегенде бүкіл буын-буыны қалтырап, кеудесіне ызалы қыжыл орнады. Оны не Бақсыбайға айта алмай, не ауылдастарына жеткізе алмай, тығылып дем алғанда тынысы дірілдеп шығады.

«Қандай залым еді! Қамқорсыды да қанды шеңгеліне түп-түгел бүріп алды. Енді босатпайды. Босату қайда, екі тізгін, бір шылбырды қатайта ұстайды да, қалаған жағына бұлтартпай салады».

Жақып қараша үйінің төрінде бүрісіп жатыр. Томпақ көздердің кірпігі ажырамайды. Кірпігі ажырамаса да шаруаның көңіл түкпірінде азулы қасқырдай иек кеккиткен Бақсыбайдың жыртқыш қабақ, түксиген сұры айықпай тұрып қалыпты. Ырылдап жақындап, енді-енді бас салатындай.

## 3

Бүлдірген иісі аңқыған көк майса шалғын тұрып тұр. Күн сәскеге жетпей-ақ, аптап буып кетті. Жаз туғалы аспаннан жаңбыр тамбай, көкжиектен бұлт көтерілмей ыстық барынша түтеп тұрса да, шаруа адамының қабағында кірбең жоқ. Тұс-тұстан дабырласа сөйлегенде мына тамыздың тамылжыған сағымындай желпініседі.

Күн ысығанда мал екеш мал да көлеңке қуалап, сая іздеп жайылмай үйездеп қалыпты.

Бақсыбайдың қорығына жиналғандар бүгін өте-мөте көп. Қос әкеп тігіп, жаппа құрып, абылайша, жоламай жасап әбігерге түскен жұрттың арасынан ақ жаулық, қызыл орамалды әйел мен қыздар да, ақ жейделі, тайжақы шалбарлы еркектер де, шолақ дамбалды кеудесі жалаңаш балалар да кездесіп қалады.

Дабыр-дүбір дауыс бірде күшейіп, бірде бәсеңдеп дуылдап тұр. Енді біраздан кейін далада жүрген жандардың қарасы сиреп, қос пен жаппалардың алдынан түтін шығып, самаурын-шайнектер қайта-қайта еселенді. Шалғы шыңдаған, орақ қайраған шаң-шаң, шың-шың



бәйекк дыбыстар түскі тұсау далаға алыс ұзамай баяу тарап жатты.

Рымбек ауылнайдың жаппасының қасына жиналған тобыр біршама. Осы арада Бопсабай да жүр. Бұлардың, әсіресе, қуана тамашалайтыны көк сырлы су жаңа шөп шабатып машина. Таяуда ғана ауданнан әкелген.

- Мынаның шалғысы қалай ұзын,ә?

- Кертік-кертігі қалай, бұл сонда шөпті қайтіп кеспек?

- Әйтеуір, баудай түсіреді дейді.

- Онда жарады. Осы Бақсыбайда кеткен ата-кегімді ең болмаса қорығып жусатып бір қайтарса, жуа теріп кетсем де арманым жоқ.

- Бақсыбай қорығы болса, бұрын болған енді бұл біздің қорық - кедей қорығы. Өкіметтің өзі бөліп берген.

- Әй, сонда да кісі ақысы қалай болады дегенім ғой.

- Сенің қаныңды сорғанда кісі ақысы дегенді Бақсыбай ойлады ма екен? Сенің қаның аққанда су аққандай қабақ шытқан Бақсыбай болды ма екен? Неменеге қимаң қышып отыр!

- Ойбай-ау, бай жатқанынан тұрмасын. О нес, ей! Сонау жылы осы қорықтан бір арқа шөп алам деп бір жаз шалғынын орғанымды ұмытам ба? Күл болмаса бүл болсын! Әйтеуір, қорқақтап қалған соң, қайтер екендеп жатқаным ғой.

- Ештеңе жасай алмайды. Осыдан тиісіп көрсін. Бақсыбай болмақ түгіл құдай болса да, ішек-қарнын жайратып тастайын!

- Қане, шай-суандарыңды ішіп шығыңдар, түс қайта іске кірісеміз,- деп Рымбек орнынан тұрды.

Бопсабай ауылнайға ілесіп келеді. Бопсабайды пішенге шық деп ешкім қолқалаған жоқ-ты. Бірақ қандай да болмасын тығыз жұмыстың басы-қасында өзі жүрмесе алға баспайтындай көретін елгезек байғұс елден бұрын қозғалады.

- Рымбекжан-ау, анау әлгі, менің белсенді екенімді білесің. Советский влась атынан сенен өтінішім - мені анау шөп мәшинасына отырғыз. Ойбай-ау, мен дегенің бұл мәшинеңнің ұңғыл-шұңғылына дейін білем. Анау әлгі, сінәкәсілкаңды менен бұрын көрген жан жоқ. Осыдан мені мінгіздің бар ғой, Бопсабайдың сенен артық

досы болмайды. Анау әлгі, мен достықты бағалай білем. «Ит жоқта шошқа үреді қораға, би жоқта құл жүреді жораға» деп, анау әлгі, Бақсекеңмен де біраз жолдас болғам. Енді онымен доңыз дос болсын. Рымбекжан, не дейсің мына ағаңның қолқасына?- деп Рымбектің аяңына жорғалап басып, біресе оң жағына, біресе сол жағына шығады. Өзінің түрі де келісіп тұр. Аяқта - мөкі. Мөкінің екі шажамайын тесіп қайыс өткізіпті, тобығының тұсынан орап әкеп шандып байлап тастапты. Мөкінің ішінен шұлғау шұлғанып, онысын кәдімгі бәтеңкемен галифе шалбар киетін солдаттарша тілерсегін бірнеше қайтара орап, тізесіне дейін қонышты етіктей сыптай қып буып алыпты. Шалғынды жердің жыланы көп деп өзінше далбасалағаны. Бұтта дабы дамбал - ауы әдеттен көп салбыраңқырап кетіпті, жүргенде бүктетіліп-жазылып аяғын тұсайды. Кеудеде қисық жаға сәтен көйлектің сыртынан сұға салған нымша. Қисық жаға сәтен көйлек жаңалық жаршысымын десе, ілгегі бір құтаймайтын жеңсіз нымша ескінің жұрнағындай жағаласып қалмайды. Бәрінен де бұрын Бопсабайдың құдіретін өсіретін бір киімі бар. Ол - қалпақ. Дауылбайдан ұмыт қалған осы қалпақты көктемнен бері басынан тастаған емес. Өкімет адамының анық белгісіне балайтын бұл бас киімін Бопсабай әр кезде әр түрлі киеді. Жаңбыр жауып, күн суытса - күн қағарымен бір құлағын жасырып, артқы ернеуіне екініш құлағын жылмита тығып алады. Бәкең көңілденіп, тар кеуде тас қазанша тасыған кезде қалпақ та шалқайып, шүйде қуалап шегіншектеп кетеді. Бұл Бәкеңді алда-жалда шайтан түртіп ашу буса, қалпақтың күн қағары теріс айналып, қос еліге толар-толмас сызат-әжімі мол маңдай түгел жабылып, қабаққа қарай құлдилайды. Қазір де осы қалпақтың төбесі шошайып, кішігірім қостай боп иесімен бірге едірейіп, Рымбек ауылнайдың аузынан шығар лебізді қағып алмаққа ұшып кеткелі тұр.

- Бәке, анау әлгі, машинаға сізді отырғызбағанда кімді отырғызамыз,- деп Рымбек күле жауап қатты.

- Өркенің өссін, мың бол, мың болғыр!-деген Бопсабай ауылнайдың бұны бір емес екі сөзімен әзілдеп қалғанын да аңғармады. Томпаңдап жаппасына қарай адымдай жөнелді.



* * *

Алды аяңдап, арты желіп отыратын көшелі бестісіне Бақсыбай мінгенде жиырма қаралы адам соңынан ілесті. Көптен бері үйінен шықпай, ешкіммен қатынаспай тым-тырыс жатып алған байдың бірер күннен бері астыртын кісі шаптырып, ауданмен хабарласқанын ешкім білмесе де, бүгін ертемен «Ат-сойылып қамдасын!»-деген бұйрығын естігелі шоқтай боп үйіріліп, дайын отырған еді. Қолына түкіріп ерігіп жүрген әпербақан, ұр да жық жігіттер аттарының ауыздығымен алысады. Әрқайсының дәл қазір жау шабардай сұсы көп. Қарға ілген қайың шоқпар зілді батпан ашу жиса, аяқ басына іле салған емен сойылдар жер сызып шаң атып, қосылған тізе мен түйілген ызғарды түп-түптен саумалай созғандай ат тұяғында будақ-будақ көтерілген қою шаңға майда құйын үстейді.

Жүрдек бесті қабағы қатулы Бақсыбайдың семіз денесін местей ырғап, өзгелерден найза бойы алда келеді. Қол мен қимылдың нышанындай көрінетін жуан, мықты байдың қыл құйрығынан ат басын оздырмай, соңындағы көп нөкері орны мен ретін сақтап, үнсіз жортуылдың бар кәдесін бұлжытпайды.

Алты ай қыс, шуақты көктемде Бақсыбайдың үнсіз келіп, дәл бүгін аяқ астынан ереуіл топты ерте жөнелуінің сырын баға алмай, мінгіштерін шоқырақтатып тебіне түсетін екі-үш қауға сақалды ақсақал қатарына іліккен үлкендер де тіл қатуға батпайды.

Күн шыжып тұр. Ыстық күнде бастарын шұлғи тастап есіп келе жатқан аттардың құлақ түбі жіпсіп, тезектеп-тезектеп алды.

Ауылдан шыққанда қайда бара жатқанын ұқпаған жігіттер, Бақсыбай бестісін тура Шолақтың күңгейіне қарай өрлете салғанда қорыққа бет алғандарын айтыспай білді. Содан кейін жұбын жазбастан шоқтала отырып, тымақтарының құлағын түсіріп киді. Еңкейе беріп, таралғыларын тарылтты.

Осындай қарасы қомақты, жүздері суық, қаруы сай ызғарлы топ қорықтың оң жақ бүйіріндегі қыраттан шашырай бөлініп шыға-шыға келгенде, Бопсабай шөп машинасының құлағына әлі келмей мықшыңдап жатқан-ды. Қасындағы Рымбектен, Рымбектен де бұрын Дәрия, Нұржандардан қысылып, бір сылтау іздеп алас-

ұрып тұр еді, сойыл-шоқпары сай аттыларды көріп қалды.

- Ойбай аналар кім?

- Бақсыбай емес пе?

Айтпадым ба, тегін емес мына жүрістері!

- Қорықпаңдар! Ықпаңдар! Сөйлесейік.

- Қапы қалмайық. Бейқам тұрмаңдар, шалғы-орақтарыңды сендер де ұстаңдар!

- Тек өздерің тентектікке бармаңдар. Бұлар жай келмеді. Сылтау бермейік,- деп Рымбек қарсы жүрді.

Бұл кезде Бақсыбайлар тобы суық пішін, ызғарлы сұспен қаптап келіп ат бастарын іріккен еді. Дойыр қамшы, сойыл-шоқпарларын оңтайлана ұстап, үдірейіп қыр көрсетеді. «Қорқытам, ықтырам, қыбырлатам»,- деген айдынмен бірде-бірі есендік-саулық сұраған жоқ..

Нұржан шыдай алмады.

- Ат-көлік аман ба, байеке? Жай жүрсіз бе?- деп құшағын жая ұмтылды.

Бақсыбай ыңғай бермеді, қолын да созған жоқ.

- Рымбек, сені ауылнай сайлағанда зорлыққа жол бермес деген өкіметтің де, елдің де үміті болған. Көлденең созылған жердің көлдей ырзығы жетпей, көлеңкедей менің қорығыма түскендерің қалай? «Судың да сұрауы бар». Бұрын бұрауыма көз салмаушы едіңдер, неден бүліндіңдер? Өкімет мың жерден кедейдікі болғанымен, оған да арқа сүйер тірек керек. Осы бәрің жиналып бір менің салығымды бересіңдер ме? Ендеше, өзіне пайдалы менің малым қырылып қалсын дейтін өкімет бола коймас. Қорыққа тиіспеңдер. Ағайын, араз боп келмей ақылмен алдыңнан өттім. Ат жеткен жерге бет жетеді. Бізді де жебейтін тәңір хақ бар шығар. Осыдан қорықтың бір тал шөбі қиылып, бір қоғасы жапырылатын болса аянады демеңдер. «Жер ашуы - жан ашуы». Қан болам да, абақтысына бір-ақ барам!-деп Бақсыбай ашу қысып түтігіп кінә-жауап қайтарысып кетті.

Рымбек ойланып қалды. Жұмашпен қорық жайлы пікірлескенде нық шешімге әлі де келе қоймап еді. Ауданнан арнайы жер бөліс жасайтын комиссия шығып, түптің түбінде қорықтың өз ауылдарына берілетінін біледі. Бірақ жердің есебі алынбай, ауыл ауылға бөлінбей тұрып, асығыс келіп қалған өздерінің көз жұмбайлығын және мойындап ойланады. Жер шегін ашатын комиссиясы қандай болмақ? Ауданға жаңа келген екінші бастықтың алды тар екен деп қипақтап жүргендер көп. Ол қай жаққа секірер, қалай қарай бет берер? Ол да қатты түйіле бастаған жұмбақтың бірі.



Бақсеке, ашуыңызды басыңыз. Қорықтың шұрайлы екені рас. Елге ырыс, береке ғой бұл. Сол берекесін ел енді өзі пайдаланғысы келсе, айыбы ма? Жер көп. Шалғыи-шүйгін бәрімізге жетеді. Мына қалың жатақтың өрісі тар, күш-көлігі аз. Алысты шолуға өресі жетпейтін болғандықтан ауданмеи келісіп, шалғы салуға ниеттенгеніміз рас. Басқа жайлауыңыз да олқы емес еді. Жөнге ұйыңыз. Қол күшімен ештеңе шығара алмайсыз, байеке,-деп Рымбек жүгініске тартты.

- Әй, ауылнай, мәймөңкең өзіңе! Қойшы-қолаң, жыртың-жас, ұры-қарыға тиген қай тізгініңді көріп ең? Қойныңдағы мөрің ғой сені көпіртіп тұрған. Қамшым арқаңда ойнағанда аузың етігімді жалаушы еді. Енді сен менімен қатар тұрып, қара көрсетпек пе ең? Уа, жетіскен екем! Жеткен екенсің! Аластап шықпасам, аруақ-құдайға салдым! Соңымда сұғын қадап жүрген зәулім сендер болсаңдар, қасықтап қан ұрттамасам, ақ өлімде кетпеспін! Арыздасып тұрсың ғой өзің. «Жыланды үш кессе де кесірткедей құны бар». Аш көзіңді, көр тәңірің-ді! Табанда тіл тартқызбай жаһаннамға жөнелтейін!-деп Бақсыбай көгеріп, қалтылдап қатты ашуға мінді. Жемтігін көрген қорқаудай азуын ақситып, жыртқыштық кепке енгенде, көзі сығырайып шүйіле қалды.

- Бақсыбай! «Заман талқысы - өзім!» деп келіп едің. «Бүкірді мола ғана түзейді» деуші еді, әлі де сол қарғыс ниет, сұм көңіліңнен жазбапсың-ау! Қамшыңның арқамда ойнағаны рас. Оны ойнатқан сенің күнің, сенің бұрынғы заманың еді. Менің сыбағам қан мен зәр ғана болатын. Көзімнен қан тамғанда, кеудемде кек шырылдайтын. Менің зарымды естімесең, әніңнің ырғағы келіспейтін. Өлтірдім, өшірдім деп келген екенсің-ау! Жоқ! Менің таңым атты. Менің күнім шықты. Батқан күн, сөнген жарық - сенікі! Сен сияқтылардікі! Алдыма тұра алмайсың. Тұрғызбас күш бар. Ол - совет! Жазықсыз талайдың құны, қаны бар мойныңда! Шеңгеліңнен қан тамады. Жағама сен жармасып келіп ең, енді, бұдан былай менің қолым сенің жағаңнан арылмас. Енді айрылсам, бүгінгі тірлік жолым, тірек-пікірім кешпесін!- деп Рымбек күйініп кетті.

- Тоқтат! Тантыма!- деп Бақсыбай ақырып қалды.

Қасындағылар шуылдап қосылды.

- Асқан екен! Асқынған екен, жаман кедей!
- Жоқ қыл! Кімге тіл тигізбек!
- Жер қаптыр! Шаш қанын!
- Итті былай сүйретіп шығарыңдаршы!

Рымбек ащы кекесінмен мырс етті.

- Әй, шіркін көр соқыр, меңіреу құлдар-ай! Сойыл соғар боп қашанғы өтер екенсіңдер? Кешегің кешегі болсын, кещелігің болсын, бүгін мына: «Көзіңді аш, ұран сал, есеңді ал, кедей!»-деп жар салып жеткен бостандығыңды неге көрмейсің? Ал, менің қанымды шаша қойыңдар, сонда сұраусыз кете қояр ма екем? Мен тұрмақ кешегі Телтайдың өлімін тексеріп жатыр. Ел десең өзіңе тиеді. Тигізбейін десең түрің мынау. Қашан жетер екенсіңдер. Әй, Жақып, осы сен айтшы? Жұтап жатқан малың бар ма? Қай кезде аштан қырылып еді? Саламат, мен кедей болсам, сенің менен артып бара жатқан қай байлығың бар еді? Сенің жалғыз саулығың осы қорықсыз өліп қалар ма? Және осы қорықтан саған бір арқа шөп тиіп көріп пе еді? Дәл мынау Бақсыбайдың қай жақсылық, ізгілік-мейірімін көріп едің? Не дейін сендерге! Мақұлдап бас изесіп, шыбындап тепкілесіп өтерсіңдер. Бірақ кеш ұғып, кешігіп келгендеріңде қызарған беттеріңнің шоғына өртенер әулет-ұрпақ кеше қояр ма!- деп басын шайқады.

Екі топ та, екі жақта біразға дейін тіс жармай үдірейісіп тұрған, сарылдаған машинаның даусы оқыс естілді. Ауылдастарының алдында «сінәкәсілкасын» жүргізе алмай пұшайман болған Бопсабай Бақсыбайлар жетіп, абыройсыздықтан құтылғанымен, машинадан түспей әр жер әр жерін шұқылап отыр еді, шалғы бір кез сылқ етіп жерге жантая түсті. Сол дыбыстан секем алған аттар жүріп кетті. Ұзын шалғы тұнып тұрған көк майсаны баудай түсіріп барады.

Машинаның даусы естілгенде Бақсыбай жалт қарап еді, шалғынды жапырып пар атты көсем жегіп, сарылдатып жүрген Бопсабайды көргенде шыдай алмады. Әсіресе, қолтоқпақтай Бопсабай атадан қалған асыл мұрасына балта шапқандай сезіліп, түтігіп кетті. Аттандап аруаққа басып қалды да, машинаға қарай тұра шапты.

- Аруақ! Аруақ!
- Соқ! Сілте!



- Өлтір!Аянба!
- Аяма, құлат!

Рымбек те қызынды.

- Қарсы тұр! Қапта, кедей! Ал кегіңді!

Бақсыбай құйғытқан бетте шөп машинадағы Бопсабайға жетіп-ақ барып еді, жарау бесті дарылдаған пәледен үркектеп маңайламай қойды. Ашу мен ызадан жарылып кеткелі тұрған бай сойылымен жер сабалап жүр.

- Тоқта, иттің баласы! Өлтірем!
- Сабыр, байекесі, сабыр! Өзім осы ғана, анау әлгі, үйреніп едім, бір айналып келейін. Көрмейсіз бе, қалай жусатып бара жатқанын.

Бақсыбай одан бетер тұлданды. Айналдырып, үйіріп сілтеген сойылы Бопсабайға жетпей жердің шаңын бұрқырата берген соң, бір сәт бестіден қарғып түсіп, ырсылдай жүгірді.

- Жетпіс жеті атаңның көрінде өкіргір, өлігіңді көрейін сенің!-деп кіжіне ұмтылып, салып өтті. Қатты соққы алдымен үлкен дөңгелекке тиіп, бәсеңдеп қиғаштап барып Бопсабайдың көкжелкесін сипады.
- Қап! Мә ендеше!

Бақсыбай ернін тістене сойылды құлаштай сілтей берген,.. құлап бара жатты.

Бақсыбайлар үстеріне ат ойнатып, сойыл үйіріп келгенде, Дәрия іс насырға шабардай болса бір қимылдап қалайын деп өзіне лайықтап сынық жетекті оңтайлап ұстап тұрған-ды. Үндемес жанның үнсіз өкініші іште беріш боп шайқалмай тұнып қалған еді.

Атын борбайлата құйғыттыра шапқан Бақсыбай машина жүргізіп жүрген отағасына шүйілгенде жетекті көтеріп бұ да төтесінен қосылған еді. Көзіне қан толып: «Ең болмаса сенің қаныңды ұрттап өлейін!»-деп жаулығының етегі шұбатылып ентіге жүгіріп келген бетте сойылын сілтей берген Бақсыбайдың майлы шүйдесін көздеп салып өтті. Бай сылқ құлады.

- Шоқ! Шоқ бәлем! Жаның адыра қалғыр сенен-ақ өлдім ғой!- деп және бір періп қалды.

Бұл кезде атты-жаяулы бетпе-бет кездескен тобыр қиғаш-қияс салысып кетіп еді. Жығылып түскендер де, басы жарылып, бет-аузын қан жуғандар да бар.

Аттан, ұран аспандатып шыққанда қан мен өлімді ұмытқан жігіттер айқай-қиқуды үдетіп шартта-шұрт ай-

қасып жүр. Ат үстіндегі Бақсыбай қолы алғаш әндем шығып еді, жігіттерінің екеу-үшеуі құлаған соң Рымбек аянбады. Ұзын сапты шалғыны қылыш сермегендей жалт-жұлт еткізіп айқайлап барады.

- Өлтіремін! Аямаймын! Қайтпа!
- Қыр! қырып таста!
- Кімді кім қырар екен!
- Ұмтыл, кедей!

Рымбектің қарсысына Қараменде келе берді. Қараменде әлгінде Бақсыбайдың жығылғанын, онда да қатыннан таяқ жеп қор болып құлағанын көрген. «Әй өлсең өл!» деп намыс буғандай екіленіп жүр еді, шалғысын жалаңдатып тұрған Рымбекті көріп, төніп келді.

- Асқынған екенсің, кедей! Мә сыбағаң!
- Өмәй-ау, сыбаға бергішшілін мұның!

Сойыл шақ еткенде, шалғы жалт етті. Жалт етті де шапшып тік қарғыған аттың омырауын осып түсті. Ат та, Қараменде де қабат жығылды.

- Өлтірді!
- Қараменде өлді!
- Бауыры-е-ем!
- Кісі өлді! Кісі өлімі!

Осы бір суық сүрен ауыздан ауызға жүгіріп, жаңағы «бір өліп, бір қалармыз» деп жүрген ызалы жандарды әп-сәтте су сепкендей тез тыйды. Қос-қостың қасында, жаппа-күркенің тасасында үрейленіп, үркіп тұрған бала-шаға осы толастаған шақты пайдаланып, әр жерде жығылып жатқандарға қарай тұра-тұра жүгірді.

Қараменде өлмепті. Өлмек тұрмақ еш жеріне дақ та түспепті. Шаң-шаң боп орнынан атып тұрып, қорылдап өлгелі жатқан атының басын құшып жылап жіберді:

- Қарагерім, қанатым! Түбіңе жеттім-ау, түбіңе. Енді қайдан табармын? Енді сендей атты кім берер маған? Неге келіп ем, неге ғана шығып ем?-деді де өз маңдайын өзі төпелеп отыра кетті.

Басы жарылып, жүзі қуаң тартып Абылан сойылына сүйеніп тұрған, Қараменде зар илегенде шыдай алмады, қасына келіп басын сүйеді.

- Қарағым, Қараменде, тұршы. Босқа күйзелмеші. Қайтесің егіліп, алланың бір жазуы болар. Тұр, тұра ғой. «Ер қанаты - ат» деп ата-бабамыз армандап кеткенімен тақымына тулақ бітпеген біз де жүрміз ғой көлеңке қарайтып. Ден сау болса ат та бітеді. Әйтеуір, мал



баласы жазықсыз демесек. Бұ шіркіндер жазықсыз ғой, жазықсыз. Қайтеміз, ырылдасып, озандасып келеміз,- деп атты ма, адамды ма, қайсысын аяғаны белгісіз күйініп тұр.

Екі жақтың адамдары осыдан кейін кілт босап, бірбірімен ию-қию араласып, жаралы болған мертік-шортықтарын жиыстыра бастады. Әбүйір болғанда, қатты шойырылғандары жоқ екен. Жалғыз-ақ, Бақсыбайдың басынан аққан қан көпке дейін тыйыла қоймады. Көлеңкеге апарып жатқызып, құрым киіз күйдіріп басып жұрт әбігерге түскенде, Бопсабай дір-дір етіп келіп Дәрияны құшақтай құлады.

- Жұлдыз туа өлермін. Анау әлгі, мына Бақсыбай иттің қолы қатты еді. Мына жерім, осы жерім солқылдатып әкетіп барады. Анау әлгі, біліне ме қолыңа? Білінбей ме? Ісігі ішіне түскен, ішіне. Дәрияжан, отасқан күндерімізде артық-кем кетсем, кешір. Сен ренжіме. Рымбекті шақыршы,- деп басын таңғызып алды. Дірілдеген қолымен Дәрияға жармасып айырылар емес. Көзі алақтап, танауы қусырылып кетіпті - Рымбекжан, айналайын, келдің бе? Сені көре алмай қалам ба деп едім. Ау, қарағым, мен ана Бақсыбай жауыздың соққысынан жығылып жатырмын ғой. Анау әлгі, бұл дүниелік емес шығармын. Мен өлгенде кедей үшін өлдім, соны ұмытпаңдар. Мынау байдың қорығына алғаш шалғы салған мен екенім жадыларыңда жүрсін. Анау әлгі, бай тепкісіне тепкі көрсеткен ер қылықты да мен танытыппын. Қалаубек қалқам болмады-ау. Сұрар едім. Бопсабай комсомол бола ала ма деп? Анау әлгі, Рымбекжан, осы қорық - Бақсыбай қорығы деп аталушы еді, мен десеңдер Бопсабай қорығы деп өзгертіңдер. Анау әлгі, атым аталған сайын бір аунап түсіп, сендерді ойлап жатайын,- деп кемсеңдеп кетті. Бопсабай кемсеңдегенде Дәрия солқылдады. Дәрия солқылдағанда тізесінде жатқан отағасының басы секіріп билеп кетті. Рымбек үн-түнсіз ғана шекеге тартқан орауды шешіп алды. Олай-бұлай үңіліп-үңіліп қарайды.

- Бәке-ау, шынымен басыңызға сойыл тиді ме?

Бопсабай елең етіп, көтеріліп отырды.

- Желкемнен сақ еткенде, көзімнен от жарқ ете қалды.
- Мықты екенсіз онда.
- Немене, анау әлгі, мені осал көресің бе?

- Жоға, басыңызға шыбын тепкендей дақ түспепті.
- Е-е, жаман-жәутік бай ұрды екен деп тоңқалаң аса кетейін бе. Анау әлгі, ондай-ондай зобалаңның Бопсабай талайын көрген. Қарағым, бұл бас - піскен бас. Сойылдың да, шоқпардың да не түрін жентектесіп өткөрген. Анау әлгі, ер-тоқымның қасын да сүзген оны айтсаң.
- Бәсе, солай болар. Бәйбіше, жыламаңыз. Анау-мынаудан өле кететін Бәкең жоқ.
- Әй, Рымбек, біздің Дәрия шіркін азамат, ә? Анау әлгі, еркек боп туды ма, Ақжолбектерің мұның қасында жіп есе алмай қалады. Ойбай-ау, Бақсыбайды бір ұрып сылқитты ғой бұл!-деп Бопсабай әлгінде ғана о дүниелік боп отырған халін ұмытып кетіп қыза-қыза сөйлеп ұзап барады.

Рымбек ойланып, уайым меңдеп отыр. Жүрекке тас тығылғандай тарылған тынысы әрең шығады. «Не болды? Баяғы тірлік, баяғы әрекет сол қалпында өзгермей қала бергені ме? Байдың өші, жан ашуы болсын, ал анау Саламаттарға не жоқ? Арман деп қуғаны жеткізбес сағым ба еді? Елге ұйтқы, кедейге өнеге боларлық қарапайым күн кешсек, сонымызды қарақшылық деп танып қару сілтеген ағайынның қылығы қай қылық? Бөрінің соңынан бөлтірік ерер еді, қой байқұсқа не жоқ? Осылай қайратым - білегім, білегім - құдіретім дейтін содырлық әлі де тыйылмағаны ма? Оны тию үшін бай-жуанды жою керек. Ал, оларды қалай жоймақ? Қашан жоймақ? Бұлар кең даланың қайтпас көкжалындай шоқтығын құдірейтіп ауыл-ауылда отырғанда зорлық-зомбылық күшіктеп өсіп, ұлып табысып жатпай ма? Әттең-ай, маған салса, тегіс аластар едім. Ақ пен адалыма, еңбек пен зейнетіме жолатпай шығарып қуар едім-ау!»

Бақсыбай аулына келісімен бірер күн үйден шықпай, қозғалмай жатып алды. Бұны да буған ой-толғақ шарасыз жанын қырық бұрайды. «Кешегі сөзі қысқа, бұйрығы қатал дәурені енді қайта оралмайтын болса, көк-берідей тілерсегін тістетіп, кең далаға қан-жоса із қалдырып қашанғы жүре бермек? Жол тосқан қақпан, із кескен аңшы көп. Бұрынғыдай жортқызып қоймас. Аяқтан түсіп, өкпеден шаншылып сәулесін-шырағын, жарығын-отын өшірер. Ендеше бел алған кедей-кепшікке өрт пен дерттей ұрланып жетіп, білдірмей шағатын әрекетке сайса қайтеді?»



Аудандық атқару комитетінің жаңа бастығын осы бір сәтте құлазыған көңілге медеу тіректей көріп, жиі еске алады."Болат пышақ қап түбінде жатпайды".Жатпаған екен.Бүйірімнен ызғар ескенде, ығыма пана болардай тәңір жасағаннныңәдейі жіберген жебеушісі емес пе? Мынау даланың бораны күшейіп, қаңбақ пен ебелегін суырып айдап, домалатып қуып бара жатқан кезде бір мықтының саясына қалқаламай құла түз, құлан жотада жонын көрсетуі пәруәйсіздік қана емес, болымсыздық қой. Шалт қимылдамай, шалып қимылдайтын ептілік қажет. Ондайда өрескелдік, жоқ, ерсілік және білінбейді».

Бақсыбайдың төс қағысқан досы болатын. Өзі ірі тұқымнан еді. Жалғыз ұлын ертеде-ақ оқуға берген-ді. «Түбінде осы қарағымның шен-шекпенді оқымысты болғанын көрсем, бұл пәниденармансыз өттім деп биррахматқа я архамаррахин айтар ем. Иллаһи, сол ойым орындалсын-ақ!»-дейтін азулы әкенің сол, баласы - Масайым біраз жұмыстарды шиырлап келіп, таяуда ғана осы ауданға ауысқан-ды.

Досының қабірін бұ күнде шөп басқан. Бірақ Бақсыбай өз кеудесінің ызғарын қуар жылудай бір сырды әлі сақтап келеді. Осы Масайымның гимназияда оқып жүрген кезінде, бәйбішесі мен Балжанын ертіп Бақсыбай досының аулына бара қалған. Он төрт - он бестер шамасындағы ықшам киімді, сары ала түймелі жас гимназист кірпідей тікірейген қайратты шашын быртиған аппақ саусақтарымен жиі-жиі салалап тарап тұрып, қол берген.

- Бәке, Масайымыңыз өсіп қалыпты-ау. Енді бірер жылда отау көтерерсіз?
- Жоқ. Әлі де оқытам. Оқыта берем. «Шуран ислам дағуасына» еліріп бәддұға оқитын арами молдаң мен емес. Қашан өзі болдым, біттім дегенше қолын қақпаймын,- дей берген досы жеті-сегіздердегі ботакөз Балжанға қарап отырып бір ыңғайға ойысқан.- «Дос - жүз жылдық, сүйек - мың жылдық». Екеуміз құда болсақ қайтеді? Соған тәһлил атайық.
- Бәке-ау, сіздің сөзіңізді жерге тастай алам ба? Болсақ болайық. Масайымжанға барса, Балжанымның бағы ашылғаны да,- деп көңіл хошын білдірген.

Сол Масайым әлі бойдақ. Астыртын хабарласып еді, әке сөзін ұмытпаған түр танытты. Содан бері Бақсыбай

салбөкселеніп қалған дәркүмән халінің тауқыметін ысырып тастардай көріп, Масайымнан дәмеленіп жүргені рас. Ой - серік қажығанымен үміт шіркін жетелеуінен жазбайды. «Есті-басты» дейтін қауымнан айрылып, айдалада аңырап қалғандай шағында осы Масайым кездесті де, болашағының тандыр топырағына дән тастады.

Екіленген жанның есірек масы болғаны жаман. Ойқастап озған күндерінің есесін қайтармаққа бір одыраңдап көріп еді, қатыннан таяқ жеп, құйрығын бұтына тыққан төбеттей қыңсылап оралды. Енді міне, бүк түсіп жатыр.

Ақ орданың іші түс қайта тіпті қайнап кетті. Сәскеде семіз бағланның жас етін біраз қарбытып алған, қазір пора-пора терлеп жоталы мұрнын бақырауық түйедей жиі барылдатады. Ашуы қоюланғанда, күйі қашқанда, ыза-мазасы көбейгенде осылай барылдай беретін әдетін білетін сыралғы бәйбіше үйге еніп, шидің ішінен шара толы қымызды алып шықты. Балкүміс былтырғысынан қартая түсіпті. Шалқая біткен қасын кербез ғана кергіштегенімен бір кездегі сырбаздығы жоқ. Арқар мүйіз ожаумен иісі аңқыған қатықтай қою сары қымызды құлаштай сапырғанда бұрынғы қыз мінез еркетотай қылықтың бірде-бірін қайталай алмады. Жайылып, білем-білем боп кеткен ауыр денесін әзер қозғап быршып терлеп отыр.

- Балжанды шақырайын ба. Екі-үш күннен бері аттап шықпай қойдыңыз ғой,- деп Балкүміс аяған болады.

- Шақырма. Қайтесің әурелеп. Қашаңғы жүрер.

Сары ала тостағандар толды. Екеуі қымызға бас қойды.

- Құй тағы. Ыстамаған ба? Көк дәмі шығып тұр ғой.

- Каратентек шіркін (Қарамендені айтқаны) тобылғы әкелмей қойды. Торқасқасы өлгелі өзі бір түрлі. Жақып көшіп кетті. Жұмсайтын жан таппаспыз бара-баба,- деп Балкүміс назалана сөйледі. Жүзіндегі кейістік қоюланып, көз алдындағы ұсақ әжімге тер іркіліп, жылаған жанның кейпіне ұқсатады.

- Қашан көшті?!- Бақсыбай ауыр денесін тез қозғап саңқ етті.

- Кеше, кешкісін. Бет алысына қарағанда жатақ-



тарға барады-ау деймін. Бізден безгенде, аларын, табарын көрерміз,- деп ақ саусаққа күйе жұққан жерін «мынаны көресіз бе, қазан-ошаққа араласа бастадым» дейтіндей көтере түседі. Жақып жылқышы болса, әйелі үлкен үйдің отымен кіріп, күлімен шығатын күтушісі болатын. Бір-ақ күнде «ғайып ирен, қырық шілтені» жоғалғандай жасып қалған бәйбіше отын-судың тауқыметін тартып, аһылай-уһілей береді.

- Жарар! Бара бер. Бір амалы болар.

Бақсыбай одан әрі жақ жазбады. Қайда барса көз түрткі болған халіне күйініп аунақшып-дөңбекшіп жатыр. Қысылғанда демейтін Ақтайлақ күйеу алыста. Айғыр үйір жылқы ұстатпай кетті. «Онда-мұнда шашылып тақияда тамтығым қалмады. Ашумен түйілгенімде ақылмен алдымды орамай арыстай азаматтын құнына жеткен өзінен көрсін! Енді келе берсе, ағымнан жарылып қоябаны қопарам!»- деп дом көрсеткен күйеуден сескеніп те қалған жайы бар. Пәледен машайық қашыпты. Ақтайлақ тайраңдай тұрсын. Қоябаны қопарар кім боларын құдай білер.

Торғын орамалын желбіретіп самайын, желкесін сипады. Көк ала насыбайдың бір шөкімін ерін астына тастады. Содан кейін биік төсек үстіндегі мұңдас серік домбырсына қол созды.

Өксік пен өкініш толы «пай-пайы» бар еді. Бүгінгі саусақтар ол сазды саумады. Орғып тулап, тулап секіріп дүрмек-дүркін мол ырғақты төгіп-төгіп кетті. Ашынып, ащы кек қуалап төбе құйқаны шымырлатар зарлы айқайдай шығандап шырқап барды да, бір сәт шегін тартқандай оқыс құлдилап, сылқ түсті. Содан кейін жорғалап бипаңдап: «Әттең, әттең, әттең-ай!»-деген шерлі өксікті ұзақ қайталап тұрды да, сойыл мен шоқпардың қақтығысынан туған шақ-шұқ қанқұйлы дыбысты аттандата аңыратты. Әлем жаралғалы дүние-тірліктің қыбырлаған пендесіне қорқыныш егер бір үрейлі суыл, үрейлі сес болса, мына он саусақ соларды жаңылмай іздеп, жаңғырықтыра дуылдатып жатыр...

- Мойымасым, е, бәсе! Тас қайрақтай шымыр емес пе едің. Тарт! Солқылдат солай! Мына менің төбемдегі қамшының сабындай аласа аспанымды серпіп бір жіберші!-деп табалдырықтан сөйлей аттаған Байбол домбырасын төсекке сүйей салып орнынан жеңіл атып тұрған Бақсыбайға құшағын жайды.

Бақсыбай жайылған құшаққа құшағын тосты. Бірі-не-бірі қас үйірдің айғырындай көп жанаса бермейтін екеудің осы қимылы «бұдан былай жұбымыз жазылмасын! Кекке серт жалғайық»,- деген бір оқшау келісімді танытты.

Айында, жылында партия дауы, жер дауы, мал дауы тұсында ғана төбе көрсететін Байболдың оңаша келуінде мән барын ұққан Бақсыбай қадірлі қонағынан аянған жоқ. Сыртқа шығып Балкүміске бұйрық беріп, құлын сойғызды. Енді дөңгелек үстелді құрып қойып, шара толы қымызды өзі сапырып құйып беріп отыр.

- Ал, Байбол, жол болсын?

Жол дейтін жол қалды ма? Жолымда кесе көлденең қараңдаған құл-құтан көбейген соң осы күні жымба-жымбамен қашатын болдық қой,- деп күрсініп қойды да, Байбол тостағанды басына бір-ақ төңкеріп, қиық қара мұртының шалғысына жұққан ақты тілінің ұшымен жалап алды,- Бұл сапарда саған адасып келгем жоқ, арнап келдім. Ішіңді берсең- ісімді де айтармын. Күн ыстық, табан асты өрт, күйіп келдім. Қымызыңды құя бер. Айтпақшы жараланып қалды деп еді, бас қалай?

- Әй, Байбол-ай, бас жарасын сұрайсың, іш жарасын көрмейсің бе? Мен бүгін ғана қансырап отыр ма едім. Тән жарасы жазылар-ау, жан жарамды кім жазар? деп Бақсыбай есеңгіреп қалғандай кейіп білдірді.

«Тысын жылап, ішің күледі ғой. Шоқ-шоқ!-деп табаламасаң Байбол болар ма едің. Жаңағы бір әзәзіл түрің- тұзағың ба еді? «Құлан құдыққа құласа құрбақа құлағында ойнар осы екен-ау».

Бақсыбай теріс айналды. Ашық қалған есіктен құла түздің қиықтай бөлегі сонау көкжиекке ентелей созылып, алыстап құлдилапты. Сағымын сусытып, толқында жүзген тірлік-елес, елес-бұлдырын тербелтіп, теңселтіп тұр. Осы қазіргі буалдыр толқынын дірілдеткен маң дала еш нәрсесі өзгермеген, айнымаған өткен күннің бір ыстық көрінісіндей болып көсіліп еді. Бақсыбайдың көзіне жасаңғыратып болар-болмас әлсіз дымқыл үстеді. Сағыныш қабаттады. Көңіл бөліп, көз тастамаған жанға шалқар дүние түңліктей-ақ боп құрысады ғой. Әйтпесе жазығымен көлеңке қуалатқан кең сахара қуанышын мен қызығыңның емен-жарқын ынтық белгісіндей жайылып, құмарта аңсатып сала бермей ме. Сол-ақ екен, Бақсыбай ішегін тартқандай ықылық атып, ауыр күрсінді. Құбылысы мен қылығын жіпке тізіп аңдып отырған Байболдан қысылып-қымтырылған жоқ. «Ол сезбесті мен сезсем, әлі де артық екенмін. Мына уыз дүниенің топырағынан жаралғаным рас болса, кіндік қаным тамған жерімнен абзал құдірет хақты таба алмаспын. Ал сол құдірет хаққа бой алдырып, елжіреп кеткенімді түсінбеген пенденің қай мазағына қақпақ болармын. Одан үрке алмадым. Қайта сол содыр мінезімен төмендеп, тозып бара жатқанын бұл өзі ұқса ғой».



- Иә, Байбол, қатыннан таяқ жедім. Жегізген озбырлығым болар. Кім білсін, тіріде жасаған зауал тірлікте қайтатын да шығар. Мазақтап күлесің бе, табалайсың ба, ол өз еркің,- деп бір қойды.

- О, не дегенің, Бақсыбай-ау! Күйі бірдің күні бір емес пе? Саған келтек тисе, маған шоқпар жоқ па екен? Сені тосқан зәулім мені құр қояр ма? Неге қойсын. Екеуміз бала-шаға емеспіз. Сені мен білмегенде кім біледі. Білгендігімнен келдім. Осы бүгін көзіңе қамшы тиіп, шырқ айналып қалған аттай халіңді сезбесем келер ме едім. Ағайын-туыстың сөзін салатын дау-дамай қуа жүргем жоқ. Ауыздығын тістеп алып, қырын басқан «совет-совет!» деген зар жақтар шықты. Қит етсең «бай, жуан» деп өңеш жыртатын сол шуылдақтар сені «жауым», мені «досым» дер ме? Ендеше, қыңыраюыңды сен қой. Қылтың-жылтыңды таста. Әкел қолыңды.Өлсек көріміз, шықсақ төріміз бір болсын!-деп Байбол орағытып келіп салмақты сөзін нығарлата тастады.

- Бір тілеумен қолыңды шын ұсынсаң, менің сенен аяр ештеңем жоқ, Байбол. Осындай тар кезең, қыспақ шақта көңіліңді берсең, менің де ішім өзіңдей. Рақмет.

Қысыр әңгімемен уақыт өткізіп жас құлынның жылы-жұмсағына жеткенше кеш те батты. Дәу табақты әрең көтеріп, шалқая қайқаңдап кірген Қараменде етті төрдегі екеудің алдына қойды. Өткір бәкісін жалақтатып турап беріп отыр.

Үйеме табақ етке сары ала сарымсақ тураған тұздық құйды да, Қараменде шығып кетті.

Екі қол содан кейін қайшыласып табақ пен ауыздардың арасына жүгіріп кетті. Жас ет екі толғап бір жұтудан қалмайды. Тынымсыз қолдың жүгіруі де содан.

Дастарқан жиналысымен Байбол қолтығының астындағы жастығын нығарлай түсіп басын көтерді. Кекіріп тастап, Бақсыбайға бұрылды. Тамағын қырнады.

Бақсыбай, айналасын өрт шарпыған томардай жалғыз-жалғыздан қалып барамыз. Ойда орыс, қырда қазақта бетке жан, етекке қол жетпес асқар-ақпыз деуші едік. Бәрі жалған боп шықты. Сүйенісер, сенісер азайғанда бір-бірімізден қол үзбейік. Иыққа иық қоссақ иншалла, жыға алмас ешкім. Ағайын ниеті шындап бұзылды. Сенен ел безгенмен сен екеуміз елден безе алмаймыз. Қатарым сиресе - қасыма келмесе, жұбанышым - олардың да дәл мендей күйзеу халде өксік ататыны. Өмір серік жарымнан айырылдым. Осы жалғыздығым батадыақ. Жас кезде көзім түскеннің бәрі көңілдес еді. Енді мынау жас ұлғайған шақта күтімім болар біреуді алсам деймін. Өзіңе бөгде-бөтендігім жоқ. Мына қазіргі бейіліңе де тойып отырмын. Алыстан дәм-тұзымыз жарасып жатушы еді, енді тіпті өзің боп аралассам ба деген жақсы ниетім бар. Тұғырдан тайғызар кәрілік аулы әлі де жырақ. Сенде Балжан бар. Жіліктің майымен асыраған ақсұңқарың толықсып өсті, бұлаңдап бой жетті. Араға құда салып, шіреніп келетін бұрынғымыз жоқ. Өзіңді өзім көріп ашығынан түсіп отырмын. Қалауым сол. Балжаныңды бер маған,- деп Байбол семіз денесін ырғап қойып ұзақ сөзін қолқамен бітірді.

Бақсыбай Байбол жүзіне жалт қарады:

- Не дедің?! Не айтып отырсың өзің?!

- Айтарым сол. Қатты айтсам да, тәтті айтсам да, ойым осы-ақ! Менен артық кімді табарсың? Жамбасыңа басам, одан басқаның қазіргі кезде саған керегі де жоқ. Қырық жетіңнен кем де түспеймін, артық та кетпеймін. Оның үстіне қолым мен тізем жалғасады. Ашу-қиясқа жүгінбей, ақылыңа сал. Мен саған сеніп келдім. Пәледен пәле туып ұлғайып бара жатқан заманда ірілік салғаспайық,- деп және бір арнадан жөн көрсетіп Байбол қолтығының астындағы құс жастықты жұмарлай түсті.

Бақсыбай опырылып кеткендей ауыр күрсініп солықтата дем алды да, күрмеле беріп, сөйлеп кетті.

Байбол, жай түсінбес жас емеспіз. Буынсыз жерге пышақ ұрғандай көрсем де, сені кінәлағым жоқ. Жаяу қаңғырғандай дал болып отырғанда ой шіркін ұстатпай мазақ қыла ма, шөре-шөре боп қалдым. «Қыз - жат жұрттық», «Теңін тапса - тегін бер» деген. Сенен артықты таба алмасым аян. Қойында өскен тұлымшақтың бой жетіп қалғанын алғаш естігенде қожырап қалатын ата-ананың әдеті шығар. Басқа босағаны аттамайтындай



көруші едім, жазмышы әуелден осылай жазса, мен тұлданғанмен болар ма? Қайтейін, көнем де. Қарсылығым жоқ,- деп теріс айналды.

- Е, бәсе, жөн білетін Бақсыбай едің. Жарадың. Мен жапа шегіп жеткенде жатсынбай құшақ жайдың. Осының неге тұрады. Күйеу-ата болмайық, дос-туыс боп табылайық. Әкел қолыңды! Бұл жұмыс өзі оқыстан басталды ғой, тез аяқтайық онда. Ұрын, жырын дейтін күйім жоқ. Ырғалып-жырғалып жатуға аңдыған көз, баққан қабақ жеткілікті. Көп созбай бірер жұмада бітірелік. Осыған иә десең, мә деген тілек қолым мінекей,- деп Байбол өңкеңдей еңбектеп келіп, теріс қарап жатқан Бақсыбайдың иығынан тартты. Дегенін істетіп, бұйрығын орындатып қалған адуын жан бұл жолы да ұят-әдеп, тәртіп-инсаф дегендерді тізерлей аттап, баса-көктеп тұр.

Бақсыбай шыдай алмады, басын көтеріп шүңірек көздерін зәрдей қадап ашудан дірілдеп отырып, томырылып кетті.

- Атаң -ұл, анаң -қыз болмап па еді! Неткен тасыр едің, жарықтығым! Алдыңа түскен сайын айыптың санаймысың! Бүгін айтып, ертең қойныңа салып беретін жетім қыз деп пе едің! Аулақ! Қағыл жол-жобамнан! Сұрапылым аздай ызың-ызың етіп уытын қадаған жәндіктей,... күтпейсің бе ретін... нобайын. Ыңғайға көшсем қорыққаны, ыққаны демексің бе! Ал, ықпадым! Қырып ал қолыңнан келсе!-деп шарт жүгініп алды.

Әлгіндегі жуаси түсіп, монтана ілескен түрінен Байбол шынымен қатты дәмеленіп, батырсып қалып еді,мына ширығудан шошып кетті. Аттанға аттан қосып айқайласып кетсе, сұлу Балжан құшаққа енбейді. Ендеше, ептілік қажет.

- Әй, құрдас-ай! Әлі де баяғыдайсың-ау! Қайсар Бақсыбай өстіп бір тулап, шоршып түспесе, қадірін ұмытып қалғандай екенбіз ғой. Тәубеме келтірдің. Айып менен. Ақжорғам ашуыңның төлеуі, райыңнан қайт,- деді.

Бақсыбай әлі де сол қалшылдаған бойымен тізесінің астындағы шақшасын алып, насыбай атты. Кешкі салқыннан тоңазыған арқасына шапанын жамылды.

- «Достың көңлі бір атым насыбайдан қалатынын» білмеуші ме едің. Шақшаңды бері таста,- деп Байбол күлген болды.

- Осы сенің менен аларың таусылған жоқ па, айтып қал,- деп Бақсыбай шақшасын ұстатты,- Жә, жай бел-

гілі болды. Енді сен бүлінбе, мен бұлданбайын. Уәде жүтар мен емеспін. Күз түсе Балжанымды ұзатам. Оған дейін асықтырма.

- Айтқаның болсын. Тірі жанға күз де алыс емес. Өзіңе сендім, құдайға тапсырдым. Құтхананда отырмын. Тәңірінің құлағына тисін. Осыған енді иллаһи әумин дейік,- деп Байбол күбшегі босаған қазақы арбадай салдырлай тәһлил қайырды.

Осыдан кейін Бақсыбай қонағымен қоштасып тоқалының отауына кетті де, көп кешікпей Балкүміс мамырлай басып үйге енді. Мана шай үстінде ғана бірер тіл қатысқан бәйбішенің күңгірт шамның жарығында әжім-әжімі жоғалып, ақша маңдайы қырланып шалынды Байбол сұқтана қарады. «Пай-пайдың кербезі-ай! Қара ала қаздай қалқиды-ау! Күлді-көмеш көп қызыңнан сымбатты әлі де!"-деген бір жымысқы есер аңсар кеудесінде тулап түсті. Содан қашқақтағандай мәлескен шапанын желбегей жамылып тысқа беттеді.

## БЕСІНШІ ЖЕЛІ

### 1

Ұзарып өскен сары селеу беткейде баяу толқып, дүние-сағым, дүние-мұнар айдынын жиі сапырады. Сарғыш көдемен бурыл бетеге әлсіз дірілдеп шаңқай түстің талаураған күніне аласа мойнын соза түседі. Алыста көкшіл тартып Шолақ тауы бұлдырайды. Беріректе, етекте егін жайқалады. Қорықты тіміскілеген түлкі, заңғарда қалықтаған бүркіт сахараны дүрілдетіп тұрған ән мен күйге елегізіп калғандай.

Жұматай аулы өзгеше желпініске енген. Бір киерлерін сандық-жәшіктерінен шығарып, үстеріне жапсырған үлкен-кіші тойдың тамашасымен дүниенің басқа тірлігін тегіс ұмытыпты.

...Бүгін дала құлпырып жаңарғандай, е-ей!  
Күлтелі көк құлпырып оңалғандай, ахау!  
Заулатшы, құрбым, заулатшы-ай!

Ән - көңіл ырғағы, қуаныш серігі. Әуелеп барып, тамылжи сорғалағанда ауылдың орта тұсындағы қарала үйге сыймаған жұрт жабықтан сығаласады.



Ән - құдірет. Ән - тылсым. Желікті жүзді дуылдатқан әсем саз асқақтай көтерілгенде, Жұматай ақсақалдың жыпыр-жыпыр әжімі үнсіз, қыбырсыз қалған кәрі бетінде тереңдей, анықтай түседі. Нұрланның балғын уыз кескінінде нұр ойнатады.

- Әй, бәрекелді! Өркенің өссін!
- Мені тасытқан сені құдай тасытсын!
- Тағы! Тағы бір шырқашы!

Құмар сезім елтіген жүздерде ынтық алаулатады, ынтықтыра жетелейді. Баз-базда осындай ашық, еркін әуенімен аймалай жетелейтін жайраң қуаныш мына ала-құла киімді кедей ауылда өзгеше бір жақындығымен, жатырқамас бейілімен бөгіп тұр.

Қалаубек көршілерінің ақ қабақ, жарқын жүздерін шола, барлай отырып шырқайды. Жаңа кауым,жаңа тірліктің иесіндей көретін жерлестерінің бүкпесі жоқ қалтқысыз күйін сезіне ме, әннен әнге ауысады. Бұрынсоңды шаршы топта әу деп дауыс қоспаған өзінің, бүгінгі есіліп кеткен жұмбақ халіне де қайран. Өнер өрісі шалқыған топтың емен-жарқын ілтифатымен ұзаратын да шығар. Әйтеуір, ынтыға тыңдаған ағайынның өң-түстеріндегі құбылыс толқындарын жіті бағамдап әсерлі әннің нақыш-өрнегін бояу-бедерін барынша сақтауға тырысады. Айтқан сайын даусы ашылып, тынысы кеңіп, шабыс тілеген жүйріктей өзін-өзі қамшылап, күре тамырды адырайта созып, құдіреттеніп отыр.

«Апырай, осы мен әлдә ақын, әлде әнші болмасам нетті?! Түн түнектен нұр мен сәуле әкеле жатқандай еміренуім қалай? Мына сай-сүйегім шымырлағандай сәтте жұрт көңілінен табылар өнер тізгінін ұстап тұр ма екем? Анау Байту әнге онша әуес емес еді ғой. Соның да аузы ашылып, көзі сығырайып кетіпті. Ұйығаны ма? Байтуды шынымен елітіп, еліктіріп әкетсем әнші болғаным-ау!

Көңілімде ырғақ бар тәрізді-ау? Тосын, бөтен ырғақ қой. Кімнен, қайдан естіп едім? Неге орала береді? Сөзі қайда? Неге түспейді? Сәл қозғап, түртіп қалғандай ғайыптан сап еткен белгісіз діріл немене? Күшейіп барады ғой. Сол дірілмен мынау ырғақ әнге ұласар ма? Жаңылысып қалмайыншы. Қалмайыншы...»

Мүлгіген жұрт Қалаубектің жүзінен көз айырмайды. «Өркенің өссін, бағың жансын!»- деген тілегін іштей ғана айтып, ән қадірін түсінген пішінмен қыбыр етпейді.

Әуеннің арқауы босап, кібіртіктей бергенде дүрк шайқалып қалып, әлдебір дәмдісін аузынан түсірісіп алғандай тамсанысып кетті.

Қалаубек домбыра бебеуін өзгертті. Бас бармақты қыл сағатқа қадап-қадап тұрып үстіңгі шекке сағыныш лебіндей майда уіл енгізді де, бір сәт тосын ырғақты төпеп, құйындатып ала жөнелді.

«Ырғағы табылды. Кімнен естіп едім? Сағыныш наз толы әуен екен. Кімді сағынам? Сағынатыным рас. Осы қазір құпия толы қоймамды ашып-жайып алардай елегізуім не? Ақбілекті іздеймін бе? Ақбілек! Апырау, мына ән, мына ырғақ өзімдікі екен ғой! Сонда мен наз толқытқан әнші болғаным ба? Сөзі қайда? Асықтырып аңсатқан дәл осы халімнен шынымен-ақ ән туар ма екен? «Ақбілек» деп ат қойсам, шіркін, елден елге тарап жетер ме еді! Жетсе ғой! Сонда дел-сал күйден тәтті сыр ақтарар еді-ау! Сағынышым десем бе?.- Дейінші... Сол болсыншы!»

Домбыра бармақ астынан бал құйып, наз сорғалатты. Нәзік саз сәл-сәл кібіртіктеп барып өнерге ұласты. Алыс ызыңнан ырғақ қуалап келіп әдемі нақысты саумалап кетті. Сағыныш әуенге оралды. Дүйім жұртты сілтідей тұндырып сергек шабыт «Ақбілек» атты өнер перзентіне өріс ашты, тұсау кесті. Дүниеге «Ақбілек» келді. Елең еткізіп, қуантып,- таза сезімнің тәтті тілімен толқытып келді. Толқытып келді де, соншалық ашық сырымен қыбырсыз мүлгіген қауыммен тез түсінісіп, соншама көп дос көңіл тапты.

- Апырай, мынау жаңа ән ғой!
- Әуені неткен сазды еді!
- Қайдан үйренген?

Рымбек манадан Қалаубекті жанарымен аймалап, елжіреп отыр еді. Ұшып кетердей орнында бір қомданып алды. Тікірейген шашын кейін қайырды. Қолын көтерді. Шуды басты.

- Ешкімнен де үйренген жоқ. Өз өлеңі! Көрмейсің бе көзін. Ақын көзі осындай-ақ болар! Айналайын Қалаубек-ай! Тіл-аузым тасқа, мына жаман ағаларыңды бір көтеріп тастадың!

- Не дейді?! Илаһи, айтқаның болсын, айтқаның!
- Әні - мұңы ғой. Ақбілегі кім?

Бопсабай құйрығымен жорғалап кетті.

- Оу-оу, сұрамасты сұрап. Өзің түк білмейді екенсің



ғой. Ақбілек - қыз да, тәйірі. Әнді қызға арнамаушы ма еді о заманда бұ заман. Анау әлгі, мен де баяғыда бір ән шығарғам. Сонда деймін...

- Әй, шуылдамаңдаршы, түге. Тата беріп дәмін алып, жұта алмай тамсанып қалдық қой. «Қалай еді, қандай еді?»- деп бір-бірімізге алақтағанша, Қалаубекжанға әнін тағы қайталатып шер құмардан бір шығайық та,- деді Ақжолбек.

- Дұрыс екен!
- Сөйтсін.
- Қарағым, Қалаубек, мынау өнерің бар ғой бұрын біреуміздің қолымыздан келмеген нағыз керемет! Тағы қайталашы!
- Айтшы, айта түсші!
- Көп жаса! Өркенің өссін!

Қалаубек мұнша алғыс-ықылас күтпеп еді, терлеп кетті. Дәл осылай сағынышынан ән тудырам деп ойламаған. Соншама мол қошемет-қуанышты естігенде, қысылып отырып үлкен уаныш тапты. Бетіне ыстық қан ойнақшып шықты. Дымқыл басқан жанарын айналасына жүгірте қыдыртып барып, бір кез осы тойдың себепкері,- жас жұбайларға тоқтатты. Жас отаудың шаңырағын көтерген екі жас құрбы өнеріне айрықша тілеулес болып риза ниетпен қоштап отыр екен.

- Дәріғұл, Дәнәпия! Жаңа заманның жаңа тойын екеуің бастадың. Сендерге ұзақ ғұмыр, тәтті татулық тілеймін. Сол тілегім - осы әнім еді. Өздеріңе деген ерекше сыйым болсын. Шын көңілімнің шашуы болсын. Қабыл алыңдар! Сендерге арнадым!

Қалаубек қос шекті нәзік шертіп «Ақбілекті» баяу күмбірлете жөнелді.

Кішкене денесі байыз таппай домбыраға еміне қараған Бопсабай «комсомол досының» мерейіне жан-тәнімен қуанады.

Божбанын алдына алып босаға жақта Ұрқия жеңгесі отыр. Көзіне үйірілген жасын шынашағымен шекіп тастап, кайнысына шүкірәна тілекпен құлақ қойып, іштеп тіл-көзден үрейлене сақтанады.

Үй сыртына әлгі бір әзірде ғана жеткен Ақша әже. таяғына сүйеніп тұрып, «қоңыр қозысының» өлеңін емірене тыңдайды. Әжімі терең кәрі жүзге жылтырап жас тамшылары іркіледі.

Нұрлан. Қабылан ағасының ірге жағынан сығалайды.

Сығалаған жүзде өкініш табы бар. «Бәріне мен кінәлімін.Сонау күні Дәнепияға хат жазбасам онда мына тойды Қабылан ағатайым жасайтын еді. Дәріғұлдың хатын мен жаздым. Дәріғүл оны Дәнәпияға берді. Дәнәпия мені шақырды. Хатты маған оқытқызды. Әне, Қалаубек мұғалімім «Ақбілек» деп ән шығарды. Дәнәпия мен Дәріғұлға арнадым деді. Дәнәпияны Қабылан ағатайым алғанда мынау әнді ағатайыма арнайтын еді».

Нұрлан Қабыланды түртіп қалды. Жалт қараған ағасының өңінен уайым сызын көрмеп еді, ызадан жарылып кете жаздады.

«Ақбілек» сенікі емес. Дәнәпия сенікі емес...

-Өй не дейсің?- деп Қабылан ақырын күңк етіп, теріс айналды. Бұл сәтте Қабылан Қалаубекке дән риза. Бір жыл туған төл құрдасы ақыратып ән созғанда, өзі айтқандай қыбы қанып, жан-жағына қарағыштап кетеді. «Көресіңдер ме біз қалай шырқаймыз, қайтіп шалқытамыз! Өнер де, өнеге де бізден, жастардан шыға бермек. Комсомол алмайтын қамал жоқ» дейтін көңіл күйі жүзінде балқып тұр. Дәнәпия мен Дәріғұлға да дос пейілімен көз тастайды.

Ойын-сауық кеш түсе аяқталды.

Кеш батқанда аяқ астынан дау тұрып, жанжал шықты.

Даудың басы қасқа құлын, жанжалдасушылар - Нұржан мен Ермекбай- Ермекбайда түйе бар, жылқыдан қара жоқ. Ал, Нұржанда бие бар. Биенің қасқа құлыны ұрғашы. Көктемде Ермекбай мен Нұржан одағай сауда жасаған еді, Ермекбай екі-ақ бас. Нұржан бірінен-бірі қалқыңқы төрт-бес баланың әкесі. Ермекбай Нұржаннаң құлынын алып, бәсіне күзде астық бермек болған. Сонымен бие Нұржандікі де, құлын Ермекбайдікі. Ермекбай қасқа құлынның қасына күніне он рет барады. Жалын, құйрығының түбін қасиды. Ермекбай Қарақызды көрген сайын «қасқа құлынды қақтама, биені ерте ағыт» деумен келеді. Бірақ оған пысқыра қоятын Қарақыз ба, торсықтан қымыз арылмайды.

Бүгін Ермекбай тойдан қайтып бара жатып байлаулы тұрған қасқа құлынды көрді. Ауылдағы азын-аулақ сауын биелер әлдеқашан ағытылып, өріске ұзап кетіпті. Оқыранған бие мен қаңтарулы құлын кезек кісінесіп Қарақызды шақыратындай.



Осыны көргенде Ермекбай аяқ астынан түтігіп Нұржанның үйіне қарай жеделдете басты.

- Әй, Нұржан, шықшы бері!

- Іштен Нұржанның салғырт даусы естілді.

- Бұл кім сонша шіреніп тұрған?

- Шық деген соң шық енді. Мал көрмеген, малдың обал-сауабын білмеген неме!-деп Ермекбай ашуға басты.

_ Жаның адыра қалғыр, немесін салмақтап жүрген бұл кім өзі?- деп үйден танаураған Қарақыз жүгіріп шықты - Ойбай, бетім! Сен бе едің, өл де маған адамсып тұрған! Әрмән әрі! Аулақ! Ермекбай жыным жоқ. Қой, ойбай? Аттан-айғайың өзіңе! Апақ-сапақта кеп от басымды шулатқаның не!.. О, бейшара! О нес-ей,. бөрліктіріп!..

- Қарақыз, шапылдай берме жөн-жосықсыз. Атыңды атадым ба? Байың қайда? Шығар берекесіз немеңді. Саған құдай күнімді түсірмесін. Мен анау Нұржан итпен сөйлесем. Аузымды қышыта берме босқа, деп Ермекбай өршелене түсті.

Үйден Нұржан атып шықты.

- Ал, немене! Шауып алсаң - мен тұрмын.

- Әй Нұржан, ойпырмай неткен қайырымсыз едің. Ана құлында жазық бар ма? Неге қоя бермейсің?

- Құлында жұмысың болмасын. Менен өткен жоқ, саған жеткен жоқ. Жарқыным, ала-бөлпе апырақтап кімді қорқытпақсың? Қатының жоқ бұнда сен едіреңдейтін.Е,мені Дүтбай ғой деп пе едің. Мықты болсаң Дүтбайға көрсет. Жә, тыңдамаймын сөзіңді, сенімен сауда да жасамаймын,- деп Нұржан кішкене денесін кергілей созып, табалдырықтан бері аттады. Дүтбай аты естілгенде өзі де сезіктеніп жүретін Ермекбай қалшылдай ұмтылып көршісіне тап берді.

- Өлтірем! Дүтбайың, не?!.

- Дүтбайым Дүтбай. Әйеліңнің тамыры!

Ермекбай жауап қатқан жоқ жұдырығын сарт еткізді. Тәпелтек болғанмен Нұржан да тірі жан, еңкейе беріп іштен сүзіп қалды.

- Өлтірді-ау мынау! Кімді басынады. Қоя берші мені қолында өлейін!- деп Қарақыз біреу өзін босатпай жүргендей қылғынып айқайлады да, Ермекбайдын ту сыртынан қаусыра құшақтай алып жалт еткізді. Тіземен нығарлап жатыр.

- Әмей-ау, сол керек саған!- деп қоразданған Нұржан жалаңаш өкшесімен теуіп-теуіп қалып, Қарақыздың артына қарай ығысты.

Жұрт жиналып төбелесіп жүргендерді айырып жіберді.

Қалаубек әлгінде у-шуды естіп жетіп еді, жаны түршігіп үйіне қарай аяңдады. «Апырай, бір ауылда да әр түрлі адам бар-ау! Бірін-бірі аңдып, бірінің қотырын екіншісі қасып, ушыққан жарасына тұз сеуіп әуре. Осылар қашан ойланып, адамшылық қасиет табар екен? Қарақтайтындары бақталастық. Қолдан келері күндеу. Ер болып, адам болып асқақ тұрмайды. Тұра алмайды. Қатесіз, күнәсіз жан болмайды. Бірақ сол қате-қисықты балалатып өсіріп, бадырайтып көзге шұқу неткен өрескел, неткен сорақылық! Кінә-кейісті жіпке тізіп, ағаш атқа мінгізіп, көң қопарғандай сасық мүңкітетіні несі екен? Сонда өзіне түсе қоятын пайда бар ма? Біреудің күйігін көсеп тұтатып, жанына у сепкенде өз күні қандай болмақ?! Мәре-сәре боп қуаныш таба қояр ма? Таба алмаса, өзгенің өзегіне өрт салар дертті өзінен неге қумайды? Соны қуатын құдірет не? Оқыған елдің мәдениеті ме? Сол мәдениетке, өнер-өнегеге қашан жетерміз. «Айт!» десе ата жөнелгелі тұрған тазыдай жамандық пен жаулыққа келгенде қызынып сала береміз. Екі жеңді сыбанып шыға келеміз. Жақсылыққа ұйыр күн туар ма?

Қалаубек бейжай боп ренжіп келеді. Мана ән шырқаған жайдары көңілі қазір жазықсыз жапа көрген сәбидей өксіп, діріл атады. «Ақбілек» деп сыр ашса, «әттең" деп қабақ түйеді. Бір күннің тапқаны қанша мол қадірлі болса, тап сол күннің жоғалтқаны сонша көп қасіретті екен. «Ақбілек» жүрегінде балдай ұйыса, жанағы шатақ, көңілсіз Күлше миына шаншу болып қадалады. Көңіл шіркін бірде шалқар, бірде жылға, тарылуы да, жайылуы да оңай. Ренжуі де, ықыластануы да тез. Бірақ адам көңілінің шарықтауынан шарасыздануы көбейсе, қуаруынан камығуы жиілесе, адамзаттың әлі де осалы бейімделіп, күңгірті қоюланып тұрғаны ғой.

«Ақбілек» қайда? Ән қайда?

Қалаубек басын шайқайды.



## 2

Саламат қойшы сонау күнгі қорық басындағы қақтығыстан кейін Бақсыбайдан қатты жиреніп қалған еді. Содан бері байдан бөлініп шығып Жұматай жатақтарына қосылуға іштей бекінген болатын. Осы шешімге келген соң байдың мың қойы - аяғына түскен мың қасірет тұсауындай көрінеді. Берсе ақысын алып, бермесе аллаға тапсырып қайтпақ боп, бүгін кеш бата, апақ-сапақты бүркеніп Бақсыбайдың үлкен үйіне жақындады.

Күн бұлыңғыр. Түс ауа қоюланған бұлт аспанды тегіс құрсап алыпты. Жел көтеріліп, әбігер басталды. Соған қарамастан қотандағы қойды әйеліне табыстаған Саламат байдың ақ ордасының іргесіне тақала бергені сол еді, іштен күбірлесе сөйлегеп екеудің даусын естіп, еріксіз кібіртіктеді.

Ашу-ызаға толы күйіністі үннің Бақсыбайдікі екенін жазбай таныды.

- Әй, Қараменде, сені үйрете-үйрете әбден қажыдым. Қарағым-ау, бала-шаға емессің, қашан адам боласың? Сен тартып аласың, мен қайтып берем. Ебің жоқ. Өркеуденің күні өткен. Анау Саламат ит әнеукүні менің басым жарылып жатқанда қарап тұрды деп өзің айттың. Ол онда қарап тұрса, ендігіде төбеңе шүйіліп тұрады.

- Аға, мені неге нығарлай бересіз? Сәлем-сұмдығыңызға жүрсем де, алған алғысым, айдаған алам жоқ. Бәрібір баяғы Қараменде күшік, Қараменде есуас. Сорғалаған қан көрсем де, соғымдық тай олжалағам жоқ. Неменесіне тыраштанам?-деп Қараменде қарсы ашумен томырыла түсті.

- Әй, мені босқа қажама. Телтайдың құнына айғыр үйір жылқы берем дегенде алдайтынын білдім бе? Итке сеніп қалдым ғой. Екі ортада бір арыс сұраусыз-құнсыз кетті,- деп Бақсыбай тағы ыңыранды.

«Ойпырай! Мыналары сұмдық екен! Телтай марқұмды жұмсаған Бақсыбай болғаны ғой...» Саламат шошынып қалды.

- Қараменде, Қарагеріңнен айрылып жүнің жығылып жүр ғой. Ертең Байболдың аулына баршы. Ақжорғасын берем деп еді. Соны сен тақымыңа бас.

- Байболдың атақты Ақжорғасын айтасыз ба?! Ойбай-ау, ол қолға тисе... Әй, бірақ... Сипатар деймісіз?..

- Байбол менің көркіме қызығып беріп пе еді? Тапты да сылтауын- деді де, Бақсыбай іле ақырып қалды.- Эй, осы сен неге тықақтап барасың?

Аға-ау, сыр жасырып қайтеміз. Сонда Байбол немене Балжанды сұрай ма?

- Жә! Біліп тұрсаң мазамды ала берме босқа..,
- Ә, онда дұрыс екен.

«Бишара Балжан-ай! Сені де саудалаған екен ғой!..» деп ашынған Саламат жыртық күпісіне тұмсығын тығып тұр еді, құрғақ жөтел қиық-қиық еткізіп буып ала жөнелді.

Үйден Қараменде атып шықты. Іргеден жырыла берген Саламатты көрді.

- Не ғып жүрсің?

Байекең үйде ме?- деді сасқалақтаған Саламат, Бақсыбай босағадан басын қылтитты.

Ау, Саламатпысың? Келмеуші ең, жай жүрсің бе?

Саламат қуыстанып, сөзін шашып-төгіп жатыр.

- Жас болса келіп, оның үстіне көксауым күшейіп.., қойды тастасам ба деп... Байеке, мені босатыңыз... Жаздайғы ақыма саулық беремін деп едіңіз.. Көшсем бе деген ойым бар.

Қайда көшесің?-деп Қараменде тақала түсті.

Жұмекең аулы жатырқай қоймас. Жер тырнап күнелтсем бе деген ниет бар...

Бақсыбай Саламатқа барлай қарады. Байдың шүңірек көзінен сескенген Саламат жүзін тайдырып тайсақтай берді. Қойшының сөздерін естігенін енді анық ұққан Бақсыбай күреңітіп кетті.

- Саламат, өзің бері үйге кірші. Күн желкем, суық өтер. Малшының таяғынан деп, сен қойымды баққалы шетінеген тұяқ болмап еді, ақ адал еңбегіңді жей қоймаспын. Қараменде, көрпе сал ағаңның астына. Саламат, нағыз құтты қойшымсың. Осы сенен аярым жоқ. Әйеліңнің де еңбегі біраз сіңді. Былтыр алмаған саулығың қозылы қой болды. Биылғы саулығың тағы бар. Күзге қарай, иншалла алдыңа үш-төрт тұяқ түседі екен: Жер тырналаймын дегенің көзің қарайғандықтан болар. Кетпен көтеріп, арық қазу, әй, оңай да емес. Өзің аурусың. Ақ ішіп, бой сақтасаң - құлантаза сауығып кетесің әлі. Қымыз жетеді ғой. Бір мезгіл келіп ішіп тұрсаңшы, - деп Бақсыбай бар жақсылықты бір-ақ үйіп-төкті.

Саламат аң-таң. Іштей екіұдай сезіммен арпалысып



байға жапақ-жапақ қарайды. «Жөн білетін кісі еді. Жағдайымды айтқызбай-ақ ұғып отыр. Жатаққа кете қойғанда шекем шылқымас. Күзге қарай екі-үш қой берсе, ырыс шіркін, әй, дөңгеленіп сала берер!..»

- Бақсеке, құдай ырза, мен ырза! Айтқаныңыз көкөйіме қонады. Кетпен шабар шамам белгілі. Жағыңыз түспей жаманшылық көрмеңіз. Анау, екі-үш тұяқ берем дедіңіз ғой. Әнеугүнгі құрттап өлген қара тоқты мойныма қарыз боп кетпесін, біреуін соған ұстаңыз,- деп Саламат көзі жасаурап қолын қусырды да, есікке қарады. Осы қазір әйеліне тезірек жетіп, байлығып айтып қуантқанша асық.

- Жарайды. Шаруаңа мығым бол,- деп Бақсыбай жантая кетті.

Саламат кетісімен ағайынды екеу біразға шейін үнсіз қалды.

- Енді не істейміз?- деді Қараменде.
- Амалын тап.
- Тағы бірер қой қоссақ қайтер еді?
- Ақымақсың! Айналдырған екі-үш бастың бірінен әлгінде ғана өз аузынан қағылып, айрылып отырған қойшың алдына тастай салған ауыз бастырығыңды түсінер ме?
- Иә, ондайды түсінбейді. Ойбай-ау, біреу-міреуге тіс жарса, құримыз ғой. Ақжолбектің құлағына сыбыс тисе...
- Жап аузыңды! Үй сыртында құлақ бар!-деп Бақсыбай жүнжіп қалды.

Күшейген жел жауын бұлтын куып келді.Түңлік, туырлығы жалпылдап, керегесі сықырлаған үй теңселіп кетті. Оны елең қылмастан Бақсыбайлар әр түрлі амал көздестіреді. Шам жаққызбайды. Бүркеу көңілдің пердесін түріп тастайтын сәуленің бұларға қажеті шамалы. Ізін ұстатқан соң бұлталақтап әр қиырды бір шарлайды. Кешегі күні болса қойшының аузын бақ еткізіп, бауыздай салар еді, оған күш қайда? Бақсыбай Қарамендені іштей атып отыр. Қаукөрік пендеге сыр ақтарған өзін де кінәлайды. Қарамендеге бүгін елжірейтін түрі жоқ еді-ау! Аңдаусыз сөйлеп Саламатқа құпиясын білдіріп алды. Бәріне Қараменде кінәлі. Кінәсін де өзі жусын.

Бақсыбай інісіне мықтап шүйілді. Қайыстырып әкеліп бір кесікке күштеп иліктірді.

Жауын тіпті төпелеп кетті. Шатыр-шұтыр күн күркі-

реді. Жарқ-жарқ нажағай шаншылды. Аспанда атыс басталды.

Ақ ордада шам жанбады.

Ертемен Саламат қойды өріске жаяу айдап кетті. Арқандап қойған жерінен буынып өліп жатқан шобырын көргенде жаны тызалақтап еді. Не істесін, бай ызғарынан қорыққан байғұс отарды өргізіп ала жөнелді. Кіші сәскеде жел қайта күшейді. Батыстан қара бұлт жетті де, көп ұзамай дауыл құтырды. Төрт құбыладан түгел ұйытқып, қаңбак пен құмды қуалап үйіріп әкетті. Аспап жерге, жер аспанға тұтасты. Әне жақтан да, мына жақтан да құм бағанасы өріліп, тамыр суырып сәлден кейінақ бүкіл даланы бүркеп алды.

Саламат жаман састы. Үріккен қойды жинай алмай өкпесі өшті. Денесіне суық өтіп бойы тоңазыды. Жөтелі дендеп, күркілі көбейді. Айналаны қара түнек басты. Көзі қызарып, жүзі бозарып ақ таяғын атқылап әр қойдың соңына бір түскен Саламат айдалада зар еңіреді.Аздан соң түк көрмей қойдан да айрылып қалды.

Бұл кезде Қарамende ат үстінде еді. Түнде қойшының атын өлтіріп, енді баспалап ілесе шыққан ол, аласапыранда ыққан малға кездесті. Мың қаралы қойды доптай үйіріп, маңдай тұстағы жатақтардың егіні жайқалып тұрған өңірге бұрып жіберді.

«Енді Саламаттан құтыlarмыз-ақ! Астығына бағып жүрген малын түсірген қойшыны жатақтар аяй қоймас. Қолымды қандамай-ақ амалын тапқан жоқпын-ба»,- деп қулық сауған Қараменде атын борбайлатып шаба жөнелді.

Жел азынап тұр. Қара бауыр ауыр бұлт жер сызып төніп-төніп келді де, жаңбырын төгіп-төгіп жіберді.

Күн жауғанда жыртық үйлеріне жан сауғалаған жатақ аулы ірге мен төбеден аққан судан аяқ астылары шылқылдап, жақ жүндері бозара түсіп, жарқыл мен күркіл молайған кезде жақ жаппайды. Ара-тұра есікке қадаған көздерінде жылтырап үміт оты жанып, шүкіршілік білдіреді.

- Алланың рақметі-ай! Құйып жіберді ғой!
- Дер шағында жауғанын айтсаңшы!
- Шөлдеп-ақ тұр еді, астыққа шаш-етектен бататын болдық!
- Бергеніңе тәубе!
- Құя түссін. Ырыс қой бұл, ырыс!



Күн шатыр-шұтыр ете қалды да, айнала маңай жапжарық болып кетті.

- Көрдіңдер ме, егінде мал жүр!..
- Қой, анықтап қара!
- Оллаhи, қыбырлап қаптап жүр!

Нажағай тағы бір ирек сызып тіліп өткенде есік-есігінен бас қылтитқан шаруа түгел даурығып шуылдасып кетті.

- Құртты!
- Таптап кетті, ойбай!
- Жүгіріңдер!

Ақжолбек үйінің тасасында тұрған шабдарына бір-ақ ырғыды.

Алғаш егінді айналып өткенде-ақ топырлап жүрген қойларға көзі түскен, бөгелмей құйғыта берді. Алқымға ашу тығылып, ақ көйлектің етегі жалбырап жайдақ аттың сауырын сабалап барады. Іздегені- Қараменде. Дәл мына жаулықтың содан келерін сезетін тәрізді.

Саламат күрк-күрк жөтеліп жаңбырдан босаған батпақты жердегі қой тұяғының ізімен бүкектеп келе жатқан, шүмектеп құйып тұрған жаңбырды үңгіп тасырлатып келіп қалған атты көргенде, қорқыныш енген көңілмен жалт бұрылып бетін тасалады.

- Әй, Саламатпысың? Қараменде қайда?- Еті қызған шабдар төрт аяғын дікілдетіп тыпыршып тұр.
- Білмеймін...
- Қап!-Ат басын бұра берген Ақжолбек шабдардың омырауына соқтығысып, Саламаттың домалап түскенін көрді. Атынан ұмар-жұмар сыпырылып түсе берді.

«Өлмесе игі еді!.. Байғұстың өзі де сүметіліп... Арындаған аттың алдына тұрып алып. Құдай-ау, дәл осы жолғы ақтығыма кісі сенер ме? Қарғыс пен сойқанның туы Ақжолбек атым тағы шыққаны ма?»-деп Саламаттын үстіне еңкейіп қинала құрыстанды.

- Бәсе! Қанқұйлы Ақжолбек едің, ақыры түбіне жеттің бе!

Манадан аңдып жүрген Қараменденің жеткені осы еді, даугер де, куә де боп пәле бастап сөйлеп тұр енді.- Өлтірдің бе! Құныкерімсің! Жағаңда қолым, мойныңда тұзағым кетер, Ақжолбек! Шабуыл - барымтаң аз болғандай, ағайынды сойылға жықтың ба! Аруақ-құдай табар! Ол таппаса өкімет құрығы жетер!-деп «бауырым-

дап!» атынан домалай құлап Саламаттың басын құшақтады.

Саламат есеңгіреп барып көзін ашты. Жөтелге булығып, жыламсырап, иегі кемсеңдеп Қарамендеге тығыла түседі.

- Сү-үйе-е-гімді жеткіз! Қой, қой-лар мына тұста.

- Обалы саған, Ақжолбек! Зауалыңды тап. Айдап жіберсең, мал кетпеуші ме еді. Ақыретте табар сені, табар!- деп Қараменде жаны ашығансып, құшақтап отыр» ған қойшының жыртық күпісінін, омырауын далита ашып қызуы ұлғайған ауру денені жалаңаштап суық жауын өтіне тоса түседі.

- Тоқтат, Қараменде! Былай тұр!-деп Ақжолбек Саламатты орнынан көтеріп тұрғызды.- Саламат, Сәке, Қозғалыңызшы. Ойпырай, денеңіз күйіп тұр ғой! Ауырып тұрсыз ғой!

- Әй, Ақжолбек, қылтың-сылтың не керек. Өзің ұрып, өзің аяп... Өйтіп аярланба. Сендім жаман қатты-ақ. Ертең олай-бұлай боп кетсе, жазықсызбын деп бұлталақтауыңның басы ғой бұның. Саламат, бері кел. Ұстама жауыңның қолынан.

Саламат Ақжолбекке бұрылды.

- Өзіңе айтарым бар еді. Анау мен білген бір жай...

Қараменде қойшыны жұлқа тартып, сөйлетпей сүйрете жөнелді.

- Сөйлеме! Аман-сауыңда ауылға өзіңді жеткізейін,- деп Қараменде сүйемелдеп атына мінгізді. Өзі артына мінгесті, белінен құшақтап алыпты. Жайшылықта алдына мінгізбек тұрсын, үзеңгісінен ұстатпайтын жігіт осы сәт қақпанына тастаған жемтігін ішінен сыбап келе жатса да, сыртымен аяп-жебеп барады.

Осыдан бір жұма етпей Саламат қойшы дүние салды деген суық хабар Жұматай аулына сап ете қалды.

«Таяқтан өліпті. Ісігі ішіне түскен екен. Жығылған күннен беті бері қарамай ақыры мұрттай ұшыпты. Құнын сұрар кімі бар - итжемеде өлді ғой. Әйтпесе, айыпкерді табар еді-ау. Қысқа жіп күрмеуге келер ме, жесір әйел қай босағаға барып көзін сатар? Қатынның шашбауын көтерер азамат қалды ма бұл күнде? Жақыны жоқ. Жанашыр шықса ендігі дүрілдеп бір атойды салар еді»,- деген қайрау сөз жадау қабақпен айтылса да, әр жағындағы зілді түйінмен жетеді. Бұндай шабан-шар-



дақтың мұңын діттеген уәжді күрсініп естіртетіндер күмілжіп отырып бір алуан қиырдан әлдене мүңкітеді. «Сойылға жығылды, қолдан өлді!» Бұлар - Бақсыбай, Қараменде жағы, солардың уығын шаншушылар.

«Іңыршағын арқалап, созылып келіп еді, ақыры титықтап жығылып, қор болып тынды-ау, қайран ер!.. Қысы-жазы малының соңында салпақтап күн кешкен сорлыға Бақсыбайдың көрсетпеген азап-мазағы қалып па еді? Күрк-күрк жөтеліп қан құсып жүріп ақ түтек боран, қара суықта денсаулығын құртпап па еді. Шөгіп, туралап барып жантәсілім еткен көп мұңлық сабаздың бірі ғой бұл Саламат та. Өлейін деп жатқанда жас сорпаға жетім қозысын қимаған Бақсыбай бай тіпті байғұстың сүйегін де ұрлап көмбеді ме? Жер ошақтай ұраға тыға салыпты. Азамат қадірін ұқса сөйтер ме еді. Ауруын жасырып, мертігіп өлді дегенді шығарыпты. Ертеңгі дауынан тайсақтағаны ғой бұл. Көрерміз! Қарап қалмаспыз!»- деген шырығулар да жыртық-тесікті қараша үйлердің ошағынан жан-жаққа тарап жатты,

Бақсыбайдың бір қора қойы егіннің шетіне түскенде шыбын жанына тұяқ қадалғандай тітіренген Ақжолбек бұ күндері Саламаттың өлгенін естігеннен бері жүдеп барады. Шын көңілден қазасына қайысып отырып, өз кеудесінен кінә-жауап аулап ой-тұманға сүңгіп кетеді. «Бейшара бейкүнә өлді-ау! Арыс азасы қинаса, қазасы қарғыс ата ма? Қайда, кімге атады? Оқыста ойнақтап от басқаным рас. Бірақ мен жазықсыз едім ғой. Аурудан өлсе де арманда кеткені қинайды ғой. Қысылған кезде қасынан қолын ұстар, дем берер ер-азамат көрмей қапамен көз жұмғанда мынау дүниеден түңілді ме екен? Зорлық-зомбылық еншісіне сыбаға сыйындай мол тисе, иек қағарда пәниден торыққан жанның көз алдына адам бейне азу тіс, жыртқыш тырнақ сұсымен елестеді-ау! Сол қинады-ау бәрінен де бұрын! Ажал сағатында айналасын торыған кіл дүлей, долы қаскөй болса, момын жанның күңгірт дағдысы өзгерді ме екен? Ақтық рет тулағандай, лағынет айтқандай серпіні болды ма екен? Сол серпін кімге арналды? Әлсіз зардан күшті ыза туды ма? Құлаш сермердей дәрмен тапса, сол бұлқынысы кімді қарғады екен? Кім біледі? Сылбыр демімен бірге үзілген соңғы «тілегін» жел сыбырлар ма, жер айтар ма? Шіркін соны білсем-ау!»

Осы бір кеп қинаған болжал күдік Ақжолбекті атқа

қондырды. Ешкімге ештеңе демей, серік ілестірмей лекітіп жүріп кетті.

Кеш бата Бақсыбай аулына келді.

Шабдарын қаралы үйдің белдеуіне байлай салып, ішке енді. Саламаттың әйелі дауыс қылды. Арманды күйігін зарлы гөйгөйге қосты. Қосағының қор болғанына камықты.

— Жасымаңыз, бәйбіше. Ауыр запыран көз жаспен жоғалар болса дүниеде мұңсыз жан қалмас еді-ау! Берік болыңыз. Мен сізге әдейі келдім. Менің тәңірім де, куәм де, тергеушім де өзіңіз болыңыз. Осы Саламат ақсақал неден елді? Қалай өлді? Не деп кетті,- деп Ақжолбек өтініш білдірді.

- Күнәға батып өтірік айтып, күнәкар бола алмаймын. Қарағым, сенің де қатты күйзеліп жүргеніңді сезем, Босқа қиналма. Марқұм сені еш кінәлаған емее. Қайта саған риза болып, атыңды елжіреп атағанын естідім. Оны әкеткен құрғыр ауруы ғой. Суықта өкпесі қабынып, сырылдап, демі бітіп өлді ғой. Қайтейін. Қатты түршіккені Бақсыбай болды. Аласұрып, сандырақтап жатып байды «Жаналғыш! Жауыз!» деп көп жиіркенді. Өзіңе айтары бар сияқты еді, құпиясын маған да ашпады ғой. Әттең мына ауылда жалғыз өзімді шер-шерменде қалдырып кеткеніне өкінем. Құдай жылатқанды пенде уата алар ма. Ағаңның саған деген зәредей кіршігі жоқ,- деп әйел сезімтал көңілдің жауабын тез берді.

Осы екі арада Омар бастаған екі-үш кісі кірді. Сәлемдеспестен отыра қалып дұға қайырды.

- Уай, Ақжолбек! Мына «әттең қорлық-ай!» деп бармақ шайнаған елдің үстіне қалай кеп қалдың? Айтса-айтпаса да нағыз безбүйрек екенсің. Әйтпесе, кешегі өзің ұрып өлтірген арыстың от басында отырмас едің-ау!- деп Қараменде шап ете қалды.

- Әй, Қараменде, азамат құны десең, менің де іздегенім сол. Екеуміз де ақталып көрелік. Ақ-қарамызға құдай өзі билік етсін. Даурығып, байбайлай бермей, жазығым мен кінәм болса мойныма төндіріп қойып бер,- деп Ақжолбек суық қарап, қабақ түйіп алды.

- «Сөзде тиек, тілде сүйек жоқ» деген осы-ау. Әйтпесе сойылдың сартылы ұран салар еді. Қопсытқан келеңде береке қалмай үрей көбейіпті. Кінәңді сезгенің сол емес пе. Соныңды тағы жасырып, елеурей сөйлейсің. «Құдайдан қорықпағаннан қорық» деген, не деп болар қазір саған. Мойныңа қол салмаған тұзақты әділет өзі салар!- деп Қараменде жылтыраған көзін Ақжолбекке қадап, шұқшия түседі.

- Қараменде, мінез бен іс қатар жүргенін басқадан көрсем де, сенен көрмеп едім. Мына түрің, құдай-ау, қас пен көздің арасында тапқан далбасаң болмаса етті. Мені қобалжытқан қоқан-лоққың емес, ағаш оғыңды он емес мың атсаң да қыңқ етер Ақжолбек жоқ. Мені қобалжытқан - сенің тап мынау құбылуың. Әділет сойылын көтеруші болуың. Әділетпен өмір бойы жауласып келіп, тұтқиылдан соның туын көтердім дегеніңе қалай сенейін? Келер нәсіл, өсер ұрпаққа сен ұстаған әділетті қалай өсиеттермін? Мені құныкерім, айыпкерім, кісі өлтірушім деп отырсың. Сенің бұл атқа таңғаның бір бүгін бе еді. Тас қараңғы далада Бақсыбай екеуіңің қолыңнан сұраусыз қылғынып өлгендер аз ба еді? Әлсіз қолда- әділет тұрмаса, жуан жұдырық сығымдап шеңгелдеген зорлығын - билік, төрелік, әділет деп келмеп пе еді? Ендеше, жазықты жанды шын әділет өзі табар. Сен қыстырылма!- деп сөзін түйді.

Омар молда жөткіріну қалып, тамағындағы жетім қақырықты қылғына жұтып жіберді. Үшкір тілін сумаңдатып ернін жалады. Қараменде енді үн қата алмай дауыс қылған молдасына: «Болсаңшы!»-дегендей жапақтай қарады.

- Ақжолбек, дін - қарындастың орталығы Шайхұлісләм фәндені әһлі ісләм қауымында тұрғанда күнә-жаласынан қорғайтын фитхасын шығарған. Ниетің түзу болса қол күнәсі қашанда жуылады. Қараға қара үйкелеп, ақ пен қараны ажыратпасаң нәмәкүрім қылықта кетесің. Ынтымақ сөзде береке бар. Құр босқа даурықпай, күнә-сауап жолын да ойлап қойған жөн. Уа қазақ, уа ноғай, уа татар қауымында фәнидің жалғандығын бек ұққан мұдаррис фәндесі хақтағаланың алдында бәрі бірдей. Бір сәт құлшылық ниетпен ойланған бек ләзім. Кінәң болса - қол қусыр. Күштілік айтпа. Бұл жалғанның күнәсін о дүниеге әкетпе. Қараменде қалып сөйлемейтін тақуа жан, осы да бірдемені сезіп шырылдап отыр. Жөнге кезек бер. Дін - қарындастың жолын ұстаған мына біздерге қылмысты көріп отырып қалыс қалу күнә дүр. Ниет басқа, мақсат басқа. Хақ жолы - ақ жол. Соны тұтынамыз,- деп құба жондатып бастаған қазақы қара сө-

зіне сына қаққандай арабшасын тыққыштап Омар молда бір төбеден бас қылтитты.

Омардың сөзінің тұсында ақ сұр жүзі бір қызарып, бір бозарып отырған Ақжолбек кенет мырс етті. Уытты қара көзінің оттай жанған ызғарлы қарасымен молдаға шаншылды.

- Уа, молдеке, мені әһлі іслам қауымына қоссаң, дін-қарындас о дүниеде өзі ақтап алады екен. Неден қорқам онда. Бірақ сол алланың алдында ала-құласы жоқ пенде-нің бірі осы өзің не деп жауап бермексің? Бақсыбайдың бір құлығы, бір сұмдығын жасырған ішіңнен күнә-қыл-мыс бүйінің баласындай бытырап жайылып жүре бер-генде хақтағала шырылдатып тозағына тастай салаты-нын шынымен білмейсің бе? Ал, оны біліп отырып менің ақ-қарамды сен қалай тексермексің? Оныңа адал басым-мен мен қалай көнем. Әуре болма!- деп Ақжолбек қам-шысына қол созды.

- Әй, қарақшы! Тантыма! Жөніңе бақ!-деп Қара-менде шаңқ етті.

- Мен қарақшы болсам да қараға қылдай қиянат жасаған жоқ едім. Ал сенің ағаң Бақсыбайдың қарақ-шылығы елден елге кетпеп пе еді, Қараменде. Қышытпа қолымды! Кісі өлтірді деп бір атаққа таңып отырсыңдар ғой, осы сенің қаныңды ішіп сол атқа шын байланайын онда!-деп Ақжолбек қатуланып, қанын ішіне тартып алды.

- Қой, шырақ, көзсіз тентек бола берме,- деп үрей-ленген Омар үйден тезірек шығуға асықты. Мәсісіне ке-бісін сұға алмай, қолына ұстап апты, бүкендеп барады.

- Аулыма кеп, аруағымды қорлап... Көзіңнің еті өс-кен екен, жаман кедей! Кергізіп тастайын ба осы!

- Қап, әкеңің ғана аузын... Қоймадың ғой!-деп Ақ-жолбек қамшымен Қарамендені тартып-тартып жіберді.

- Ойбай! Өлтірді!

- Батырдың аруағы!

- Жой көзін! Құрт! Өлтір!

Іштен де, тыстан да айқай-сүрең қаптап кетті. Үйдегі екеу-үшеу Ақжолбекке жабылып қалды.

- Әй, жігіттер, жіберіңдер! Қарап тұрып босқа аран-дамаңдар!- деп Ақжолбек басу айтып еді, аналар одан сайын өршеленіп кетті.

Атаңа нәлет! Алдымен құтылып ал!



- Көріңде өкіртейін. Қарамендені ұратын сен кім едің!

- Бақсыбай ағамды қаралайтын неме ғой!

Ақжолбек енді үндеген жоқ. Көзі бір сәт Саламаттың әйеліне түсіп еді, әрі аяй, әрі үрейлене бағжиып қалған екен. «Қорықпа» дегендей сәл басын изеді де, бұлқынбай арпалыспай өзіне жабысқан жігіттерді сүйрете-мүйрете далаға шықты.

- Жігіттер, тағы да айтам, құр далақтап қайтесің-дер, қоя беріңдер.

- Өмәй-ау, тапқан екенсің майшелпекті,- деп Қа-раменде қамшысын сілтей берді.

Ақжолбек қатты құрыстанып бұрқ-сарқ атылған жол-барыстай бұлқынып-бұлқынып қалғанда, жармасып жүрген үш жігіт үш жаққа құлады.

- Ұратын немесің ғой. Ұрған олай емес, міне бы-лай!- деп Қарамендені шықпыртып кетті.

- Ойбай өлдім...

Өмірінде тұщы етіне ащы таяқ көп батпаған аянкеш адамға жан қандай тәтті. Қарамендені даусы шырқы-рады.

- Ұстаңдар! Жабылыңдар!

Ақжолбек асыққан жоқ. Жауырынын күдірейте адым-дай басып барып шабдарына мінді. Ат басын тартып, те-кіректетіп тұрып босағаға сүйеніп үнсіз мөлиген әйелдің әлденені меңзегенін шалып қалды. Жер ошақ басында жатқан құрық екен. Еңкейіп іліп алды. «Апырай, мына әйелден көрген жақсылығым басқалардың мың қысымы-нан артық болды-ау». Тірі жүрсем пана болайыншы» де-ген бір тілекті көңілінде түйіп тұр.

- Аттаныңдар! Жібермеңдер!

- Жалғыз қарадан тайсақтағандарың қалай?

- Босқа өлейік пе.

- Тақымына ат тиген соң анау-мынауға алдыратын Ақжолбек пе еді!

Жігіттер бөгеліңкіреп қипақтап тұр. Дұшпан көзі ғып қойқаңдағандарымен көбісінің Қараменде үшін отқа түс-кісі жоқ. Қайта іштерінен «Итке әлі де болса біраз дүре салар ма еді. Бізге ғана мықты екен ғой. Шоқ бәлем, шоқ!»- дейтін ызақор сыңайлары дауырығысқан жүзде-рінен анық көрінеді.

- Ау, Қараменде, қайда қалдың? Мінбеймісің аты-ңа! Шықпаймысың қарсыма!-деп кекете күлген Ақжол-

бек шабдарын бұрып алып бүлкектете жөнелді. Күдігі сейіліп, көңілі жайланып барады. Жаулық көрсе де, дос көңіл және кездестіріп, соған шүкіршілік етеді.

3

Бақсыбай осы жанжалды пайдаланып қалғысы келді. Қарамендені бетіне жұққан қанын да жуғызбастан атқа отырғызып дереу көрші ауылдағы болыстық комитетке жөнелтті. Қалталарына қалыңдатып ақша салып беріп бір-екі жігітті аудандағы Масайымға және аттандырды. Бұғып қалса еркіндеп кетер жалшы-малшы бір ықтырып алу үшін Ақжолбектей мықтыны шөкелетіп алса асығы түгел. Бәрінен де бұрын Масайымды сынап бақ жолы, сор кебі деген ара жікті ашу да осындай сын кезеңде керек-ақ. Құдай жарылқап Масайым иіліп түссе, артынша-ақ қолындағы құсын құтты орынға қондырмақ.

«Масайымжан, ауылға шығып қайтасың ба? Жалғыз досымның ұрпағы едің, әке аруағын сыйласаң, дастарқанымды аттамассың. Оның үстіне өзіңе әдейілеп көрсетер аяулым және бар.

Қарағым, Масайым, ел билігін қолыңда ұстаған азаматымсың. Сыйынғаным да өзің ғанасың. Мен қазір қырғидан қашқан торғайдай болдым. Тоздырып, аздырып бітті әбден. Үй айналып шыға алмай, інге тығылған тышқандай жым-жырт қалдым. Ақжолбек деген қара сирақ кедей қит етсе шауып алып, қырып алып күн көрсетпей барады. Қайыспай қасарысуға менде дәрмен жоқ. Сойылға жығып қойшымды өлтірді. Інімнің басын жарды. Осы зорлық-қорлыққа тыйым бар ма? Шағым айтып көрмеген жан едім, титығыма жеткен соң сені өзімсініп қол созып отырмын»,- деп қатты түйілген қаскөйлікпен жауын атап көрсетіп жіберді.

Көп ұзамай қасына екі-үш милиционерді ертіп Масайым елге шықты.

Бақсыбай мәре-сәре боп қалды. Тай сойдырып, қымызды көлдей ағызды.

Желсіз, айсыз түннің көп жұлдызы жыпыр-жыпыр мөлдірейді. Далада, жер ошақта ол лапылдайды. Қазан басында отырған Саламаттың жесірі үлкен ожаумен сорпа сапырып, көбік қалқиды. Балкүміс мамырлай басып келді. От жарығында қабағы қатулы бәйбіше өз-өзінен булыға сөйлейді.



- Тағы да тоқалға шай құйғызып отыр. Енді қазан-ошаққа да араластырмайын дегені ғой мырзаның. Балжанды шақыртады. Жылмаңдаған тазыдай немесіне көрсетпек қой.
- Балжанды қайтеді екен?
- Мырзаның ойы белгілі ғой, төремен туысқысы келеді. Үржаным анау, еңірегенде етегі жасқа толады. Кеткелі хабарласқан жан жоқ. Енді міне Балжанымды да шырылдатпақшы,- деп Балкүміс кемсеңдеді.
- Бәйбіше-ау, «Теңі келсе, тегін бер»деген,өзі ұнатса Балжанның бетінен қақпаңыз,- деп әйел отқа тезек тастады.
- Балжанымның ұнатқаны Телтай марқұм еді. Былтыр жігіттің қазасын естігенде бір ай ауырып сүзектен тұрғандай қу сүйегі қалмады ма? Әлі де оңалып кете қойған жоқ. Ұрғашының күні құрсын да! Отыр ғой, әне, қасына шақыруға да менсінбей,- деп Балкүміс бұрынғы паң мінезін жоғалтып есіктегі әйелге мұңын шағады.
- Балжанға айтып көрдіңіз бе?
- Жоқ. Қалай айтам. Сүйінші сұрағандай...
- Айтып көріңіз. Қаламаса...
- Сонда не қылам?
- Анау жақта кәмсомол дей ме, әлгі Қалаубек бастаған жастар әйел теңдігі деп жүр ғой. Өздерінің беті дұрыс. Анада сулы көз қайнағаның қызын арашалап қалыпты.
- Сөйтсем бе екен онда?
- Шынымен жаныңыз ашыса тез қимылдаңыз, бәйбіше.
- Ойбай, мынауың ақыл екен. Ал, сен бар ғой ана Қарамендені аңды. Сол бірдеме сезіп қоймасын.

Балкүміс отауға жөнелді.

Үлкен үйде, төрде Масайым шынтақтап жатыр. Жасы әлі отызға жете қоймаса да жуандап толысып кетіпті. Өз денесін өзі ауырлай ырсылдай дем алады. Оның қасында местей іркілдеген Бақсыбай жеңіл қозғалады. Қонағының кесесін өзі ұсынып, өзі қызмет етіп тіп-тік отыр.

«Айтпақшы, осы Балжан қызы қайда? Көрген жан көркін суреттегенде аузынан сілекейі шұбырады. Дәл мына тоқалдай болса да, анау-мынаудан кем соқпас еді. Неге бөгеп жатыр? Шақырмай ма? Әлде осылар сырттан сымбаттап, қараңғыда қойныма ысырып жіберіп: «Уәде бұзба, серттен тайма!» деп бір сұмпайысын дайындап

жүрмесін. Оған көне қоймаспын. Әйел алатын, жар құшатын мен. Сынап көріп, сүйсініп еміренбей, сүйкене қоймаспын».

Масайым қабақ шытып шалқасына аударылды. Ауық-ауық есікке қарайды. «Қыз қайда?» деген сыңайы сол.

- Бақсеке, асығыс едім, Ақжолбек деген кім өзі, айта отырыңыз,- деп бар жұмысты тездетіп жатыр.

- Мен не айта қояйын. Іштей қайнап, сырттай салқындап отырғаным болмаса, былтырдан бері көрген қорлық пен тартқан шер бұл жасымда көрмеген құқайым еді. Көзден қан ақты. Қарағым, өзің өкімет адамысың. Бірақ енді теңдік тиді деп бас-көз жоқ байды қырыпжойып ала берсін деген заң бар ма? Анау Қалаубек деген сол Ақжолбектің інісі жәшейке ұйымдастырып жастарды жолдан тайғызып ол жүр бөрліктіріп. Осындағы малшы-жалшымды бір-бірлеп тартып, айналамды да тақырлап бітті. Басқа қамшы, арқаға сойыл тиді. Қойшымды өлтіргені ертең саған да жетем деген дабырасы ғой. Қайтейін, аулымның үстіне ат ойнатып келіп інімді соққыға жығып кеткенде де үнсіз қалдым. Аруақ, құдай бар. Өкімет заңы бар. Бір ыңғайы болар- Зауалын көре алмай көз жұмам ба деп өкінем. Қолым қысқа, әмір-құдіретім қалмаған. Айтарым осы,- деп Бақсыбай запылана сөйлеп отыр. Қастарындағы Қараменде, Омарлар үнсіз бас изесіп мақұлдасып қояды.

- Қарағым, сақалдан билік, діннен береке қашып барады. Оқыған азаматсың. «Кеме келсе, қайық судан шығар» деген. Осындағы белсендімсінген Рымбек, Ақжолбек, Қалаубектер тіпті құтырынып кетті. Анау Жұмаш дүрге арқа сүйей ме, өздері осы даланың қожасындай сезінеді. Ауданда мықты болсаң, анау Жұмаштан тайсақтамасаң осыларды бір ықтырып бер,- деп Омар молда қулық сауған әдетімен қолпаштап көпшік қойып, күшін жетпейді-ау деген қайрауын және сездіртіп іліп түсті.- Ағайын арасының сөзінен аулақ жүрсек те, осы күні бізді құр жатқызбайтын боп алды. Қазақтың зиялылары көбейгенде қалың бұқарасын әділ бастап даңғылға түсірер ме деген үміт тосқанымыз бар. Жүзің жылы, алдың кең, ауқымың мол жігіт екенсің. «Қонақ аз сөйлеп, көп сынайды» десе, қонақты да барлайтын салтымыз бар. Көңілімізден шығып отырсың. Құл-құтанның ахахуына көмілген мына игі жақсылардың еңіреген үні-



не тілек қосармысың. Қамалып отырған халімізді түсінсең біраз сыр айтылды. Осында Бопсабай деген қу жақ бар. Кеше ғана айран-шалапқа көзін сатып жүретін сол неменің-ақ ызасы өтті әбден. Қолыңнан келсе Бопсабайды бірер күн абақтыңа жаптырып берші. Тәубесіне сөйтіп бір келтірші!- деп көптен азуын қайраған бір «жауызын» бұ да атап қалды.

- Так. Жарайды. Ертең Ақжолбекті де, Бопсабайды да жаяу айдамасам дәм-тұз атсын. Аруақ-құдайды ұмытса, өкімет тізгіні бар. Өлер жерін білмей жүр екен шетінен. Аузы-мұрнынан қан ағызбасам, көріңдер де тұрыңдар. Әлгі Жұмаш қой бұлардың қолтығына дым бүркіп, шабаландырып қойған. Құдай болса оны да бір сілкермін!- деп нойыс ашумен томырылып түскен Масайым ожар қылығын көлденең тартты. Мінезі шұғыл, ашуы тез, аңғары тайыз жанның адыраңдауы қандай жылдам - ентігe алған демі ысылдай шығып, талыстай кеуде ұста көрігіндей күмпілдеді.

- Апырай, мықтының аты мықты ғой!

- «Екі қошқардың басы бір қазанға сыймайды» деген рас екен.

- Жұмашқа да зауал болғаны ғой!

Осы сөздерді бір-біріне айтқан болғанмен осындағы отырғандар Масайымға естірте, қайрай сөйлейді.

- Бақсеке, айтпақшы, осы біз біреуді көрмек едік қой, так,- деп Масайым бар денесімен құлай аударылып болашақ қайын атасына бұрылды. Қызамықтанған жанарда асығу, аңсау бар, құмарту бар. «Ер егесте, нар кешуде сыналса», қорқау жемтікке түсерде сыналады. Бақсыбай Масайымның жүзінен сондай толқуы аз, ынтығуы көп аңсар лебін сезінді... «Әлгі Балкүміс неге кешікті. Балжан калқам, түсінбегені ме? Шиырығып отырған мына немені тыншыту керек екен».

- Қазір, Масайым шырағам. Келгенше сол боп жатыр.

Тоқалына ым қақты. Күнсая үзбелі шашбауын сыңғырлатып сыртқа шығып кетті. Түн қойнына алыстаған сайын шолпының сыңғыры да баяулап, әлсіз булығып ұзап жоғалды.

Балкүміс Балжанның үкілі бөркін кеудесіне қысып ұстап үнсіз ғана егіліп отырған, үстіне кірген тоқалға басын да көтермеді. Төсіне басқан бөрікті құндақтағы сәбидей сезініп іштей бір зары басым әлдиді ұзақ қоңыр-

латады. Көзінен тарам-тарам жас ағады. Құсалы кеуде-де күйік шері қабаттап өсіп тұла бойы ауыр дерттен ді-ріл қағады. «Балжаным бақытын тапса екен. Менің ке-бімді кимесе екен». Байдың бәйбішесі болса да, екі құрсақ көтерсе де, көңілінен қаяу, көзінен жас арылма-ған жанның тас обадай мелшиген қазіргі түрі күндесіне де оғаш көрінді. Күнсая даусы жарықшақтанып тіл қатты:

- Балжан қайда?

Балкүміс басын көтерді. Ұзақ қарады. Көзі қадалған-мен ештеңе көріп отырған жоқ.

- Балжан жоқ. Балжанымнан айрылдым!.
- Немене!? Не дедіңіз? Не айттыңыз?
- Айтқаным сол. Тұлымшағыммен ақыретте кездес-тірсін. Тірі болса бақытты болсын!
- Көкесі шақыртып жатыр еді...
- Аты өшсін көкесінің! Даусы жер астынан шықсын көкесінің! Көз жасым ұрсын! Кемдігім ұрсын! Обал-са-уабым ұрсын!
- Жыламаңызшы, апатай!
- Құдай жылатып қойса, неге жыламаймын!- деп Балкүміс бөрікті иіскеп еңіреп жіберді.

Күнсая үлкен үйге кібіртіктеп енді. Бақсыбайдың қа-сына қымсына жақындап тізе бүкті де, күйеуінің құлағы-на оймақтай аузын тақап тұрып, жұқа еріндерін жыбыр-латып сыбырлап жатыр.

- Тәйт! Не дейді! Жүрген шығар үйлердің бірінде.

Қараменде орнынан атып тұрды. Аузы-басы бүлкіл-деп барады. Кімге ұрсып, кімді жазғырғанымен жұмысы жоқ. Бақсыбайды үрпиткен хабардың сұмдығын естімесе де сезеді.

Масайым көтеріліп отырды. Оң жағындағы милиция бастығына «тысқа шық!» дегендей белгі берді.

- Бұ не болды? Қай мазағың, байеке!
- Масайымжан, анау әлгі Балжан қазір кеп қа-лар,- деп Бақсыбай қипақтай беріп, тоқалын теуіп жі-берді.

Қараменде отауға кірді. Балкүміске төніп барды.

- Қызың қайда? Кіммен қашырдың?
- Әй, қарағым, әкіреңдеме! Аулақ жүр!
- Міне саған! Мә саған! Тап қазір! Осы қазір жөн сілтемесең түте-түтеңді шығарам!-деп Қараменде жең-гесін шықпыртып қамшының астына алды.



Балкүміс дауыс шығарған жоқ тістене ыңырсып қо-лымен бетін көлегейлеп, домалап бүктетіліп түсті.

Сәлден кейін түнді жаңғыртып, ауыл үстінен қуғын-шы топ тасырлатып шауып кетті. Белге соққандай бүк түсіп Бақсыбай үлкен үйде оңаша қалды.

## 4

Қыстау маңы қыбырлаған халық. Бүгін мектеп үйінің іргесі көтеріледі. Жатақ жігіттерінің көбісі осында. Бір ай бұрын балшық басып, қырман айдап, қыш құйып, оларды кептіріп дайындап қойған. Көңілденген көпшілік жұмысқа қызу кірісіп кетті.

- Әй, Нұржан, босқа шықылықтай бергенше, ең бол-маса лай жасасаңшы,-деп Ұрқия күрегін ұсынды.
- Жеңеше, сегізкөзімнен қадалған бір пәле таптым. Әлде құяң, әлде сарып - жібермейді-ау, жібермейді. Әйтпесе, менен жұмыс қалып па еді,-деп сылтаушыл Нұржан ұстатпайды.
- Қолыңның ұшын тигізбесең өзің біл, сенің балала-рың оқитын құтхана.
- Оқымай да қатардан қалмағам. Қалам ұстаған-ның озғанын көргем жоқ, жеңеше.
- Көрмесең - көрерсің. Бұрын осындай игілікке же-терміз деп үш ұйықтасақ сенуші ме едік. Құдайға шүкір. «Оқыған озар»,- деді Абылан.

Әр жұмысты бір шұқылап Бопсабай жүр. Сол қолын кір шүберекпен таңып алыпты. Осы таяуда ғана жер бө-летін комиссия шығып бөліс жасағанда Байболдың бір жігітімен дауласып, жұмырықтасып қалған Бопсабай өз сөзімен айтқанда, «өкімет үшін жанын пида еткен». Содан бері Байболмен өрттей өш. Қазір оң қолымен қа-бырғаның үстіне лай жайып тұр. Он іліп салғаны бір кү-рекке толмайды. Бопсабайдың толтыра алмағанын Бай-ту артығымен орындайды. Үлкен күректі мықшия көтеріп әкеп сылқ еткізгенде, қабырғаны солқ еткізеді.

- Анау әлгі, Байту екеуміз жан қоймаспыз. Жігіт-тер, қимылдаңдар! Байланыстырып қалаңдар. Жік қал-масын. Мына қолым жарағанда бүкіл қабырғаны жал-ғыз өзім-ақ өріп шығар ем. Байбол иттің әлегі ғой!
- Біздің Бәкеңнің білмейтіні жоқ-ау.
- Иә, «сінәкесілкәңді» де ұршықтай айналдырады.

- Әттең, хатты шала-пұла танып қор болып жүр, әйтпесе ауданда-ақ отыратын дөкейдің нағыз өзі!
- Ә, бұ кісі керім тамақ пісіреді екен!
- Қой? Рас па?!
- Шын айтам. Өткенде Дәрия жеңгей ауырып қалып осы отағасының пісірген тағамының үстінен шыққам. Әлі күнге дейін таңдайымнан дәмі кетпейді. Өзі - көже, өзі қуырдақ.
- Бәке, онда сіз ана тамақ басындағы әйелдерге басшылық етсеңіз қайтеді? «Ас - адамның арқауы» деген. Тамақтың иісі бұрқырап келіп тұрса, жұмыс өнеді, Баскөз болыңыз.
- Жарайды. Анау әлгі, ол шіркіндер пыш-пышпен тамақты да жөндеп дайындай алмайды,- деп Бопсабай шынымен наныл қалды.

Күн түске тармаса шыжып кетті. Көлеңкеде ауқаттанып жатқан жұрт пора-пора терлеп, рақаттана сөйлеп, қарқ-қарқ күледі.
- Іш, же, Нұржан! Ең болмаса мешкейлікпен көзге түс!
- Қарақыз жеңгей екі кісінің жұмысын бір өзі атқарады. Қарақыз бен Нұржанды құдай бөле алмағанда біз бөлеміз бе. Асай бер!

Нұржан қанша дегенмен адам ғой, үндеместен тұрып кетті. Екі білегін сыбанып тау қопаратындай жалғыз өзі балшық айналдырып жатыр.

Тоған жақтан жіптіктей шаң бұрқ етті. Сәлден соң тұтаса қоюланып, маңдайын қыстауға тіктеп шұбырып бері салды. Асығыс жолаушының жылдам жүрісіне ілесе алмай будақ-будақ шапшыған шаң аспандап көтеріліп, қайта сейіліп қалып барады.
- Өй, мынау кім?!
- Қатты келеді-ау!
- Тегін емес! Жүрісі тым суыт!

Тамақ жайына қалды. Үрпиіскен жұрт ұшып-ұшып тұрысып құйықтырып келе жатқан бейсауат жолаушыға әлдебір белгісіз үреймен шыдамсыздана қадалады.
- Қалаубек-ай! Қайдасың? Бері келші.
- О не, Бәке?
-Қарағым, анау әлгі, кәзитіңде жаманат хабар жоқ па еді?
- Қандай жаманат?
- Соғыс деген.



- Жоқ, Бәке. Тыныштық.

Бұл екі арада жүргінші де жақындап қалды.
- Әй, мынау Байболдың Сәтбек деген жылқышысы.
- Иә! Сол иттің өзі!
- Өзін маған қоя беріңдерші. Анау әлгі, Байболдың сарқытын жалаған жандайшабы ғой. Жүрімін үзіп кегімді бір алайын,- деп Бопсабай дігерлейді.

Сәтбек анталаған тобырдан сасқан жоқ, атынан секіріп түсіп жан-жағына қарады, Ақжолбекті тауып алды.
- Ақжолбек, сені іздеп келдім!
- Иә, немене? Жай ма?
- Ойбай-ау! Қайдан жай болсын! Нақақтан нақақ жас төгілгенде жайшылық болушы ма еді! Ызамен келдім. Балжан сұлуды құтқару керек! Торға түсті байғұс.
- Немене? Не?!
- Әй, өзің жөндеп айтшы. Бақсыбайдың Балжанын торға түсіретін кім? Түсіртетін кім?

Сәтбек ашудан түтігіп тұр. Делдигиен қос танауына жұдырық сыйып кетердей.
- Ойпырау, сөзімді бөле бердіңдер ғой, түге. Тұстұстан жамырап өздеріңе не болған? Кеше Бақсыбай аулына Масайым барып түсіпті. Әлгі аудандағы дөкей. Сол өзі Балжанды алмақшы екен дейді. Қыз байғұс шешесінен сол хабарды естиді де, түн ішінде Ақжорғаға міне қашады. Ақжорға - біздің Байбол байдың аты ғой. Балжан сендерге Миялысайға бармақ бопты. Қырсық қылғанда түнімен адасып, Ақжорға үйренген жеріне тартады емес пе. Содан біздің ауылдан бір-ақ шығады. Ат кісінегенге тысқа ұмтылсақ - Балжан сұлу. «Құтқарыңдар»,- дейді. «Зорлықтан қашып келем, әкем төреге бергелі жатыр»,- дейді. Біздің Байбол ашаңды емес пе. Жалма-жан үйіне сүңгітіп жіберді қызды. Бүгін ертемен «Балжан екеуміздің некемізді қиыңдар. Әкесіне өткізіп қойғаным бар. Анау Ақжорғам соның айғағы»,- деп ауыл ақсақалын жиып алды. Сорлы Балжанның көзінен жас тамшылап қоя берді. Оттан қашып отқа түскен бейшараны аямаған ешкім жоқ. Байболға не істей алармыз? Содан мен олай ойлап, бұлай ойлап, ақыры жоқ қараған болып ауылдан ұзап шықтым да, тура сендерге тарттым. Ақжолбек, заң қолдарында, өкімет сендерді қолдап тұр. Балжанды жылатпай, араша болыңдар! Әдейі келген жұмысым осы.

Ақжолбек көп кідірген жоқ. Арық, тұрағын жүгендеп жігіттер асыға бастады.

Қалаубек те дөненін ерттеп жатып түрлі-түрлі ойға кетеді.

«Балжанның басына осындай күйдің түбі бір түсетінін сезсем де, сенбеуші едім. Бұл дүниеден малдан қызық өтпегені ме сонда? Бақсыбай осы қызын аялап, әлпештеп-ақ өсірді. Сөйткен аяшын бүгін келіп, екі бірдей еркекке саудалап отыр. Осынысы не? Іштен шыққан балаға мал екеш мал да жауыздық жасамайды. Адам тағыдан да жыртқыш болғаны ма? Әй, бірақ Бақсыбай мен Байболдар адам ба еді. Адам деп анау Сәтбекті айт. Кеше ғана жер үшін таяқтасып қалса да, арамдық көргенде араздығын да ұмытып жетіп келді. Өзі үшін емес, өзге үшін аянбай отыр. Ертең хабар бергенін естісе, Сәтбекті Байболдар аямайды. Ал, оның аямасын бұл біледі. Білсе де келеді. Әлде оның Байболдан осы бөлінуі - бөліну ме екен? Жеріп, безіп алыстауы ма екен? Ылайым, кедейлердің беті бері бұрыла берсе, ауылдың әлі-ақ алға зымырап шығатыны хақ. Балжан азамат. Зорлығыңа көнбеймін, байлап-матап беретін мал емеспін дегені ғой. Әй, дәл осы үлгісі талай қызға жақсы сабақ болар-ау. Ақбілекке жетсе екен! Оның да айттырған жері болуы мүмкін ғой. Ат ізін, де салмай кеттім. Толықсып бұлғақтап өскен шығар!.. Мені есіне ала ма? «Ақбілек» деп ән шығардым. Бар сырым мен аласыз көңілім соған сыйды. Сыйды да аспан-көкті аралап кетті. Ән кеткенмен сүйген жүрек қуанышымен табысар ма? Мендегідей ыстық діріл, сағыныш мұңы Ақбілекте де бар ма екен? Мүмкін ол да толқып тұрып бар еркін нәзік әнге табыстайтын шығар. Жалыны шарпыған аңсауы көп осы халімді оған да берсе, армаmым жоқ. Әттең, соны білер ме ем? Көрер ме ем?»

Біреу шаужайына жармасты. Бопсабай екен.

- Қалаубек, бері қарашы! Анау әлгі, Балжан менің туған қызымдай болған бала. Байбол - тап жауым. Ендеше, мен оған шырылдатып қызымды бере алмаймын. Анау әлгі, мына қол Байболмен айқаста сынған («сынған» қолын сау қолдан әрмен ойнатады). Еңбекшіл қазақ боп сойыл көтеріп, кек қайтаруым керек. Бұл бір ме? Анау әлгі, зорлыққа және шыдамаймын. Түндігін турап, керегесін отқа жағып Байболды тәубеге келтірмей, анау әлгі, айызым тағы қанбайды. Бұл екі ме?



Солай десең, сен маған атыңды бер. Мен барам Ақжолбектермен бірге,- деп құлшынып тұр.

- Бәке, сіз екеуміз қара көбейтсек те жетер. Артыма мінгесіңіз,- деді Қалаубек.

- Ойбай, тоқтай тұр! Тұра тұр сәл ғана!-Бопсабай тұра жүгірді. Бір кезде ырсылдап таянды. Иығына асып алған мылтығы бар.

- Мынауыңыз не? Қайдан алдыңыз?

- Әу, танымай тұрсын, ба?

Қалаубек әкесінің ескі шитісін зорға таныды. Ұңғысы тесіліп, құлпы сынып қалған мылтығын Жұмекең былтыр балаларға ұстатқан. Сол мылтықты Бопсабай асынып алыпты.

- Қу темірді қайтесіз? Пайдасы қанша мұның?

- Шұрық етпе, Қалаубекжан. «Қорыққанға қос көрінеді» деген бар. Әзірейлідей төніп суық ұңғыны төсіне қадап тұра қалсаң, атылмайтын мылтық та атылады. Анау әлгі, бір қорқытуға жараса, маған басқаң сөз емес. Қолыңды бер! Тез! Тездет-деп үзеңгіге аяғын сала берді де және тоқтады.- Өйбүй, бұл ұмытшақтықты қой, әкем. Қартаяйын дегенім бе?

Бопсабай тағы елпелеңдей жөнелді. Елпелеңдеп қайтып оралды. Ұмытқаны қалпағы екен. Төбесін едірейтіп, күн қағарын көзіне түсіріп баса киіпті.

- Қалай, ұқсаймын ба?

- Кімге?

- Мелитсаға, сотқа, піркәрөлге!

- Ұқсайсыз. Әбден ұқсайсыз.

Қалаубек асықса да, дөненін қинағысы келмейді. Қанша дегенмен екі адам мінгескен соң маңдайдағы жалғыз бәсіреге әрине күш түседі. Бопсабай отағасы майда бүлкекте тербетіліп, маңдайын жон арқаға тіреп ұйықтап кеткен еді. Қалаубектің оятқысы келмеді. Сағым дірілдеткен қойнауға көз тігіп, қалың ойға шомады.

«Дала кең-ау, шіркін! Бірақ ол шетімен бұл шетіне мынау митыңмен өмір бойы жете алмайтының жаман. Шойынжол дегенмен отарба зымырайды екен. Шіркін, сол отарбасы біздің мына далаға таптырмайтын көлік-ау! Келер ме екен? Әй, қайдан келе қойсын. Оны кім салмақ? Біздің өзіміздің шамамыз жетпейді. Мыңдаған жұмысшы қажет қой оған. Ал, шойын жол салынды ма, онда даланың кеңдігі түк емес. Қайта кеңдігі жақсы».

Қара дөнен сүрініп кетті. Бопсабай оянып кетті.

- Немене, Қалаубек, келдік пе?
- Жоқ. Әлі талай бар, ұйықтай беріңіз.

- Уау, қайдағы ұйқы? Анау әлгі, мен қалың ойға кіргенде үнсіз мүлгіп қалатынымды білмейді екенсің ғой, деп шалқая беріп, құлап барып түзелді.

- А-а! Не ойладыңыз?

Ойлағаным көп. Бай болсам дедім. Анау әлгі онынңнан да жерідім. Бай болсам керденңдейді екем. Өйткені бар ғой, мал көзге бітеді, басқаны көрсетпейді. Онда сендерден айрылам. Оны қаламадым. Төре болғым келді. Ауданда, не дуанда тұрады екем онда, «Ұлық болсаң кішік бол» дейміз. Ал, мен кішік бола алмаймын. Анау әлгі, жасымнан көрген көп қорлық қамшымды оңға да, солға да сілтетуі мүмкін. Анау әлгі, ұлықтығыңнан да безіндім. Өзімнің сайтаным тез ұстағыш. Еркелігімді көтеріп, «Бәкелеп» жүретін осы өздеріңнің ортаңнан артық ұжмағым жоқ екен. Соны білдім.

Жотаның үстіне шыға келгендері сол еді, төменде, аяқ астында қаз-қатар дөңгелене тігілген ақ үзікті үйлер көрінді.

- Әй, аналар тіресіп тұр. Анау әлгі, Балжанды бірақ жұлып алмай ма. Бол, бассаңшы қамшыңды!

Ақжолбектер әлгінде ғана жетіп еді. Дүрілдетіп келгенімен жиын отырған сойыл-шоқпарлы, ат-көлікті ауыл жігіттеріне дүрсе қоя бере алмай иіріліп тұрған-ды.

- Уа, Байбол, ағайын болсақ та, ағайындық жолымен бітісер іс жасап отырған жоқсың! Терісіне көштің. Өзің жөндел, әйтпесе текке арандаймыз.

Құндыз жағалы шапанын желбегей жамылып ширеніп тұрған Байбол шытырлап кетті.

- Теріс көштің дейсің бе? Менің көші-қонымды, қисық-түзігімді тергердей саған билік тиіп пе еді? Қалың беріп қатын алсам - несі теріс. Ата жолынан ауғаным сол ма? Ұрғашының артын қорыған сенің мына түріңді не дейін? Шырағым, әрі-беріден соң Балжанда сенің қандай жұмысың бар? Қызың, қарындасың ба еді? Әлде сен әменгері ме едің? Әйтпесе, аулақ жүр!

- Ей, Байбол, азбайтын, тозбайтын бір сиқырың - баяғы әзәзілдік-ау. Езгілеп жатып та есем кетті дейтін жылауығыңды тағы қайталап тұрсың. Бата жолы деген сылтауыңа пысқырып қарай ма екем. Теңдік таразысы құрылған мына заманда шырылдаған бейкүнә қыздың зарын естіп тұрып, қайтып кетер қорқақ санайсың ба



мені? Өйтсем, кешегі төңкеріс әкелген ырысымды сенің алдыңда шашып алмаймын ба? Жоқ! Әділетті осы қуғаным қуған. Сөзді қой да, Балжанды алдыр. Тап қазір беттесем де, риза-наразылығын сұраймын. Қалай ма сені - қалсын. Ләм деп аузымды ашсам, ит болайын. Ал, жазықсыз шырылдатқан екенсің, ағайын-туыстығыңа қарамаймын, ауданға тұп-тура жаяу айдатқызам,- деп Ақжолбек шабдарының үстінде бір жамбастап отырып иіріліп тұрған жігіттердің біріне иек қақты. Іштерінен күңкіл-күбір көбейген жігіттер Байболға қарасып, қозғала қоймап еді, Сәтбек отауға қарай жөнелді.

Сәлден кейін Балжанды ертіп оралды. Балжан қайраттанып алыпты, көзінде жас жоқ.

- Қарағым, Балжан, Байболға өз еркіңмен келдің бе?
- Жоқ! Адасып жүріп тап болдым.
- Байболдың өткізіп қойғаным бар, бас қосам деген!- не айтасың?
- Ақжол көке, жолыңа жаным құрбан болсын дейтін асқарымның кім екенін білмеуші ме едіңіз? Қайтейін. Тілек кесілді. Сонда да өлді дегенін естісем де, көрмеген соң сенбеймін де, күліп келетіндей әлі күнге елеңдеп отырам. Мынау Байболды да, анау Масайымды да әзірейлідей көрем. Құтқарам десеңіз, әділет күтем. Әділет таба алмасам қара жер құшағына кірем. Байбол құшағынан сол артық!- деп Балжан дір-дір етті.
- Бері шық онда! Азатсың! Өкімет атынан азаттық жариялаймын. Енді сен ешқашанда жыламайсың. Жылатпаймыз!
- Ойбай, қапта! Едігенің аруағы атқырды, Аралбайдың киесі соққырды жер жастант!-деп Байбол бақанды ала ұмтылды.
- Аттан!
- Жұлып түс! Аяма!

Ереуілдескен екі жақ біріне-бірі бата алмай жондарын үрпитіп тұрғанда, әлдебір оқшау дауыс шаңқ етті.

- Уай, Байбол, тырп етпе! Анау әлгі, қозғалсаң тарс еткізем де жаныңды жаһаннамға бір-ақ жөнелтем. Кедей теңдігі, әйел теңдігі тиген заманда байдың құны - тесік тиын. Саған болысар құйыршық табылса, оған да бір оқ жалынсын. Шетіңнен кеуделеріңе қорғасын қадап жалп-жалп еткізіп санап шығам!- деп Бопсабай ат үстінен ойыншық шитісін кезей берді. Ұңғысына жүз адам-

ды сыйғызған сұсты қару қимылдап кетсе өлім себетіндей көрініп, секеңдеп көтерілген шоқпар-сойылдар қалтқалт жапырылды.

- Әй, Байту, Байбол төбетті шыңғыртып тұрып байлап таста!- деп Бопсабай және бұйрық берді.

- Уай, Бопсабай, мылтық атып, зауалым боп келдің бе. Ақыретте қолым жағаңда болар!-деп монтанысынған Байбол одан әрі бұлқынбай білегін ұсынды.

* * *

Кеш. Күн ұясына кіріп, батыс көкжиекте қою бояу көбейді. Қызыл күрең шұғыла сәлден кейін жұқара таусылып, тұңғиық аспан шымқай қара көк түске ауысты. Ымырт үйірілді.

Ауылдың шет жағында кішкене қараша қос жеке тұр. Бопсабай қос алдында жалғыз отыр. Қолындағы шиті мылтығын қысып ұстап арқасымен есікті тіреп алыпты. Іштен дауыс естілді.

- Әй, Бопсабай, зәр қысып барады. Өлтірмесең түзге шығар.

- Әй, Бәке, жөн білетін адамсың. Маған неге өшіктің, ә? Осы саған титтей кінәрәтім жоқ еді ғой.- Байбол жалына бастады.

- Әй, Байбол шырақ, былтыр ғана болыс болған сенбе, сен емес пе? Анау әлгі, жалғыз ешкімнен басқа малым жоқ дегенді растатып куәлік сұрай барғанымда тентектеріңе ит қосқызып тәлкек қылғаныңды ұмытармын ба? Дауылбайжанмен еріп Бейсектің аулына барғанымда, маған берген жамбасты қолымнан жігітіңе тартып әпергенің қайда? Әнеугүні ғана білегімді сындырған жоқ па едің? Зәр қыспақ түгіл жаның қысылса да, анау әлгі, Бопсабай байға қол ұшын бермейді.

- Ең болмаса Рымбек ауылнайды шақыршы.

- Ауылнай да, Қалаубек те жоқ. Екеуі Балжанды ертіп мана ауданға кеткен. Сол жақтан мелитса әкеліп, анау әлгі, сені итжеккенге айдайды. Мен бүгін сені арістабайт еттім, ертең Бақсыбай, Бейсектерді арістабайт қылам. «Қосшы» ұйымын Ленин ақсақалдың өзі кедейдің ұйтқысы депті. Бүгін міне соған көзім анық жетті. Енді мен сенімен көп кәләкаттамаймын.

- Апырай, қайтсем екен. Мұсылман едің ғой, Бәке!..

Бопсабай үндеген жоқ. Баяу ғана ыңылдап отыр. Қанша іздегенімен «Ақбілектің» әуені оралмады. «Тізе



қос, тізе қос, тізе қос!» сөзін ұстатпады. Содан кейін өзі білетін үйреншікті екі жол өлеңін инесі бұзылған ескі патефондай қайта-қайта қоңырлатты.

А-ау, бір кезде жігіт болдық бойдақтаған.
Ботадай от басында ойнақтаған...

Көз байланды. Жұлдыздар жамырап туып, түн жетті. Ел жатты. Бопсабайдың насыбай атқысы келді. Екі қол тұла бойын сипалағанымен қаңсыған шақшаны да таба алмады. Ыңылдаған ән де әжетке жарамады. Көзі жасаурап, тамағы құрғап шыдай алмаған соң есікті байлаған жіпті тағы бір байқап көріп, дыбысын шығармай ептеп басып Бәкең бүкеңдей жөнелді.

Осы кезде бұқпантайлап жетіп әлдекім есікке таянды.

- Байбол! Уа, Бәке, ояумысыз?
- Қарағым, кімде болсаң есік ашшы!
- Ашайын, Бәке, ашқалы келдім.
- Әй, Нұржанбысың?
- Иә, ақырын сөйлеңіз. Әлгі дабдырлақ келмей тұрғанда шығып кетіңіз. Бұлар ма бұлар итаяқтан сары су ішкізуден де тайынбас. Қап, мына немесін қалай шиелеп тастаған.
- Кессеңші!
- Қазір, пышақ өтпейтін тас па өзі...
- Әй, Нұржан, туыстығыңды ақтадың. Қарызың мойнымда кетпес. Қалай жүрем?- Сыртқа шыққан Байбол жан-жағына қарағыштап сескеніп тұр.- Әлгі Бопсабай пәлең келіп қалмасын. Есерсоқ неме атып тастауы мүмкін.
- Бәке, сізді босатып жібергенімді білсе, бұлар мені де өлтіреді. Өлтіреді екен деп өзіңізді қаматып қалай отырайын. Басымды бәйгеге тігіп келдім. Сізден қайтпаса, алладан қайтар,-деп Нұржан кібіртіктеп бөгелді.
- Әй, болсаңшы, бастасаңшы. Алладан сұрағанша, көмейіңде тығылып тұрған némеңді суырсаңшы. Әйтпесе, мына сасық қапасыңа қайта тық!-деп Байбол құрыстанды.
- Бәке, оллаһи, сізден ештеңе дәметсем не дейсіз. Өзіңіз айт десеңіз, бала-шағамның аузы аққа жарымай қойды. Бір сиыр саусам...
- Құдай алдында бұзауымен қосып берейін. Бол! Тездет енді!-деп Байбол қозғала берді.

Келесі күні Жұматай аулына шатырлап қап-қара бұлт төнді. Төндірген- Масайым.

Масайым жүзі күреңітіп ауыл ортасында ат үстінде түнеріп тұр. Екі қапталындағы Бақсыбай мен Байболға анда-санда көз қиығын тастап қойып Ақжолбекке қатты шүйлігеді.

- Ақжолбек дегені сен бе? Өз бетімен билік жүргізетін сен кімсің? Қайдан шыққан өкіметсің? Сен өкімет адамы емес - қарақшысың! Кепілде жүріп кісі өлтіресің! Кепілде жүріп ауыл шабасың, бас жарасың! Өзің сот, өзің прокурор болып ақ-қарасын анықтамай ел азаматын тұтқындайсың! Жасайтының- қастандық. Совет өкіметі бас бұзарлыққа тыйым салады. Ендеше мен тыям сені.Соны орындамасам Масайым болмай кетейін! Айдабол, осы қазір приговорыңды жасап, мөріңді басып мынаны ауданға айдат! Кісі өлтіріп әбден дәндеген барымташы совет билігіне әдейі кесірін тигізеді. Абақтыда шірітейін.

Ақжолбек шарт сынды.

- Әй сүзеген бұқадай көзіңді қанталатып айқайлай берме! Әйелің жоқ! Ақ-қарамды сен шеше алмайсың. Мен саған сенбеймін де. Өкімет адамы сендей болмайды. Кімді қорғап, кімді қолдағаныңа қарағанда сен өзің өкіметіме қас тәріздісің. Неге шаптығып тұрғаныңды білмейді деймісің? Білем. Сен Балжаннан айрылып қалдың. Ол Балжаннан анау қасыңдағы Байбол да дәмелі болатын. Екеуіңе де сыртынан сатқан оң жағыңдағы Бақсыбай. Үшеуің жабылып бір Балжанның сынық тырнағына татыр ма екенсіңдер. Мен өкінбеймін. Бір мұңлықтың көз жасын тыйсам - сот та, прокарол болғаным да рас. Мені болдырып отырған өкіметім. Өз өкіметім! Сен әкіреңдеп мені қорқыта алмайсың!-деді.

- Айдабол! Байла қолын!

Айдабол қорқақтау жан болса керек, қасындағы милиционерін жұмсап, өзі шеттеп тұр.

- Тәйіт әрі! Қолын байлатқызатын қылмыстың емеспін. Айдаған жеріңе байламасаң да барам. Әйтеуір, мені ауданға бір сүйрегілерің кеп тұр екен. Шабдарымды ерттейін,- деп Ақжолбек үйіне беттеді.

Бөгеліңкіреп қалған Айдаболға Масайым иек қақты.

- Бар! Қашып кетпесін!

Бақсыбай біліп тұр.

- Қашпайды. Сөз берді, орындайды.



Масайым тағы да топқа бұрылды.

- Бопсабай деген кім? Бері шықсын.
- Мен едім Бопсабай.
- Сен болсаң дайындал! Сен де жүресің!
- Е, менің жазығым не?
- Мылтық атып сойқанды бастағансың. Сөзді қой!
- Төре шырақ, бір тарының қауызына сыйғызам деп әуре болма. Сен шағым сайлатып бергенмен Ақжолбекті де, Бопсабайды да соттайтын өкімет жоқ. Ол заман кеткен. Анау әлгі, Бақсыбайдың табанында жатқанда да біреу құрлы намысымды қорғағам. Ақжолбек барған жерге мен де барам. Сен апармасаң да, айдамасаң да еріп барып, анау әлгі, шындық қуам. Байболдың жоғын жоқтасаң - сенің де аңғарың белгілі болды. Жалғыз-ақ өтінерім астыма ат бергіз,- деп Бопсабай ащы тілін сұға түседі.

Жүйрік болмаса да Бопсабайға ат табылды. Кешікпей екі «тұтқынды» алдына салып алып милиционер ауылдан шықты.

Айдаболдың Масайымнан жасырын алған бұйрығы бар. Сол бұйрық есіне түскен сайын өз-өзінен бүлініп бас шайқай береді. «Тұтқын қашпай ма, қашқан тұтқынды оқ қумай ма»,- деген-ді, Масайым. Әлденені астарлап айтқан. Астарлап айтса да, бұйрықтан өктем естілген. Айдабол Масайымнан қорқады. Қорықпайын десе, кешегі бай баласы, ақтардың офицері Айдабол: «Қолым таза, көңілім ақ»,- дей алмайды. Бүртік бетегелі, қоянжон белесті бірінен соң бірін артқа тастаған сайын жол қысқарып барады. Бұйрық әлі орындалған жоқ. Аспанда боз торғай шырылдаса, бейбіт өмірдің әсем әнін жырласа Айдаболдың құлағынан Масайым үні кетпейді.

Ауылдан шыққалы ұзақ ойға шомған Ақжолбек те өзінің екі жол өлеңін қайта-қайта ыңылдап, тойға бара жатқандай қаннен-қаперсіз келе жатқан Бопсабайға қарап қояды. «Пәруәйсіз бе, әлде адал көңілдің тұнығы шайқалмас тазалығы ма бұл кісінікі? Ештеңені ойлар емес. Осы жолда мені біраз қинауы мүмкін. Жұмаш орнынан табылса, ісім оңтайланар. Масайымның түрі қиын. Үркепелеу тәрізді. Ұстаған жерінен айрылмайтын дүрегей төбет болушы еді, соған қатты ұқсайды-ау. Шайлығып қалғам ба, қорқақтап келе жатқаным не? Маңдайға тас тие-тие шағылып біттім бе? Не бүлдіріппін? Бақсыбай, Байболдардың қысасына көнбегенім - қатем бе еді?

Саламаттың өлімін менен көреді. Шын кінәліні іздесе, Бақсыбай құтылар ма еді? Ашық ұстасқаным айыбым болса, онда бұқпантайлап өтуім керек пе? Оған бара алмаспын. Әй, бармаспын».

Бопсабай ат басын ірікті.

- Неге тоқтадың? Айда атты!

- Шырағым, анау әлгі, хан жарлығынан ауыр жарлық буып келеді. Тамағымыз шай-суан болған соң майы қашқан қуықтың дәрмені шамалы.

- Тоқтама, атам!-Айдабол бес атарын суырып алды.

- Ат, атпа, онда жұмысым жоқ. Сен асықтырды екен деп, анау әлгі, күнәға батарым тағы жоқ,- деп Бопсабай түсе берді аттан.

- Мен саған не дедім!-Айдабол серігіне иек қақты.- Соқ! Тіл алмайтын неме ғой! Тарт!

- Боқты соғарсың! Соғып көр!-деп Ақжолбек дырау қамшысын көтеріп төніп келді. Милиционер тайқып шеттей беріп еді, Айдабол ақырып қалды.

- Бұр аттың басын! Шық былай!

- Не істейсің сонда.

- Атамын! Тәртіп бұздың!

- Тәртіп жөндегіш болсаң өзің адам бол. Жөнсіз едірейме! Мен сендейлердің талайын тәубеге келтіргем,- деп Айдабол бес атарды жоғары қаратып бір атып жіберді.

- Әй, тарт мылтығыңды. Ақылмен айтам.

- Қозғалма! Тырп етсең басып салам!

- Көзіңе қара! Қорқағың мен емес!- деп Ақжолбек тақала түсті.

Бес атар тырс етті. Ақжолбектің қолтығы тыз ете қалды. Одан әрі шабдарға тақым қысқаны сол еді, бірақ шапшыған ат жанаса бергенде бес атар Ақжолбектің қолына көшті.

- Атқыш екенсің, ал, атысайық енді!

Бопсабай тызылдап жүр.

- Ақжолбекжан, егесті қайтесің. Қой-ақ қой. Итпен ырылдасып әбүйір таппайсың. Ойбай, қолтығыңнан қан ағып барады! Өзіңе оқ тиген бе?- Сол-ақ екен, Бопсабай ат үстіндегі Айдаболдың етегіне бара жармасты.- Анау әлгі, кімді атасың, атаңа нәлет! Нағыз қарақшы сен! Қолыңды қол, бұтыңды бұт етейін осы қазір!

Айдабол үзеңгіден аяғын шығарды. Шпорлы етігін



көтере беріп қарияның бетінен теуіп жіберді. Қатты серіпкен етік бетіне тиген Бопсабай шалқалап барып ұшып түсті. Жырылған ерні мен мұрнынан қан сау етті. Қорғансыз, әлсіз жанның көз алдында домалап жатқанын көргенде Ақжолбек бес атардың шүріппесін қалай басып қалғанын аңдамады. Айдабол ер үстінен сырғып құлады.

Өлтірді!

Милиционер есі шығып кеткендей бір сөзді қайталап тұрғанда Бопсабай басын көтерді. Жығылып жатқан Айдаболды көрді. Өңі қашып, ақ сұр жүзі түнеріп Ақжолбек қалшылдап тұр екен.

- Құрыдың, бишара, құрыдың! Іс насырға шапты! Қарағым-ау, шалды теппей жүрген аз емес еді ғой. Анау әлгі, несіне қызындың? Несіне сабырыңнан айрылдың? Онсызда бәлеқұмар «түрт сайтанмен» ізіңе түскендер көп еді. Түбіңе жеттім-ау, түбіңе. Өз қолыммен қырқа матап бердім-ау,- деп Бопсабай еңіреп кеп Ақжолбекті бас салды. Маңдай терісі қабат-қабат жиырылып, әжімді бетін бұршақ-бұршақ жас жуды.

- Бәке, алысар болсаң аянба деуші еді. Бұл да атты, мен де аттым. Қайратым барда қажырлық көрсете алмай әрі-сәрі жүрдім. Зордың соры арылып, бір ыңғайымды тауып ем, қайтейін, тепкі көргендей бір тұйыққа тіреліп, оны бұзып орға жығылып отырмын. Өзіме жасағаным өзіме рауа. Амал не? Жасымаңыз. Қолыңыз жетсе, Жұмашқа түсіндірерсіз. Апама, Жұмекеңе сәлем айтыңыз. Енді менің жолым бөлінді. Сау болыңыз,- деп ат үстінен еңкейіп Бопсабайды құшақтады. Содан кейін милиционерге бұрылды.- Ал, азамат, атыспай-шабыспай тұрғаныңа қарағанда сен мені аядың, не бастығыңа ішің жылымайды. Айқай, аттансыз ажырасайық. Ал, Бәке, сау болыңыз,- деп шабдарын бүлкектете жөнелді.

Бопсабай қиралаңдай басып барып отыра кетті. Көзі бұлдырап, иегі кемсеңдеді. Ақжолбекке жаны ашып, әділетсіз зорлыққа қимай дірілдеді. Сақалына іркілген жас үзіліп-үзіліп түседі. Көңілінің толқыны тыншыған апанына тас батқандай, ұйқы-тұйқысы шығып, ағыл-тегіл еңіреп отыр.

- Есіл Ақжолбек! Қор болдың-ау! Құйындай үйірген бір апатқа душар болдың да, қайғысына баттың. Шым баттың! Анау әлгі, әй, бұрмассың! Бұрмассың енді!

Қайда барарсың? Тау тағысы, дала сайғағы болғаның ба? Есіл, Ақжолбек!..

Айдабол өлмепті. Өлмек түгіл жараланбапты да. Қасындағы серігінің ұмтылып барып мылтығын жұлып алды да, ұзап бара жатқан Ақжолбектің жотасын нысанаға алып, тартып қалды..,

* * *

Артынан саңқ еткен мылтық даусы естілгенде Ақжолбек тақымға қысқан бес атарды жұлып алып, қайта оралғысы келіп бір тұрды да, іле сол ойынан тез айнып шабдарға қамшы басты. Сайға қарай көсілте құйғытқан ат ә дегенше жер бұдырын тасаланып, көрінбей кетті.

Қазіргі бет алысы да өзіне беймәлім. Күн кешкірген сайын ат басын ірікпей бұлаң құйрықпен келе жатыр, Алғаш: «Ауданға барып, бар жағдайды Жұмашқа айтып, түсіндірсем, қайтер еді?»- деген шешімге тірелгендей болып еді. Одан да айныды. «Жұмаш орнынан табыла қойса жақсы. Әйтпесе бір емес, бірнеше пәлені қаптатып, акті-сәктісін дайындап отырған Масайым аянар ма? Саламаттың өлімін менен көргенде, әлгі Айдабол дегеніне оқ атқаным одан сайын үстемеленді ғой. Сол шіркінге көздемеп едім. Бірақ жазаға дауа бар ма? Жалп ете қалды ғой. Әй, қу тағдыр-ай! Қақпақылдап қақпаныңа қуалай бергенің бе? Іңкәр дүниенің қақпасын ашқандай кеудемнен тәтті күй тауып, оң-солымды шуаққа бөлегендей аз ғана шеккен күнімді де көпсіндің ғой. Енді қайда барармын? Күнес таба алармын ба? Әйтпесе осы қашқындық көпті қалған ғұмырдың еншісіне беріп, тау мен тасты сағалағаным ба?»

Ер қасынан сығымдап ұстап, ауыр күрсініп, көзін жұмып-жұмып қалды. Шарасына тұнған екі түйір жас ытқып, секіріп, кірпік ұшынан ат жалына тамып-тамып түсті.

- Апам ауру еді. Енді тіпті уайым мен күйіктен-ақ қалжырап, қаусап бітеді-ау! Жалған-ай неткен жұмбақ едің? Кеше ғана осындай күйге душар болам деген ой, үш ұйықтасам түсіме кірер ме еді? Қаңбақ екеш қаңбақ құрлы саялар сайым жоқ. Көрінген қарайғаннан бой тасалап өткенім бе?»

Басын шайқап таңдайын қақты. Уһіледі. Жұматай ағасын көз алдына келтірді. Әжімді жүзді нәр сызығына қасірет ұялатып, бұған әрі мүсіркеп, әрі ашуланып қарап тұрғандай. Әрине күрсінетіні де, қамығатыны да рас. Бір қанадан жарып шыққан бауырға неге жаны елжіремесін. Көктемнен бері Ақжолбектің бұрынғы тірлігінен бөлек жаңа қаракетке ауысқанын көргелі тәубесі мен шүкіршілігін жиі айтатын. Бейіс лебін сезгендей жүзіне мейірім тұнып, өзін дүниедегі ең бір берекелі жанға балаушы еді. Оның үстіне өзгеше мінез тапқан-ды. Намазын оқып болысымен Ақжолбектің үйіне бас сұғар еді. Ақша әжейдің қолын ұстап, сәлемдесетін де, інісінің қасына жайғасатын. Ондайда көп тіл де қатпайды. Тап бір ұзақ жолдан аңсап келгендей Ақжолбектің еңгезердей тұлғасын көз қиығымен шолып өтіп, үнсіз ғана тізесіне қолын салатын. Сіңірлі саусақтардың сол түртінектей жанасуы Ақжолбекке бар тілектен ыстық сезілетін. Екі ұлдың осылай сәл ғана бір-біріне деген ықыласы шешесіне де ұнайды. Көзін сығырайтып пеш түбінде ұзақ қарап жатады да, көгершіннің күркіліндей бәйек үнмен майда күліп алады.

- Әй, екеуің солай үндемес ойнап отыра беремісің. Шаруа жағдайы болса да, кәкір-шүкірді айтып сөйлеспейсіңдер ме? Баяғыда бір көрпенің астына жатып, күбір-күбір сыбырласқанда сөздерің таусылмаушы еді.

Ондайда Ақжолбек жымиятын. Жұматай шешесіне үнсіз бас изейтін.

Кешке ел жатарда Жұматай және келетін. Аласа есіктен екі бүктетіліп кіріп, шешесінің халін сұрайды. Екі аттап төрге озады да, інісінің бір жақ тізесін баса байырғы орнына жайғасады. Бие сауымдай уақыт ішінде көзбен сөйлескен ағайынды екеу үй ішінің кеңесіне араласпайды. Ертеңінде сол әдет айнымай қайталанады.

- Әй, Жұмекеңе қиын болады-ау! Бәрінен де қоңылтақсыған көңілдің жетімсірегені жаман.- Ақжолбек күрсінді де, тізгін қақты. Шабдар шоқыта жөнелді.

## 5

Таңертеңгі шайын алдарына енді ала бергендері сол еді, Рымбектің үйінің сыртынан Бопсабайдың даусы естілді. Жайшылықта да дегбірі шамалы жанның қазіргі асығуы керемет. Сөздері тұтаса лықсып, арасына тыныслеп кіргізбейді.

Уай, Рымбек! Үйдемісің? Әу, ауылнай жолдас, анау

әлгі шықсаңшы! Тез шық! Қарағым-ау, салбөксе болғанбысың, тал түске дейін омалып отырып алғаның қалай? Әне аудан жақтан біреу келеді. Ойпырмай, жүрісі тым суыт екен, тегін болмас! Уай, Рымбек, болсаңшы!

Рымбек бешпентін иығына бос жаба салып, етігін киюге де мұршасы келмей, босағада жатқан тас кебісті аяғына іліп алып, тарпылдата тысқа ұмтылды.

- Оу, Бәке, ойпырмай, жан қоймадыңыз ғой. Не боп қалды?- деп сонау күнгей бетке көзіне күн сала қарап, шаншылып қадалып тұрған Бопсабайға жетіп келді.

Бопсабай бұрылған да жоқ. Сол қолын жақтырмаған сыңай танытып бір сілкіп тастады да, сол шұқшиған қалпын бұзбастан самбырлай жөнелді.

- Көремісің? Анау шаңды байқаймысың? Байқасаң, анау әлгі, Масайым сол! Жай келе жатқан жоқ, бір сұмдығын әкеле жатыр. Анау әлгі, Бақсыбай әнеугүні әлденені бықсытып жүрген. Ол зәндемінің білмейтіні бит астында. Ал, мына келістен үркейін дедім. Астықты түк қалдырмай жинап алады деген қауесет рас болар. Анау әлгі Рымбек шырақ, осы сөзімді ұқ та, жүрегіңе түй де қой.

Рымбек алара бір қарады да, ләм деместен үнсіз бас шайқап қалып, шаң шыққан тұсқа көз жіберді.

Кең бидайықтың қақ ортасын тіле жарып, шұбатылған қара таспадай құба жоннан еңіске қарай тік құлдилайтын дала жолының еңбелек пен қаңбақ домалатып, майда тозаңды ұдайы желпіп жататын беймаза кезеңі - осы күз басы. Әуеден тамшы түгіл дымқыл білінбейтін кей жылдары ащы ішектей созылған мынау жол қарағанды өзекке сүңгігенде, сауырынан қара құйынды кәдімгідей-ақ будақтататын. Сол құйын қазір одан сайын құтырып, будақ-будақ қораланып, әр жерде үйір-үйір шоғырланып, алдындағы жеңіл ләшенкені қуалай омыраулап, ауылға қарай өңмеңдеп келеді екен. Рымбек те теткіп қалды. «Айтса айтқандай, жүрісі суыт екен пәтшағардың! Бәкеңнің сасқалақтауында мән бар»,- деген күдікті ой кеудесінде бір аунақшып оянды. «Жә, жарайды. Сөйлесіп көрерміз. Бізбен де санасар. Артықты аямасақ, алақандағыға жармаспас».

Жеңіл ләшенке екпіндеген күйі ауыл шетіне ілікті. Алдынан абалап шыққан иттердің дүмпуіне шыдамаған оқтаудай жұмыр қасқа торы омыраудағы ақ көбікке



ауыздықтан сілекей ағыза басын қайқаң еткізіп, оң бүйіріне қабырғалай текіректеді.

Бопсабай иттерді шақырды.

Делбені шерттіре тартып, торыны аяңға ауыстырған жүргінші Рымбектерге қарай туралады.

Бопсабай әлгідегі ренішін ұмытып, қарсы жүрді.

- Ассалаумағалейкүм!.. Оу, қарағым Жұмашжан, өзің екенсің ғой... Ат-көлік аман ба? Қара басып сені Масайым ба деп... өткенде ауданда мына астыңдағы пәуескені сол мініп жүргенге... Анау әлгі, атқа алаңдама, Жұмаш інім. Өзім доғарып, торыны суытам ғой.

Рымбек пен Жұмаш амандасып, үйге қарай жөнелгенде Бопсабай торыны бір айналып өтті. Шытыралы шілияны, былғарымен қаптаған қамытты, шығыршықты доғаны бір-бірлеп сүзіп шығып, таңдай қақты.

- Пай, пай! Баяғының жандаралы да дәл осындай салтанат көрмеген шығар. Анау әлгі, аты да келіскен екен. Бұл оқыған азаматтарды қойсаңшы, мал бабын біле бермейді-ау. Жануарды әбден қансорпа етіп...- сөзінің аяқ жағын күбірлеп жұтып жіберді де, қамыттың тамақ-бауын ағыта бастады.

Бопсабай үйге енгенде Рымбектер шай ішіп отыр еді, Жұмаш бір сырғып қасынан орын босатты.

- Бәке, хал-жағдайыңыз қалай?

- Жаман емес, Жұмаш, қарағым. Әрненің басын бір ұстап, анау әлгі, аз-аздап, қопақарлатқан тәріздіміз. Көш жүре түзеледі деген. Оңалып кетерміз,- деп ежірейе қарады да, алдыңа келген кесені іліп алып, саусақтарына қондыра қойды.

- Түзеп әкеткен жоқсыздар ма?

- Біз түзеуін түзерміз-ау, бұзамыз деушілер де табылады,- деп кесені ерніне апарып, ыстық шайды сыздықтата тартты.

Жұмаш еңсеріле бұрылды.

- Көпшілік ұйым құрдыңыздар, артель аштыңыздар, комсомол ячейкасы жұмыс істейді. Мектепті тұрғызыпсыздар. Жерді бөліп алып, иемденіп отырсыздар. Бұлар - аз жұмыс па, Бәке?

- Дұрыс қой оның. Әрине аз емес. Маған салсаң бар ғой Жұмашжан, анау әлгі, әлі де шынжаумыз.Мәселенки, мені мен Бақсыбайды салыстыр. Ол әлі мың айдайды. Менде бұрынғы көкжағал да жоқ. Көктемде қол жайып, атының қоңын сұрап Бақсыбайға жалындық. Енді қыр-

мандағы астықты бастыруға, бидайды ауданға жеткізуге деп тағы сол Бақсыбайға алақан жаймақпыз. Анау әлгі, қол қысқалығы еріксіз сүмірейтіп сол байларға көз сатқыза берсе, менің Бопсабайлығымда қадір қала ма, жоқ па? Соны айтшы!-деп қопаң етіп тігіле қарағанда, Жұмаш кеңк-кеңк күлді. Күрсініп тоқтады.

- Иә, Бәке! Білем жайыңызды. «Жуанның жұқарғанын, жіңішкенің толысқанын» көруге мен де құштармын. Бірақ бар тілекті бір ғана күнде орындай қою мүмкін бе? Әр істің өз реті, өз кезегі болады. Үкіметті кедейлер түгел өз қолдарына алып бітті. Байлар бұрынғдай билік көрсете алмайды. Бұл жетістік пе? Жетістік. Ауылды жаппай советтендіруге шұғыл кірісіп кеттік. Соның бір мысалы мына сендердің игілікті әрекеттерің. Ортақтаса жұмылып, бірігіп ұйымдасқан тірліктерің. Ал, күш-көлік жағына келсек, о да болады. Енді бір-екі жылда трактор да жетер. Бақсыбай ма? Бақсыбайлар қайда кетеді.Мың онықі аталғанымен, нағыз иесі - халық, көпшілік қой. Мал иесін табар.

Бопсабай кесені алдына қоя салды да, алақанымен бетін басты. Жымың-жымың етіп отырды да, Жұмаштың иығынан салып қалды.

- Анау әлгі, Жұмашжан, солай де. Түбінің бір қайыры болар дейсің, ә. Бақсыбайларға біткен мал маған да құтаятын болса, осы бар ғой, Жұмашжан, саба демейін, мес демейін, торсықты да атамайын, анау әлгі, күбі шелек пе, соны пісіп-пісіп ақ көбігі бұрқыраған ашқылтым көженi өзіңе ұсынбасам, қара да тұр.

Жұмаш бас изеді. Кейін сырғып күміс портсигардан бір тал папиросын алып, ерніне қыстырды. Рымбек жалма-жан сіріңке шағып ұсынғанда, оған да бір талын ұстата қойды. Үй ішінде көк ала түтін көлбендеді. Бопсабай жөткірінді.

- Дұры-е-ес! Алақанға түкіріп, құлшына берейін онда. Анау әлгі, тері шалбардың бауын шеше алмай отырып, баяғыда Дүтбайдың әкесі марқұм мақтанушы еді. «Қасқа айғырдың үйіріне салған көк биенің маңқа құлынының жарғағынан тіккен шалбардың жылуы құдық пешінің ыстығынан бір кем емес»,- деп. Анау әлгі, соған ұқсап кетпедім бе, Жұмашжан? Мен өзі жақсылыққа үйып түскіш жанмын. Көңілімді анда-санда бір көтеріп қоятын сендей іні тапқаныма құдайға құлшылық айтармын. Анау әлгі, тілегімді тірілтіп келетін сендей азаматыма алғысым мол.



Жұмаштың көзінен жас ақты. Екі иығы селкілдеп үнсіз күлгенде аузындағы папиросы секек қақты.

Бопсабай қайтадан салғырт өңге көшті.

- Ал, Жұмаш келістік те күлдік. Анау әлгі, о да қажет екен. Онсыз болмайды. Енді күлкімді көметін күдігімді ақтарайын. Байыптап құлақ сал. Өкімет тұқымдық бидай берді. Қуандық та құп алдық. Анау әлгі «қосшы» ұйымы кезінде де берген болатын. Әйтеуір, өз үрдісінен жаңылмаған өкіметімнің осы көмегін кейбіреулер солай болуға тиіс деп санап, елемейтінді де шығарып жүр. Анау әлгі, пенденің ұмытшақтығын бетіне баса беріп қайтеміз. Ал, алмақтың да саламағы бар дейтінді білмейтін ашаңды сығыр біз емес. Салықтың өздерің көктемде бекіткен жобасын дұрыс көріп, ол мөлшерді уақытында ауданға жеткізіп беруге әбден дайынбыз.

Рымбек киіп кетті:

- Әу, Беке! Жол жүріп, шаршап келген қонақты бекер әурелемейік. Дем алсын. Жұмыс жайын кейін сөйлесерміз.

Бопсабай құнжыңдап қозғалып, Рымбекке қарай құйрығымен бір сырғыды. Оң қолын көтеріп. төбесіндегі топысын іліп алып, жерге атып ұрды. Еліре сөйледі.

- Жә, ауылнай! Анау әлгі аузымнан қақпа! Е, Жұмашжан менің бөтенім бе екен? Айтсам, түсінеді деп, ұғады деп отырмын. Кеудесіне тоғыз қабат торғауыт қаптап, ішіне сөз ендірмейтін сырты бітеу талайды мен де көргем. Анау әлгі, ондай күнді аулақ қылсын.

Бопсабайдың қызынған түрін көрген соң Рымбек үнсіз аузын бақты да, Жұмашқа қиыстады. Жұмаш болса мына ақсақалдың асығыс, шарт-шұрт мінезін білетін, қазір де сол қылығын, турашыл қылығын қатты ұнатып, темекісін өшіріп, от басына шиырып тастады да, басын изеді.

Бөгелмеңіз, Бәке. Пікіріңіз дұрыс. Айта беріңіз.

- Жұмашжан-ау, менікі жаны күйгеннің құр тызалақтауы ғана болар. Анық-қанығына көзіміз жетпейді, Әй, бірақ «Жел болмаса шөптін, басы қимылдамас». Естіп жатырмыз. Астығымыздың ұшығы мен пұшығын да қалдырмай, үкімет жинап алады деген не сөз? Сол рас па? Рас болса, бар тапқанымызды үлестіріп беріп, осы

біз өзіміз қалай күнелтеміз?-дегенде әжімді жүзі бүрісіп, бір уыс болып қимылсыз төнді.

Жұмаш күрсінді. Көк көйлектің сыртынан буған доғабас былғары белдігін ағытты. Жайлап басын көтерді.

- Бәке, «Сыбырлағанды құдай естімес пе» деген. Сізден жасырып қайтейін. Салықтың мөлшері көбейгені рас. Бірақ сіз айтқандай түгел сыпырып алмаса да, шаруаны мықшыңдатып келетін ауырлығы мол.

- Әу, соны кім шығарып жүр? Қаусаған кәріге шейін ала жазда құйрық баспай алпарысқан осы ауылдың бар нәпақасы көз алдымызда қолымыздан сусып шығып бара жатса, анау әлгі, Жұмаш-ау, ашынған жұрт алдымен мына менен тергеу алмай ма? Неге алмасын? Алады, әрине, олардікі жөн. Анау әлгі, арқадан тұзы, маңдайынан тері шыққан байғұстардың тапқаны - тамағынан өтер талшық болмаса, онда несіне әртел болдық деп дүрсе қоя бермей ме? Әу, бауырым, сонда менің үгітімнен не қайыр? Апыр-ау, анау Бақсыбайдың малын баққанда да, мардымды болмаса да еңбекақы алушы еді ғой. Анау әлгі, енді өкімет те, жер де, игілік те өзіңдікі деп еркіндік берген шақта - бұ не еткен қаталдық?- деп Бопсабай ашына сөйлегенде шырылдаған даусы қаттырақ естілді.

Рымбекті де қинаған осы сауалдар еді, төмен тұқыртқан басын көтеріп Жұмашқа назарын салды.

- Білмедім, Бәке. Жоғарыдан нұсқау осылай келді. Облысты айтам да. Әзірше онымен хабарласқанымыз жоқ. Өзіме де дәл осы көтерме салық онша ұнамайды. Кім білсін, кейбір «у ішсең руыңмен» дейтін бастықсымақтардың бұрмалауы ма екен, әзірше ажырата қойғам жоқ. Әр жер, әр жерде осындай ауыр салықпен бірлестікке енген ауыл шаруаларын артель мен совхоздан безіндіріп, іріткі салуға тырысқан жау әрекеті де ме екен, менің де сендерге асығыс келген жағдайым сондықтан. Ет қызумен шала бүлінбеңдер. Көктемдегі белгіленген салық мөлшерімен астықтарыңды өткізе беріңдер. Оған дейін өлкемен байланысып, мәселенің байыбына жетерміз,- деді Жұмаш.

Көңілі орнына түскендей, байырқау тапқан Бопсабай одан әрі көп отырған жоқ. Шығып кетті.

Бопсабайдың бұл хабарды естігеніне екі күн болып еді. Қырмандағы астықты бастыруға және ауданға апаратын күш-көлікке деп тағы да атының майын сұрауға



артель кеңесінде Нұржанды Бақсыбайға жұмсаған. Алғаш Нұржан біраз бұлталақтаса да, іле бай аулынын мол дастарқанына битімді бір салсам да жаман болмас деген ниетпен келісімін берген.

Нұржан қозыкөш жердегі ауылға бару үшін Мекеге баратындай ұзақ жиналды. Біреудің шекпенін сұрап киді, екіншісінің жүгенін алды. Одан ылауға деп Рымбектің қара сұр бедеуін қалады. Үйінің қасына қаңтарып қойып бедеудің қайта-қайта жал-құйрығын тарады. Ер-тоқымын баптады. Үйіне кіріп төр алдына қисая кетіп, Қарақызға дауыстады.

- Қаты-ен!

Қарақыз сырттан самбырлап енді.

- Не? Не боп қалды?

- Қатын! Жолаушы жүретінімді білесің бе? Бақсыбайдың өзіне барғалы отырмын. Соны сеземісің, суми!

- Адырам қал, Бақсыбай күтіп отыр деген.

- Әй, қатынның ақылы қысқа деген осы-ау. Сен менің елші боп бара жатқанымды ұмытпа. Елдестірмек елшідеи, жауластырмақ жаушыдан. Бақсыбай мені күтпесе де, елшіні күтеді, ал!- деп Нұржан ширенді.

- Тұтақ, жаман катты жетістірерсің! Байболдан алам деген сиырың қайда? Сен әкеліп, мен саумай қалайын!- деп Қарақыз шаптығып ала жөнелді.

- Жә, жә! Тоқтат, қымыз бер!

- Таңертең де бер, түсте де бер, кеште де бер. Бір биенің сүті бір өзіңнен артылмайды. Анау Қалаубектің көкесі - ауылдың ақсақалы сол кісіге де ауыз тигізуден қалдық.

- Жарайды енді? Бүгінгі кешкі ішетінімді сол Жұмекеңе берерсің,- деп бәсеңсіп тұрды да, басын жұлып алды.- Оу, болсаңшы! Жолымнан қалдырдың ғой. Ит ішкіріңді, әйтпесе осы қазір бір-ақ ақтарайын ба!

Қарақыз ылдилады. Шеті кетілген торы ала тостағанға торсықты еңкейтіп қымыз құйды да, үнсіз ұсынды. Нұржан тостағанды басына бір-ақ көтерді. Тілімен ернін жалады.

- Түу, сен мал болмассың, қатын. Баппен ұстайтын күнің болар ма екен. Көк татып кетіпті ғой. Торсықты ыстай салсаң қолын жиди ме?

Қарақыз қайта қызынды. Астыңғы ерні сүйреңдеп ілгері жылжығанда, үстіңгі ерні жымқырылып ішіне кіріп кетті.

- Еркек екеніңді бүгін танып қапсың ғой. Ойбай-ау, сен тобылғы шауып әкеліп, мен ыстамай қойған екем ғой. Аузымды өйтіп қышытпа! Ішпесең ішіңде кетсін!- деп бидайша қуырды.

Нұржан асықты.

- Оу, Қарақыз, болды! Болды деймін. Өзіңе керегі тобылғы ма? Рымбектің бедеуін неге міндім? Жуас ол. Бір арба тобылғы бөктеріп әкелейін саған.

Содан ауыл үстінен шоқырақтатып аттанғанда талма түс болды. Асықпай аяңдап Бақсыбай аулының төбесін шалғанда күн бесінге тырмысқан-ды.

Нұржан ат басын қалай бұрарын білмей аз-кем кідірістеді де, ақыры байдың ақ ордасына туралады.

Бақсыбай Нұржанның сәлемін селсоқ алды. Жөн сұрады.

- Иә, жөн! Жөн! Келіп қапсың, Нұржан. Дұрыс.- Ыңыранған байдың кісі келді-ау деп ең болмаса өтірік мезіреті білдірмегеніне Нұржанның ит арқасы құрысты. «Нағыз доңыз! Шіренуін қарашы! Кісі-ау демейді. Әлгі Байбол неме отырсыншы осы арада. Ендігі ақ бауырсақ төгіліп, бас үйтіліп, қазан асылып әбігерге түсіп жатар еді. Қап! Бәлем, Бақсыбай, саспа! Өкінтермін!»,- деген ойға бөккенде өз-өзінен мардымсып, кеудесін шаншып алды.

- Иә келіп қалдым, байеке. Тегі, көптің ауқымы керемет қой. Бір жағы өтініш, бір жағы елшілік дегендей... әйтеуір құр алақан жаюдан аулақпыз,- деп ірілік салғастырғандай қопақарлатып жон көрсетуге далбаса жасады.

Бақсыбай мырс етті. Жамбасының астынан шақшасын алып, тығынын қос саусағының арасына қыстырды. Аршадан жасалған қоңыр күрең тығын бағанағы Қарақыздың бас бармағына ұқсап кетті. Нұржан көзін тайдырып әкетіп, есікке қарады.

Үйге Күнсая кірді.

Бақсыбай ыңыранды.

- Нұржанға қымыз құй. Асығыс болар.

«Асығыс емеспін»,- деп Нұржан айта алмады. Бетінде ірімтіктеліп майы қалқыған баладай қымызға ернін тигізді де, қайтарып берді. Әлгінде сусап отыр еді, Бақсыбайдың тарылған пейіліне қысас танытам деп, аяқ астынан қырсықты.

- Неге ішпедіңіз?- Күнсая сызылды.



- Ысы аз екен. Мен өзі қымыздың бабын білемін ғой. Жалғыз биемнің қымызын біздің үйдегі әйелдің жақсы ұстайтыны сондай, кей қымызға қарағым келмейді.

Күнсая үндеген жоқ, тостағанды апарып қойып, шығып кетті.

Бақсыбай ернін бұлтитып, тілін жүгіртті де, еңкейіп барып, аузындағы насыбайды от басына түкіріп тастады.

- Сонымен елшімін де...
- Елшімін.
- Сонда бір елді екіге бөлген екенсіңдер ғой?
- Қалай? Түсінбедім?
- Несіне түсінбейсің? Елші екі елдің арасына жүрмей ме?

Нұржан қыпылықтады. Көзін қашыртып, кіргенде іргеге тастаған Бопсабай қамшысын ұстап, сабын саусағымен тырс-тырс шертті.

- Енді елшімін деп... сөз реті келген соң айтып қалып... Бақсеке, бір-бірімізді түртпектеп қайтеміз. Онан да бұйымтайыма қалай қарайсыз?

- Ау, Нұржан шырақ, сенің оның бұйымтай ғана болса жақсы ғой. Маған бұйрық тәрізді сезілмеді ме? көп ауқымы керемет деп бір кеттің. Артында қолыңды сайлап келіп, сондағыдай тағы басымды жарғалы әзір отырмағандарыңды мен қайдан білейін,- деп төсек үстінен жастық алып, шынтағына басты.

Нұржан қара терге түсті.

- Байеке... ойбау-ау, көп ауқымы деп... мен басқаны айтып едім. Ондағым: біз де қара жаяу емеспіз. Еңбегіңізді... ә... көлігіңіздің ақысын төлейміз_ дегенім. Құдайға шүкір егін биыл жылдағысынан да бітік. Астыққа шаш-етектен бolармыз-ау. Шашпай-төкпей жинап алсақ, бұрынғыдай ешкімге көз сата қоймаспыз,- деп қызып кетіп, еліре аяқтады.

Бақсыбай кеудесін көтерді.

- Бәсе, нығыз едің, байитын бопсыңдар ғой.

Нұржан тайсалмады. «Әлгінде менсінбеп едің. Шоқ! Шоқ! Біліп қой Нұржандарды! Осал емес. Ішіңе қызғаныш өртін мықтап салайын!»-деген пікірге бекінді.

- Иә, байимыз! Қашанғы бүрсектете берер, тәңірдің оң қабақ көрсетер шағы бар шығар. Алла жазса астықты саудалап, бір-бір қараны кермеге де байлармыз,-

дегенде көздері жайнап кетті. Дәл осы қалпында жүр-дек тілдің шабан ойы да бір қыр асып еді, көз алдына кілең доға жал қыл-құйрықтар тізіле қалғандай, сіле-кейі шұбырып езуден жылыстады.

Бақсыбай еріксіз қабақ шытты.

- Көз қиығына ілмей кетіп жүрмеңдер біз сияқты байғұстарды. «Қилы-қилы заман болады, қарағай басын шортан шалады» дегендей, әлден азуларыңды қайрай бастапсыңдар, Нұржан. Егей, егей мұқалтып алмаңдар.
- Ол уайым емес, байеке. Бәрінен де бастау қиын екен. Бір жылжытқан соң кейінгісі түк емес. Қол жат-тықса, қойын толады. Семізді керте жегендердің де озып кеткенін көрмедім,- деп Нұржан қыза-қыза қопаңдай кетті.
- Жә! Әйтеуір алданып қалмаңдар.
- Кедейін кедейі алдамайды.
- «Адам аласы ішінде». Бойлау қиын Ендірмесе, ең-бегің ең. Торығасың да қорынасың.

Бақсыбай тағы да мырс етіп, кекесін толы жалпақ жүзді түгел көрсетті.

- Ол тықырға бұл тықыр қосылмайды. Баяғы әуен сол ырғағынан жаңылмапты. Оған үйренген құлақ елең етпейді, байеке,- деп Нұржан саптамасының қонышы-ман шақшасын суырды.
- Әй, жазған! Мені әлі де құбыжық көресің-ау. Қа-рап жатсам да, қамдарыңды ойлап қабырғам қайысып жататынын білесіңдер, бүйтіп көбік шашыратпас едің-дер ғой,- деп Бақсыбай шаршаған ыңғай танытып, даусына күрсіністі кейіс араластырды.

Нұржан алақандағы ащы насыбайды сұқ саусағымен үгіп отырған, жалт қарады.

- Сонда не демексіз?
- Мен не дейін. Сендердің ашық ауыздықтарыңа күйінемін. Өкімет кедейдікі дегенде дауыстарың жеті қырдың астына жетеді. Ал, жарылқаған өкіметті көрдің-дер ме?
- Бақсеке, маған қалай тиіссеңіз де еркіңіз. Ал, өкі-метіме соқтықпаңыз. Килікпеңіз арамызға!-деп Нұр-жан шарт ете қалды. Әлгіндегі сұраулы жанарда енді ызалы ұшқын ойнады.- Кер жалқаудың нағыз өзі бол-сам да, мен ол өкіметке, өз өкіметіме ешкімнің тіл тигіз-генін көтере алмаймын. Ау, жарылқады ма деймісіз? Осыны кекетіп сұрайсың ба? Жарылқамай, жарқылқа-



ды! Бәрін берді. Жерін берді. Тұқымын берді. Енді не керек?

- Тұқымын берсе сені аяп бермеген шығар. Жерін берсе егін ектің.
- Ектім. Өтірік пе?
- Иә, ектің. Теріңді де аз төкпедің. Бірақ соның бәрі кім үшін? Әне, білмейсің. Сен әлгінде астықты саудалап, байлыққа шаш-етектен батамыз деп судай естің. Әрине, түстік ғұмырың болса, кештік мал жи дейміз. Бір қолың төртеуленсе жаман емес. Ал, бірақ...- Бақсыбай сәл кі-дірістеп, үстелдің үстіне қонған жалғыз қара шыбынды алақанымен қағып алды. Жұдырығын құлағына апарып тыңдады да, сол жұмулы қолды ілгері созды,-Ал, бірақ, Нұржан, егіндіеккендеріңмен кімге еккендеріңді білмей-сіңдер. Ол астықтан сендерге тұқым да тимейді. Бәрін сыпырып алады.

Нұржан шаңқ етті.

- Кім ол сыпырып алатын? Тұп-тура Жұмаштың өзіне барайын.
- Кім деймісің? Сол Жұмаш. Сол кедей өкіметі.

Нұржан қапелінде аузына сөз түспей, иегін кегжең-детіп ауа қарманды.

- Жұ-жұ-маш па? Жұмаш кім?

Бақсыбай күлді.

- Иә! Сол! Немене, сенбеймісің? Көтерме салық деп астықтың бәрін жиып алып жатқан көрінеді. Жалғыз сендерге емес, бүкіл диқан қауымына түскен нәубет. Пенде! Оған жоғарыдан нұсқау келсе, орындау керек. Дұрыс, терісіне қарамайды.

Әйтпесе, қызметінен кетеді. Ал, әзірше өз еркімен ор-нынан бас тартқан пендені кездестірген жоқ.

Нұржанның ұнжырғасы түсіп кетті. Әлгіндегі ызалы ұшқын атқан көздері жасаурап Бақсыбайға жалынышты жапақтады.

- Сонда... апырай, біздің халді ойлайтын жан бол-мағаны ма? Бүкіл жиған-тергенді сыпырып алса... Әй, өйтпес. Олай етпес, Бақсеке? Жаңылыс естіген боларсыз.
- Нұржан, сенімен ойнайтын жездең де, жиенін де емеспін. Және бұндай хабардың анық-қанығына көзім жетпей, таратып жіберсем мені де оңдырмайтынын бі-лем. Ендеше, әңгіменің анықтығына сене бер,- деп мү-сіркей қарады. Байдың аяр түрін шын жан ашырлық деп ұққан Нұржан мойнын созды.

- Қандай ақыл қосасыз? Тып-тыныш үнсіз қала береміз бе? Аштан өлгенше алысып өлейік пе?

- Әй, байғұс! Тым тайызсың-ау! Менің ақылым сендерге ем болар ма? Алысып өлем дейсің. Не бітіресіңдер алысқанда. Анау Ақжолбек түк жасамағанда сенен не шықсын. Апарады да, абақтысына қамай салады.

Абақтының атын естігенде Нұржанды діріл баурады.

- Енді не қыламыз? Тұяқ серперде ешкі де маңырайды. Сол ғұрлы қаракетіміз болмағаны ма?

- Жә! Әліптің артын бағыңдар. Кедей өкіметі - өз өкіметтерің ғой. Өлтірмес. Қалт-құлт етіп күн көріп үйренген бастарың, азар болса тарығарсыңдар тағы.

- Өкі-мет, өкі-мет! Өзіне онысы. Барымды мұрнымнан шығып тартып алатын болса, қайтем оны! Әй, қураған қу қақбас, Жұматай-ай! Егін деген пәлесін қайдан шығарып еді, ә! Әртел деп және дуылдатып. Айтып-ем-ау әртелің - ертегің деп! Күн айналмай келді ме?- тарғылданған даусы күңіреніп, үйді басына көтерді.

- Қой, шырақ! Мынауыңды менен басқа естімесін. Біреу-міреу «Бақсыбай жатақтарды үгіттеп жатыр»,- деп ағаш атқа мінгізер. Онсыз да бұл күнде тұзым жеңіл. Босқа күйермін,- деп Бақсыбай басалқы айтқан болып, күрсініп алды.- Бас ауыртатын ештеңе жоқ. Әркім өз еңбегін біледі. Төккен тер өзінікі. Орып алса, астық қамбаға құйылмай ма...

«Орып алса... Иә, орып алса... Сөйтем. Өзімдікіне өзгені киліктірмеймін. Бас қатыратын түгі жоқ. Барам да өз үлесімді орып алам. Сонан кейін қылатынын қыла берсін. Аштан өлер жайым жоқ. Алақанды ойғызып, сорамды ағызғанда... кім көрінген үшін жан қинағам жоқ!»

Үңіліп алақанына тесілді. Ойылмақ түгіл, мүйізденбепті де. Бірақ дәл қазір оны ескерер Нұржан емес. Тұс-тұстан андыздаған ойдың құрсауында өз кесімімен артық шешім жоқтай, іштей мықтап бекінді.

- Ау, ақсақал, мен қайтайын онда.

Бақсыбай суық жымиды.

- Неге асықтың. Қазір өрістен мал оралады. Көптен келмеген сыйлы қонағым өзіңсің. Қона жатып, сыбағаңды жеп кет, Нұржан. «Әй, зымиянсың-ау! Бағанадан бері сыбаға бергіш болсаң неге қимылдамадың?»- деп іштей құрысқан Нұржан жауырынын бір қиқаң еткізіп қойды. «Шынында, ерегіскенде қонып қалсам қайтеді?



Азар болса бүгін түнеп, ертең ала көбеден атқа қонармын». Білем-білем құйрық пен сары ала тұздық елестеп, сілекейін жұтынып қалды. «Қой! Құрсын! Ет жеймін деп жүргенде, мен жоқта уәкіл шығып, егінді жинатқызып тастар! Онда нағыз ақауыз қалармын».

- Рақмет, байеке! Келмей жүрген үйіміз бе, жемей жүрген асымыз ба? Кейін де реті болар.

- Өзің біл, шырақ. Әйтеуір, сөзге-жамандамаңдар.

- О не дегеніңіз. Сізге қылдай кінәрат тақсақ, адам болмай кетейік,- деп қолымен жер таянып тұра беріп еді, Бақсыбай иығынан басып қайта шөктірді.

- Әлгі бұйымтайыңды не қыласың?

- Қай бұйымтай?!

- Оу, күш-көлік сұрап келмеп пе едің?

- Иә, иә! Апырай, оның ақысын немен төлейді?

- Болды. Оған босқа уайымдамаңдар. Ат терін сатып Бақсыбай байымас. Сендерден түк пайда түспесін көктемде-ақ білгем. Ағайын ажарын салған соң, назарымды бұрмаймын деген тілеулестік менікі. Өздеріңде тиер-тимес азын-аулақ бидай-саламыңа таласпаймын.

- Рақмет, Бақсеке! Жағыңыз түспей жамандық көрмеңіз. Осы жұрттың азғырындысы жаман. Жұрт десең өзіңе де тиеді. Сізді сыртыңыздан бекер ғайбаттайды екен. Бүгін көңілім әбден толды.- деп Нұржан жүрелеп отырған күйі кішкене денесін иіп, ризалық білдірді.- Ал, мен айтсам еңбегіңізді...- аттың майын жемеспіз. Жеп кетпеспіз.

- Жарайды, оны қояйық. Мен отқа қарап отырғам жоқ. Бәрінен де анау жатақты аяймын. Әлгінде сен, Нұржан, Жұмекең ақсақалды қыжырттың. Жаны ауырған жасағанын қарғайды деген. Сонда да Жұмекеңе бекер ұрындың. Ол кісіде қандай кінә бар? Жазығы сендерге егін салдырып, жыртығыңа жамау болғаны ма? Аулыңның ұйытқысы керек десең, тірегі де сол Жұматай.

- Дұрыс айтасыз. Жұмекең - пайғамбар ғой,- деп Нұржан тез келісті.

- Ендеше, беталбаты тақымдамаңдар. Әттең, қартайып барады. Әйтпесе, анау шайтан жолына түскен ұлына тыйым салар еді. Бүгінде, бірақ әкенің тілін алар бала бар ма? Жоқ қой. Бәрі өзім білемнің кеудемсоқ әлегінен тізгін үзер шіркіндер шетінен. Оның үстіне іштен шыққан шұбар жылан, қатты айтуға қимайтын да шығар.

- Оныңыз рас, Бақсеке.

- Оны сезсең, онда Қалаубекті тым еркінсіте бермеңдер. Көп ауқымы керемет деп өзің айттың. Көп ырқынан ықпайтын жалғыз жоқ. Көндіріңдер. Қазаққа шорт-морт тән емес. Молдадан тіл сындырған біз жұртта қалдық па? Ол жігіттікі көзге көрінем деп жастықтың қызуымен ұрыну ғана. Ұрыншақ ат не істемейді, не бүлдірмейді? Тәртіпке өздерің салыңдар. Тезге өздерің түсіріңдер. Содан кейін қалай бұлтақтар екен.

- Апырай, адам ойындағысын дөп басар көріп келіңіз бар екен, ақсақал. Сол Қалаубек күшіктің оқу-тоқу, кәмсомол-мәмсомолдары маған да түрпідей тиюші еді. Енді аянбаспын!- дегенде Нұржан қамшысын қымтап ұстап, білемдеп қойды.

- Бәсе, жаман-жәутікке Нұржан ілеспес деуші едім, қателеспеппін. Жын буып, ит қуған баланың шылауында кете қоймассыңдар. Ондай күнде өз обалдарың өзіңе.

Нұржан орнынан тұрды.

- Мен аттанайын, байеке.

- Сен онда құр қол қайтпа. Кермеде қарагер тай байлаулы тұрған шығар. Соны жетектеп кет. Өз қолыңмен әкеп тапсырарсың,- деп Бақсыбай бозарған өңін бұрып әкетіп, қала берді.

Жол бойы Нұржан еш жерде аялдаған жоқ. Бедеуді екі өкпеге тебініп өзі де шаршады, атты да болдырты.

Милысайға кеш қарая жетті.

Алдынан тосып жүрген Абыланға тайдың шылбырын ұстата салды.

- Бәрі осы ма? Жалғыз тай не болады?-деп Абылан қоңылтақсып еді, Нұржан ашу шақырды.

- Әй, Абылан! Осы сен неменеге ала өкпе боласың, ә? Жаздай тыным таппадың. Мұрныңа су жетпей тыпырлап едің, ал жетісіпсің!

- Не дейді? Не оттап тұрсың?

- Оттаған сен! Сендер! Шетіңнен мал болып жайылып, істің байыбына бірің бармайсыңдар. Анау Рымбек ауылнай «әй!» десе жүріп, «шәй» десе тоқтап, бас көтересіңдер ме? Анау Қалаубек екеш Қалаубек те сендерді жусатып қайырады. Оттаған кім екен, ә?

Абылан түкке түсінбей аңтарылып тұрды да, көршісінің түтігіп кеткен жүзіне байыпты көз тастады.

- Қой Нұржан, сен бүлінетін ештеңе болған жоқ. Бақсыбай күш-көлігін аяды екен соншама таусылғаның



не? «Қазақ қай сүтті қызын береді» деп, бай жарылқағанын қашан көріп едің? Онсыз да өлмеспіз.

- Күйсе, күйсей түс. Жамандардың баяғы Бақсыбай ғой. Соны қаралай берсем, Едігенің оң көзіне ілінем дерсің.

Абылан күйіп кетті.

- Қой, құтырма! Бақсыбайды жамандасам, оның сұмдығын, сенен гөрі, мен көп білем. Ал, Едіге сенен садаға кетсін. Сен сияқты Едігенің көзіне түспей-ақ қояйын.

- Қыршаңқысың! Біле білсең, Бақсыбайдан адал жан жоқ. Ағайын саған жақын, маған жат. Бірақ алалық етпейді.

- Өзіңді үйретіп жіберіпті ғой.

- Иә, үйретті. Көзімді ашты. Соқыр екем. Саңылау енгізді. Мылқау екем, тіл берді.- Нұржан үй жағына бұрылып айғай салды,- Қарақыз, уау, қатын! Үйдемісің?

Абылан басын шайқады.

- Баяғы Нұржан, бақырауық Нұржан едің, әлі сол қалпың. Саған оқу да, үйрету де өтпес.

- Ә, келеке етпекпісің. Жығылып жатып сүрінгенге күлгеннен құдай сақтасын. Кел, онда келеке етісейік бір-бірімізді. Абылан, осы сен биыл қанша астық аласың?

- Біраз алам...

- Қанша сонда?- Нұржан тықақтады.

- Он шақты қаптан кем болмас,- деп Абылан күмілжіді.

- Әне, оттапсың сол. Он қап түгіл он бұт та тимейді.

- Не? Қайталап айтшы.

- Естігенің сол. Көңіліңдегі кеңге салма. Бәрібір ертең-ақ тарыласың. Сол кезде тілмарсығаныңды көрсем!..

Абылан тақалып келді.

- Әй, Нұржан, күлтілдетпей, ашып айтшы. Мен неге астық алмаймын? Алғызбайтын кім сонда? Сен бе?

- Мен кім едім? Өзіме де жоқ ол ит жегірің. Бәріміз де қағылып тұрмыз. Құртты ғой, Абылан-ау!-деп Нұржан зарлана еңіреп жіберді. Содан соң Бақсыбайдан естігенін түгел жеткізді.

Суық хабар жатар ма, жатақ аулына әп-еәтте тегіс тарады.

Бәрі Жұматайдың үйіне жиналды.

Жұматайдың ыңқыл-сыңқылы көбейіп, төсек тартып жатқан, көршілері тік тұрып келген соң, жотасына екі-үш жастық төсетіп, кеудесін көтеріп отырды.

- Ел ұстауға үйрендік дейтін мықтыларың мына отыр,- деп қолымен Рымбек, Қалаубектерді нұсқап өтті.- Ал, бірақ дүркіреп жиналғандарына қарағанда, ағайын, беттеріңнен от лапылдайды. Ашу-дұшпан, артын ойлаңдар. Салықтың мөлшері аздап өскен болар. Ішім-жеміңе жараса, артығын неге қысамыз. Сұраса, түсініп барып, әжет ашармыз. Босқа даурықпайық.

Абылан тамағын қырнады.

- Жұмеке, әділетті бес уақ намазыңыздан да бұрын атаушы едіңіз. Ырзалық көрсететін не қалды? Шаруа баққан диқанда артық астық бола ма? Бер дегені - қинағаны емес пе?

- Білмедім, Абылан. Ғайыптан болжайтын сәуегейлігім жоқ. Бар сенгенім: кедейді жылатпас. Сол сенімге жүгінейік,-деп Жұматай иығындағы шапанын қаусырынды.

Нұржан босаға жақтан дауыс қосты.

- Сене-сене шаршағанбыз. Енді күтер ештеңе қалған жоқ. Бұл нәубет бүкіл диқан әулетіне түскен көрінеді. Бізді алалап қалдырмайды. Онан да алдын алу керек.

- Нұржан, қарағым, осыны сен кімнен естідің?

- Кімнен болушы еді... Естідім...- деп Нұржан тұқырды.- Анау, ауылдың бәрі шуылдап жүр.

- Шудың дақбырттан туатыны да болатын.

- Жо-жоқ, Жұмеке, бұ жолы ондай дақбырт емес. Дәл анығы Бақсыбайдың өзі де айтып отыр.

Рымбек мырс етті.

- Бақсыбай жатаққа жақсылық тілемейді. Қолынан келсе, осы ауылды түп орнымен өртер еді. Амалсыздан бармақ тістейді. Бақсыбайдікі арандатушылық.

Нұржан ентелеп ортаға ұмтылды.

- Жә, ауылнай! Жә! Үгітің өзіңе. Басқаны білмесемде, сені тәуір білем. Бақсыбайға жапқан болып, бізді алдаусыратып шығарып салмақсың, ә? Сөйтіп, қапыда сансоқтырмақсың, ә? Оныңа көнбеймін. Менің берер бір түйір дәнім жоқ. Қан болмай қайтпаймын осымнан!- дегенде шатынаған көзде қос қарашық тереңдеп кетті.



Дуылдаған үндер қуаттады.

- Нұржан жөн айтады.

- Иә, өз аш-арығымыз да аз емес!

- Немізді береміз, қайта бізге берсін!

- Қоң жимасын, көңілін көтермесін деген зауалды маңдайымызға жазып қоймаған шығар.

Жұматай көз астымен Қалаубекке елеусіз бұрылып өтті. Әке аңғарын ұқты ма, әлде көмейін сөз кернеп тұрды ма, Қалаубек ағындады.

- Ағайын, жан қысылғанда ышқынған кеуденің шуылы көбейетіні рас. Сіздерді түсінем. Әрине, қысас көрген көңілдің шырылы әдетінен жаңылмайтыны рас. Сіздерді мен де қоштаймын. Тек, адасып қалмайық. Жау әрекеті кейде бүлкілмен тарайтын, кейде айтақтаумен өршитін. Тақымнан алғыза бермейік. Құр босқа дүрілдегенімізбен түк бітірмейміз. Ауданнан хабар тосайық. Әлден шала бүлінсек, босқа арандауымыз мүмкін. Нұреке, сіз лап-лап еттіңіз. Бірақ істің байыбына бардыңыз ба? Жоқ, Тұқымды өкімет берді. Осы көмегі көмек пе? Енді сол бергенін сұраса - түк көрмегендей теріс айналғаныңыз жөн бе?- деп қадалып тоқтады.

Нұржан өзеуреді.

- Әй, Қалаубек шырақ. Үлкен тұрып кіші сөйлегеннен без деген. Ақылың өзіңе. Сен анау боқмұрын шәкірттерің мен ит қуған желіккіш жастарға дәріс үйрет. Мені оқытпа. Сенің кәмсомолың емеспін. Ал, кеше беріп, бүгін бәрін сыпырып алам деген сенің сыбайластарыңа жолдас емеспін.

Бопсабай күн ұзын үнсіз отыр еді, орнынан атып тұрды.

- Анау әлгі, Нұржан, сен олай қиқаңдама! Қиқаңдама деймін. «Жолдас» деген сөз ойыншық емес. Қалаубектің жасы кіші болса да, жолы үлкен. Неге үйретпейді? Үйретеді. Үйренеміз. Әй, анау әлгі, кәмсомолмен ойнама. Осындағының көбісі жүрегімен - кәмсомол. Менің Дәрия бәйбішеім де кәмсомол. Ендеше, қызыл кеңірдек болудың реті жоқ. Жұмашжаннан хабар келгенше, шашау шықпаймыз.

Абылан сөзді түйіндеді.

- Онда, жұмысты ақсатпайық. Егін төгіліп жатыр. Бір дән ысырап болмасын. Екі-үш күнде түгел жиып алуға тырысайық.

Жұрт үй-үйіне тарады.

Нұржан түн ортасында Қарақызды түрткіледі.

- Тұр! Киін, қатын!

Қарақыз үрпиіп оянды.

- Не болды?
- Бол! Өзіме тиесі астықты орып алайық.
- Қой, Нұржан! Шырық бұзба.

- Шырқ бұзба!.. Шырқ бұзба!.. Мен екем ғой алатайың! Ертең қылышын сүйретіп, қыс келгенде неңді жемексің, ә! Былшылды қой! Кеттік!

Апыл-құпыл киінген екеу, орақтарын алып егінге жаяу тартты... Бопсабай үйіне қайтқанымен төсегіне жата алмады. Өз-өзінен қыстығып, ұзақ күрсінді. Ауа жетпеді ме, кеудесі қысылған соң, далаға шығып, есік алдындағы жаңғырыққа құйрық басты. Шалқалап аспанға қарады. Құс жолы көлбеп көз аясында мөлдіреді.

Бопсабай өз ойының жетелеуімен Нұржанның үй жағына мойнын бұрды. Кенет... ұрлана басқан екеу түн қойнына сүңгіп, жеделдете басып, ұзап бара жатты.

«Апырау, кім болды екен? Тегін жүріс емес. Әлде егінге от тастайын деп жүрген қара ниет біреулер шығар?»

Бопсабайдың жүрегі су ете қалды. Жалма-жан бүкеңдеп, әлгі екеу кеткен жаққа жорғалай жөнелді. Аяғының басына іле салған кең мөкісі дарпылдап, даланы басына көшіретіндей болған соң, екі мөкі екі жаққа ұшты. Жалаңаш табанды суық тастақ мұз қарығандай шабақтады. Оған алаңдаған жоқ. Қайта аяқ қыры естілмегенге қыбы қанып, құстай ұшты. Құстай ұшқан- Бопсабай көңілі, бүлкілдеген кішкене дененің жер апшысын қуырар қарқыны шамалы. Екі өкпесі алқынып, еңіске қарай дедектеп келе жатты да, әлдене түбірге сүрініп етпетінен түсті.

Қанша жатқанын білмеді, есін жиғанда құлағы шуылдады. Қолымен жер тіреп басын көтерді. Қайда бара жатқанын есіне түсіргенде, апыр-топыр орнынан атып тұрды. Қайтадан бүлкектеді.

Жақындап келгенде Нұржанның даусын естіді.

- Әй, Қарақыз, сабақ қалдырма. Түгел қырық! Ойбай-ау, кісі солай ора ма? Дәнді ысырап еттің ғой.
- Қараңғыда, жеті түнде не көрем. Жын қуғандай елде жоқты шығарып, сен де бөлектенесің де жүресің,-деп Қарақыз күйеуіне ашынды.
- Жә! Сүйреңдеме! Алсақ, өз үлесімізді ғана аламыз. Басқаның еншісіне тимесек, бізде жұмысы қанша.



Оданда көзіңе қарап, дұрыстап ор. Термен өскен нан жарықтықты аяқпен таптама,-деп Нұржан орақты құлаштай сермеді.

Бопсабай кідірістеді. Екі ойлы болып тұр. Барғанмен Нұржан тыңдамайды. Тыңдата алмаса, абыройы төгіледі. Ал, қойғызбаса Нұржанның өнегесі басқаларға сылтау береді. Онан соң әркім-ақ «өз үлесім бар» деп ту-талапайға салады.

Бопсабай кейін бұрылды.

Сәл тұрса да ентігі басылмапты, өрге қарай жүрісі өнбеді.

Үй сыртына сүйеніп, белдеуден ұстап демін басты. Ақырын үн берді.

- Қалаубек! Әу, Қалаубек!..
- Бұ кім? Бәке, сізбісіз? Жай ма?
- Қалаужан, тез киініп шықшы, қалқам.

Тысқа шыққан Қалаубекке мән-жайды түсіндірді де, Бопсабай Рымбектікіне жөнелді. Қалаубек егінге қарай жүгірді.

Нұржан аяқ тықырын естігенде елең етіп, белін жазып еді, қырқадан арқан бойы көтерілген сарғыш айдың сәулесінде дедектеп келе жатқан Қалаубекті таныды. Сол-ақ екен, тісін егеп, орақты жалаңдата көтерді.

- Әй, Нұреке! Бұның не? Мынауың қастандық қой. Артельдің уставын бұзу ғой!-деп Қалаубек анадайдан дауыстады.
- Болсын! Бола берсін! Бұздың десең, бұздым, ал!-деп Нұржан қарсы айтады.
- Тоқтат! Қайт! Жол бермеймін!
- Ойдөйт деген! Қайдан шыққан мықты едің? Оныңды анау Ақтайлаққа, Байболдарға көрсет.
- Нұреке, қанша туыс болсаң да осы жолы аямаспын. Не жасап тұрғаныңды білемісің? Мынау егін артельдікі. Қоғам мүлкі. Сен соған қол сұқтың,-деп Қалаубек төніп келді.- Енді тез қайт. Менен басқа жан көрмесін.

Нұржан шиқ-шиқ күлді.

- Қоғам мүлкі... Мен қоғам мүшесі емеспін бе? Ау, өз меншігімді алсам да, жат болам ба? Онда біржолата жат та, жауызың да болайын. Қарақыз, бөгелме! Ора бер!

Қарақыз үнсіз тұрған, қозғала қоймады. Соны арқа тұтқан Қалаубек әйелге бұрыла сөйледі.

- Жеңеше, сіз түсіндіріңізші. Мынау жасап жатқандарыңыз қылмыс. Егін көпке ортақ. Әбден орып алып, маялап үйіп, тазартып қоймаға құйған соң, артель мүшелерінің жиналысында жан басына бөлінеді. Оған дейінгінің бәрі ұрлық!..

Қарақыз қипақтады.

- Мен не білем, қайным. Аштан қатпасақ болды да.
- Аш болмайсыз. Болдырмаймыз. Қайтыңыздар.

Нұржан тыңдаған жоқ. Бір уыс сабақты қысып ұстап, орақ жүзін ай сәулесінде жалт-жұлт еткізіп қайта еңкейді, Қалаубек қарсы алдына шықты.

- Тоқтат! Орғызбаймын!
- Боқты орғызбассың! Жан керек болса, былай кет!

Жарқылдаған орақ Қалаубектің етік киген аяғына қарай сумаңдап барады. Ештеңеге қарар емес.

- Нұреке! Тағы да өтінем! Тоқтат!
- Кет! Қан қылам!

Қалаубек түтігіп кетті. Сумаңдаған орақты табанымен басып қалды. Нұржан жұлқылап жатыр.

- Жібер!
- Орғызбаймын!
- Ә, балтырымды қабамысың!- Нұржан кеудесін көтере беріп басымен сүзгелі тұра атылды. Қалаубек жалт берді. Екпінімен ұшып түскен Нұржан атыздың арасына сұлады. Сүйретіліп түрегеліп, екі қолына топанды шеңгелдей қысып, төніп келеді.

Қалаубек тез еңкейіп аяқ астындағы орақты іліп алды да құлаштап лақтырып жіберді.

- Орғызбаймын дедім, орғызбаймын! Ал, қол көтерсеңіз, жауап бересіз, Нұреке!

Нұржан сылқ отыра кетіп, кесекті біріне-бірі соғып уатты да, топырақ ұстаған қолымен бетін басып шарасыз халмен еңіреп жіберді.

* * *

Жұмаштың қасынан көңілденіп шыққан Бопсабай үйіне бұрыла беріп еді, жолын тосып жүрген Нұржан қарсы кездесті. Әнеугүннен бері Нұржанның далаға бас көрсеткені осы. Басқалардан қаймыға ма, әдейі Бопсабайды таңдапты. Анадайдан дауыстап сәлем беріп, екі қолын ілгері соза ұмтылды.

Бопсабай қалт тоқтады. Қолын ербеңдетті.



- Әй, әй, анау әлгі, созба! Созба деймін арам қолыңды!

Нұржан кілт өзгерді. Танауы лезде желбіреп, көзіне ызалы ұшқын жүгірді.

- Әй, қураған қу құдай-ай! Өз аулында-ақ отырып, ру-бұтағы белгісіз әлдебір қаңғыған немеге табалатқаның ба енді!

Бопсабай Нұржанды аяп кетті. Ананың шынымен-ақ запыланған түрін көріп, иығына қолын салды.

- Жарайды, бар болғыр! Соншама таусылғаның не? Болды, болды деймін. Қиқайма босқа.

БІұржан сабасына түсті. Оған ендігі ашудың пайдасы жоқ. Ебін тауып Бопсабайды сайрата алса, анау үйде отырған Жұмаштың қандай шаруамен келгенін тегіс біледі. Ал, өзінің маңадан құмартқаны - астық жайы. Барып, ауызба-ауыз сөйлесуге беті күйген. Бопсабайға жалма-жан шақшасын ұстата берді.

- Бәке-ай! Қайбір ашуланғаным бар. Жаным күйген соң, тар қазандай тез тасып, сақырлап жатқан ғой. Ал, Жұмаш не дейді? Не естідіңіз?
- Жұмаш не деуші еді. Егіндеріңді орып, астықтарыңды бөліп алыңдар демей ме!
- Апыр-ай, рас па?
- Анау әлгі, сені қанша рет алдап едім, Нұржан?

Нұржан жауап қатқан жоқ Бопсабайдың қолындағы шақшасын жұлып алды да, алды-артына қарамай тарта жөнелді.

Бопсабай аң-таң, әңгімемен тұрып, насыбайды да ата алмап еді, дауыстап қалды.

- Әй, Нұржан! Тоқташы. Жұмаштың тапсырмасы бар еді.

Нұржан кідірді. Оң иыққа иегін қондырды. Сол қолды қойнына жүгіртіп, шақшаны тереңге жытырды.

- Анау әлгі, көтерме салық дегені түсетін бопты.

Нұржан жетіп келді.

- Бопсабай! Не малтаңды езіп тұрсың! Айтсаңшы діңкемді құртпай!

Бопсабай үнсіз ғана алақанын жайды. Нұржан естіртпей іштей күңкілдеп, іштей мықтап сыбап келіп-шақшасын шығарды да, алақанға тастай салды.

- Сонда... анау көтерме салығы... астықты жинап алатыны шындық қой. Бәсе, таң атар-атпастан жетіп келер ме еді. Әй, өзімізде де бар-ау. Тым сеңгішпіз. Қап!

Құрттың-ау, Қалаубек! Аяғыңды отап тастап, сойқанды сойдақтатып жасамағаныма өкінем-ау.

Бопсабай ащы сілекейді құшырлана тамсанып тілін ерін мен таңдай астына жүгіртіп алды да, шырт-шырт түкіріп тастады. Шақшаны иесіне беріп, алақанымен аузын уыстай сүртті. Көзінің алдына қатқан түйіртпек сораны саусағымен шекіп жіберді.

- Жә, Нұржан! Солықтама! Ештеңе болған жоқ. Көтерме салықтың түскені рас. Бірақ одан бекер үрейленбе. Астық өзімізге түгел тиеді. Жұмаш уәдесін беріп отыр.

- Бәке-ай, аузыңызға май. Көп жасаңыз. Жұмаш дәл солай деді ме? Уәдесін берді ме?

- Бар. Бара бер енді.

- Барам ғой. Қалаубек қалқам ренжіп жүр еді маған. Аяғына жығылсам ба екен, ә?

- Сен Нұржан, адам емессің. Анау әлгі, байшыл, рушыл қол шоқпарсың. Сен ешкімнің қадірін ұқпайсың. Саған айтарым, аузыңа берік бол. Мынау ортақшыл тірлігімнің қасиетіне қара жақпа. Ағайын арасына күдік салма. Анау әлгі, әттең бала-шағаңды аяймын. Әйтпесе, іріткі салғаның үшін жауапқа тартқызып алса тәубеңе бір келер едің.

Бопсабай қолын сілкіп қойып, ілгері жүріп кеткенде, Нұржан соңынан ілесті. Біресе алдынан орап, біресе екі жағына кезек шығып, өлердегі сөзін айтып, артельдің - әндемдігін, ортақ істің - орасандығын, көп жұмылса, көп жұмыс тындыратынын» сайрап келді де, үйінің тұсына жеткенде, бүкеңдеп жүгіре жөнелді.

Бопсабай Дәрияның қасында бір шынтақтап ыстық шайды сыздықтатып отырған, табалдырықтан Нұржан аттады. Қолындағы ағаш шелекті дөңгелек үстелдің үстіне қоя салды. Сол түрегеп тұрған қалпы Дәрия жеңгесінің хал-жайын, ауру-сырқауын, көңіл-күйін дем алмай шұбырта сұрап шықты да, сылқ түсті.

Дәрия үндеген жоқ. Үнсіз қалпы жамаулы кесеге шай құйып, көршісінің алдына қойды.

Нұржан кесені кейін ысырды.

- Оу, жеңеше тостаған жоқ па? Қазақ қымыз тұрғанда шайды қайтсын. Бәкең отағасы көптен біздің үйден қымыз ауыз тие алмай... Бұ кісі өсіп кетті ғой. Үкімет болған соң бізді менсіне ме, Нұржан інімнің үйі деп жаман отауымызға бас сұғуды да қойды. Әдейі ауыз тисин



деп... Нағыз бап күйіндегі күздік қымыз ғой бұл. Кекірткенде, айтпаңыз, иісі мұрын жарады.

Дәрия оң жағына бұрылып асадалдың астына қолын созып, екі торы ала тостағанды шығарды. Қара шәугімнен су құйып, шайды да, тостағандарды Нұржанға ұстатты.

Нұржан қымызды құлаштай сапырды. Тостағандарға көпірте құйды. Содан соң екі тостағанды отырған екеудің алдына жылжытты. Өзі әлденеге тамсанып, сілекейін қылғына жұтынды.

- Алыңыздар! Бәке, жұтып жіберіңіз!

Бопсабай тостағанды қолына алғанда, Дәрия алдындағы ыдысты Нұржанға қарай сырғытты.

- Өзің іше бер, қайным. Бір ішкен қымыз айлық үнем болмас. Маған қара шайымнан артық сусын жоқ.

Нұржан тостағанды бас салды. Тобықтай жұтқыншағы жоғары-төмен секіргенде, әп-сәтте тостағанның ернеуі маңдайына тиді.

- Керім екен! Ысы да жақсы. Бәке, тағы бір құяйын.

- Жо, жетеді! Рақмет!

Нұржан шелектің түбіндегі аз ғана ақты сапырып отыр, түбін тақ-тұқ ұрғыштап отыр. Еріндері жыбырлап барып жанасты да, қайтадан ашылып кетті.

- Бәке сізге деген көңілімнің ақтығын білесіз. Жаман-жақсы болайын азамат деген атым бар. Кейде, әрине, аздап ұрынып қалатыным болады. Құдай берген мінез ғой ол. Бірақ содан көп зәбірленетінімді былайғы жұрт біле бермейді де. Өзімді өзім түтіп жеп, мына маңдайды оңашада талай рет тоқпақтадым ғой мен.- Көзін сығырайтып үнсіз отырған екеуге қадалып өтті. Онысы сөз ыңғайы қалай әсер етті екен дейтін барлауы еді. Бірақ ештеңе сезе алған жоқ. Даусы одан сайын шырылдады.- Жұрт аузына қақпақ қою қиын «Жынды Нұржан!» «Ұшқалақ Нұржан!» дейтіндерді естігем. Солар менің қан жылаған ішімді білмейді-ауі Білсе, құдай дейінші, аяғаннан көз жасын көлдей ағызып келіп, аяғыма жығылар еді. Бірақ мен өзі сұмдық кешірімдімін. Бүгін қанша көрмейін деп екі қолымды төбеме қойып безіп кетсем де, ертең әлгінің бет-жүзін көргенде шыдай алмаймын. Қалай шыдайын. Іші-бауырыңа кіріп, елжіреп қарағанда, өтірік-шынын ажыратпастан құшағына еніп бара жатам...

- Иә, «адамның күні - адаммен». Бәке, сіз дегенде

жаным бөлек. Мынау Дәкең екеуіңіз баршамызға үлгісіз. Сыйластықты сіздерден үйренсекші.

Бопсабай оң жағында жатқан бөркіне қол созды.

- Нұржан, асығыс едім. Әлгі Жұмашжан керек қыла ма, қасына барайын. Сенімен кейін оңаша сөйлесермін. Ауыл адамысың, уақыт табылады.

Нұржан қолын шошаң еткізді.

- Уау, Бәке, ауыл адамы екенімді онсыз да білем. Айтатын уақыт осы жеткен тәрізді. Әдейі кішірейіп келгенде... оныңыз қалай? Басқа, басқа болсын, сіздің тыңдамауыңыз жөн бе?

Бопсабай амалсыз бас изеді. Жотасын жүкке сүйеді. Бәйбішесіне елеусіз көз түсірді де, баяу күрсінді.

- Жарайды. Көп сөйлеме, Нұржан. Мен өзі мылжыңдықты ұнатпайтын жанмын.

«Сиырды сиыр десең, мүйізі шаңырақтай болады». Мылжыңдықты ұнатпаймын дейді. Оттапсың. Мылжыңдық сенен өткен жоқ, маған жеткен жоқ. Әттең, күнім түсіп отыр. Әйтпесе...» деп іштей қыжырланған Нұржан кейін сырғып екі аяғын көсілте созып жіберді.

- Созбайын, Бәке. Анау Жұмаш бастық өзгеден гөрі өзіңізді көп тыңдайды. Солай ғой?

- Пай-пай-пай, құда түсердей-ақ жабыстың ғой!

- Әне, сіз сондайсыз. Мақтау сүймейсіз. Рымбек ауылнайыңыз сіздің қасыңызда жіп есе алмайды. Бірақ ауылнай екен деп мен сол Рымбекті жағалап көрдім бе? қайтем оны. Ол тұрмақ Қалаубекпен де керісіп қалдым. Ал, сізді Бәке құдайдай сыйлаймын. Е-е, сыйламай.., Апыр-ау, қадіріңізді енді-енді ұққандай болдық қой. Мектеп салдырған, егіндік, шабындық жерді бөлгізген өзіңізсіз. Ендеше еңбегіңізді біліңіз.

Бопсабай еңкейіп екі қолымен жер таянды.

- Нұржан, құлдығың болайын, кейін кел. Тұп-тура, анау әлгі бір күн қасыңда отырып, тыңдамасам, тфу бетіңе де. Анау әлгі біздің Дәрияжан да естиді. Айтпақшы, сен Дәрияны білмейсің. Нағыз мақтайтын адамың - Дәрия. Ойбай-ау, бұ жеңгең осал емес,- деп отыра берді де, қайта қимылдады.- Ал, мен барайын. Бөгеме.

Нұржан тез қимылдап Бопсабайдың тізесіне қолын салды.

- Міне, міне! Айтам да кетем. Енді бөгемеймік.

- Түу ит-ай, әбден есімді шығардың ғой.

- Бәке, бұйымтайым - шолақ. Сіз қазір анау Жұмашқа барғанда мен туралы құлағына пысықтап құйыңыз. Ойбай-ау, жаздай биемді соқаға жегіп өзім мен қатыным екеуміз егін деп ала өкпе болмадық па. Оның үстіне шиеттей бала-шағаны қайда қоясыз. Ертең астық бөлгенде анау Ермекбай менімен бірдей үлес алатын болса, сол әділет пе? Ендеше таразының басы мен жақты тартатындай етіп, осы жолы бәрінің құлағын алып беріңіз. Ал, бір кеттім бе, ар жағын өзім-ақ домалата берем.



Бопсабай топысын шешті, төбесін сипады. Тағы да алақанын жайды.

- Нұржан шырақ, сен айттың. Жөн. Осылай білдіріп, құлақ қағыс етіп қойғаның абзал. Біз өзі ат үстіне үйреніп қалмадық па. Кейде бұқараның тірлігіне көңіл бөлмей, салғырт қарауымыз мүмкін. Анау әлгі, өкімет ондай төрешіл мінезді жақтырмайды. Әрине, диқанның қамын жейміз. Рас, Рымбек тік мінездеу. Сәл-сәл тізгінін тартып ұстамасаң, арындап жарға соғары хақ,- деп ашулы алақанына қарады да, әңгіме желісінен жаңылысып қалды.- Осы сен насыбайды керім дайындайсың. Күреңбелдің қылшасына не жетсін.

Шақша шығып, алақандарға насыбай лекігенде, күн ұзын үнсіз отырған Дәрия екеуіне алара қарап тұрды да жуан даусын күжілдете шығарды.

- Әй, екеуің де нағыз саппас екенсіңдер! Бар! Барыңдар, әрман! Үйді жинаймын!

Апыр-топыр тысқа ұмтылған Бопсабай мен Нұржан есік аузында қақтығысып қалды. Нұржан ойына әлдене түскендей кілт кері бұрылып үстел үстіндегі шелекті іліп алды. Іліп алды да, әлгіні тік басына көтеріп, ернеуінен кылқ-қылқ жұтты. Ернеуден екі өңіріне аппақ қымыз тырс-тырс тамды.

Дәрия әлсіз ғана ернін шылп еткізді.

* * *

Мектептің іші гу-гу. Әр жерден бір сөйлеген көпшілік бірін-бірі тоспайды.. Үздік-создық жиналып, екі тұсқа ілінген жетілік шамның ала күңгірт жарығында көздері жылтырап есік жаққа жиі жапалақтасады. Әдетте осындай бастары қосылған кезде бірін-бірі әзілдеп, қалжыңнан туған күлкі еріндерінде ойнайтын. Бүгін ондай елгезектік аз. Жұмаш не айтар екен, астықты алары рас па дейтін күдік ой буа ма, жүздер томсарып, қатқыл ызыңды үндермен үзік-үзік тіл қатысады.

Байту жұрттың соңына таман кірген еді, құйрық басар орын таппай, қабырғаға сүйеніп тұрған. Құрдасы Нұржанды көріп қалды. Нұржан болса, кішкене денесімен шіреніп, екі кісінің орнын бір өзі иемденіп, шалқып отыр. Жайшылықта аузын жаппаушы еді, дәл қазір әлдекімге өзінше сес білдіре ме, тоңын сыртқа шығарып, қабағын салбыратып жіберіпті. Орын таба алмай иін тіресіп тұрған жұрт шәлкес мінезінен жасқаншақтай ма, қасына жақындамайды.

Байту одыраңдай басып алға созды. Биыл жаз жер бөліске ауылға ауданнан уәкіл шыққанда үштік комиссияның құрамына енген-ді. Содан бері Байтудың өзіне деген сенімі мол. Бұрынғы бұйығылығын азайтып, аяқты нық басатын сергектік тапқан.

Құрдасының жанына жетіп барды.

- Әрі жылжышы, Нұржан.

Нұржан осқырынды. Басын бір жағына қисайтып оң көзін сығырайтып, шүйіле қарады.

- Ә, сен екенсің ғой. Қайдан шыққан төре десем. Тұра бер, үйдің төбесін тірейтін де сырғауыл керек.

Байту үндеген жоқ, еңкейе берді де, Нұржанды жас баладай тік көтеріп алды. Содан соң босаған орынға жайғасты да, құрдасын сол жағына сыналап сұға салды.

- Отыр осылай. Енді шақылдама. Төре болсам, бо лармын.

Нұржан теткіп қалды. Ішінен: «Мына түйенің дүмі мықты екен. Тегін емес. Кім біледі, бір қызметке ілігіп кетсе, маған да тиімсіз болмас. Бір жыл туған төлміз ғой»,- деген оймен жалтақ-жалтақ қарады. Жалтақ-жалтақ қарады да, ананың иығына жабысып қалған жастықтың ұлпасын саусағымен сипап, түсіріп тастады.

Сол екі ортада Жұмаш, Рымбек, Қалаубектер келді де, жиналыс басталды.

Рымбек көп созбай алғашқы сөзді Жұмашқа берді.

Жұмаш астықтан түсетін өнімге салынатын салықтың мөлшерін бажайлап түсіндірді де, әңгемесін әзілмен аяқтады.

- Баяғыда қыр адамы кент базарына барып, алма екен деп қызыл бұрыш сатып жеген екен. Содан аузы көпіріп, тілі ашып, көзінен жас ағады ғой. Әлгі шіркін, «Енді базар бармаспын. Енді базар араласам беті қызыл алмаспын»,-деп айғайлаған көрінеді. Сол тәрізді, жолдастар, сіздердің араңызда енді егін екпесін егін екпеспін дейтіндер бар көрінеді. Әрине, түсінбегендік қиын. Кейде тап жауының астыртын әрекеті қастыққа дым бүркетін осындай арандатушылық қулығымен-ақ көп ісімізге кесірін тигізіп жатады. Оған сене бермеңіздер. Коммунистік партия өз әділ жолын саналарыңызға құйып беруге тырысады. Тек, кім көрінгеннің айтақтауына алданып қалмаңыздар.



Көпшілік қауқылдасты.

- Дұрыс қой, Жұмашжан, оның.

- Әрине, алданып қалуға болмайды.

- Біз қайдан білейік. Астықты түк қалдырмай жинап алады дегенге дуылдасқанымыз рас.

- Бастай бер, шырақ. Партиямыздың әділ жолы - Ленин жолы дедің. Ендеше, тілегіміз бен жүрегіміз бір екен. Абылан орнынан тұрады.

- Жұмаш қарағым, бір сұрағым бар. Рұқсат болса...

- Айтыңыз, Әбеке. Бөгелмеңіз.

- Менің бір білгім келгені әлгінде Ленин партиясы - кәменестік партия дедің. Ленин ақсақал бәлшебек жолын көрсетуші еді. Сонда қалай болғаны? Қайыссын ұстағанымыз жөн?

Жұмаш жымиды. Рымбек пен Қалаубекке қарап өтіп, басын изеді.

- Әбеке, сұрағыңыз дұрыс. Большевиктер дегеніміз коммунист болады. Екеуі бір мағына.

- Ә, ә онда қарағым, айып етпе, мен де солардан табыламын. Ал, жұмыс бізден қашпайды. Биыл, міне өнімді мол алғалы отырмыз. Сол кімнің арқасы? Алдымен өкіметім мен партияның арқасы. Жерін берді, тұқымын берді, сайманын берді. Артелін құрғызды. Бір-бірімізді туыс, жақын етіп табыстырды. Ендеше, өз тірегім, өз сүйеушім -партияма жаным пида. Бастай бер.

Тағы да көптеген сұрақтар қойылды.

- Енді мені тыңдашы, қарағым, бұрын мал мен жер тегіс бай мен болыста еді. Сол шұрайлы қорықты енді біз алдық. Ал, сонда, кейбіреулер айтады: «Малсыз кедей жердің шөбін өзі жей ме, оны не қылады?»-деп.

- Иә, иә, мен де сондай уағыздарды естіп едім, қарағым. Биыл ғой Бақсыбай мен Байболдың ата-бабасынан иемденіп келе жатқан шабындықтарын үлесін алып бір марқайдық. Ал, енді соншама пішенді қайда жұмсаймыз. Азын-аулақ ұсақ жандыққа бірер арқа шөп жетеді.

- Әй, өйтіп былжырама! Пішеніңді саудаласаң саған біреу қой деді ме? Сынық бұрау үйіңе кірсе олжа емес пе?

- Оның дұрыс қой. Мына біздер сол егіндік пен шабындықты әжетке жаратармыз. Ал, анау Бақсыбай аулымен бірге ала жаздай әр бұлаққа бір көшіп жүретін Ыдырыстар не істейді?

- Бәсе, олар егін екпейді. Сонда жерді босқа шығындай ма?

Жұмаш қайтадан көтерілді.

- Жолдастар, сұрақтарыңызды түсіндім. Әрине, аздер алысты барламай, аумақтарыңызды шоласыздар. Бірақ бұрын жер байда болғанда сіздерде пайда болды ма? Қайдан болсын. Жер иесі - менмін дейтін шонжарлардың бүкіл қазақ кедейін бір шыбықпен айдап келгені өтірік пе? Жер бүгінде шын иесін тапты. Иесі - халық. Енді бай бұрынғыдай қыр көрсетіп қопаңдай алмайды. Ауылды советтендіру - ең алдымен байдың билігін жою. Ол үшін оның қолынан жерді алу қажет болды.

- Иә! Апырай, шын жақсылық осы ғой!

- Ойбай-ау, байдың ықпалы бұрын жер арқылы болатын!

- Бір қонып кетсең, қаншама зіркілдеуші еді!

- Енді онда бүкіл кедей мен жалшы біткен арқаланар.

- Қайран, әділетшіл өкіметім-ай! Бұл жерде де қамымды менен бұрын ойлаған екен!

- Е, бәсе, анау Бақсыбай неге ылдилай берді десем, осындай кілтипаны бар екен-ау!

- Енді оларға бедел ме? Бедел бізде болар. Бұрын біз жалынушы едік, енді бізге де жалынсын.

Алақандарына түкірісіп, желпіне сөйлеп қыза-қыза арындаған диқан қауымы сәлден соң манағы бұйығыңқы мінезді мүлде ұмытты. Бірін-бірі жаңа көргендей әзілдесе қалжыңдасып, шаруа сұрасып, насыбай атысып мәресәре.

Нұржанның шіңкілдек даусы өзгелерден басым. Күні бойы қай жағымнан сөгіс естимін деп қопаңдап отырғанымен, Жұмаштың жеңіл әзілінен кейін тіпті күшейді. «Енді мені көре бермес, бірден шұқшимады ғой. Жөн білетін жігіт-ау, көп алдында ұялта қоймас» дейтін дәмемен әдеттегі кезек бермес жылпостығына басты.

- Әу, не білдіңдер, бәрінен де біздің Бәкең, Бопсабай ақсақалды айтам, озды. Озбай, көңілі жүйрік сұңғыла емес пе, сырқат денені сипап жазғандай кеңесімен көңілге қуат береді. Қанша дегенмен білімге ұмтылған жақсы-ау. Бәкең кәмсомолдарға үйір. Анау Қалаубек қалқамның қасынан шықпайды. Айтпақшы, Бәке, оқуыңыз қалай қазір?- деп үнсіз тұқырған Бопсабайды жалт қаратты. Бопсабай алғаш Нұржанның әзілі не шыны екенін ұқпай, күмілжи беріп еді, басқалардың да өзіне телміре қарағанын байқады. Кішірек көздерге жылу жүгірді. Шағын денеге қозғалыс енді.

- Нұржан-ау, несіне мақтанайын, қол қоя білем,- деп иегін қасыды да, селдір сақалды саусақтың ұшына ширатты.- Тегінде, анау әлгі, хат танығанға не жетсін. Бұрын қараңғы сенекте түртінектеп, әр тіреуге маңдайыңды бір соғып қашан есікті тапқанша сандалып бітетін бейсауат жолаушыдай едім. Сенек дегеннен шығады. Мынау Нұржанның қыстаудағы үйін бәрін білесің. Қыста, ауылға алғаш келген бетім. Насыбайым таусылып, апақ-сапақта кебісімді дарпылдатып осы шіркіннің үйіне жүгірейін. Анау әлгі, сыртқы қақпадан кіргем, қазалла, қақпаны ашқаным сол, қыңыр неме екен май құйрығымнан сарт еткізді. Содан, анау әлгі, қап-қараңғы. Кібіртіктеп ілгері аттадым. Түк көрінбейді. Тас кебіс тайғанап, бұл шіркін сенегіне су төгіп қоя ма - мұз қатып қалыпты, әрең-әрең аттаймын. Сөйтіп келе жатып, шатқаяқтап қалғанымда, маңдайыма бір нәрсе сарт ете қалды. Анау әлгі, көзімнің оты жарқ еткенде, тіреуді шалып қалғаным. Есеңгіреп біраз тұрып, ес жиған соң әрі жылжиын. Салдыр етті бірдеңе... Анау әлгі, домалап түскенімді білем. Бір жып-жылы жұмсақ нәрсенің үстіне жығылғаным әбүйір болар ма. Тұра алмаймын. Бір кез анау әлгі, бетімді ыстық леп шарпыды да, оң жақ шекемді әлдекім жалап-жалап жіберді. Сөйтсем, албарда жатқан сиыр екен. Тілі мұндай тұтқыр болар ма, әгараки тез тұрмасам - бет-аузымды мысық тырналағандай етеді екен. Анау әлгі, жан дәрмен атып тұрдым. Сол аяғымның табаны тыз ете қалды. Кебіс жоқ. Қайда қалғанын білмеймін. Башпайларым тызылдап әкетіп барады. Не керек, тағы тырбанайын. Анау әлгі, тіреуден көп нәрсе жоқ екен, анасына да сарт-сұрт соғам басымды, мынасына да тарс-тұрс ұрам шекемді, құдай әбүйір бергенде мына Нұржанның есік ашқаны емес пе. Саңылау көрінген соң, жұмақ қақпасы ашылғандай, Нұржанды көргенде әкем-

ді көргендей қуанып, тұра ұмтылдым - Бопсабай сәл кідіріп, ентелей кеудесін созды,- Нұржан, осы сенегіңдегі тіреудің саны қанша?

Нұржан сасып қалды, төбесін қасып, көзін сығырайта қасында отырған Байтуға сүзілді.

- Бәке-ау, оны кім санапты. Біраз бар.

Жұрт ду күліп қозғалақтап кетті. Бопсабай тыныштық шақырып, қолын көтерді.

- Апырай-ай, көлденең салатын мәткені, анау әлгі, тік қойған адамды бұрын көрмеп едім. Нұржан бұ да болса сенің ерекшелігің-ау!-деп насаттана қарқ-қарқ күлгенде, көздері жұмылып кетті. Содан кейін қолын сермеп тастады.- Әрине, хат білген жақсы. Қараңғы көкірекке сәуле енеді онда. Анау әлгі, дүниенің түрлі ықылымынан хабардар болғанға не жетсін! Біз, мынау Қалаубек екеуміз Қазақстаннан шығатын қазитіңнің бірде-бірін құр жібермейміз. Бүгінде кәмсомолдар саны көбейіп келеді ғой. Біздің осы ауылда да біршама болып қалды. Қалаубек, сен әнеугүні Қазақстанда қанша комсомол бар деп едің?

- Елу сегіз мың үш жүз деп оқып едік қой, Бәке.

- Иә, иә. Әне қандай ұлы күш. Әу, қарақтарым, анау әлгі, Алпысбай, Жүніс сендерге айтам, босқа ауыз ашып жүре бермей, кәмсомолға өтіңдер. Сонда сендер де білек сыбанып, белсенділікпен іске араласасыңдар. Жұмаш, қарағым, менің ақылым дұрыс қой?

- Әбден дұрыс, Бәке. Саналы азамат жүрер жолын лениндік жастар ұйымының тірлігімен ұштастыруы әбден қажет.

Тағы да сөйлеушілер тамақ қырнасып қопаңдап отырғанда сырттан айғай естілді. Қарлыққан көмей ысылдағанымен сөз төркіні анық емес.

- Апыр-ай, не болды?
- Бұл кім екен?
- Әй, біреуің тез біліңдерші-деп елеңдескен жұрт орындарынан апыр-топыр тұрып тысқа беттегенде, ішке Ермекбай кіріп келді. Өзі қатты ентігіп, екі иығынан дем алып, барып-қайтып тұр.
- Немене? Не болды?

Ермекбай тұрған жеріне сылқ етіп отыра кетті.

- Тай жоқ!..
- Қай тай? Кімнің тайы?
- Бақсыбайдың тайы!..



Нұржан қылғына айғайлап Ермекбайдың қасына жетіп барды.

- Әу, өзіңнің есің дұрыс па? Бүгінгі жылқының кезегі сенікі еді ғой. Қалай жоғалтып жүрсің?

Ермекбай күрсінді.

- Шай ішіп шығам деп... Аздап кешігіп... Барсам, түгендесем, жоқ.
- Әу, әу, сен әдейі істедің! Бақсыбайдың тайы жоғалса, менің жалғыз биемді алады. Қастықпен жоғалттың!-деп Нұржан қалш-қалш дірілдеді.
- Қой, әрі! Үйірін іздеп шығып кеткен шығар. Босқа шуылдама. Іздейік. Алысқа ұзамаған шығар,- деп Абылан тоқтау айтты.

* * *

Қалаубек өзгелерден бөлек кетті. Алғаш қасына Бопсабай ілесіп еді, астындағы ақсақ құланың шоқырағы сәлден соң-ақ рәсуасын шығарды. Асығып, абдырап жүретін отағасының қашанда бір шаруасы кеміс тұратын әдеті. Тартпасы қана бар, шапайылы жоқ құйысқансыз ер құланың қыр арқасында орнықпай, алға жылжып, ала тоқым кейін сырғыды. Қайта-қайта түсе қалып ерді жөндеп бөгеле берген Бәкең бір кезде шыдай алмады.

- Әй, тәңір-ай, әбден қылдың-ау! Қашанғы кежегемнен кейін тарта бересің? Не істедім саған осы? Анау әлгі, Бақсыбайға ғой бұныңның бірін көрсетпейсің. Байға тай мінсе де жарасады, дегенің бе? Астыма құла ат беріп, одан құлата беріп, не жаздым?!

Қалаубек қарайлап кете алмай тұр. Бопсабай одан сайын ашуланды. Ай сәулесінде шала көрінген жүзін бұрып, басын шайқады.

Жақындап келген серігіне ашудан булығып қолын сермеді.

- Бөгелме! Бөгелме, Қалаубек! Кете бер.
- Қайда асығамыз.
- Қайда асығамызың не? Ойбай-ау, малыңды жау шауып, аулыңа дүрбелең кіргенде, неге асықпайсың? Анау әлгі, сөзді қой. Жөнел! Сен анау Шолақтың теріскейіне қарай тарт. Мен сәл қиыстау шолармын. Күтпе мені!

Қалаубек жазғыз жөнелді. Түн айлы болғанымен, әр қарайған бұта атты адамдай серейіп, жүрісті өндірмейді.

Із кесу қиын. Қараңғыда көп шиырдан жосық табу да оңай емес. Қалаубектікі де далбаса тірлік. Ат басын Шолақ тауының теріскейге сұғынған тұмсығына қарай бағыттап, бұлаң құйрықтан айырмайды.

«Ел тірлігі бір ыңғайға бет бұрғанда осындай ілік аяқ астынан кездесе беретіні несі екен? Қазына жәрдемін алдық. Егін ектік. Мектеп салдық. Жерді үлестірдік. Ал, бірақ көңіл қошы қайда? Ақжолбек ағатайымның із-тұрағы белгісіз. Үй іші қоңылтақ. Әжем де, көкем де ауру. Бірі ұлын, екіншісі інісін уайымдайды».

Дөнен елең етті.Құлағын қайшылап, оқырана дыбыс берді. Қалаубек мойнын созып, алдыңғы жаққа үңілді.

- Тоқта!..

Дауыс таныс. Қалаубек тебіне түсті.

- Тоқта деймін!

Қарсы бет қайқаңның етек тұсында қалың шілік қарауытады. Дауыс сол жерден жетіп тұр. Қалаубектің денесі шымырлап кетті.

- Ақжол аға! Мен - Қалаубекпін!

Жаяу адам қарсы жүрді.

Дөненінен домалап түскен Қалаубек ағасының құшағына кіріп кетті. Жусан иісі танауын қытықтады.

- Қалаужан, құлыным, тынысым!..

Аға үні құлақ түбінен үзіліп-үзіліп естіледі. Дірілдеген дем ыстық лебімен бет шарпиды.

- Ағатай, қайдан жүрсіз? Қайтып келесіз бе?

Ақжолбек үн-түнсіз құшағын босатты да, қыбырсыз аттап, шілікке қарай бет алды. Қолымен «ілес» деген ишарат білдірді. Шылбырын сүйретіп Қалаубек үнсіз еріп келеді.

Шілік ортасындағы үй орнындай ашық алаңға ай сәулесі мол құйылып тұр. Қалаубектің көлеңкесі дөңкиіп жатқан әлдебір қарайғанға тірелді. Бой сала үңіліп тұр.

- Мынау не?

Ақжолбек мырс етті.

- Құдай бүгін жолымды беріп, тілегімді оңғарды.

Ағатай-ау, тай ғой?! Сойып тастағанбысың?

- Иә, тай! Бақсыбайдың ені мен таңбасы бар. Әбден ызасы өтіп еді, тайы да болса топырлата берем.

Қалаубек күрсініп қалып, басын шайқады. Басын шайқағанда тағы да ықылық атты.

- Апырай, не істегенсіз? Неге алдыңыз?
- Неге алмаймын! Жауды аяған жаралы. Ол -



Бақсыбай менің Телтай інімді өлтірген. Өзімді осындай қашқын тірлікке душар еткен. Тайын да алам, табынын да алам!-деп Ақжолбек өзеурей түсті де, саптамасының қонышынан шақшасын шығарып, қамшысының сабына қағып-қағып жібері. Содан кейін ащы насыбайды алақанына лықсытты.- Байға жаның ашиын деген бе, Қалаужан? Түсінбедім аңғарыңды,

Қалаубек тез-тез сөйлеп кетті.

- Әй, аға-ай! Сіздің түсінбеуіңіз көп қой. Бақсыбайдың бұл тайын Нұржан астық басқызуға сұрап әкеліп еді. Енді орнына биесін салады. Сіз Бақсыбайды емес, Нұржан бауырыдызды тонағаныдызды білмейсіз ғой.

Ақжолбек сылқ шөге кетті. Өз маңдайына жұдырығы сарт ете қалды.

- Қап! Құдай атқан-ақ екен!

Қалаубек тізе бүкті.

Үнсіз қалған екеудің дем алған ысылды тыныстары ғана естіледі.

- Жә! Бір амалы болар. Нұржан саспасын. Күбі кеуде бай көп. Құр қалдырмаспын, деп Ақжолбек біраз отырған соң баяу бастады да, алақандағы насыбайды ерін астына салды. Шақшаны қонышына сүңгітіп, екі алақанын біріне-бірін үйкеді.- Анау Саламат байғұстың үй іші тарықпасын деп бір әрекетке шүйлеп едім. Бақсыбайдағы ақысын ең болмаса осылай қайтарам дегенім еді.- Тағы бөгелді. Шырт еткізіп түкіріп тастады. Жарайды. Әуелде адалға бұйырсын деген тілек теріс тартпасын. Бүгін білдірмей апарып берермін.

Қалаубек иығын қиқаң еткізді.

- Сонда Бақсыбай сезбейді деймісің?

- Сезсе сезе берсін. Егерде, сол Саламаттың жесіріне қылдай қиянат жасайтын болса, аянбаймын. Мен бәрібір қу жанды шүберекке түйгем. Жылқышыдан ба, қойшыдан ба, есебін тауып, ойымды Бақсыбайға жеткізем де, ін түбінен сығалатып қылпылдатып қоям.

Қалаубек сөз таластырған жоқ. Күрсінді де тығылды.

- Апамның күйі қалай?
- Ауру. Уайымшыл боп барады.

Ақжолбектің мойны ішіне кіріп кетті.

- Көкемнің де сырқаты дендеді.

Ақжолбек күрсінді.

- Ағатай, енді не істейсіз? Осылай жүре бересіз бе?
- Енді қайтем? Жүре берем?- деп Ақжолбек күр-

сіне күмілжіді. Маған қатты қарайып, аузын басып Масайым кетпеп пе еді. Ол аянар ма?

Масайымды бекер көлденеңдете бермеңіз. Ұсынған басты қылыш кеспейді деп үлкендер тегін айтпаған. Адасқанға ақыл қосар өкіметтің әділ заңы бар, аға,- деп Қалаубек әрі-сәрі боп отырған Ақжолбекке дәмелене қарады.

- Беу, Қалаужан-ай, жүрегің таза болған соң елдің бәрін өзіңдей көресің-ау. Әйтпесе Масайым мені жер түбіне жібермей тыншыр ма? Ол екеуміздің арамыз бітіспес удай ғой. Алдына барсам, шеңгелі алқымыма қадалмай ма?

- Босқа үрейленесіз. Масайым - біреу-ақ.

Ақжолбек қопаң етті.

-Байболды, Бақсыбайларды қайда қоясың? Қол Масайымда, мал байларда. Көмейге сүңгітеді де, менің көмейіме құм құяды. Тілімді байласа, сөзімді жеткізе алам ба?

Қалаубек қиналды. Бір жағынан ағаның қазіргі пұшайман халін де түсінеді. Ақжолбектің іштей: «Айтқаның келсін. Сондай атты жақсы күнді өзім де күтіп жүрмін»,- деп отырғанын сезеді. Бірақ ұсына қояр анық бағыты жоқ.

Бәрібір, қашқын тірлік қолай емес, ағатай. Не таптыңыз? Бақсыбайға зауал берем деп, Нұржанды шырылдатып отырсыз. Адаспасаңыз, осыңыз не? Ғұмыр бойы сайғақ болып жүре алармысыз? Қателік кімнен өтпейді.

Ау, менікі қателік пе еді? Қалаубек-ау, мынауың шының ба?-деп Ақжолбек камшысымен жер тіреді.- Мен қателік жасап па едім? Балжан сынды мұңлықты жылатпай, торынан құтқарғаным айыбым болса, онда сонау әлмисақтан бері төңірегін қан мен жасқа бөктірген Ақтайлақ, Бақсыбай, Байболдар - періште екен ғой.

- Олар өз жазасын алады.
- Қашан? Қай кезде?

- Ұзамайды. Қолынан билігі кетті. Жамбастаған жерінен айрылды. Баяғы кеудесі жоқ.

- Ау, алдында малы тұрғанда, кеудесі қалай керілмесін. Қалаужан-ау, бір тайына бола Нұржанды Бақсыбай шырылдатады деп өзің айттың. Мыңы бар да сол бай мұңсыз бола ма?

Қалаубек төмен тұқырды. Өзінің де көптен көп ойлайтын шоғырлы қалыңының тұсынан ағасы бой көрсеткенде, абдырап қалды. Әрине, бай мен жуан әлі де мығым. Қазақ даласында малы көптің сөзі өтімді. Өйткені байлықтың бәсі тұяқтың тықырымен, түктің санымен өлшенеді. Бақсыбайлардан билік сусығанымен байлық қашқан жоқ. Кіріптарлық әлі де осыларға көз сатқызады. Қаншама азу егегенмен мал сүбесіне алданған көп кедей байдың терісін де, өтірігін де, озбырлығын да көтере береді.Көші мен қонысы бірден ажырап кете алмаған соң, күш-көліктің қоңы да бұтартары шамалы шаруаға әжептәуір батады. Оған анда-санда болса да ерінге жұғатын сорпа-суанның бірер тостағанын тағы да қосса, малды бай зәрлі бай дейтін тұғырынан жуық арада түсе қояр ма?

- Малы да алынады, аға. Ол мал шын иесіне барады.

Ақжолбек езу тартты.

- Баланың ойыншығымен алдандырмақ боласың, ә. Ертегіңді маған айтқанда сендірем дедің бе, Қалаужан?
- Рас, аға. Конфиска болады деген сөз бар. Ірі байлардың мал-мүлкін кедейге әпереді екен. Әлгіндегі шын иесі дегенім - малшы, жалшы, кедей-кепшік
- Сол кедей-кепшігіңнің атасынан қалып па екен?
- Сонда еңбегі сіңген кедей-кепшік пе? Бай ма, аға?
- Әрине, кедей! Әрине, кепшік!
- Ендеше, малдың шын иесі де - солар. Конфискация дегенім - осы әділетті орнату,- деп Қалаубек ағасына тіктеп көз салды.
- Мынауың көкірекке қонады. Маған да керегі әділет. Онда тез жетсе екен,- деп Ақжолбек кеудесін тіктеді.

- Ауылға қайтайық, аға. Әділетке жүгінем дедіңіз ғой. Шын жүгініңіз.

- Қалай дейсің, мені қамай ма?
- Мүмкін,- Қалаубек көзін тайдырды.
- Не үшін?
- Өкімет адамына қол көтердіңіз. Қашып кеттіңіз...- Қалаубек тайдың денесіне бұрылды - Әділетті жалғыз қумақ болдыңыз... Әркім өзімдікі дұрыс екен дей берсе...

Ақжолбек шарт кетті.

- Қалаубек, не деп барасың? Әу сонда көрсең де, көз

жұм, теріс айнал! Білсең де, білмеген бол - бұрылып кет дегенің бе? Ал, мен оған көнбесем, әділет, әйтеуір, жылжып жүріп, ақсаңдап бір жетер деп жатып алуым керек пе? Мен жатайын. Сен қимылдама. Анау Абылан, Байту, Ермекбайлар үндемесін, сонда не болмақ? Соны ойладың ба?

- Ойладым, аға. Біз жатып алған жоқпыз. Қимылдамады деп кім айтады? Артель құрдық. Мектеп аштық. Осының бәрі тегін бе? Қазір кешегі Абыландар бар ма? Тіпті Бопсабайдың өзін алыңыз. Советке деген тілегін қандай күш қайтара алар екен? Жоқ, біздерді ешкім тоқтата алмайды. Ендеше, біз қарап отырған жоқпыз. Өкімет пен партияның бүгінгі ұранына сәйкес ауыл өміріне енер жаңалықтарды қал-қадарымызша таратып жатырмыз. Әділет басы - осы. Тізгіннің қолға тигені де осы. Тақым мықты болса, ер аумайды. Аудармауға және тырысамыз. Бұрын Байбол мен Бақсыбайлардың алдына шыға алушы ма едік. Енді шықпақ түгіл, өз талабымызды ашық қоямыз. Әділеттің жеткені де осы емес пе?

- Дұрыс қой оның. Бірақ сол әділет жолына шабдарымды бұрған менің әрекетімді сендер неге түсінбейсіңдер? Абақтысына қамай беретіндей мен Бақсыбайдан өткен ашалды ма екен? Рас, бұрын барымташы болдым. Ол кезде де өзім үшін өзегімді өртегем жоқ. Аш-арықты тойындырам дейтін қауқарсыз дәрменім бар-ды. Түңіліп және тыйылғам. Өзің білесің, жаңа дәуреннің пәрменді қимылы мені де ілестірді. Көңілмен сендім де, біржолата ердім. Бірақ сонымды неге көпсінеді?.. Мен кіммен алыстым. Байбол, Масайыммен ғана. Кедей, жалшыға зәредей қиянатым болды ма? Қолдан келгенше көптің әжетіне жарауға тырыстым. Бүкіл елге соным мәлім. Бірақ аллаға аян, мені ұғыну алдымен ағайыныма қиын тиді. Жұмекең мені әлі де алыс-жұлыстың туындай көреді. Мынау әлем-жәлем ішіме бір сүңгіп шықса, бұрынғы кірнемнің бірде-бірін таба алмас еді. Әй, бірақ адастың дейтіндер көп. Адассам, адасқан да шығармын. Қол ұшын созар неге табылмайды?

- Табылады, аға. Бар олар.
- Өзің қамайды демедің бе?
- Тексеріс біткенше ұстауы мүмкін. Айдаболға мылтық кезендіңіз. Оның совет қызметкері деген аты бар.



Ақжолбек қолын сермеп тастады.

- Айдабол - байдың баласы. Тегі - жат. Ол біздің өкіметке тілектес емес. Әттең, сондайларды тез әшкерелесе ғой. Бір өкінерім - шіркінді халық алдында жауапқа тартып, ақ-қарасын ақтартып барып, жазалай алмадым. Асығыс оқ атқаныма қиналам. Бір ғажабы - қаны тартты ма, аспанға атқан оғым қата тиіп кетті ғой.

- Айдабол тірі.
- Не дедің? Рас па?
- Рас, Аман.
- Қап! Онда мен шын қашқын болам. Соған ерегіскенде сол жолы жасай алмаған кесікті енді іздеп жүріп жасармын-ау. Айдаболдың кім екенін білдім. Әкесі Түркістан жақта сауда жүргізген көпес көрінеді. Шекпенін теріс айналдырып киген бұл сұм өзім барсам мені аямайды. Ендеше, мен де аянбаймын. Қалаужан, апама, Жұмекеңе сәлемімді айт. Енді көп адаса қоймаспын. Әлгінде көп ұзамас дедің ғой, кәнпескеңді де тосайын. Ел арасынан тікен-шеңгел аласталғанда, адал еңбектің тұтқасына сусап келіп жармасармын,- деп інісіне жақындап қолын созды. Тықыр білінді,- Бар! Тұр! Біреулер келе жатқан тәрізді. Бұрып әкет. Мені уайымдама.-

Қалаубек дөненін жетектеп қайқаңға қарай көтеріліп барады. Іштей өзіне де, ағаға да ренішті. Артында серейіп тұрып қалған Ақжолбектің де кеудесі алай-түлей болып жатқан еді. Лықсыта терең дем алды да, бауыздап тастаған тайдың қасына барып, ішек-қарнын ақтармалай бастады.

* * *

Көктем туды.

Сатыр-сұтыр найжағай ойнады. Күн шелектеп құйып кетті. Талайдан шөліркеп жатқан қырға әлгінде сирек тамшылар тырс-тырс тамып тұр еді, сәлден кейін суылы күшейіп, елсізде жалғыз қалған жолаушыны малмандай су қылды.

Күн түнеріп, қарауытып еді, екіленген жел төпелеген жауынды үйіріп қуалады. Шырқ айналдырып әкеліп бетке, көзге ұрды. Буалдыр перде тұтқандай маңай тез қараңғыланып, бейуаққа еніп барады.

Шарт-шұрт күркіреп жасын атылды. Қара бесті құлағын қайшылап, кісінеп жіберді. Сол-ақ екен, аспан

жарылғандай айналл жап-жарық болып кетті де, шатыр-шұтыр дәл маңдайдан естілді. Ат тұрып қалды. Қалаубек тебініп көріп еді, қозғалар , емес. Әлгіндегі тікірейген құлақтар салбырап жығылыпты. «Қап, жайдың лебі соққан-ау!»-деп атынан түсті.

«Мынау мені елсізде қалдырды-ау! Не істесем екен?»

Қалаубек бестісін жетектеп көріп еді, тартынғанымен самарқаулана ілесті.

Жауын құйып тұр. Шүмектеп сорғалайды. Күн тағы бір жарқ еткенде Қалаубектің көзі оң жақ бүйірдегі ескі қыстауды шалып қалды.

«Жауын басылғанша бой тасалайын. Оған дейін бестім де оңалар»,- деген оймен қыстауға таянды. Қалаубек ішіне кірді. Тыстағыдай емес, құрғақ екен, сәлден кейін тоңазыған дененің жылуы қайта оралды. Қалаубек ойға шомды.

Кеше Бақсыбай аулына барған. Байды конфискалауға қатысқан еді. Алтын үзік - Балжан отауы оқшау тігіліпті. Екі-үш жылдан бері жинаулы жатқан ақ шаңқан үй ерекше көз тартады. Байлық - көз құрты ма, әлде орындалмаған арман қысасы буды ма, Бақсыбай отауды екі-үш айналып шығып, асықпай басып үйіне кеткен, содан бері ешкімге тіс жарған жоқ. Балкүміс бәйбіше оқудағы қызын іздеп біржолата кеткеніне жыл толды.Күнсаяға бәрібір тәрізді. Алғаш Бақсыбайды елден қуар деп қорқып еді, өздерін жер аудармайтынын білген соң, өңіне қан жүгірді.

Уәкілдер тысқа шықты. Жұрт тұс-тұстан қаптап кетті. Осындағылардың күлкісі көп, сампылдай сөйлеуі керім.Есеге жетер, малды болар күн туғанына көңілдері өсіп, құтың-құтың етіседі.

Қалаубек сөз алды.

- Ағайын, кедей табы, конфиска дегеннің не екенін ұқтыңдар. Жат көрмей, жаныңмен түсінгендерің істеріңнен көрінді. Бақсыбай кісі еңбегімен мал жиған. Малдың шын иелері сендерсіңдер. Еңбектерің ақталды. Байдың малы артельге беріледі, малсыз сендерге бөлінеді. Осындай сын кезеңде бірлік таныттыңдар. Байдың тыққан бұйымын, жасырын малын тауып бердіңдер. Рақмет! Басқа не айтайын. Мал-мүлік бөлінеді,- деді.

- Аузыңа май, Қалаубекжан!
- Бәрінен де анау Жақып озды.



- Иә, Жақыптың еңбегі сіңді. Байдың жасырған, тыққанын осы айтты ғой.
- Сандықты шығарыңдар!
- Иә, әкеліңдер!

Үйден үш-төрт сандықты алып келді. Алдымен бетіне сүйек ұстатқан кішірек сандық ашылды. Іші толған қыз киімі. Күнсая Қалаубекке қарады.

- Қалаубекжан, үстімдегі лыпамды тегіс алсаң да, мыналарға тиістірме. Жалынам. Балжан құрбыңның жасауы. Басқа тілегім жоқ.

Үлкен сандықтағы жібек пен мауыты, пүліш пен қытайы маңлық, биқасап пен көгебайдан тігілген киімдер тау-тау үйілді. Ең құндысы ішік еді. Жақып Қалаубекке қолқа салды.

- Қалаубек, мен ғой мына Бақсыбайдың қорлығын көп көрдім. Ана жылы осының айтақтауымен сендерге де қарсы шықтым. Енді оның бетін аулақ қылсын. Мен десең ішікті, ең болмаса, бір күн киюге бер. Байдың үстіне ілгені кедейдің иығынан түсіп қалмас.
- Алсын,- деді уәкіл.

* * *

Жақып қасқыр ішікке оранды. Тер одан да, бұдан да ақты.

Бір кезде домбыра үні жетті. Үй сыртында домбырасын бебеулетіп отырған Бақсыбай екен.

Саусақтар секірмейді, жүгірмейді. Баяу теткиді. Баяу теткігенмен, баянды-баянсыз тірліктен сыр қозғайды. Қалаубек жым-жырт тынып, күй тілін өзінше ұғады.

«Өнегелі үлгісін тауап ететіндей пенденің артында жақсылығы, жақсы аты қалса өмір тозар ма еді? Онда бар дүние нұрланып, бар ғұмыр көсегесі көгеріп сала берер еді-ау! Толқын-толқын дүрмек лек бірі келіп, бірі кетіп жатқанда өзінің өлмес мұрат қалдырғанын білсе, өкінуі күнә ғой. Дәйексіз өткен ғұмыр қасірет шығар. Тұяқ серперде ыңырана өкініп, өксік атпаған жаннан томпайған топырағынан басқа не қалмақ? Қалдырам деп әрекет етсе де, кейінгіге муәсіп-ау! Бірақ мұқалмас қажыр, таусылмас төзім бар ма еді? Қамаған бораны, ораған араны анталай жетіп езу ақситқанда байың да, батырың да, өршілің де - бәрібір қаусап, қалжырап құлайды ғой. Қансырап жығылғанда, шіркін-ай, ең болмаса бір

тірлік иесі шіміркене қалып, сұлқ жүзіне бас иердей болсашы! Тырбанып жер басқан, тырмысып ауа жұтқан пенденің алысып жүріп адасқанын, адасып жүріп түзуқисықты жол тапқанын ұғынсашы! Қисығын кешіріп, түзуін құнтап жұмбақ жанның жүрегіне терең бойлап, барлап бір қараса ғой! Аз күндік қуаныш-сүйінішін, қайғыкүйінішін өз басынан өткеріп, өз жүрегінде тоғытқан сол пенденің ғұмыр деген әлсіз иек қағуы дүниедегі бар атой аттаннан құдіретті естілмес пе еді сонда. Ғұмыр - кейде қас қағым. Ғұмыр - кейде мәңгілік. Шар етіп шыққан алғашқы ащы іңгәң көгерген ерінің соңғы демімен жалғасқанша талай тау уатылар-ау! Бірақ сол ғұмыр неткен қысқа еді! Оң-солыңа қарағанша, аласа-биігіңді шолғанша, өте шығатыны жаман. Біржолата жұмылатын соқыр көз соқыр қалпында ашылмай кетсе, өмір-шырақ кімге жол көрсетіп, кімге жөн сілтейді? Ғұмыр-ай сол, қайран ғұмыр! Ғұмыр!..» деп безілдеген домбыра өкініш құяды. Мұңды ырғақ шер сапырады.

Қалаубек күрсінді. Бақсыбай бағып қалған екен, өңі құбылып кетті. Көз қиығында болар-болмас сәуле ұшқындады. Қысастық сәулесі. Сол-ақ екен толқыған демнің қызулы лебін дірілдете лытқытты да, құлақ күйін дереу өзгертті.

Әлгі майда әуен, мұңлы ырғақ жоғалды. Шанаққа тырс-тырс тиген саусақ екпіні әрі қатқыл, әрі ұшқыр. Енді домбыра шиыршық атты. Әлемде қарғыс болса, шанақтан шаптығып төгілетіндей. Дүниеде ыза мен айбарлы сес болса, екі ішектен долданып атылатындай. «Кеше ғана мен едім! Бүгін жасағанға зар айтам.Сән-салтанат қайда? Кереге басы құр ноқта. Көрші-қолаң, малшы-жалшы қол көтерсе, аруақ пен бата немене? Оңалмас күйге түскенім рас болса, о тәңірі, аяма өңшең жалаң аяқты. Арылмас дерт, өшпес өрт бер бәріне. Сөнген шағым, жоғалған бақытымның жоқтауы осы. Жылап айтам да, кегіммен серт берем, қолым жағасынан, азуым өңешінен кетпес өңшең жалаң аяқтың. Ендігі тірлігім ерегесті ғана талшық етер. Осы тілегімді ғана бер! Өшіктіріп, долдантып, жұлқындырып бер!»

Қалаубек ішегін тартты. Бақсыбайдың күйін бұрын да тыңдағанды. Ол кезде он саусақтың ұшынан төгілетін әлсіз «пай-пайы» болатын. Сәл-сәл қыжыртуы болатын. Мына тосын күйде түңілу бар, кек шыңдау бар, шермендемен егілу де бар. Бәрі қат-қабат келіп, ұйлығып тұрған



жұртты тілсіз матап алыпты. Қозғалтпайды. Домбыра қоймай сайрады. Тынбай бебеуледі. Безілдеген үнде қарғыс сұсы білінеді. Талмай шертер он саусақ дүние жаралғалы сахараны қуалап кеткен қастандық атаулыны қоймай іздеп, қайырып әкеліп, аттандатып жатыр.

Жақып тұрғындардың арасынан бөлініп шығып, қасқыр ішіктің етегімен жер сыпырып Баксыбайға таянды. Басын мойнына тыға, екі қолын мықынданып, қалшиып тұра қалды.

- Бақсыбай, тағы баяғы сарының ба? Бәрібір енді қолыңнан түк келмейді. Менің осы дәуірлегенім дәуірлеген. Сенің - құлдилағаның - құлдилаған!

Бақсыбай үндеген жоқ. Орнынан тұра берді де, домбыраны босағаға бір соқты. Дың еткен аспап енді қайтып сарнамастай біржолата үні өшті.

Жақып түтігіп, домбыраны жерден көтеріп алды. Тиегін алақанына қысып, қалш-қалш дірілдеді.

- Жоқ! Домбыра сен сындырғанмен мүлде қаусап қалмайды. Сынған - сенің жуандығың. Өткен күнің!- деп тұрды да, Жақып байдың-күміс жалатқан қос салпыншақты қатырма кісесіне жармасты - Қане,тез шешіп бере ғой. Бол енді!

Ирелең етіп түскен қатырма белдік Қалаубектің көзіне сұр жыландай болып көрінді. Жақыптан бұрын еңкейіп, екі саусағымен іліп алды да, Бақсыбайға қайтадан лақтырып тастады.

- Неге алмадың? Жұта-жұта әбден кеңірдектеп қалғанбысың? Мені обыр деуші едіңдер, өздерің кімсіңдер енді?- Бақсыбай кісеге қол созбады.

- Беліміз онсыз да бекем. Босай қоймаспыз. Босамаспыз. Босқа әуреленесіз,- деп Қалаубек теріс айналғанда, орнынан лып көтерілген бай жігіттің алдын орады,

- Қалаубек, қорқақты қуа берсе батыр болатынын ұмытпа. Ерді намыс өлтіретін. Осы сөзімді ұқ та кеудеңе түй де қой.

- Білем. Әй, бірақ тісі кетілген қарт бура жының ғана шашатын.

- Бура екені рас болса, төсімен-ақ езгілейді.

Қалаубек үндеген жоқ байдың бетіне тура шаншылды. Бақсыбай жанарында өшпенділік оты тұтанып тұр екен, кірпіктер айқасты да, жұтып жіберді...

- ...Жарқ-жұрқ нажағай ойнайды, Қалаубектің шар-

шаңқы жүзі ауық-ауық көрініп қалады. Көздері сәл жұмыла түсіп ойға шомыпты.

«Байлардың бұрын билігін алып едік, енді малын да бөлдік. Кедейлер кіріптарлықтан арылар-ау. Қашанғыдан бұрын қолына қаратып, телміртіп келіп еді, енді бұрынғыдай шірене алмас, Қайран әділет-ай! Ақыры жеңдің ғой. Иә, Бақсыбай, Байболдардың күні өтті. Ендігі билік Жақыптарда. Дес бермейді. Неге берсін. Туын көтеріп, еңсесін тіктеді. Осы бетінен қайтпайды. Бақсыбайлар енді не істейді? «Жынын шашқан қарт бура төсімен езгілейді» деді-ау. Әлі де соған сене ме? Көз қиығындағы өшпенділік оты ғаламат еді. Бекер алданған жоқпызба? Мүкін арамыздан аластағанда қайтер еді? Қой, не болса соған босқа жүдемейін. Көпке қарсы топырақ шаша алмас».

Қалаубек ойынан сергіп, сілкініп қалды.

* * *

...Жаңбыр құйып тұр. Көк көбесі сөгіліп кеткендей сар-сар ақтарылады.

Бір кез аяқ тықыры естілгендей болды. Қалаубек елеңдеп, тың тыңдады.

«Бейсауат жүрген кім екен? Әлде жаңылыс естідім бе? Жел суылы шығар. Айдаладағы иесіз қыстауға кім келуші еді. Мен сияқты жолаушы болмаса?»- деп тынши қалып демін санап алғанымен, әлгіндегі бөгде тықырдан секемденген жүрегі дүрсілдеп кетті.

Сүт пісірімдей уақыт өтті. Бір кез табалдырықтың алдына еппен басып таянған әлдекімнің бейнесі жарық еткен найзағай жарығында Қалаубектің көзіне анық шалынды.

Алдымен аңдып отырған жанар қара мылтықтың суық ұңғысын көрді. Құндақты қысып ұстаған қолдарда діріл жоқ екен. Ал, тіміскілей үңілген көздер таныс еді. Жота мұрынның қос қапталынан сығалаған екі апанқос қарашық мылтық ұңғысынан да сұсты. Найзағай жарқылында сәл бой жасырған Бақсыбай қапелімде бұрыштағы ескі ақырда тығылып отырған Қалаубекті көрген жоқ. Бірақ із-өкшесін қуалап, індетіп үстінен түскені анық. Онысы анау құндағы қырық құрау қанды мылтықты қысып алған шеңгелдің дірілсіз қытымырлығынан сезіліп тұр.



«Апырай, аяқ астынан өлгенім бе? Қарусыз не істей алармын. Әдейі аңдып келген. Ойындағысын тындырады да, жөніне тартып кетеді. Бейқам жүргеннің пайдасы осы. Қаруым болса ғой... Әй, бірақ онда не өнеді. Атысып-шабысып жатамыз ба?

Ақбілек!.. Шекер!.. Ақыры сені іздеп те бара алмадым. Айта алмадым сырымды. Сен бақытты бол!..»

Алыстан ат кісінеді.

Қыстау тасасынан Қалаубектің бестісі оқыранып дыбыс берді. Сол-ақ екен, есік алдынан дарп-дұрп басып жүгіре жөнелген Бақсыбайдың аяқ тықыры алыстады.

-Қалаубек орнынан тәлтіректеп көтерілді. Буын-буыны босап, тұла бойынан әл кетіпті, тізелері бүгіле берді.Қабырғаны бойлай ілгері жүріп, босағадан басып қылтитты. Тасырлаған тұяқ дүбірі ұзап барады.

Қалаубек кеудесін кере дем алды. Ұзақ сімірді жаңбырлы дымқыл ауаны.

Найзағай жарқ еткенде етектен бері көтеріліп келе жатқан атты адам қылан берді. Шабдар ат көзіне жылы ұшырады. Табалдырықтан тысқа аттады. Қарлыққан тарғыл дауыспен айғай салды.

- Аға! Ақжол аға!..

Жаңбыр басылған соң екі салт атты Миялысайға тура тартты.

- Өзім келдім, Қа-лаужан! Адасқаным рас екен.

Қалаубек жымиды.

- Әлгіндегі қыстаудан кеткен жалғыз жүргінші кім?
- Бақсыбай ғой...
- Бақсыбай деймісің? Әй, Қалаужан, неге ертерек айтпадың. Әй, әй, әлі жассың! Қап! Ол тегін жүрмесе керек еді. Өзіңе тиіспеді ме?

Қалаубек бестісін тебінді.

- Бізге енді ол тиісе алмайды. Тізе қоссақ карсы тұратын күш бар ма, аға?
- Иә! Мына ақжелең самалдың аңқуын-ай! Көктем шуағы ғой!

Қос ат желіп кетті.

***Бірінші кітаптың соңы***

**МАЗМҰНЫ**

| | |
|---|---|
| Бірінші желі | 3 |
| Екінші желі | 31 |
| Үшінші желі | 129 |
| Төртінші желі | 141 |
| Бесінші желі. | 214 |

Софы Сматаев

ДУНОВЕНИЕ

Роман

*(на казахском языке)*

Редактор *С. Балгабаев.*
Рецензенты *Б. Уахатов. К. Сарсекеев.*
Художник *Н. Нурмухамедов.* Худож. редактор *Б. Табылдиев.* Техн. редактор *О. Пегова.*
Корректор *Т. Абдрахманова.*

ИБ № 1010

Сдано в набор 12.03.79. Подписано к печати 05.06.79. УГ16218. Формат 84Х 108$^1/_{32}$. Бумага тип. № 1. Гарнитура литературная. Печать высокая. П.л. 9,25. Усл. п. л. 15,54. Уч.-изд. л. 16,0. Тираж 31 000 экз. Заказ № 1736. Цена 1 руб. 20 коп. Издательство «Жалын» Государственного комитета Казахской ССР по делам издательств, полиграфии и книжной торговли, 480003, г. Алма-Ата, ул. Гоголя, 111, Полиграфкомбинат производственного объединения полиграфических предприятий «Кітап» Государственного комитета Казахской ССР по делам издательств, полиграфии и книжной торговли, 480002, г. Алма-Ата, ул. Пастера. 39.

*Құрметті оқырмандар!*

*Осы кітап туралы пікірлеріңізді мына адреске жіберулеріңізге болады:*

*480003, Алматы қаласы,*
*Гоголь көшесі, 111 үй.*
*«Жалын» баспасы*